


1 2011

28 223к



СӘУЛЕ ИМАНБЕРДИЕВА

ТАРИХИ
ОНОМАСТИКАЛЫҚ
КЕҢІСТІК

ҚР БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ ҒЫЛЫМ
КОМИТЕТІ

А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫ АТЫНДАҒЫ ТІЛ БІЛІМІ
ИНСТИТУТЫ

ИМАНБЕРДИЕВА СӘУЛЕ ҚҰРМАНБАЙҚЫЗЫ

**Тарихи ономастикалық кеңістік
(X-XIV ғғ. түркі жазба ескерткіштері негізінде)**

“ФИРМА ОРНАК” ЖШС

Алматы, 2010

УДК 80/81 (038)

ББК 81.2 5 я 2

И 48

Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігі Тіл комитетінің тапсырысы бойынша дайындалды.

Сәуле Иманбердиева.

Тарихи ономастикалық кеңістік (X-XIV ғғ. түркі жазба ескерткіштері негізінде).

Алматы: “Сөздік-Словарь” ЖШС, 2010. 378 – бет.

ISBN 978-601-80136-1-4

Ғалымның бұл еңбегінде көне түркі жазба ескерткіштеріндегі шығармалар кеңінен қамтылған.

Қазіргі кезде лингвистиканың ғылыми парадигмасы тілдік құбылысты зерттеудің жаңа тәсілі – антропоэзектік бағыт арқылы ерекшеленеді. Расында да, қазіргі зерттеулерде тіл фактілері адаммен, оның ойы, әлемді қабылдауы, танымдық қызметімен тығыз байланысты екенін терең зерттеген.

Кітап оқытушылар мен студенттерге және қалың оқырманға арналған.

УДК 80/81 (038)

ББК 81.2 5 я 2

© С. Иманбердиева

© “ФИРМА ОРНАК” ЖШС

© ҚР Мәдениет министрлігі Тіл комитеті

МАЗМҰНЫ

АНЫҚТАМАЛАР, БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР.....	6
КІРІСПЕ.....	8

1 ЕСКЕРТКІШТЕР ЗЕРТТЕЛУІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ.....	14
---	-----------

1.1 Көркем шығармалардағы онимдер.....	14
1.2. Көркем шығармалардағы онимдердің зерттелуі.....	26
1.3 X-XIV ғғ. түркі тарихи жазба поэтикалық ескерткіштеріне тарихи анықтама.....	31
1.4 X-XIV ғғ. түркі тарихи жазба поэтикалық ескерткіштерінің зерттелуі.....	34
1 – тарау бойынша тұжырым.....	46

2 ТҮРКІ ТАРИХИ ЖАЗБА ПОЭТИКАЛЫҚ ЕСКЕРТКІШТЕР-ДЕГІ ОНОМАСТИКАЛЫҚ КЕҢІСТІК.....	49
--	-----------

2.1 «Құтты білік» (Ж. Баласағұн), «Диуани хикмет» (Қ.А. Ясауи), «Ақиқат сыйы» (А. Йүгінеки), «Мұхаббат-наме» (Хорезми) шығармаларындағы ономастикалық кеңістік.....	49
2.1.1 «Құтты білік» ескерткішінің ономастикалық жүйесі.....	59
2.1.2 «Диуани хикмет» ескерткішінің ономастикалық жүйесі.....	90
2.1.3 «Мұхаббат-наме» ескерткішінің ономастикалық жүйесі.....	120
2.1.4 «Ақиқат сыйы» ескерткішінің ономастикалық жүйесі.....	138
2 – тарау бойынша тұжырым.....	146

3 ТҮРКІ ЖАЗБА ПОЭТИКАЛЫҚ ЕСКЕРТКІШТЕРІНДЕГІ ОНИМДЕРДІҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ТИПТЕРІ.....	150
---	------------

3.1 «Құтты білік» ескерткіші онимдерінің құрылымы.....	150
3.2 «Диуани хикмет» ескерткіші онимдерінің құрылымы.....	168
3.3 «Мұхаббат-наме» ескерткіші онимдерінің құрылымы.....	171
3.4 «Ақиқат сыйы» ескерткіші онимдерінің құрылымы.....	174
3 – тарау бойынша тұжырым.....	180

4 ОНИМДЕРДІ ЗЕРТТЕУДІҢ ФУНКЦИОНАЛДЫ-ПРАГМА-ТИКАЛЫҚ БАҒЫТЫ.....	182
4.1 Мәтін ішіндегі онимдердің қызметі.....	182
4.2 Тарихи ескерткіштер: хронотоп және шығарманың концептуалдық жоспары.....	205
4.3 Прецедентті термин және прецедентті есім.....	208
4.3.1 Прецедентті есім табиғаты.....	219
4.3.2 Прецедентті есімдердің қолданысы.....	236
4.3.3 Прецедентті есім семантикалық предикат қызметінде.....	241
4 – тарау бойынша тұжырым.....	251
5 X-XIV ғғ. ПОЭТИКАЛЫҚ ТҮРКІ ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕРІНДЕГІ ОНИМДЕРДІҢ ҚАЗІРГІ ТІЛДЕГІ ҚОЛДАНЫСЫ.....	254
5.1 Ескерткіште кездесетін онимдердің қазіргі тілдегі көрінісі	254
5.2 X-XIV ғғ. поэтикалық түркі жазба ескерткіштері мен қазіргі қазақ тіліндегі прецедентті есімдердің ерекшеліктері мен ұқсас тұстары	263
5.3 Когнитивтік аспектіде жалқы есімдердің репрезенттелуі.....	275
5.4 Когнитивтік лингвистикадағы «концепт» терминінің қабылдануы.....	284
5.4.1 «Жаратушы» концептісінің құрылым ретінде санада бейнеленуі.....	290
5.4.2 «Жаратушы» концептісінің лингвоконцептологиялық көрінісі.....	299
5 – тарау бойынша тұжырым.....	336
ҚОРЫТЫНДЫ.....	338
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	354

ҚОСЫМША А – Орта ғасыр түркі жазба поэтикалық ескерткіштеріндегі онимдердің құрылымы.....	359
ҚОСЫМША Ә – Прецедентті есімдердің қабылдануы бойынша сауалнама.....	362
ҚОСЫМША Б – X-XIV ғғ. поэтикалық түркі жазба ескерткіштеріндегі прецедентті есімдер.....	368
ҚОСЫМША В – X-XIV ғғ. поэтикалық түркі жазба ескерткіштерінің энциклопедиялық сөздігі	371
ҚОСЫМША Г – X-XIV ғғ. поэтикалық түркі жазба ескерткіштері мен қазақ әдеби тілінде кездесетін онимдердің жиілік сөздігі.....	372
ҚОСЫМША Ғ – Тарихи ескерткіштердегі автор есімдерінің қолданылыс жиілігі.....	376

АНЫҚТАМАЛАР, БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

Аппроксимация (латын тілінен *approximare* – «жақындау») – сандық қатынаста ұқсастық тілдік мағынаны білдіру үшін ғана емес, сонымен бірге болмыстың кез келген элементі немесе үзігін (зат, нысан, олардың белгілері, қатынасы, бізді қоршаған орта мен бейақиқат әлем) ұқсастырып атау.

Депроприатив – трансонимдену (кара.) нәтижесінде басқа жалқы есімдерден қалыптасқан атау; мыс. кісі есімі *Мина* – шіркеу атауы *Мина*, кітап атауы *Тора* (*Тауарат*) – тау атауы *Тор* т.б.

Жалқы есім – бір түрге жататын басқа объектілерден аталмыш объектіні ажырататын, жекелейтін сөз, сөз тіркесі немесе сөйлем; соның ішінде жалқы есімнің әр түрлерін құрайтын *антропоним, топоним, гидроним, ороним* т.б.

Концепт – адам санасының әлемді қабылдауда тек ұғыну ғана емес, эмоционалды баға беру, сезіну негізінде қалыптасқан зат немесе құбылыс туралы сығымдалған ақпараттың санада жүйеленген ойды тіл арқылы жеткізудегі жеке тұлға мен қоғамның танымдық әрекетінің нәтижесі ретінде кешенді, энциклопедиялық ақпараттан тұратын, адам санасының ойлау кодының негізгі бірлігі болып табылатын дискретті менталды құрылым.

Онимнің қызметі – жалқы есімнің тілде өзінің рөлін, міндетін атқаруы, нақты айтқанда, атау, бірегейлендіру, ерекшелендіру т.б.

Ономастикалық кеңістік – белгілі бір жалқы есімдердің таралу аймағы немесе жалқы есімдердің тобы; ономастикалық кеңістік топонимия, антропонимия, зоонимия, теонимия сияқты топтардан тұрады.

Ономастикалық шек – бұл ең алдымен, «атаудың нақты сәйкестік аясы» деп пайымдайды. Атау семантикалық шек кешеніне кіретін біртұтас ономастикалық кеңістікке енеді. Бұл шек атау мен объект байланысына қарай: ономастикалық кеңістікті аяларға бөлуге сәйкес антропонимдік, топонимдік т.б. болып бөлінеді.

Поэтоним – көркем шығарма ішіндегі кез келген жалқы есім.

Прецедентті [прецедент < лат. *pracedent* (*praecedentis*)] – 1) бұрын-соңды орын алған және осы сияқты кейін болатын жағдайларға (оқиғаларға) үлгі болатын немесе оларды растайтын жағдай (есім, оқиға, мәтін).

Трансонимдену – жалқы есім есімдердің; мыс: антропонимдердің ешбір қосымшасыз басқа жалқы есімдерге айналу үрдісі; трансонимдену тәсілі арқылы антропонимдерден жасалған топонимдерді *топоантропонимдер*, антропонимдерден жасалған космонимдерді *антропокосмонимдер* деп атайды.

Хрематоним – оним түрі, материалды мәдениет заттары атауы, соның ішінде қару-жарақ, музыкалық аспап, зергерлік заттар т.б. атаулары.

Хронотоп – көркем шығармада қамтылған мезгілдік және кеңістіктік қатынастардың өзара байланысы.

а. - арабша

«АС» – Ақиқат сыйы

грек. - грекше

ДТС – Древнетюркский словарь

«ДХ» – Диуани хикмет

ЖЕ – жалқы есім

КМ – көркем мәтін

«ҚБ» – Құтты білік

«МН» – Мұхаббат-наме

п. - парсыша

ТМД – Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы

КІРІСПЕ

Қазіргі кезде лингвистиканың ғылыми парадигмасы тілдік құбылысты зерттеудің жаңа тәсілі – антропоөзектік бағыт арқылы ерекшеленеді. Расында да, қазіргі зерттеулерде тіл фактілері адаммен, оның ойы, әлемді қабылдауы, танымдық қызметімен тығыз байланыста қарастырылуда.

«Тілдің антропоөзектік идеясын қазіргі кезде жалпы қабылданған деп есептеуге болады: көптеген тілдік құрылымдар үшін адам туралы көзқарас бастапқы қарапайым кезеңнен бастау алады. Көптеген жылдар бойы қалыптасқан аталмыш ғылыми парадигма тілді зерттеуде жаңа міндеттер қойып отыр, оны талдаудың жаңа әдістерін, бірліктерін, категориясын, ережелерін талдауда жаңа тәсілді талап етеді» [1].

Көркем шығарма тіл арқылы ұлттық-мәдени бағыттағы құнды ақпаратты ашуға септігін тигізуші ерекше материал болып табылады. Осы ойға А.А. Потебняның пікірі ұқсас: «Көркем шығарма үш сәттің: сыртқы форма, ішкі форма мен мазмұнның синтезі, яғни өнерге тән оның мінсіздігін, тұтастығын көріп, біз сөздің өзі өнер екендігін аңғарамыз» [2].

В. фон Гумбольдт: «Рух және халықтың өзін танудағы барлық құбылыстардың ішінде тек тіл ғана халық рухының ең ерекше және нәзік ерекшеліктерін аша алады және ең құпия ... ене алады» [3].

Сонымен бірге көркем шығарма тілінің ерекшелігін онимдік лексика – әдеби мәтіннің поэтикалық жүйесінің маңызды элементі, әлем бейнесінің ақпаратты маңызды символдық белгісін зерттемей жатып сөз ету мүмкін емес. Сөз шебері әдеби мәтінге енгізген жалқы есімдер ассоциативті байланысқа бай, символдық мәндегі маңызды ақпаратқа ие.

«Жалқы есім қоғамда болып жатқан барлық өзгерістерден көрініс береді, тарихи реалийлерді өзіне жинақтап сақтайды. Олар, негізінен, тілдің көне қалпынан бастап көрініс береді. Жалпы есімдерде жасырын сақталған

көптеген фактілер жалқы есімді талдау барысында ашылуы мүмкін, себебі соңғысы өте көне болып есептеледі» [4].

Атау дәстүр, салт, діни жоралғы және олардың төлсіпаттарының сөз түріндегі көрінісі ретінде қалыптасады. Атау белгілі бір қауым ішінде практикалық қатынасты түзуі үшін индивидті атау қызметіне ғана ие болмайды, сонымен бірге олардың мәдени жағдайынан күрделі түрде көрініс береді және сақтайды» [5].

А.А. Фомин шартты түрде әдеби онимдерді зерттеудің төрт бағытын көрсеткен: 1. «философиялық» (С.Н.Булгаков, А.Ф. Лосев, А.А. Флоренский); 2. «логикалық» (Д.И. Руденко, Ю.Н. Сватко); 3. әдеби танымдық; 4. лингвистикалық. Ғалым: «... әдеби ономастиканың болашағы үшін соңғысының қызметі зор, себебі лингвистика шеңберінде ол барынша толық және объективті түрде қарастырылады және көркем мәтіннің қалыптасуы мен интерпретациясына ықпал етуші факторлар қарастырылады ... және жаңа лингвистикалық пәндер – когнитивті лингвистика, дискурс теориясы, мәтін аралық теория т.б., сонымен бірге қазіргі кезде тез дамып келе жатқан мәтін лингвистикасы мен поэтика – әдеби ономастика өз міндетін шешуде өзара тиімді әрекеттесетін ғылымдар», – деп дәл тауып айтқан[6]. Шынында да, қазіргі семантикалық зерттеуде сөздің мәдени коннотациясы мәселелері қызықтырады. Осы тұрғыдан алғанда, тіл ұлттық мәдениеттің феномені ретінде қарастырылады. Әрине, концептуалдық талдау қызығушылық тудырады, себебі «мінсіз» әлемнің нысаны ретінде концептіде адамзаттың әлем туралы нақты мәдени шартты көзқарасынан көрініс беріледі. Кез келген концептінің туындауы, оның тілде көрініс беруі, аталмыш концептіден туындайтын ассоциациялар тіл иесінің сезімдік, бейнелік қабылдау жиынтығындағы әлем бейнесінің үзiгiн жасауға мүмкіндік беретін материал болып табылады.

Көркем шығарма онимдік лексика әлемнің ұлттық көзқарасына тән мәнді мәдени мағына мен ассоциациялар туралы өзіндік ақпарат беруші болып табылады.

КІРІСПЕ

Қазіргі кезде лингвистиканың ғылыми парадигмасы тілдік құбылысты зерттеудің жаңа тәсілі – антропоэзектік бағыт арқылы ерекшеленеді. Расында да, қазіргі зерттеулерде тіл фактілері адаммен, оның ойы, әлемді қабылдауы, танымдық қызметімен тығыз байланыста қарастырылуда.

«Тілдің антропоэзектік идеясын қазіргі кезде жалпы қабылданған деп есептеуге болады: көптеген тілдік құрылымдар үшін адам туралы көзқарас бастапқы қарапайым кезеңнен бастау алады. Көптеген жылдар бойы қалыптасқан аталмыш ғылыми парадигма тілді зерттеуде жаңа міндеттер қойып отыр, оны талдаудың жаңа әдістерін, бірліктерін, категориясын, ережелерін талдауда жаңа тәсілді талап етеді» [1].

Көркем шығарма тіл арқылы ұлттық-мәдени бағыттағы құнды ақпаратты ашуға септігін тигізуші ерекше материал болып табылады. Осы ойға А.А. Потебняның пікірі ұқсас: «Көркем шығарма үш сәттің: сыртқы форма, ішкі форма мен мазмұнның синтезі, яғни өнерге тән оның мінсіздігін, тұтастығын көріп, біз сөздің өзі өнер екендігін аңғарамыз» [2].

В. фон Гумбольдт: «Рух және халықтың өзін танудағы барлық құбылыстардың ішінде тек тіл ғана халық рухының ең ерекше және нәзік ерекшеліктерін аша алады және ең құпия ... ене алады» [3].

Сонымен бірге көркем шығарма тілінің ерекшелігін онимдік лексика – әдеби мәтіннің поэтикалық жүйесінің маңызды элементі, әлем бейнесінің ақпаратты маңызды символдық белгісін зерттемей жатып сөз ету мүмкін емес. Сөз шебері әдеби мәтінге енгізген жалқы есімдер ассоциативті байланысқа бай, символдық мәндегі маңызды ақпаратқа ие.

«Жалқы есім қоғамда болып жатқан барлық өзгерістерден көрініс береді, тарихи реалийлерді өзіне жинақтап сақтайды. Олар, негізінен, тілдің көне қалпынан бастап көрініс береді. Жалпы есімдерде жасырын сақталған

көптеген фактілер жалқы есімді талдау барысында ашылуы мүмкін, себебі соңғысы өте көне болып есептеледі» [4].

Атау дәстүр, салт, діни жоралғы және олардың төлсіпаттарының сөз түріндегі көрінісі ретінде қалыптасады. Атау белгілі бір қауым ішінде практикалық қатынасты түзуі үшін индивидті атау қызметіне ғана ие болмайды, сонымен бірге олардың мәдени жағдайынан күрделі түрде көрініс береді және сақтайды» [5].

А.А. Фомин шартты түрде әдеби онимдерді зерттеудің төрт бағытын көрсеткен: 1. «философиялық» (С.Н.Булгаков, А.Ф. Лосев, А.А. Флоренский); 2. «логикалық» (Д.И. Руденко, Ю.Н. Сватко); 3. әдеби танымдық; 4. лингвистикалық. Ғалым: «... әдеби ономастиканың болашағы үшін соңғысының қызметі зор, себебі лингвистика шеңберінде ол барынша толық және объективті түрде қарастырылады және көркем мәтіннің қалыптасуы мен интерпретациясына ықпал етуші факторлар қарастырылады ... және жаңа лингвистикалық пәндер – когнитивті лингвистика, дискурс теориясы, мәтін аралық теория т.б., сонымен бірге қазіргі кезде тез дамып келе жатқан мәтін лингвистикасы мен поэтика – әдеби ономастика өз міндетін шешуде өзара тиімді әрекеттесетін ғылымдар», – деп дәл тауып айтқан[6]. Шынында да, қазіргі семантикалық зерттеуде сөздің мәдени коннотациясы мәселелері қызықтырады. Осы тұрғыдан алғанда, тіл ұлттық мәдениеттің феномені ретінде қарастырылады. Әрине, концептуалдық талдау қызығушылық тудырады, себебі «мінсіз» әлемнің нысаны ретінде концептіде адамзаттың әлем туралы нақты мәдени шартты көзқарасынан көрініс беріледі. Кез келген концептінің туындауы, оның тілде көрініс беруі, аталмыш концептіден туындайтын ассоциациялар тіл иесінің сезімдік, бейнелік қабылдау жиынтығындағы әлем бейнесінің үзiгiн жасауға мүмкіндік беретін материал болып табылады. Көркем шығарма онимдік лексика әлемнің ұлттық көзқарасына тән мәнді мәдени мағына мен ассоциациялар туралы өзіндік ақпарат беруші болып табылады.

Ономастикалық кеңістікке онимдерді енгізудің мерзімдік шегі барынша шартты болып келетін ұлттық ономастикадан поэтикалық ономастиканың айырмашылығы – көркем шығарманың ономастикалық кеңістігін қалыптастырудың екі кезеңі бар. Бірінші кезең автордың көркем шығарманы дүниеге келтірудің барлық кезеңдерін: басынан бастап шығарма аяқталғанға дейінгіні қамтиды. Екінші фаза кейіннен мезгілде де, кеңістікте де еш өзгеріссіз қолданылатын нақты шығарма поэтонимдерінің статистикалық бекітілуін қарастырады. Көркем шығарма ономастикалық кеңістігін қажетті поэтонимдермен толтыру динамикасы тек бірінші фазаға тән. Көркем шығарма жазуда поэтонимдерді, шығарма ішіндегі қызметін өзгертуге болады.

Біздің зерттеу нысаны ретінде қарастырып отырған X-XIV ғғ. түркі поэтикалық жазба ескерткіштерінің ішіндегі «Құтты білік», «Ақиқат сыйы», «Диуани хикмет», «Мұхаббат-наме» шығармаларының авторлары бізге мәлім болғанымен, бұл шығармалар бірнеше рет көшіріліп жазылған, сол нұсқада бізге жеткен. Мысалы, «Диуани хикмет» шығармасында Қ.А. Ясауиды Әзіреті Сұлтан деп атайтын тұстары кездеседі, бұл тұстарды оның шәкірттері қосуы мүмкін деген пікір туындаған.

Көркем шығарма ономастикалық кеңістігінің статистикалық, шектеулілігі, антропоөзектілік белгілері оны көркем шығарманы дүниеге әкелуші ретінде автордың ролі маңызды болып табылатын жеке, автономды қызмет атқарушы құбылыс ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Сонымен, көркем шығарманың ономастикалық кеңістігі тек маңызды құрылымдық-ұйымдастырушы қызмет қана атқарып қоймайды, сонымен бірге мүмкіндігінше жан-жақты лингвистикалық және экстралингвистикалық ақпаратқа да ие болады. Ономастикалық кеңістік жазушы тілі сөздігінің құрылымды бөлігін қамтиды, оның авторлық жекелігін, шеберлік деңгейін сипаттайды.

Қазіргі лингвистикада көркем мәтін түзудің маңызды мәселелерінің бірі – көркем шығарманың ономастикалық

кеңістігін қалыптастыру болып табылады. Осыған орай, көркем мәтін онимдерін зерттеу нысаны ретінде алған еңбектер санының артуы – заңды құбылыс. Жалқы есімдердің көркем мәтін түзудегі қызметін зерттеу автордың ойын және мәтіндегі ақпаратты жеткізу мақсатында онимдік бірліктерді қолдануда автордың құқығын басты назарға ұстауға негізделеді.

Көркем шығарманы лексикалық толтыруда жалқы есімдер ерекше дәрежеге ие, ол автордың тілдік таңдауын ерекше жеткізеді. Біз қарастырып отырған шығармаларда олардың қолданылу жиілігі соншалық маңызды, оны жеке зерттеу нысаны ретінде қарастырудың себебін түсіндіреді. Көркем шығарма емес тіл құралдары арқылы жеткізуге мүмкін емес. Көркем шығарма қарапайым тіл құралдары арқылы мол ақпаратты жеткізу қасиеті мәтін көлемі, оның мазмұны, жеткізетін ақпараты мен маңыздылығына байланысты.

Көркем мәтін авторларының шығармашылық шеберлігін онимдерді мәтін түзу заңдылығына бағындыра алуынан, олардың мәтін ішіндегі эстетикалық маңыздылығын аша түсуінен, онимдерді қажетті ақпаратты жеткізуде, әртүрлі қызметте орынды пайдалана алуынан байқаймыз. Сонымен қатар жалқы есімдерді лингвистикалық және экстралингвистикалық факторларымен байланысты қарастырылатын тілдік құрал ретінде зерттеу онимдердің ерекше мәдени құндылық екендігін таныта түседі.

Мұндағы ең кереметі – аталған авторлар ономастикалық кеңістік өзегін құрайтын және өзекке жақын онимдік разрядтарды пайдаланған: антропонимдер, топонимдер, этнонимдер, теонимдер, космонимдер, библионимдер. Ал солардың кейбірі ғана фитонимдер мен зоонимдерді қолданған. Оларды қолдану нақты шығарма мәтінімен және автордың интенциясымен, оның жеке авторлық мәтін құру тәсілімен байланысты. Бұл ақындардың қандай да бір лингвомәдени өкіл ретінде ономастикалық лексиканы қолданудың тұрақтылығын көрсетсе, екіншіден, «Құтты

білік», «Ақиқат сыйы», «Диуани хикмет», «Мұхаббат-наме» дидактикалық мазмұндағы барша мұсылман қауымға арналған, әлеуметтік маңыздылығы жойылмаған, қызметі уақыт пен кеңістікке бағынбайтын, қабылдану ауқымы кең, әркез өзекті болып табылатын шығармалар екендігін көрсетеді. Авторлардың шығарма ішінде онимдерді қолданысы осыған талпынғанын байқатады.

Қоғамда жалқы есім табиғатына, оның тарихи қалыптасуына деген қызығушылық өсе түсуде. Осы тұрғыдан алғанда, поэтонимдер ерекше құндылық болып саналады. Бұл біз зерттеп отырған дидактикалық мәнде жазылған шығармалар түркі халықтарының халықтық (мұсылмандық) кейіпкер – архетипті қолданысында көрініс табатын арғы санасы сақталған.

Қазіргі кезде жалқы есімдер әртүрлі ғылыми пәндердің: тарих, география, әдебиеттану, этнография, психология, астрономия т.б. зерттеу нысаны болып отырғанын айта кеткен жөн. Алайда, ең алдымен, онимдердің лингвистикалық бірлік болып табылатыны даусыз және тіл маманы ғалымдарының зерттеу нысанына айналғаны о бастан белгілі. Жалқы есімдердің тілдік табиғаты туралы Ресей ономастикасының негізін қалаушы ғалымдардың бірі В.А. Никонов: «Атау – басқа сөздер сияқты ол да сөз, тіл заңына бағынады, яғни тіл біліміне қатысты бірлік», – деп атап көрсеткен [7].

Көркем мәтінді ұғыну, түсіну және қабылдау үшін оның кешенді интерпретациясы қажет, алайда басты рөлді жазушының тілдік тұлғасын анықтауда, сонымен бірге оның қалдырған мұрасын зерттеуде автордың шығармашылық ойын іске асыруда қолданатын әлем, адам, қауым, мәдениет т.б. туралы білімін көрсететін жалқы есімдер жүйесі немесе ономастикон маңызды рөл атқарады. Жалқы есімдер – көркем шығарманың бөлінбейтін элементі. Жазушының идиостиліне бөлінетін жалқы есімдер эстетика тұрғысынан маңызды.

Поэтикалық ономастика – қазақ тіл білімінде көп зерттелмеген, тың саласының бірі. Мұндай зерттеу түркі,

соның ішінде қазақ тіл біліміндегі онимдердің құрылымдық таптастырылуын зерттеуге мүмкіндік береді; антропоним, топонимдердің шығу тегін анықтауға, олардың көркем шығармадағы алатын орнын анықтауға мүмкіндік береді; алынған зерттеулердің нәтижесі болашақта басқа да зерттеулерге негіз болатындығына байланысты.

Белгілі бір ақынның немесе жазушының поэтикалық ономастикасын зерттеу оның шығармасының ішкі байлығын, психологиясын айқын көруге мүмкіндік жасайды. Көркем шығармадағы кейіпкер есімдері ғылыми мәтіндегі атауларға қарағанда ерекше мазмұндық қызметке ие болады. Оларды талдау, қандай да бір заңдылықтарын анықтау, жалқы есімдерді қолданудағы мағыналық бағыттылығын анықтау – көркем шығарманың эстетикалық қызметін анықтаудағы қадам болып табылады.

Орта ғасырда өмір сүрген философ, ақын Ж. Баласағұн, Қ.А. Ясауи, А. Йүгінеки, Хорезми шығармалары – қазақ халқының тарихи-мәдени өмірінен ақпарат беретін құнды дүниелер. Олардың тілдік бірліктерді (соның ішінде онимдерді) шеберлікпен қолдануларынан «Құтты білік», «Диуани хикмет», «Ақиқат сыйы», «Мұхаббат-наме» шығармаларын оқи отырып, сол кездегі қоғамдық құрылым, мәдени құндылықтар, қоршаған орта, аспан әлемі, өзіндік көзқарас т.б. автордың танымы арқылы анықтауға болады.

1 ЕСКЕРТКІШТЕР ЗЕРТТЕЛУІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1 Көркем шығармалардағы онимдер

Қазіргі ономастика кешенді ғылым болып табылады: ол әртүрлі филологиялық, гуманитарлық, жаратылыстану ғылымдарының әдістері мен мүдделерін қамтиды, оның дамуына филолог-лингвистер, фольклоршылар, тіл тарихын зерттеушілер, әлеуметтанушылар, философ-логиктер, тарихшылар, қоғамтанушылар, географтар, мифологтар, астрономдар т.б. қатысады. Дегенмен ол ең алдымен тіл біліміне қатысты, мұны тек ономастика жеке ғылым деңгейін алғаннан кейін ғана XX ғасырда көпшілік мойындады.

Жалқы есімдер саны тілдегі көпшілік қолданысындағы жалпы есімдер санынан асып түсетіндігі қызығушылық тудыратын жайт, себебі олар жаңа атау ретінде, жаңа мағынада қоғамдық қажеттілікті қанағаттандыру үшін қалыптасып отырады. Басқаша айтқанда, тіл және сөйленіс ономастиконы оның лексиконынан байырақ: егер алғашқысы жүз миллиондаған бірлікпен есептелсе, екіншісі тек жүз мыңдап есептеледі.

Көркем мәтін мен жазушының жалпы шығармасында жалқы есім саны әртүрлі болып келуі мүмкін. Барлық жалқы есімдер ономастикалық кеңістікті немесе мәтін ономастиконын құрайды, ол жалқы есім (ары қарай – ЖЕ) разрядтары мен басқа да белгілеріне қарай бірнеше топтарға бөлінеді. Ономастикалық кеңістікке ЖЕ жасалған туындылар мен әртүрлі авторлық окказионализмдер, есімдікті субституттар, перифраздар кіреді.

Мәтін ономастиконы, оның құрамы, ЖЕ таңдауы мен мәтін ішінде байланысы жанр заңдылығы мен жазушының көркемдеу тәсіліне, әдеби шығарма түрі мен поэзия құрылысы, мәтіннің сюжеттік-тақырыптық мазмұнына сәйкестігімен, жалқы есімнің эстетикалық мәніне тікелей байланысты. Осы арқылы әр жазушының өз

«ономастикалық әлемі» болады және де ол басқа да тілдік құралдар сияқты жазушының көркем идеясын білдіреді. «Ал бұл «ономастикалық әлем» органикалық түрде көркем шығарманың ішкі әлеміне кіреді, оның бірліктері болмысты суреттеу үшін қызмет атқарады және бір-бірімен жүйелі түрде байланысып, көркем шығарма кезеңі мен кеңістігінде өмір сүреді», – дейді Д.С. Лихачев [8].

Авторлық қолданыстың жалпы жүйесімен байланыстан басқа ЖЕ кез келген көркем мәтінде өзекті болады, яғни олар әркез бір нәрсе туралы ақпарат береді, өзінің көркемдеуші қызметін атқара отырып, әртүрлі коннотативті мағынаға ие болады. Әдебиет ономастикасын зерттеуші әр атаудың семантикалық жағынан жұмбақ екенін және оны ЖЕ жалпы тілдік және халық санасындағы мәдени-психологиялық коннотациялары мен жазушының эстетикалық міндеттеріне сүйене отырып ашу керектігін естен шығармау керек. Әдеби шығарма құрамына таңдалып енгізілген жалқы есім қызметіне сөздің көркем-бейнелік мағына ерекшелігі кіреді. Олар мағыналы және әлеуметтік ерекшелікке ие.

Мәтіннің ономастикалық кеңістік белгісі ретінде поэтикалық есімнің көркемдік мәні оның формасында (фонетикалық, морфологиялық) да, номинативті, әлеуметті-коннотативті, сөзжасамдық, мәтін түзушілік, эстетикалық мағынасында да болады. Сонымен бірге ономастикалық кеңістікті жүйелі талдау қиындығы көркем мәтін (ары қарай – КМ) ЖЕ семантикасына ықпал етуші барлық ономастикалық білімге автор ие болу керектігінде.

Жеке автор стилі немесе бір шығарма ішіндегі ЖЕ зерттеу келесі параметрлер бойынша топтастырылған ономастикалық құралдарды толық талдаудан басталады. Біріншіден, мәтіннің ономастикалық кеңістігіндегі ЖЕ денотативтік мағынасы бойынша. Біз онда стилистикалық мағыналық пен жиі қолданысы бойынша маңызды орынды алатын антропонимдер – топонимдер (гидронимдер); топонимдер – урбанонимдер; антропонимдер – зоонимдер; ақиқат антропонимдер – мифонимдер (теонимдер); хрема-

тонимдер – тауар белгілері сияқты қарама-қарсы онимдердің тақырыптық разрядтарын аламыз. Антропонимдерде: жеке тұлға есімі – тегі; кісі есімі + тегі, лақап аты; кісі есімі – әкесінің аты т.б. болып бөлінеді.

Аталған бірліктер КМ ономастикалық кеңістігінің өзегін құрайды, сонымен қоса олар ономастикалық кеңістіктің шектік кеңістігін құрайтын, мәтін ішінде талдауды қажет ететін басқа да ономастикалық атаудың мәтін ішіндегі құралдарымен тығыз байланысты болады. Дегенмен көркем мәтін номинациясының тек окказионалды құралдары қолданылатын көлемі кішкентай көркем шығармалар да кездеседі. Сондықтан да екінші қарама-қарсылық – КМ көркем номинация тәсілі – ономастикалық узуалды лексикалық құралдар мен окказионалды, мәтін ішіндегі, жеке автор қолданысындағы атауларға қарсы қойып талдауға мүмкіндік береді.

Көркем мәтіндегі әр сөз мазмұндық және эстетикалық мағынасына қарай тұтас шығарма ішінде бірдей болмайтындығы белгілі, себебі әр сөз топтары, бірліктер, мәтіннің жеке және жалпы, жанама тақырыбымен, көркем-идеялы мәтінімен әртүрлі деңгейде байланысқан. Кез келген шығарманың көркемдеу өнерінде тірек сөздерді табуға болады, олар тереңде жатқан көркем-идеялы мазмұнмен тығыз байланысқан және оларды көркемсөз және поэтика стилистикасында тірек сөздер деп атайды.

Семантикалы-стилистикалық және эстетикалық қызмет тұрғысынан қарастырғанда көркем мәтіндегі тірек сөздердің ең басты айырым белгілері қандай деген сұраққа келесі жауапты береміз:

1) тұтас мәтін ішінде бірнеше рет қайталануы, әсіресе композиция тұрғысынан ең маңызды бөліктерінде, көркем мәтіннің әртүрлі жағдайында, яғни төл сөз, автор, төлеу сөздерде;

2) бейнелеушінің өзгеріске ұшырап, мәтін ішіндегі мағынасы және әртүрлі жағдайда қолданысына қарай ассоциативті байланысы байып қайталанып отырады: синтагматикалық қатынастардың мәтіндегі синтаксистік

байланыстың баюы және әртүрлі болуы, мәтіннің семантикалық композициясында күрделі көпмағыналықтың болуы т.б.;

3) мәтіннің семантикалық композициясының барлық деңгейіндегі мағынасының қатысына байланысты мазмұндық көпқырлығын қалыптастыруға, ерекше эстетикалық мағынаны жасауға, шығарманың көркемдеу идеясының маңызды тұстарын көрсетуге қатысуы;

4) көркем мәтінде ЖЕ ең күшті позициясы көрінетін шығарма атауы құрамында жекелеуші ретінде берілуі.

«Тірек сөз» ұғымы мен термин ХІХ ғасырдың соңынан лингвистикада кеңінен қолданылады. Басында, Р.А. Будаговтың айтуы бойынша, қоғамдық өмірде, мәдениет пен тілдегі тақырып жағынан өзекті болып келетін ұғымдарды білдіру үшін қолданылған [9]. Қазіргі кезде бұл термин тек стилистикада ғана емес, сонымен қатар қолданбалы, статикалық лингвистикада, лингвоелтануда практикалық және жалпы лексикографияда, психолінгвистикада кеңінен пайдалынады.

Көркем мәтіндегі кез келген тірек сөздер ономастикалық не апеллятивті болсын ерекше экспрессивті-семантикалық зарядқа ие, олар міндетті түрде мәтіннің басты идеялы-эстетикалық мазмұнын құрушы автор бейнесімен байланысқан.

Сонымен, тірек сөздер ретінде көркем мәтіндегі, мәтін композициясының үш деңгейі – жоғарғы қабаты, тереңдегі қабат және семантикалық доминанта, мәтіннің ең жоғарғы құрылымын құрайтын автор бейнесінде қызмет атқаратын бірліктерді қабылдауымыз керек.

Әдебиет ономастикасында антропонимдер – кейіпкерлерді және шығарма ішіндегі басқа да аталған тұлғаларды атауда әртүрлі тәсілдер мен варианттары көбірек зерттелген. Антропонимдік лексика кез келген КМ ономастикалық кеңістігінің өзегіне жатады.

КМ ономастиконьындағы ЖЕ қарастырудың үшінші жағы – халықтың ұлттық атауына қатыстылығы бойынша, мұнда бірнеше қарама-қарсы түрлер бөлінеді: ақиқат

– ойдан шығарылған, ал ақиқат атаулар өзіміздікі – бөтен болып бөлінеді; ескі – жаңа; жиі қолданылатын – жиі қолданылмайтын.

КМ біртұтас, эстетикалық ұйымдастырылған жүйесінде ономастикалық лексика қолданысының келесі түрлері бөлінеді:

1) Жалпы қолданыста барлық әлеуметтік-сөйленім коннотациясын сақтаған және нақты атау иесіне тиесілі, дәуірдің нақты есімдер жинағынан алынған есімдер мен атаулар. Олар негізінен тарихи және мемуар-биографиялық жанрдағы шығармаларда көптеп кездеседі. Мысалы, Абылай хан, Кенесары, Амангелді Иманов, Отырар, Сайран, Алтын Орда, Шыңғыс хан, Ақсақ Темір, Ұлықбек т.б.

2) Мәтін ішінде жаңа объектіге берілген жалпы қолданыстағы есімдер мен атаулар (кейіпкер, қала, ауыл т.б.). Мұны мәтін ішіндегі трансонимизация деп айтуымызға болады.

Басты кейіпкерлерді атауда автор шығармашылығының рөлі туралы біздің көзқарасымыз мәтін ішіндегі көркем-эстетикалық мәні, кейіпкер, дәуірмен ассоциативті және тығыз байланысына қатысты болады.

3) Көпшілікке белгілі бұрын жарық көрген әдебиет атауларының (кейіпкер, жазушы) жаңа кейіпкер (ұқсас) атаулары ретінде қолданысы. Бұл көркемдеуші тәсіл стилистика мен поэтикада «аллюзия» және әдеби реминисценция (жаңа типтер мен кейіпкерлерді бейнелеуде белгілі ономастикалық атауды қолдану) деп аталады.

4) Авторлық түрлендірудің төртінші түрі – жартылай ақиқат есімдер мен атаулар, яғни тарихта болған ақиқат есімдер мен тектерді автордың фонетикалық өзгертіп, тілдік модельдерге салып қолдануы. Бұл жағдайда жазушы протоним (нақты тарихи атау) арқылы криптоним – ойдан шығарылған кейіпкерді атау үшін жасырын ономастикалық атауды жасайды.

5) Автордың белгілі бір модельдер бойынша семантикасы айқын, ішкі формасы «сөйлейтін» есім, тегі мен

лақап аттары. Сөз семантикасы, тура уәжділік мұндай атауларда әлеуметтік-анықтаушы қызметін атқарады, кейіпкердің басты ісін, мінезін айқындайды. Мұндай «тура сөйлейтін» есімдердің қолданысы әдеби классицизм дәуірінен бастау алады, орыс әдебиетінде XVIII аяғы мен XIX ғасырдың басынан комедия мен мысалдарда кездесе, қазақ әдебиетінде сонау ислам дінін қабылдағаннан бастау алады десек те болады, мәселен, *Қарабай*, *Атымтай Жомарт*, *бертін келе Шығайбай*, *Алдар көсе*, *Судыр Ахмет* т.б.

Лақап ат – КМ антропонимиясында тура немесе жанама семантикалық мағыналы ең уәждеделген түрі. «Сөйлейтін» тегі мен лақап аттарында бағалауыштық стилистикалық экспрессия этимологиялық мағынаның атауда айқын болуынан шығады. Бұл туралы В.А. Никонов жақсы айтады: «Сөйлейтін», «мағыналы» есімдер туралы көп жазылған. Бұл терминдер лексикалық негіздің этимологиялық мағынасы кейіпкердің мінезін бірден ашады: Правдин, Свиньин, Скотинин ... Бұл есімдер зұлымның немесе ортағасырлық театр кейіпкерінің бетпердесі сияқты, көрермендер бірден кейіпкердің қандай екенін аңғарады. Мұндай тура мінездеме XVIII ғасырдың екінші жартысындағы орыс комедиясында көп кездеседі» [10].

Т. Жанұзақ «Қазақ есімдерінің тарихы» атты кітабында: «Көркем әдебиетті, әсіресе, жазба әдебиетті дамытуда фольклордың маңызы орасан зор. Ал халық антропонимиясын байытудағы фольклордың орны тым ерекше. Ондағы кейіпкерлердің есімдері мен образдары бүгінгі ұрпақтарға жетіп, өмірде, күнделікті тұрмыста әлі де кеңінен қолданылып жүр» – дей келе, А.М. Горькийдің фольклор туралы, ондағы кейіпкерлер жайында, олардың есімдерінің лингвистикалық табиғаты жөнінде айтқан пікірін келтірген [11, 246.].

Ономастикалық лексиканы зерттеу аспектілері де әрқилы болып келеді, оларды бинарлы қарама-қарсылық түрінде әртүрлі принцип бойынша топтауға болады,

сонымен қатар әр аспекті ономастиканың ғылым ретінде соған сәйкес бағытының нысанын құрайды: 1) талдау деңгейіне қарай: теориялық – қолданбалы; 2) қызмет аясында ЖЕ әртүрлі қызмет атқаруы бойынша: тілдік – сөйленістік; 3) тарихи зерттеу бойынша: синхронды – тарихи; 4) денотат түріне қарай: ақиқат – ойдан шығарылған; 5) эстетикалық қызметі бойынша сөйленісте қолдану стилі жағынан: функционалды – көркем-әдеби.

Соңғы карама-қарсылықты түсіндіріп көрелік. ЖЕ «функционалды» зерттеу аспектісі термині ЖЕ көркем шығармадан тыс, әртүрлі стильде, сөйленісте (ғылыми, публицистикалық, ресми іс) қызметін білдіреді. Әлеуметтік жағдайы, ареалдық, нормативті, әлеуметті-топтық т.б. сияқты әлеуметтік параметрлердегі атау қолданысы анықталатын функционалды стиль, сөйленіс түрінде ЖЕ өзгеріп отырады. Жеке тұлғаны және басқа да нысандарды атау ресми және бейресми, жалпы қолданыстық және окказионал атау болып анықталады. Соңғы аталған атаулар балаларды атауда, үй іші атауында кездеседі. Жалпы қолданыстағы атауға дінді қабылдағанға дейінгі күнтізбелік атау жатады.

Зерттеудің екінші аспектісі – әдеби – онимдердің көркем мәтін ішінде қолданылу ерекшелігін қарастырады, бұл – поэтикалық ономастиканың нысаны.

Сонымен, қазіргі кезде көркем мәтін, әдебиет тіліндегі ЖЕ зерттеудің жаңа бағыттары қалыптасқан, ол ономастика мен стилистика, поэтика, мәтін лингвистикасы, лексикалық семантика, семиотика байланысында қалыптасқан. Бұл бағытқа шетел ғалымдары «әдебиет ономастикасы» терминін қолданады, соңғы кезде бұл терминді біздің ғалымдар да кеңінен қолдануда. Әдебиет ономастикасы ЖЕ көркем мәтіндегі қолданылу ерекшеліктерінің барлығын қарастырады. ЖЕ зерттеудің барлық аспектілері, қазіргі ономастикадағы топтастыру принциптері әдебиет ономастикасында ескерілуі керек, себебі олардың барлығы көркем мәтінде кездеседі, мұнда тек көркем мәтін типі мен жанры, семантикалық құрылымы-

на, ономастикалық кеңістігі құрамының толық болуы мен мәтіндегі ономастикалық бірліктердің эстетикалық мазмұнына қарай қолданылу ерекшелігі де әртүрлі болады.

Әдебиет ономастикасы ақиқат және ойдан шығарылған ономастика элементтерін әр жазушы шығармасы мен жеке мәтін ішінде қолданылу негізінде зерттейді.

Көркем шығармадағы онимдер жанр түріне қарай әртүрлі болып келеді. Оларды ойдан шығарылған кейіпкерлер, тарихи тұлғалар, прототипі бар есімдер деп бөлуімізге болады.

Көркем шығармада ономастикалық лексика ерекше орын алады. Әр жазушы оны ерекше көзге түсетін, стильдік экспрессивті құрал, стильдің ерекше көрсеткіші ретінде қолданады.

КМ ономастикасын зерттеп, жазушы тіліндегі ономастикалық кеңістікті анықтап, жалпы халықтың ұлттық тілдің ономастикалық жүйесіне қатысты функционалды-шығармашылық және фрагмент ретінде ғылым жеке ономастикалық жүйе элементін тауып, қарастырады. Бұл жүйені анықтауда көркем бейнелеу жанры мен әдісі, тақырыбы, КМ идеясы мен композициясы, көркем тілдегі сөз эстетикасы ретінде қолданылатын жеке көркемсөз және атау қолданысындағы барлық ерекшеліктер ықпал етеді.

Осы уақытқа дейін көркем мәтіндегі ЖЕ зерттеу келесі формада болды: шығармаларда ең айқын, уәжді, оның иесін анықтайтын, негізгі семантикалы «сөйлейтін есімдер» немесе жеке автор шығармаларындағы антропонимдер қарастырылған.

Соңғы жылдары бір жазушы шығармаларындағы ЖЕ барлық жиынтығын немесе бірнеше жазушы шығармаларындағы ЖЕ жекелеген ерекшеліктерін зерттеген қызықты еңбектер қатары көбейе бастады.

Қазіргі кезде КМ ЖЕ жүйелі түрде зерттеудің бірнеше принциптерін немесе жалпы аспектілерін келесі қарама-қарсы жекелеуші белгілері арқылы бөліп көрсетуге болады:

- ЖЕ зерттеу нысаны бойынша: мәтіндік – мәтіннен тыс

(әлеуметтік лингвистикалық, энциклопедиялық, тарихи т.б.);

- коннотация түріне қарай: стильдік (ішкі) – жалпы тілдік (сыртқы);

- мәтіннен тыс ақпарат мазмұны бойынша: лингвистикалық (ономастикалық, коннотативті) – экстралингвистикалық (энциклопедиялық, әлеуметтік, тарихи-мәдени, болмыстық т.б.);

- КМ ономастикалық кеңістікті қамтуы бойынша: толық – жекеше (спорадикалық);

- КМ семантикалық композиция деңгейі қатысына қарай: ономастикалық – ономопоэтикалық;

- КМ ЖЕ жүйелі байланыс түрлері бойынша (әр семантикалық композиция деңгейіне қарай): парадигматикалық–синтагматикалық;

- ЖЕ семантикалы-стилистикалық талдау аспектілері бойынша: құрылымдық-функционалдық.

Әр жалқы есім кез келген сөз сияқты мәтін ішінде көптеген байланысқа түсіп, жеке тұрып емес, тығыз байланыста қызмет атқарады.

Сонымен, жалпы көркем мәтінде ЖЕ оның стильдік жүйесінде ең маңызды және органикалық элемент ретінде қызмет атқарады және шығарманың басты бейнесін жасауда белсенді рөл атқарады.

КМ эстетикалық тілдік құралдың тұтас қызмет жүйесі болғандықтан, ЖЕ мұнда көптеген мағыналық байланысқа, оның жеке көркем мағынасын құрайтын күрделі ассоциациялар мен коннотацияларға ие болады. Тіл жүйесінен түзілген бағалауыш коннотация КМ өзгеріп, ЖЕ парадигматикалық және синтагматикалық жүйелер байланысы ықпалынан мәтіндік болады.

Парадигматика тұрғысынан жүйелі тәсіл келесіні береді: а) көркем тіл түріне қарай әр элементін анықтау арқылы ономастикалық кеңістікті толық анықтау және жүйелеу; ә) такырыптық топ және разрядтар бойынша ЖЕ құрамын толық типологиялық талдау, соның ішінде ономастикалық және окказионал сөздерді де; б) КМ бір денотатқа қатысты

атау берудің барлық варианттары мен тәсілдерін ескеру; в) шығарма атауымен және оның тірек сөзімен ЖЕ өзара байланысын анықтау; г) сюжет дамуында, семантикалық композицияның барлық деңгейінде, КМ тұтастығын құруда, оның эксплицитті және имплицитті мағынасында рөлі бойынша ЖЕ таптастыру.

Синтагматика тұрғысынан ЖЕ бір сөйлем, күрделі синтаксистік тұтастық және мәтіннің басқа да бөліктерінде дискурс ретінде ЖЕ қолданысын талдаумен толықтырылады. Осыған қоса келесі талдау беріледі: а) ЖЕ қолдануының барлық түрлері (жеке, топтық, номинативті-бейнелік, жалпы-символдық т.б.), олардың апеллятивпен, басқа ЖЕ байланысы; ә) әртүрлі стилистикалық қызметі.

Сонымен, КМ ЖЕ синтагматикасы оның «дистрибуциясымен», яғни онымен байланыстағы сөздерге байланысты, ал парадигматикасы әр бірліктің ономастикалық кеңістіктегі қалған бірліктерге және тұтас мәтіндегі – жеке сюжеттік, тақырыптық бірліктер мен семантикалық композиция деңгейіне қатысынан тұрады.

ЖЕ – тіл, сөйленіс, мәтін, әсіресе, көркем мәтін ішіндегі ерекше семантикалық бірлік. Барлық стильдік қолданыста ЖЕ жиі кездесетін көрсеткішке ие, сонымен бірге әр қолданысында стильдік ерекшеліктер байқалады. Әдеби шығарма мәтіні, Л.В. Щербаның пікірі бойынша, жазушының жеке сөйленіс қызметінің эстетикалық ұйымдастырылған өнімі болып табылады. Жазушының аяқталған шығармасы жазушы стилін көрсететін сөздік, ал ЖЕ осы өзекті сөздікке жатады [12]. Мәтінді жазушының жоғары деңгейлі жеке коммуникативті бірлігі ретінде санап, В.А. Кухаренко КМ стилистикалық категориясы болып табылатын бірліктер – тақырып атауы мен ЖЕ тоқталған. Сонымен бірге ғалым өз пікірін айтады: «Тілде семантикалық біржақты (полное) жалқы есімдер әр коммуниканттың қолданысында мейлінше ақпаратты бірлік болып табылады, себебі объектіні атайды және сол туралы сөйлеушінің барлық білім қорын береді» [13]. Сөйленіс жағдаятына қарай білім көлемі ауытқып тұрады,

бір референтті атауда ақпарат көлемі бір көбейіп, бір азайып отырады және эмоционалды-бағалауыш бағытта болады, сондай-ақ бірге қатынас жағдаяты мен ЖЕ мазмұнымен детерминантты біржакты байланыс болады.

Аталған ерекшеліктердің барлығы әдеби шығарма мәтінде де болады, бұл жерде «сөйлейтін есімдердің» номинативті-анықтаушы қызметі мен сюжетті өзекті композициялық қызметі қосылады.

Автор пікірі бойынша, мәтінде кейіпкер есімі КМ барлық ерекшеліктерін – авторлық модальдықты, прагматикалық бағытын, есімнің мәтінде бірнеше қайталануы арқылы бөлшектенуі мен когезияны өзекті етеді. ЖЕ семантикасы әркез өзгерісте болады. Осы үрдісте В.А. Никонов үш кезенді бөліп көрсетеді:

1) антропонимдік немесе ономастикалыққа дейін (апеллятивтік); 2) ономастикалық (көркем мәтін ішінде) және 3) ономастикалықтан кейінгі (мәтіннен тыс кезен), яғни жалпы есім ретінде қолданылып, ЖЕ апеллятивтенуі [10].

Кейіпкердің атауы ретінде ЖЕ КМ тақырыптық, тірек, доминантты сөзі болып табылады. «ЖЕ мәтінге семантика жағынан бос, басқа да толықтыруларды қабылдауға дайын болып кіреді. Оның мазмұндық баюы біртіндеп іске асады. Оған автор беріп отырған кейіпкердің барлық анықтамасы кіреді», – дейді

В.А. Кухаренко [13, 105б.]. Алайда «семантика жағынан бос» дегенімен келіспеуге болады, себебі ЖЕ семантика жағынан бос болуы мүмкін емес. Денотат атау арқылы жалпы-потенциалды түрде беріледі, егер тарихи, әлеуметті белгілі есім болған жағдайда, оқырман шығарманы оқымай тұрып-ақ атаудың коннотативті және референциалды семантикасының көлемі үлкен екендігін байқайды.

Мәтінде екіншілік атау құралдары (эпитеттер, перифраздар, синонимдер, есімдікті субституттар) үлкен анықтаушы рөл атқарады.

КМ ЖЕ семантикалануы оның мәтіннің өн бойында бір денотат – кейіпкерді атауында, есімнің мәтін ішінде

бірнеше рет қайталануы арқылы мәтіндік қосымша қызметін атқаруында, сол арқылы жалпы мәтіннің когезиясын, жүйелігін, антропоөзекті құруында, шығарма атауындағы ЖЕ шығарманың басты идеясын ашуына, автордың мәтіннің концепт-идеясы мен жалпы перспекциясын іске асыруда септігін тигізуінде, антропонимнен шыққан, яғни апеллятивтенген есім мәтінде жалпы композиция мен архитектуроникасында өзекті болып келетін күрделі символ-ұғым қызметін атқаруына байланысты.

ЖЕ семантикасының жалпы ерекшелігі – суггестивтілігі, яғни мәтін мен мәтіннен тыс ассоциациялардан туындаған әртүрлі коннотациялар мен семантикалық компоненттердің жиынтығы. Жеке-көркем мағынаның қалыптасуы ЖЕ семантикалық композицияның барлық үш деңгейімен синтагматикалық, парадигматикалық байланысы мен қатынасында семантикалық өзара байланыс негізінде болады. КМ ЖЕ эстетикалық өзгеріске түсуіне себепкер болатын семантикалық конденсацияның үш сатысын бақылауға болады. Бұл – көркем есім және мінез, есім және оқиға, есім және әлеуметтік тип, есім және мезгіл: шығармада көрсетілген дәуір, тарихи кезең контексті сияқты эстетикалық категориялардың қатынасы арқылы қалыптасатын ЖЕ семантикасының жекеленуі (индивидуализация), типтенуі және символдануы. ЖЕ семантикалық трансформациясының бұл сатылары ЖЕ семантикасында жеке мен жалпының тілде, сөйленісте өзара қатынасы мен көркем шығарма мазмұнының қоғам мен халықтың – тіл иелерінің мәдени өзін-өзі тануына енуі арқылы қалыптасады.

Сонымен, КМ ЖЕ семантикасының өзектілігі, күрделенуі мен жалпылануы сөздің көркем-ономастикалық мағынасының қалыптасуында заңды құбылыс болып табылады. ЖЕ семантикасының суггестивтілігі, оның көп қырлылығы ономастикалық семасиология мен әдеби ономастика, мәтін стилистикасы мен лингвистикасында бір бағытта зергітелуі қажет әдеби шығармадағы сөздің көркем мағынасының ерекше түрі болып табылады.

1.2 Көркем шығармалардағы онимдердің зерттелуі

Ұлттық ономастика қазіргі кезде көпшілік назарын аударуда. Біріншіден, ғалымдар үшін әр атаудың шығу тегін, уәжін, фонетикалық тұстары мен парадигматикасы, синтагматикасын ашу, сонымен бірге ұлттың мәдениеті мен тарихын көрсететін тілдік бірлік ретінде қызығушылығын тудырса, екіншіден, қазіргі таңда саяси-идеологиялық көзқарасты білдіретін тілдік құрал ретінде әкімшілік орындарының нысанына айналуда, яғни онимдер тек ономаст ғалымдардың ғана емес, бүкіл жұртшылықтың, халықтың назарын аударуда.

Көркем шығармалардағы онимдердің қызметі жалпы ЖЕ қарағанда ерекше, себебі ол тек жекелеуіштік, атауыштық, яғни адрестік емес, сонымен қатар сол мәтіннің ономастикалық кеңістігін құрап, стильдік, мәтін-түзушілік қызметтерін де атқарады.

Қазақстанда жалпы ономастикалық зерттеулер бойынша соңғы елу жыл ішінде елу еңбек қорғалды десек, соның ішінде тек саусақпен санарлығы ғана көркем шығармалардағы онимдерге арналған. Олар: К.З. Жаппардың «О. Сүлейменов поэзиясындағы жалқы есімдердің эстетикалық қызметі» атты кандидаттық диссертациясы 2000 жылы қорғалса, Г. Оразғалиева «А.С. Пушкин прозасындағы түркі тілді топонимдер» атты кандидаттық диссертациясын 1990 ж. қорғаған. В. Махпиров Махмұд Қашғаридың «Дивану-лұғат ит-түрк» ескерткішіндегі XI ғасыр жалқы есімдерін зерттеп, 1980 ж. кандидаттық диссертациясын қорғаған болса, Д.М. Керімбаев «Қазақ фольклорындағы жалқы есімдердің құрамы мен лингвостилистикалық қызметі (Ғ. Мүсіреповтің «Ұлпан» повесі бойынша)» атты кандидаттық диссертациясын 2004 ж. қорғады [14-17]. Дегенмен көркем мәтіндегі жалқы есімдер көптеген зерттеулер ішінде және мақала түрінде қарастырылған. Оларға осы тарауша ішінде шолу жасап, жеке-жеке талдау жүргіземіз.

Ресей ғалымдары көркем шығармалардағы онимдерге

көп көңіл бөліп, жан-жақты талдаулар жасаған. Мәселен, Э.Б. Магазаник көркем шығармаларда кейіпкер бейнесін жасауда фразеологизмдер мен мақал-мәтелдердің басты идеясы алынып, кейіпкер есімі ретінде қолданған. Бұл есім кейіпкерді жан-жақты ашып, бастапқы идея фразеологизм, мақал-мәтелдердің о бастағы мазмұнына итермелейді дейді. Мысал ретінде ғалым Достоевский, Некрасов, Чехов, Гоголь шығармаларындағы басты кейіпкерлер Фома Фомич, Потемкин, Шатов есімдері «На безрыбьи рак – рыба, на безлюдьи Фома – дворянин»; «Кто на реку Шат пойдет, тот зашатается»; потемкинская деревня мақал-мәтел, фразеологизмін еске салады, ал Некрасов шығармасында Яким Нагой «яко наг, яко благ» реминисценцияны санада оятады деп берген [18, 162б.].

Н.Г. Михайловская орыс поэзиясында шет тілден енген Афродита, Феникс, Орфей, Евклид, Ромео т.б. есімдердің және кино шығармаларының, әсіресе, итальян фильмдерінің кейіпкерлері Антониони, Фелини т.б. есімдерінің көркемдеуші, ирония туғызушы қызметте қолданылатынын талдаған [19, 180б.].

С.В. Перкас Досойс Кэри мен Айрис Мэрдоктың романдарындағы урбанонимдерді қарастырып, олардың кеңістік қызметін атқара отырып, шындық пен ойдан шығарылғанды ажырату үшін қолданылғанын айтады [20, 188б.].

В.Л. Воронцова жалқы есім мен жалпы есімнің айырмашылық көрсеткіші ретінде акцентті қарастырған. Оның талдауы бойынша, апеллятив гора` т.с. (вин. п.) го`ру болса, А. Толстойдың «Хождение по мукам» шығармасындағы кейіпкер фамилиясы Гора` - Гору`, сол сияқты көптеген акындарда (Маяковский, В. Рождественский, Рыленков, Костров т.б.) Ру`си екпін у-ға түссе, Евтушенко, Гладков, Кудрейко шығармаларында Руси`, яғни екпін соңғы әріп и-ға түсіп тұрғанын анықтаған [21, 180б.].

В.П. Григорьев «Собственные имена и связанные с ними апеллятивы в словотворчестве Хлебникова» атты мақаласында Хлебников шығармасында окказионал

жалкы есімдердің батыстан енген сөздерді шығыс, ең алдымен орыс сөздерімен алмастыруына талпынғанын айтып, мысал ретінде «Доскам судьбы» шығармасындағы Торгаш Меркурий, Любятка, Красотка, Лапушка, Милица, Венера, Войн, Война, Мясник, Рубака Марс, Небо, Уран, Море Нептун т.б. келтірген. Мұндағы Торгаш, Любятка, Красотка, Лапушка, Милица, Войн, Война, Мясник, Рубака, Небо, Море – окказионал ЖЕ, олар Меркурий, Венера, Марс, Нептун, Уран онимдерінің ерекшеліктерін ашу үшін қолданған [22, 196б.].

Қырғыз ғалымы Б.О. Орузбаева «Манас» эпосының жалкы есімдеріне жан-жақты талдау жасаған: біріншіден, эпостағы ЖЕ статистикалық талдау жүргізген, екіншіден, этнонимдерге лексика-семантикалық талдау, үшіншіден, зоонимдерге, соның ішінде жылқы атауларына құрылымдық-семантикалық талдау жүргізіп, ЖЕ этимологиясын ашқан [23, 67б.].

Өзбек ғалымы Н.Хусанов А.Навоидың «Фархад уа Шырын» шығармасындағы басты кейіпкер есімінің семантикалық және стилистикалық тұстарын ашады. Бірінші компоненті «фар-жаркыл», екінші компоненті «хады - тағдыр белгісі» бұл есімді Фархадтың әкесі мәтін ішінде ашып, уәжін көрсеткенін А. Навои шеберлікпен жеткізгендігін айтқан [24, 144б.].

Әзірбайжан ғалымы М.А. Нурулу Шамаха, Тьмутаракань (Тамань), Бұхара орыс поэзиясы үшін экзотикалық атаулардың Чехов т.б. шығармаларында кеңінен қолданылғаны туралы сөз етеді [25, 140б.].

Қазақ ономастикасында көркем шығармадағы онимдер мәселесіне назар аудару көп уақыттан бері орын алған. Мәселен, «Қазақ эпосындағы жер-су атаулары мен кісі аттары жайында» мақаласында Ә.Қайдаров пен А. Мұқатаева «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» дастанындағы онимдерді қарастыруда үш мәселені көтерген: 1. поэманың дүниеге келу дәуірі; 2. таралу географиясы; 3. оларды жалпы түркі ономастикасының тарихи даму кезеңдері мен тілдік ерекшеліктеріне сәйкес топтастыру. Мақала

авторлары аталған үш мәселені шешуде онимдерді талдай отырып, аталмыш дастанның VI-XII ғасырлар аралығында Қазақстан топырағында пайда болғанын, әсіресе, бұрынғы Семей, Павлодар, Қарағанды, Жезқазған, Талдықорған, Алматы т.б. облыстардағы жер-су атауларымен салыстыра отырып, Қазақстан жеріне толық таралғандығын, атауларда көне түркі элементі мен дәстүрі мол сақталғанын анықтаған [26, 5б.].

А. Жұбанова, Е. Жұбанов сынды ғалымдар Ш. Уәлихановтың «Манас» қырғыз эпосын талдауы жөнінде мысал келтіріп, қазақ халқының эпикалық жырларының бірі «Қобыланды батыр» ономастикасына тоқталады. Онда келтірілген антропонимдер мен топонимдерге статикалық талдау жүргізе отырып, кейбір топонимдерге берген ғалымдардың этимологиялық таладануын да келтірген, сол деректер арқылы жыршының көркемдік шешімін тапқанын ашқан [27, 49б.].

Көрнекті жазушы бірі М. Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясы көптеген ғалымдарымыздың зерттеу нысанына айналған. Ғалым, қазақ ономастикасының негізін қалаушылардың бірі – Т. Жанұзақ та мақалаларында онимдерге толық талдау жүргізген. Сондай-ақ, аталмыш эпопея тілін арнайы зерттеген ғалым Е. Жанпейісов ономастикалық материалдарды қарастырып, ондағы кейіпкер ретінде тікелей қатысқан төрт жүз елудей кісі есімі, екі жүз елуден аса топоним кездеседі дейді [28, 25б.]. Ал К. Еспаева бұл эпопеядағы онимдерге лексика-семантикалық, құрылымдық, шығу төркініне талдау жүргізген, сонымен қатар Семей, Орал, Алматы, Омбы т.б. астионимдердің жазылу үлгісін қарастырған, эпопеяда макротопонимдерден гөрі микротопонимдер көп орын алғандығы мен екінші компоненттері географиялық терминнен тұратындығын айтқан [29, 65б.].

С. Сәкенов «Қырымның қырық батыры» эпопеясындағы топонимдер мен этнонимдер» атты мақаласында кейбір топонимдер мен этнонимдер арқылы тарихқа көз жүгіртіп, таралу ареалын анықтауға тырысқан [30, 126б.].

Г.Е. Исабекова шығарма атаулары ономастиканың зерттеу нысаны ретінде идеоним разрядына кіретінін «Библионим Метель и его казахский эквивалент Боран» атты мақаласында А.С. Пушкин шығармасының қазақ тілінде берілуі бойынша анықтап қарастырған [33, 213]. С.У. Тәукеев «Имена собственные тюркского происхождения в художественных текстах А. Алимжанова» атты мақаласында басты кейіпкер есімдерінің берілу уәжі мен стильдік қызметін анықтаған [34, 255б.].

Сонымен, жоғарыда келтірілген еңбектерге шолудан біз көркем шығарма ЖЕ зерттеу жүргізіліп жатқанын байқадық. Қ.А. Ясауи, Хорезми, А. Йүгінеки, Ж. Баласағұн сынды сөз зергерлері шығармаларындағы ЖЕ қолданыс қызметін анықтау – біріншіден, заман талабы десек, яғни орта ғасыр акындарының шығармалары арқылы кеңістік және уақыт қатынасын ашу, екіншіден, қазіргі кезде қазақ ономастикасының салыстырмалы түрде дамыды деген шақта, аталған сөз шеберлерінің шығармаларындағы ономастикалық кеңістікті анықтау, яғни ономастикалық бірліктердің «өзіндік бір тарихи ескерткіштер» екендігін дәлелдеу біздің зерттеу жұмысымызда орын алады. Осы арқылы біз отандық ономастиканың, соның ішінде көркем мәтін ономастикасының дамуына атсалысуды өз мақсатымызға алдық.

Көркем мәтін ономастикасы бойынша көптеген мақалалар мен еңбектердің жарық көруі, оларды зерттеу заңдылықтары мен жаңа бағыттарын ашуға және зерттеу бойынша бір теориялық концепция жасауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар зерттеу нысаны (КМ антропонимдер немесе топонимдер; бір немесе бірнеше шығарма бойынша т.б.), әдісі, талдауы, қойылған мақсаты әртүрлі болуы КМ ономастикасының нысаны және оның филологиялық парадигмада алатын орны бойынша зерттеушілердің әртүрлі бағытта болғанын көрсетеді.

Сонымен бірге тарихи ескерткіштердегі ономастикалық кеңістікті анықтап, зерттеу жүргізуде көркем мәтін

ономастикасын қарастырудың ерекшеліктерін ескеруге мүмкіндік береді.

1.3 X-XIV ғғ. түркі тарихи жазба поэтикалық ескерткіштеріне тарихи анықтама

А.В. Суперанская: «Әр дәуірдің өзіндік фактілері мен шындық болмысы болады, олармен кейіпкерлердің сөздері мен есімдері, әдеби шығарманың мәтіні байланысты болады. Аталмыш фактілер авторлардың замандас оқырмандарына белгілі, бірақ олар дәуір өзгеруіне, жаңа ұрпақ келуіне байланысты ұмытылады. Сондықтан шығарманы дұрыс қабылдау үшін сол кезеңге байланысты экстралингвистикалық факторларды анықтау керек» [35], – деп атап көрсеткен.

Демек, «Құтты білік», «Диуани хикмет», «Ақиқат сыйы», «Мұхаббат-наме» шығармаларын дұрыс қабылдап оқып, онимдерін анықтау үшін тарихи жағдайларды білуіміз қажет.

Ерте дамыған мәдениеттің кейінгі мәдениетке ықпалы болғаны тарихтан белгілі. Ертедегі Египет, Бабыл, Үнді, Парсы мәдениетінің тек Орта Азияға емес, Еуропа мәдениетінің дамуына да үлкен әсерін тигізгені байқалады.

X ғасырдың аяғында Орта Азияда қарахандықтар Саманид хандығын алмастырып, XI ғасыр – Қарахан хандығының мәдени өмірінің дамыған кезі болды. Соңынан қарахандықтар өзара бөлініп, жеке-жеке жер иеліктерін алды. Билік басындағы түркілер парсы ақындарына пана болды. Алайда түркілер мұсылман мәдениетін қабылдағанымен өздерінің тілін сақтап қалды, түпкілікті дәстүрлерін жоғалтқан жоқ. Бұл тарихи ескерткіштерде көрініс тапқан. Қарахан хандығы, ғалымдардың анықтауы бойынша, шігіл тайпасы мен яғма тайпасына негізделген. Олардың тілінде дидактикалық шығарма – «Құтты білік» жазылған. Осы дерекпен үндес Х. Сүйіншәлиев те зерттеу негізінде анықтама берген: «X-XII ғғ. Қазақстан мен Орта Азияны мекендеген қарлық және яғма тайпалары

бірігіп, феодалдық Қарахан мемлекетін құрады. Оларға сол кездегі ірі қалалар – Шығыс Түркістандағы Қашқар, Жетісудағы Талас, Алатаудағы Баласағұн, Маураннаһрдегі Самарқан қарады. Астанасы Баласағұн қаласы болды. Бұл кезде қалалардағы сауда ісі бұрынғыдан анағұрлым ілгері басады. Сонымен бірге рухани мәдениет те өседі. Осы кезде Махмұд Қашқари, Жүсіп Баласағұни сияқты әрі ғалым, әрі асқан жазушылар өмір сүреді» [36].

Ж. Баласағұн – бұрындары Отырар, Шаш, Тараз, Шу алабын, Ыстықкөл манын, Ферғана, Қашқар өңірлерін алып жатқан мәдени орталық және саяси аймақтан шыққан ақын. Оның шыққан қаласы – Баласағұн ең ірі қалалардың бірі және Қарахан хандығының ірі сауда-кәсіптік орталығы болған. Ол этногенетикалық тұрғыдан алғанда X ғасырдың басында саны жағынан артқан бірнеше түркі тайпаларының бірігуінен тұрған. Қағанаттың әлеуметтік-экономикалық негізін көшпелі және отырықшы шаруашылық байланысы құрады.

«Құтты білік» – түркілердің саяси, рухани, өмірлік құндылықтарының өтпелі кезеңді басынан кешіріп отырған кезінде «дүниеге келген» шығарма, Өгдүлміш пен Одғұрмыштың пікірсайысынан біз екі дін – ислам мен будданың түркі жерінде орнығу сипатын аңғарамыз, сонымен бірге автор түркілердің рухы мен қуатының әлсіреуіне және де «осы әлемнен қашыратын, әлемде болып жатқан оқиғаларға бейқам қарататын» діннің таралуына деген қауіпін білдірген. Ескерткіш – моральдық құндылықтарға көңіл бөліп, жалпы адами сипатты жоғалтпауға шақыратын шығарма. Бұл сарын Саманид хандығы тұсында халифтердің «мұсылман әлемінің бірлігі идеясына» байланысты десек те болады. Қарахандықтардың саманидтерді оңай жеңуінің себебі мұсылман дінін қабылдауында деп айтуымызға болады.

«Диуани хикмет», «Мұхаббат-наме», «Ақиқат сыйы» – түркі жерінде ислам дінінің орнығып, жайыла бастаған кезінде туындаған дүниелер. Бұл кез – Алтын Орданың дәуірлеп тұрған мезгілі. Алтын Орда басшылары исламды

кабылдаған кез, яғни мұнда жан-жақтан көптеген ғалымдар, ақындар, жазушылар, шеберлердің ағылып келіп жатқан уақыты. Сондықтан да оларды біріктіруші, ынтымақта ұстап тұрушы күш – ислам діні болды. Ескерткіштерде ислам, осы дінді таратушы өкілдері есімдерінің қолданыс басымдылығы осыған дәлел. Орта Азия, Кавказ, Кіші Азия Алтын Орданың иелігінде болды, Алтын Орда Батый хан тұсында 1243 ж. қалыптасты. Түркілердің тілі әр жанрда жазылған – хан жарлығы, басқа да іс жүргізу құжаттары, дидактикалық және поэтикалық шығармалардың т.б. тіліне айналды.

Қ.А. Ясауи – Түркістан қаласының тұрғыны. Жасынан исламдық тәрбие алған, діни мистиканы жақтаушы ақын. Оның сопы ілімін таратуына алған діни тәрбиесі негіз болған.

А. Йүгінеки – Түркістанға қарасты Йүгнәк деген қыстақта дүниеге келген. Ол жастайынан ғаріп (соқыр) болған, діни тәрбие алған. Өзінің шығармасын, ғалымдардың анықтауы бойынша, датбек деген шахтардың біріне арнаған.

Хорезми-Равани – қыпшақтар мемлекетінің сол кездегі орталығы – Хорезмнен шыққан ақын. Ол өзінің шығармасын Алтын Орда билеушілерінің бірі – Жәнібектің туысы, Көк Орданың билеушісі – Мұхаммед Қожа бекке арнаған.

«Құтты білік», «Ақиқат сыйы», «Мұхаббат-наме» – дидактикалық мәндегі арнау шығармалар десек, «Диуани хикмет» – поэтикалық сипаттағы ерекше шығарма. Мұның себебі алдыңғы ескерткіштерде шығарма арналған билеушілердің есімдері, оларға мадақ айтуда символдық мәндегі есімдер қолданылған, осы арқылы шығарма авторы сол кездегі идеологияны насихаттайды, яғни саяси бағытта – билеушілердің жетістіктерін көрсету, олардың игі ісері арқылы тәрбиелеу мәнінде жазылған, ал «Диуани хикметте» автор зікір салу, яғни басты кейіпкер өзі арқылы тәрбиелік мәнді жеткізеді, бұл саяси бағыттан гөрі таза діни бағытта – сопы ілімін тарату жолын ұстанған.

Ескерткіштердің «дүниеге келген» кезеңіне тарихи, саяси тұрғыдан қысқаша анықтама беру негізінде аталған туындылардың ономастикалық кеңістігін құрайтын кейбір оним түрлеріне катысты: автор дүниеге келген, өмір сүрген жер (топоним), билеуші топ туралы (антропоним) ақпарат алынды.

1.4 X-XIV ғғ. түркі тарихи жазба поэтикалық ескерткіштерінің зерттелуі

Орта ғасыр ескерткіштері көптеген ғалымдардың қызығушылығын тудырған, себебі олар көптеген мәселенің басын ашуға септігін тигізетін, тарихи, мәдени тұрғыдан аса жоғары құндылық болып саналады.

Сондықтан да «Диуани хикмет», «Мұхаббат-наме», «Ақиқат сыйы», «Құтты білік» ескерткіштерінің ономастикалық кеңістігін зерттеу арқылы түркі халықтары, жалпы тіл білімі үшін қаншалықты маңызды жәдігерлер екенін көрсету – қазіргі кезде бабалар сөзіне «кұлақ асып», «өткенімізді бағалауда» уақыт талабына сай екені дау тудырмайды.

А.Н. Кононов Э.Н. Наджип еңбегінің алғы сөзінде: «Ескерткіштер тілін зерттеу және олардың ерекшеліктерін көрсету өте қиын. Тіптен жазылған уақыты мен орны жақын шығармалар лексика және грамматикалық түрлерінің варианттылығымен ерекшеленеді. Сондықтан әдеби диалект емес әдеби тіл тұрғысынан белгілі бір тұрпаттағы және кезеңдегі шығарманың лексика және грамматикалық типтерін бүкіл шығарма негізінде талдау қажет. Ескерткіш нұсқаларын мұндай таза тілдік тұрғыдан зерттеу құнды болып есептеледі», – деп ескерткіш тілін зерттеудің қиындығын көрсеткен болатын [37].

а) «Құтты білік» поэтикалық ескерткіштерінің зерттелуі

«Құтты біліктің» үш нұсқасы жеткен, оның біреуі Вена нұсқасы (кейде көшіріп алынған жеріне қарай Фират нұсқасы) Венада сақтаулы тұр, екіншісі – араб әліпбиі-

мен жазылған Каир нұсқасы, оны 1896 жылы Каирда кітапхана директоры, неміс ғалымы Б.Мориц тапқан, үшіншісі – ең толығы, жақсы сақталғаны наманған (Ферғана) нұсқасы. Араб әріпмен жазылған, қазір Өзбекстан Республикасы Ғылым академиясының Шығыстану институтында сақтаулы.

«Құтты біліктің» үзінділерін неміс тіліндегі алғашқы аудармасы мен толық басылымын Г. Вамбери жасаған. В.В. Радлов өзінің жасаған мәтіні мен неміс тіліне өзі аударған аудармасын жариялады. Үш қолжазбаны біріктіріп, транскрипциясын жасап, құрама мәтінін, аудармасын, индекстік сөздігін жасаған түрік ғалымы Р.Р. Арат. Диссертация, мақалалар жазып, сыни мәтінін құрастырған А.А. Валитова.

Шетел ғалымдары А.П. Жауберт, В. Томсон, Отто Альбертс, Н.И. Ильминский, Ф.В. Мюллер, А. Лекок т.б. әртүрлі дәрежеде пікір білдірген.

Ж.Баласағұнның бұл туындысын бірнеше ғалым аударған, мәселен, Қ. Кәрімов өзбек тіліндегі аудармасын, өзбек әліппесінің ыңғайына қарай транскрипцияланған мәтінін жасаған. Н. Гребнев орыс тіліне еркін аудармасын жасаған, ал С.Н. Иванов толық әдеби аудармасын орыс тілінде жариялаған. Бір топ аудармашылар ұйғыр тіліндегі аудармасы мен ұйғыр фонетикасының ерекшеліктерін ескере отырып, латын әрпімен транскрипцияланған мәтінін Пекинде жариялады. Қазақ тіліндегі тұңғыш толық аудармасын 1986 жылы А. Егеубаев жасады.

Қазан қаласында басылып шыққан Қ. Халидовтың «Тауарих Хамса» атты кітабында «Баласағұн», «Құтадғу білік» деген сөздердің мағынасына түсініктер беріледі. Халидовтың айтуынша: «Бала» – көрікті қашалған тас, «сағұн» – қала деген моңғол сөздері. Көрікті тас қала деген ұғым береді дейді [38].

Қазіргі біздің заманымызға дейін өзінің өзектілігін жоймаған құнды дүние «Құтты білік» шығармасы авторының дүниеге келген кезін анықтау бағытында ғалымдар біраз зерттеулер жүргізген. Мысалы, Түркияның

атақты ғалымы Рәшит Рахмати Арат: «Ақын атақты дастанын аяқтағанда 54 жаста болған, демек, 1015-1016 жылдары туған» деген болжам жасайды. Екінші ғалым А. Ділашар Жүсіп Хас Хажыб дастанды елу жасында бастаған, сонда ол 1018 жылы туған болып шығады. Сонымен бірге ол: «Ақын 1068 жылы Қашқарға аттанды, шығармасын сонда жазды» деген болжам білдірген [39].

Белгілі ғалым-түрколог Э.Н. Наджип шығарма бойынша жалпы тоқталып, «Құтты біліктің» үш нұсқасының фонетикалық, грамматикалық, графикалық, лексикалық ерекшеліктерін жеке-жеке талдап, наманган нұсқасының өзбек тіліне аударылуы жөнінде толық тұжырым жасаған [37].

«Құтты білік» арнау шығарма болғандықтан, оның кімге арналғанын анықтау көптеген ғалымдар үшін маңызды болды. Сол себептен де осы мәселе бойынша бірнеше пікір қалыптасқан: А.Н. Кононов В.В. Бартольдтың зерттеу нәтижесіне сүйеніп, ол кезеңдегі Қарахандар билеушісінің аты-жөнін «Тауғаш-Бұғра-Қарахан Әбу Әли Хасан, Арслан Қарахан Сүлеймен ұлы» деп айтқан [40].

С.Г. Кляшторный шығарма тарту етілген Елбасының аты «арабша Әбу Әли әл-Хасан, лақабы Нәсір әл-хақуаддин Мәлік әл-машрык еді, түркіше лауазым-мәртебесі Тауғаш Бұғра Қарахан» деп келтірген [41].

Сонымен бірге зерттеуші-ғалымдар Ж. Баласағұнның «Құтты білік» дидактикалық туындысына өз тараптарынан зерттеу негізіне сүйене отырып, баға берген. Мәселен, А.Н. Кононов: «Құтты білікте» көптеген халықтарды бұрыннан мазалап жүрген идеялар көрініс берген», – деп тұжырым жасаған [40].

Шығарманы орыс тіліне аударып шыққан ғалым С.Н. Иванов: «Құтты білік» – түркі тілді әдебиеттің ең керемет шығармасы», – деп жоғары бағалаған [42].

Ж. Баласағұнның шыққан жері Құзорда – Баласағұн туралы да ғалымдар арасында әртүрлі пікірлер қалыптасқан. В.В. Бартольд күйреген Ақ Бешім мен Боран бекеті ме деп шамалайды, ал профессор Ғ. Шәлекенов қазіргі

Ақтөбедегі экспедициялық іздестіру, зерттеу жұмыстарына сүйеніп, оны Баласағұн деп дәлелдейді. Алайда көптеген ғалымдардың пікірінше, ол қаланың орны қазіргі Шу мен қырғыздардың Токмак қаласы арасында болған.

В.В. Бартольд «Құтты білік» дидактикалық поэманы М. Қашқаридың «Диуани лұғат ат-түрк» еңбегімен салыстырып зерттеген [43].

А.А. Валитова Ж. Баласағұнның дидактикалық поэмасын Қашқардың билеушісі Боғра ханды мадақтау, поэмада саналы түрде қалыптастырылған және әділ мемлекетте негізделген билеуші түркі әулетінің беделін арттыру мақсатында ұсынғандығы туралы жазған. Сонымен бірге ғалым «Құтты біліктің» тіл көркемдігін арнайы зерттеген, дастан стилінің біркелкі емес екенін, «оның әрбір бөлімі өзінің көркемдік жағынан әр алуан» деп атап көрсете отырып, «дастан стиліне дидактикалық тәрбие, философиялық поэзия мен публицистикалық уағыздау тән, оның көркемдік құны да осынысымен айқындалады», – дейді [44].

Е.Э. Бертельс: «Құтты білік» пен А. Йүгінекидің «Ақиқат сыйы» поэмаларындағы метрді салыстыра отырып, соңғысының метрі дұрыс, себебі Ж. Баласағұнға қарағанда, араб-парсы кірмелерін көп қолданған», – деген пікірді айтады [45].

С.Е. Малов Ж. Баласағұнның «Құтты білік» шығармасындағы «Көктем сипаты» деп басталатын жолдарын қазақ ақыны Шәңгерей Бөкеевтің өлеңімен салыстыра отырып, үндестік барын анықтаған [46].

И.В. Стеблева: «Ж. Баласағұнның «Құтты білік» поэмасы М. Қашқаридың «Диуани лұғат ат-түрк» шығармасына қарағанда жанр тұрғысынан аяқталған. «Құтты білік» басында жанрға міндетті түрде Мұхаммед пайғамбарды мадактаса, кітаптың маңыздылығы мен себебі жазылған билеушіге арнаудан тұратын кіріспе берілген. Содан кейін поэманың негізгі бөлігі – еркін бөлігі берілген. Ж. Баласағұн поэманың негізгі бөлігі ретінде төрт кейіпкер: билеуші Күнтуды, оның уәзірі Айтолды, уәзірдің ұлы

Өгдүлміш және уәзірдің інісі Одғұрмыштың диалогын алған», – деп талдаған [47].

В.У. Махпиров М. Қашқаридың «Диуани лұғат ат – түрк» шығармасы мен Ж. Баласағұнның «Құтты білігін» салыстыра зерттей отырып, оның қай тілде жазылғаны, қай жерде жазылғаны, этнонимдер құрамы мен құрылымы және кейбір көне топонимдер мен көне антропонимдерге байланысты лексика-семантикалық таптастыру жасап, салыстырмалы түрде талдай отырып, жеке еңбек түрінде зерттеу нәтижесін көрсетеді [48].

М. Әліпхан Ж. Баласағұнның «Құтты білік» шығармасындағы Одғұрмыш бейнесінің сырын ашу арқылы сопылық ілімін анықтауға талпыныс жасаған [49].

У. Жамирова Ж. Баласағұнның «Құтты білік» кітабындағы әділдік, бақыт, ақыл, қанағат ұғымдарына философиялық зерттеу жүргізген [50].

Ұйғыр ғалымы Р.У. Арзиев «Құтты білік» шығармасының мәтіні бойынша лексика-стистикалық талдаулар жасайды [51].

Тілдік тұрғыдан К.Ә. Әбенова «Құтты білік» пен «Ақиқат сыйы» шығармаларын салыстыра отырып, ескерткіштердегі бір буынды түбірлерге қатысты қазақ тілінің лексикасы бойынша арнайы кешенді зерттеу жұмысын жүргізген [52].

Б.Р. Құлжанова «Құтты білік» пен «Ақиқат сыйы» ескерткіштерінің негізінде зат есімдерді талдай отырып, авторлардың теонимдерді қолданылу ерекшелігіне қатысты келесі пікірді білдірген: «Құтты білік» пен «Ғибат-ул-хакаийк» ескерткіші тілінің бір ерекшелігі Орхон-Енисей ескерткіштерінде өте жиі қолданылатын Тәңірі (Құдай) атауы қолданылмаған. Ол кейбір туынды сөздердің құрамында ғана кездеседі. Сірә, бұл көп Құдайшылық сенімін ығыстырған ислам дінінің әсерінен болса керек».

Сонымен бірге ғалым зат есімдерге қатысты лексика-семантикалық топтарын көрсеткен, соның ішінде:

- «аспан денелерінің атауы: Қозы, Учық (Шаян шоқжұлдызы), Үлгу (Таразы), Йашық (Күн), Йалчық (Ай),

Үлкәр (Үркер), Бақыр (Марс), Севит (Шолпан), Көнәк (Көнөк), Қучык (Шаян), Ай (Ай);

• діни наным-сенімдерге байланысты атаулар: байат (Құдай), бирлығ (Құдайдың жалғыздығы, даралығы), савчы (Алланың елшісі), Йалавач (елші, хабаршы), Йек (жын пері), Тамуғ (тозақ), Уған (Құдіретті, Тәңір), Тәңрилиг (Тәңірлік), Уштмаһ – уджмак (жұмак), иәл (Жаратушы, Құдай, ие) т.б.» [53].

Г. Шадинова Ж. Баласағұнның философиялық көзқарасының тарихи қалыптасуы мен ислам және түркі дүниетанымындағы симбиозы, Қарахан империясының мәдени-қоғамдық және саяси қалыптасуын зерттеген [54].

ә) *«Диуани хикмет» поэтикалық ескерткіштерінің зерттелуі*

Қ.А.Ясауи хикметтерінің түпнұсқасы сақталмаған. Оның тек көшірмелері ғана бізге жетіп, Ташкент, Қазан, Стамбұл қалаларында бірнеше рет басылып шықты. Ал қазақ тілінде ол 1901 жылы Тыныштықұлдың басқаруы бойынша Қазанда басылды. Өзбек тілінде 1902 жылы Ташкентте жеке кітап болып шықты.

Қ.А. Ясауидың ақындық шеберлігі туралы алғашқылардың бірі болып А.Н. Самойлович мақаласында жазған [55]. Сопылық ілімін таратушы тұлға ретінде Ясауи туындысының әдебиеттегі орнының зор екендігі туралы Е.Э. Бертельс тілге тиек еткен [56]. Хикметтердің тілін зерттеп, оны оғыз-қыпшақ тілінде жазылған деген анықтаманы белгілі ғалым А.К. Боровков пен Э.Н. Наджип берген [57].

Н.А. Баскаков Қ.А. Ясауидың «Диуани хикмет» шығармасының тілі оғыз-қыпшақ диалектілеріне негізделгенін көрсетіп, оған көне ұйғыр тілінің ықпалы болмағанын айтқан [58].

Х. Сүйіншәлиев қазақ ғалымдарының арасында алғашқылардың бірі болып Ясауи мұрасын тереңдете зерттеп, «Иассауи творчествосы – арнайы да терең зерттеуді қажет ететін орта ғасыр әдебиетінің маңызды мәселелерінің бірі», – деп атап көрсеткен [36].

«Диуани хикмет» ескерткішін Шығыстың Ренессансымен байланыстыра зерттеу мәселесін Ә. Қоңыратбаев ұсынған [59].

Түрік ғалымы М. Фуад Көпүрүлү 1-ші басылымы «Мили матба» баспасынан шыққан, 2, 3-ші басылымы «Өтүкен» баспасынан шыққан «Түркі әдебиет тарихы» атты еңбегінде түркілерді құрайтын генонимдердің шыққан жері, алып жатқан территориясы, Қ.А. Ясауи өмірі мен «хикметтерінің» зерттелуі, «Ақиқат сыйы» ескерткіші туралы сөз еткен [60].

Р. Сыздық «Ясауи «хикметтерінің» тілі» атты кітабында ескерткішті жан-жақты талдаған. Ғалым Қ.А. Ясауидың өмірбаянынан бастап, зерттелу тарихы, жазба нұсқаларының жариялануы, фонетикалық жүйесі мен фонологиялық заңдылықтары, қолжазбаның транскрипциясы, ескерткіш тілінің лексикасын, «хикметтердің» морфологиялық сипаттамасын, шығарма тілінің көркемдік сипатын және қолжазбаның факсимилиесін бере отырып, соңында араб сөздері мен парсы сөздерінің мән-мағынасын аша отырып, мысалдарымен келтірген.

Ясауидың мұрасын зерттеу, оның сопылық ілімінің зерттелу тарихына өзіндік үлес қосқан ғалымдардан С. Дәуітұлының еңбегін атай аламыз [62].

М. Жармұхамедов бастаған ғалымдар Қ.А. Ясауидың «хикметтерін» Құранмен байланыстырып қарастырған, мұнын себебін акынның өз шығармасын «Дәптер сәни» деп аталуымен байланыстырған [63].

А. Ахметбек Қ.А. Ясауидың «хикметтерін» зерттеп, шығарманың түркі жерінде имандылық жаршысы болғанын айта келе, сопылық мәні, поэтикасы, хикметтерінің құрылысы, дыбыс қайталаушылық, нұсқалардың аударылуы, тіл көркемдеуші құралдарына мүмкіндігінше тоқталған [64]. Тілдік тұрғыдан Қ.А. Ясауидың «Диуани хикмет» ескерткішіндегі септік жалғауының сипатын анықтап, зерттеу жұмысын К.Х. Абдрахманова жасаған [65].

А.Әбдірәсілқызы С.Қаскабасовтың жетекшілігімен

Қ.А. Ясауи «хикметтерінің» көркемдік және құрылымдық ерекшеліктерін анықтап, кешенді зерттеу жұмысын жүргізген [66].

б) «Мұхаббат-наме» поэтикалық ескерткіштерінің зерттелуі

Хорезмидің «Мұхаббат-наме» туындысы шамамен 1353 жылы жазылған деген жорамал бар. Оның екі нұсқасы Британ мұражайында (Лондон) сақталған. Ұйғыр әрпімен көшірілген бірінші нұсқасын А.М. Щербак Ресейде жариялаған, ал екінші араб әрпімен жазылған нұсқасын Э.Н. Наджип жариялаған.

Ескерткіш бойынша талдау, зерттеу және нұсқасын басып шығарумен айналысқан ғалымдардан Ч. Рье, С. Касымов, Т. Жалалов, А. Старостин, Т. Ганджи, А.Н. Самойлович, В.В. Бартольд, Н. Хаким, Ш. Абилова т.б. атауға болады.

С. Аманжолов «Мұхаббат-наме» кердері руынан шыққан Махмұд ибн Али дегеннің «Нахадж ал-фарадис» атты кітабының тіліне ұқсас екенін айтып, бұл оғыз, қыпшақтардың әдеби тілі дәуіріне жататын шығарма деп көрсетеді [67].

Р. Бердібаев бірнеше ескерткіштерді, соның ішінде «Мұхаббат-наме» салыстыра отырып, келесі пікірді білдірген: «Тілдік қоры, үйлесімі, үлгісі жағынан алып қарағанда «Мұхаббат-наме» ілгеріде аталып өткен ескерткіш мұралардың көбінен қазіргі қазақ тіліне жақындау екені күмәнсіз. Және мұнда аталатын кісі аттары да (Жәнібек, Мұхамед Қожабек) Қазақстан тарихынан мәлім» [68].

Орта ғасыр құндылықтарымен арнайы айналысып, зерттеулер жүргізген ғалым Х. Сүйіншәлиевтің пікірі бойынша, «Дастанның негізгі қаһарманы – Мұхаммед Хожа бек – Құтлұғ Темірдің інісі. 1349-1356 жылдары билік құрған ол музыка, поэзияны қадірлеген, өзі де ақын болған» [36].

Өзбек әдебиетшісі Н.М. Маллаев Хорезмидің «Мұхаббат-намесін» зерттеуге талпынған [69]. Татар ғалымы Ф.Нуриева ескерткішті морфология (зат есім, оның

септелуі, есімдік, оның түрлері мен септелуі, сан есім, етістік, оның шақ, рай категориялары, есімше, көсемше), функционалды-стильдік ерекшеліктері тұрғысынан талдаған [70]. Э. Фазылов ескерткіш тіліндегі араб-парсы сөздерін санап, лексикасы бойынша статистикалық талдау жүргізген [71].

А. Қыраубаева 1985 жылы Хорезмидің «Мұхаббат-наме» дастанының транскрипциясын жасап, қазақ тіліне аударып, ғылыми алғы сөзін жазып, тұңғыш жеке кітап етіп шығарды. Кітапта дастан жөнінде ғылыми-танымдық мақала берілген. Онда зерттеуші туындының араб әрпімен жазылған нұсқасын белгілі түрколог ғалым Э.Н. Наджип транскрипциялап жасаған варианты негізінде қазақ тіліне аударғанын айтқан [72].

Г.Ж.Убайдуллаева Б.Сағындықұлы жетекшілігімен «Мұхаббат-наме» ескерткішінің (XIV ғ.) текстологиясын зерттеп, қазіргі қазақ тіліне қатысын анықтау негізінде кешенді зерттеу жұмысын жазған [73].

в) «Ақиқат сыйы» поэтикалық ескерткіштерінің зерттелуі

А.Йүгінекидің бізге жеткен бір ғана шығармасы – «Хақиқаттар хадисі» немесе «Ақиқат сыйы» (арабша атауы – Хибат-ул-Хақайк). «Хақиқатта» адамгершілік, әділеттілік, білімділік, ақыл-парасаттылық сияқты өнегелі тәлімдер дәріптеліп, адамшылыққа жат іс-әрекет, мінез-құлықтар сыналады. Дастанның түпнұсқасы бізге жетпеген. Нажиб Осим деген түркі ғалымы жариялаған көшірме нұсқа Стамбұл кітапханасынан табылған. Ол София мешітінде сақталған.

А.Йүгінеки шығармасының кейінірек бірнеше нұсқалары табылған. Олар: Хират көшірмесі (ұйғыр әліпбиінде жазылған), Түркиядағы арабша көшірмелері және белгілі түркі ғалымы Р.Р. Арат дастанның бір нұсқасын Берлин кітапханасынан кездестірген. «Ақиқат сыйына» лингвистикалық талдаулар жасап, академиялық нұсқасын өзбек ғалымы К. Махмудов «Ахмед Йүгінәкидің «Хибатул хақойық» асари хақында» деген атпен жариялады [74].

Белгілі түрколог-ғалымдар Ә. Құрышжанов, Б. Сағындықұлы шығарма мәтінін сөзбе-сөз аударып, қазіргі қазақ өлеңіне айналған мәтінін жасап бастырған [75]. Белгілі ғалым Х. Сүйіншәлиев дастанды қазіргі қазақ тілімен ұқсас тұстарының көп екенін салыстыра зерттеу арқылы анықтап, жалпы дастанның зерттелуі, нұсқалары туралы жазған [36].

Кесте 1 – «Диуани хикмет», «Ақиқат сыйы», «Мұхаббат-наме», «Құтты білік» шығармаларының зерттелуі

№	Зерттеу бағыты	Қазақстан ғалымдары	ТМ Д ғалымдары	Шетел ғалымдары
1.	Философиялық	Г. Шадинова, У. Жамирова М. Әліпхан		А. Ділашар
2.	Әдеби	Х. Сүйіншәлиев, А.Егеубаев Ғ. Шәлекенов, Р. Бердібаев А. Қыраубаева, А. Әбуов С. Дәуітов, М. Жармұхамедов	Қ. Кәрімов, И.В. Стеблева Н. Гребнев, С.Н. Иванов Н.М. Маллаев	Нажиб Осим Г. Вамбери А.П. Жауберт, В. Томсон О. Альбертс, Ф.В. Мюллер А. Лекок
3.	Тілдік	Ә. Құрышжанов, Ә. Қайдар Р. Сыздық, С. Аманжолов Б. Сағындықұлы, К.Ә.Әбенова В.У. Махпиров, Б.Р. Құлжанова Р.У. Арзиев, Г.Ж. Убайдуллаева	А.М. Щербак, С. Касымов, Т. Жалалов, А.Старостин, Т. Ганджи, А.Н. Самойлович В.В. Бартольдт, Н. Хаким, Ш. Абилова, Ф. Нуриева, Э. Фазылов, К. Махмудов В.В. Радлов Н.И, Ильминский, Э.Н. Наджип Қ. Халидов, С.Е. Малов, А.Н. Кононов С.Г. Кляшторный, А.А. Валитова, Е.Э.Бертельс	М.Ф. Көпрулү Кенан Коч, Ч. Рье Р.Р. Арат

«Құтты білік», «Диуани хикмет», «Мұхаббат-наме», «Ақиқат сыйы» – тарихи түркі жазба поэтикалық ескерткіштерін көптеген ғалымдардың зерттегенін, оларға деген қызығушылықтың уақыт өте артып келе жатқанын шолу негізінде анықтадық. Айта кететін жайт – біз негізгі зерттеулерге тоқтала отырып, аталған ескерткіштердегі онимдердің арнайы зерттеу нысанына айналмағанын анықтадық. Құнды жәдігерлеріміз әлі де әр бағытта зерттеуді қажет етеді, сондықтан оларды тілдік, әдеби, философиялық, тарихи т.б. тұрғыдан зерттеу жалғасын таба бермек.

Кестеден көріп отырғанымыздай, алдында көрсетілген зерттеулерге шолу жасай отырып, біз зерттеу нысаны ретінде алып отырған «Құтты білік» (Ж. Баласағұн), «Диуани хикмет» (Қ.А. Ясауи), «Мұхаббат-наме» (Хорезми), «Ақиқат сыйы» (А. Йүгінеки) ескерткіштері бойынша ономастикалық кеңістігі арнайы зерттеу нысаны ретінде кешенді зерттеу жүргізілмегенін анықтадық. Бұл жұмыстың өзектілігін арттыра түседі.

1 – тарау бойынша тұжырым

Көркем мәтін ономастикасы тек тіл мамандарының ғана емес, сонымен бірге әдебиетшілер, тарихшылар, әлеуметтанушылар, философтар, қоғамтанушылар т.б. сала мамандарының қызығушылығын тудырып отыр. Қазіргі кезде сөз болып жүрген антропоөзектік бағыт бойынша барлығын адам тұрғысынан тану, түсіну өзекті мәселелердің бірі десек, адамның есімін, оның ақиқат, бейақиқат дүниелерге атау беруін зерттеу жоғарыда айтылған ойдың себебін түсіндіреді.

Жалпы ономастикалық кеңістік пен көркем мәтін ономастикалық кеңістігін салыстырғанда, айтарлықтай ерекшеліктерді анықтауға болады: 1) көркем мәтін ономастикасы елдің ономастиконында қалыптасқан онимдермен бірге ойдан шығарылған онимдерден де тұрады; 2) ойдан шығарылған онимдер қалыптасқан лексикалық бірлік немесе автор шығармасының ерекшелігін (жанр, стиль т.б.) көрсететін жаңа есімдер негізінде жасалуы мүмкін; 3) жалпы онимдер мен көркем мәтіндегі онимдердің қызметі бойынша ерекшелігі болуы мүмкін, яғни мәтінтүзушілік, стильдік, экспрессивтік, эстетикалық т.б.; 4) көркем мәтін онимдерінің қолданысы автордың құқығына негізделеді, яғни шығарма ішіндегі онимдік бірліктерді автордың рұқсатынсыз өзгертуге не мәтіннен алып тастауға болмайды; 5) көркем мәтін онимдері автордың шығармашылық идеясын жеткізудегі кешенді бірлік болып табылады; 6) автор қолданған мәтін ішіндегі онимдер тек автордың жеке идеологиясын танытады; 7) шығарма атаулары (библионимдер) көркем идеяны жеткізудегі негізгі онимдік бірлік болып табылады; 8) автор идеясын жеткізуде шығармада «тірек онимдер» болуы мүмкін; 9) онимдерді қабылдауда адресат пен адресанттың арасында көркем мәтіннің өзіндік идеясы, қызметі т.б. ерекшеліктерін танытатын онимдік кешен тұрады; 10) көркем мәтін ономастикалық кеңістігінде қайталану жиілігіне

карай кейбір онимдедің синергетикасы басым болады т.б.

Қазіргі кезде қазақ тіл білімінде онимдік бірліктерді зерттеу кеңінен қолға алына бастады, соның ішінде көркем мәтін ономастикасы бойынша жалқы есімдердің эстетикалық қызметі, өзге тіл мәтіндегі түркі онимдерін талдау, көне түркі ономастикасы, фольклордағы жалқы есімдердің құрамы мен лингвостилистикалық қызметі бойынша кешенді зерттеулер жүргізілсе, қазақ эпосындағы онимдер, «Абай жолы» эпопеясының онимдік бірліктері, «Қобыланды батыр» ономастикасы, «Қырымның қырық батыры» эпопеясындағы онимдердің кейбір түрлері, «Көшпенділер» трилогиясындағы онимдік бірліктер т.б. мақала түрінде талданды.

Көркем мәтін ономастикасының зерттелуіне шолу жасау негізінде біз қарастырып отырған кезеңдегі тарихи ескерткіштердің ономастикалық кеңістігінің кешенді түрде зерттелмегені анықталды.

Орта ғасыр тарихи ескерткіштерінің «дүниеге келуінің» өзіндік алғышарттарының болғаны тарихи анықтама беру негізінде дәлелденді, яғни түркі жерінде бірнеше дін ықпалының болғаны, Қарахан хандығының парсы акындарына қолдау көрсету негізінде шығыстың әдеби сюжеттерінің түркі акындары шығармаларында көрініс табуы ескерткіштердегі онимдік бірліктердің қалыптасуына өзіндік әсер еткен деген тұжырым жасауға себеп болды. Ислам дінінің басымдық алуы негізінде Алла, Құдай (теонимдер), пайғамбар, халиф, мұсылман дінін таратушы шайықтардың есімі (антропонимдер), мұсылмандықтың отаны саналатын жерлердің атауы (топонимдер), шығыс сюжетіне тән шығарма кейіпкерлерінің есімдері (антропонимдер) т.б. онимдік бірліктер ескерткіштердің (4 ғасырлық кеңістік) ономастикалық кеңістігін құрап, қазіргі кезге дейін қолданыс өзектілігін жоғалтпады. «Құтты білік», «Мұхаббат-наме», «Ақиқат сыйы» ескерткіштері саяси мәнде билік басындағылардың идеологиясын тарату мақсатында жазылған арнау шығармалар екендігін мәтін композициясы мен билік басындағылардың есімдері

және оларға мадақ айтудағы басқа да салыстырмалы қолданылған онимдік бірліктер аңғартса, «Диуани хикмет» ескерткішінің авторы сопылық ілімді таратуды басты мақсат ретінде тұтқан, діни бағытта жазылған ескерткіш, яғни арнау шығарма емес екендігі мәтіндегі онимдік бірліктер қолданысы арқылы анықталды.

Ескерткіштердің жазылу кезеңіне тарихи анықтама беріліп, шығарма ерекшеліктері анықталғаннан кейін, X-XIV ғғ. түркі тарихи жазба поэтикалық ескерткіштерінің зерттелуіне шолу жасалды. Осының негізінде тарихи ескерткіштер құнды жәдігерлер ретінде бүкіл әлем ғалымдарының, сонымен бірге әр сала мамандарының зерттеу нысанына айналғаны анықталды. Әр ескерткіштің зерттелу тарихына қысқаша тоқталу негізінде, біз қарастырып отырған ескерткіштердің ономастикалық кеңістігі кешенді зерттеу нысанына айналмағаны дәйектелді. Тақырып өзектілігін аша түсу мақсатында тарихи ескерткіштердің зерттелу ауқымы кеңінен алып қарастырылды, яғни тарихи ескерткіштердің ономастикалық кеңістігі тек отандық емес, сонымен бірге шетелдік ғалымдардың кешенді зерттеу нысаны болмағанын анықтау көзделді.

Сонымен бірге тарихи ескерткіштердің зерттелуіне шолу жасау негізінде «Құтты білік», «Диуани хикмет», «Мұхаббат-наме», «Акикат сыйы» – бүкіл түркі халқының құндылықтары, ал оларға кешенді түрде зерттеу жүргізу түркі халықтарының, соның ішінде қазақ халқының да мүддесі екені аңғарылды.

2 ТҮРКІ ТАРИХИ ЖАЗБА ПОЭТИКАЛЫҚ ЕСКЕРТКІШТЕРДЕГІ ОНОМАСТИКАЛЫҚ КЕҢІСТІК

2.1 «Құтты білік» (Ж. Баласағұн), «Диуани хикмет» (Қ.А. Ясауи), «Ақиқат сыйы» (А. Йүгінеки), «Мұхаббат-наме» (Хорезми) шығармаларындағы ономастикалық кеңістік

Тіл білімінің ономастика саласы бойынша зерттеулер саны өсіп келеді, мәселен, антропоним, топоним, этноним, космоним түрлері бұрынырақтан зерттеу нысанына айналып келсе, қазіргі кезде эргоним, прагматоним, ойконим сияқты түрлері де кеңінен зерттелуде. Антропоним ішінде лақап, бүркеншік аттары бойынша да кешенді зерттеулер жүргізілуде.

Қазіргі кезде шығарма ішіндегі, оқиғаның ұйытқысына айналған онимдер де назардан тыс қалмаған, оған дәлел ретінде соңғы кезде жарық көрген мақалалар мен кешенді зерттеулерді келтіруге болады [14-17].

Қ.А. Ясауидың «Диуани хикмет», А. Йүгінекидің «Ақиқат сыйы», Хорезмидің «Мұхаббат-наме», Ж. Баласағұнның «Құтты білік» шығармаларындағы ономастикалық кеңістік біздің зерттеу нысанымыз ретінде алынған. Ресей ғалымы А.А.Фомин: «Біздің көз алдымызда қалыптасып, әлі жалпы қабылданған және тұрақталған атауға ие болмаған ғылымды айтуға болады. Сөз шығарма ономастикасы туралы немесе оны поэтикалық ономастика, не көркем шығарма ономастикасы, не оним поэтикасы немесе атаутану деп атайды. Бұл пәннің атауын тағы да жалғастыруға болады. Негізінен бұл ғылым көркем шығармалардағы жалқы есімдерді зерттейді», [6] – деп жазады. Біз прозалық емес, поэтикалық шығарма ономастикасын зерттейтін болғандықтан поэтоним терминін қолдануды жөн көрдік.

Сонымен, аталған шығармалардың ономастикалық кеңістігін зерттеу үшін «ономастикалық кеңістік

дегеніміз не?» деген сұраққа жауап беруіміз керек.

Ономастикалық кеңістік теориялық ономастиканың негізгі ұғымы болып табылады. Оның құрамына басқа разрядтың енгізілуі мен жалқы есім дәрежесін беру тұрғысынан бұл ұғымды зерттеушілер әртүрлі талдайды. Сол себептен де бұл ұғым Н.В. Подольскаяның ономастикалық терминология сөздігіне енбеген болар.

Бізді қоршаған болмысты зерттеу, атау беру принциптері және ақиқат, бейақиқат деп бөлуі, әртүрлі мәдениеттерді салыстыру, барлық реалийлерді (көне дәуірден бастап) таптастыру зерттеушілерге “ономастикалық кеңістік” ұғымын бөліп қарастыруға мүмкіндік берді.

Палия топономастикасы туралы еңбегінде В.Н. Топоров палидің (көне үнді) топономастикалық (ономастикалық) кеңістігінің көлемін анықтай отырып, оған географиялық объектінің (табиғи және жасанды), әртүрлі кеңселердің, жеке заттардың (сәнді, қару, музыкалық аспаптардың), уақыт кесінділері (күн, ай, дәуір, мейрам, ғұрып т.б.), мәтін мен оның бөлім, жанр, доктрина атаулары; жеке тұлға (адам, Құдай, шайтан, жануар және өсімдік т.б.) атаулары және кәсіп, конфессия, ұлт, каста, жас т.б. белгілері бойынша жеке тұлғалардың топтық атаулары, титул атаулары мен лақап аттары т.б. жатады деп пайымдаған. Сонымен қатар В.Н. Топоров палидің топономастикалық кеңістігі буддалық әлемге көзқарас құндылықтары жүйесінде орын алған заттардың барлығы да жалқы есімдер қатарына енгізілгенін атап өтеді. Басқа тілдерде жалқы есім бола алмайтын немесе кей жағдайда ғана жалқы есім қызметін атқаратын көптеген заттар мен құбылыстардың атауы палиде жалқы есім қызметін атқаратыны палидің ономастикалық ерекшелігі болып табылады. Кез келген зат атауының жалқы есімге айналуы – будда әлемінің жаратылыстан тыс жоғары тұрған құндылықтармен байланыста болуында, ең алдымен, Будда мен Канон ұғымымен байланысты. В.Н. Топоров еңбегінде бір-біріне, біздің ойымызша, синоним ретінде екі – топономастикалық

кеңістік және ономастикалық кеңістік терминдерін қолданған [76].

Басқа халықтар мен территорияның ономастикасына қатысты В.Н. Топоровтың қағидасын дамытып, А.В. Суперанская т.б. жалпылап, «белгілі бір тарихи кезеңде социум қолданатын жалқы есімдер жиынтығы ономастикалық кеңістікті құрайды. Белгілі бір кезеңде тілдік топтың атау таққан объектінің құрамына оның (ономастикалық кеңістіктің) көлемі мен ерекшеліктері байланысты» деген тұжырым жасайды [77].

Е.Ә. Керімбаев ономастикалық кеңістік пен ономастикон терминдерінің арасына теңдік белгісін қою керек деп санайды, соңғысы өз кезегінде жалқы есімнің жиынтығы деп анықталады, яғни белгі бір кезеңдегі этностың, социумның жалқы есімдер жасауы, олар онимге тең келеді [78].

В.И. Супрун ономастикалық кеңістікті күрделі көп аспекті әр компоненті көптеген ерекшеліктерге ие және ішкі құрылысының қатынасынсыз жалқы есімдер жиынтығынан тұратын көп объектіні құрылым деп қарайды [79]. Бұл анықтамада В.И. Супрунның ономастикалық кеңістік құрылымына қатыстыруға болмайтын ономастикалық кеңістіктің ішкі құрылымына қатысты айтқан пікірі маңызды (төменгіні қара.).

Барнаулдың орыс топонимдері материалдары негізінде топонимдік жүйенің онтологиялық және ментальдық болмысын зерттей отырып, Л.М. Дмитриева бір ауылдың ономастикалық кеңістігіне қатысты онимдік кеңістік дегені белгілі бір аймақта объектіні атау үшін тілде және сөйленісте қолданылатын жалқы есім разрядтарының кешені деп тұжырымдайды. Осы себептен бір ауылдың онимдік кеңістігі тұтас бір аймақтың онимдерінің дамуының жалпы қарқынын және нақты бір микрожүйе ішінде атау қызметінің ерекшелігін, сонымен қатар берілген аймақтың әлемнің тілдік бейнесінің қалыптасу ерекшеліктерін көрсетеді. Сондай-ақ автор «бұл кеңістікке тек қана жалқы есімдер ғана емес, сонымен қатар парадигма-

тикалық және синтагматикалық байланысы, тілдік жүйе иелерінің оларды қабылдауы кіреді» деп тұжырымдайды [80].

А.В. Суперанскаяның қатысуымен жасалған ономастика бойынша ұжымды теориялық еңбекте терминологиялық сөздікке енгізуге болатын ономастикалық кеңістік ұғымына нақты анықтама беріледі: «ономастикалық кеңістік – белгілі бір халықтың аймақтық, гипотетикалық және қияли объектілерді атау үшін тілде қолданылатын жалқы есімдер жиынтығы. Ол нақты кезеңде сол халықтың көзқарасындағы әлем моделімен анықталады, дегенмен онда алдыңғы дәуірлердің элементтері де сақталады. Әр мәдениетке, дәуірге, аймаққа жататын адамдардың ономастикалық кеңістігі әртүрлі. Сонымен қатар әртүрлі зат жалқы есімге ие бола алады. Шынайы болмыс заттар әлемі қияли және гипотетикалық заттар әлемімен толықтырылып, шынайы болмыс ретінде қабылданады» [35].

«Ономастикалық кеңістік – тілде қолданылатын ақиқат және бейақиқат онимдер кіретін жалқы есімдердің барлық жиынтығы. Ономастикалық кеңістік зоналы-шектік принцип бойынша ерекшеленді, олар адамның тұрмыстағы қолданыс қажеттілігіне қарай кеңейе түсуі мүмкін. Ономастикалық кеңістіктің өзі өзектік-перифериялық, семантикалық және құрылымдық қатынасына қарай шектік құрылымнан тұрады» [81].

Біз көріп отырғандай, ономастикалық кеңістік туралы зерттеушілердің пікірлері ұқсас, дегенмен олардың разряд арасына қатынасты енгізу, жалқы есімдердің жүйелілігін, жалқы есімдердің көптүрлілігі мен көп аспектілігін ерекшелейтін разряд пен түрлердің ішіндегі парадигматикалық және синтагматикалық байланысты ономастикалық кеңістікке енгізу туралы пікірлері әрқилы болып келеді.

Бұл қайшылықтарды жою үшін А.В. Суперанская әр разряд ішінде бөлінетін «ономастикалық шек» ұғымын енгізді, яғни ономастикалық кеңістіктің секторы. Ономас-

тикалық шекті анықтағанда А.В. Суперанская «лексикалық шек – бұл параллелизм (синонимдер), контраст (антонимдер) және қосымша (метонимиялық және синекдохалық сөз байланысы) қатынастарымен, бастысы – әртүрлі қайшылықтармен байланысқан лексика секторы» деген А.А. Реформатскийдің лексикалық шек ұғымының анықтамасына сүйенеді. «Сөз тек лексикалық шекте маңыздылығына ие болады... Сөздердің, сөйленістердің қолданысы – мәтінаралық, ал шек – тіл жүйесіндегі болмыс аясы».

А.В. Суперанская жалқы есімнің ерекшелігін ескере отырып, “ономастикалық шек – бұл ең алдымен, атаудың нақты сәйкестік аясы” деп пайымдайды. Атау семантикалық шек кешеніне кіретін біртұтас ономастикалық кеңістікке енеді. Бұл шек атау мен объектінің байланысына қарай: ономастикалық кеңістікті аяларға бөлуге сәйкес антропонимдік, топонимдік т.б. болып бөлінеді» [35].

В.Д. Болотов «жалқы есімді түсіну үшін оның ономастикалық шегін анықтау керек» деп санайды. Ол антропоним үшін сөйленісте жекелеуге қатысатын атаудың энциклопедиялық мағынасымен тығыз байланысқан әлеуметтік шек ұғымын енгізген. Жалқы есімнің энциклопедиялық мағынасы көп қырлы, себебі ол бір уақытта бірнеше әлеуметтік шекте өмір сүреді (отбасының әлеуметтік шегі – күйеу, аға, бала; атау иесінің жұмыс жасайтын нақты кәсібінің әлеуметтік шегі, адамның әртүрлі қызығушылық шегі т.б.) [81].

Шек құрылымына қатысты ой жалғасын В.И. Супруннан да табамыз. Ономастикалық шек төмендегі ерекшеліктерге ие нақты тілде ерекшеленетін құрылым болып табылады:

- өзекті-перифериялы қатынастың болуы;
- семантикалық жалпылық;
- ұқсас семантикалық құрылым (дифференциалды және потенциалды семалардың болуы/болмауы);
- жиілік;
- стилистикалық бояуы;
- сөзжасамдық белсенділігі.

Бұл белгілер өзара байланысқан, олардың кейбірі өзектіленуі және бейтараптануы мүмкін [79].

Бұл белгілерге жалқы есімнің маңызды ерекшелігі – жүйелікті қосуға болады. Осыған карамай кейбір зерттеушілер жалқы есімнің жүйелігін жоққа шығарады, дегенмен ономастика бойынша теориялық еңбектерде басқа лексикалық категориялар жүйелігінен ерекшеленетін антропоним мен топонимге қатысты онимдер жүйелігі тұжырымдалады (жалқы есімнің басқа разрядтары жүйелік тұрғысынан зерттеуді талап етеді).

Сонымен бұл пікірлерден ономастикалық кеңістік шектерге (антропонимия, топонимия, зоонимия, космонимия т.б.) бөлінетін нақты денотаттарға қатысты жалқы есімнің жиынтығы деген ойды бөліп алу маңызды. Әр зонаның жүйелігі мен құрылымы жағынан ерекшелінетін шектік құрылымы бар. Өзекті-перифериялық, құрылымды-семантикалық т.б. қатынастардан тұратын шек құрылымынан ономастикалық кеңістік шығады. Зерттеушілердің бірауызды пікірлері бойынша, антропонимдер ономастикалық кеңістіктің өзегі болып табылады, антропонимге ұқсас құрылымдар (зоонимдер, теонимдер, мифонимдер) өзек тұсы кеңістігін алады, өзекке топонимдер, космонимдер, астронимдер тартылады, себебі адамның қызмет аясына кірген барлық географиялық және ғарыш объектілерінің жалқы есімі бар. Дегенмен бұл разрядтар әр түрі периферияда орналаса алады. Ономастикалық кеңістіктегі перифериялық орын жалқы есімнің басқа разрядтарына тиесілі (фалероним, эргоним, прагмоним).

Жалпы алғанда, ономастикалық кеңістік әлемге көзқарас, белгілі бір этностың әлем танымын білдіретін әлемнің ономастикалық бейнесінің және әлемнің тілдік бейнесінің кесіндісі болып табылады.

Ежелгі дәуірден жалқы есімдердің тілдегі ерекше орны мен олардың мәніне назар аударылған. Көне дәуір ойшылдары жалпы есімдер мен жалқы есімдерді бөліп қарастырған, атаулардың ақиқаттығы мен қажеттігі, зат

пен атаудың тығыз байланысы, атаулардың мағынасы, атаулардың жекелік тұлғалығы т.б. жөнінде ережелер жасалды.

Ономастика саласы қалыптасқаннан бері ғалымдар көбірек көңіл бөліп, жалқы есімдердің түрлерін анықтаған. Соның негізінде «ономастикалық кеңістік» термині қалыптасқан, яғни онимдердің разряд түріне қарай ономастикалық кеңістіктің өзегін құрайтын онимдер (антропоним, топоним, космоним, зооним) және өзектен тыс шектік онимдер (эргоним, идеоним, библионим т.б.) деп ажыратылған.

Сонымен қатар зерттеу нысаны мен нысанасына байланысты ономастикада бірнеше бағыттар қалыптасқан. Біздің қарастырып отырған бағытымыз – поэтикалық ономастика.

Поэтикалық ономастиканың мақсаты көркем мәтінде поэтонимдердің қолданыс ерекшелігі мен заңдылықтарын, оларды жасау және шығарма жанрына қарай таңдау принциптерін, мәтінді лингвистикалық интерпретация жасауда поэтонимдердің мүмкіндіктерін, поэтонимдердің қызметін (мәтін жасаушы, ерекшелігін көрсетуші, стилистикалық, идеологиялық, экспрессивтік т.б.) анықтау. Поэтикалық ономастика әдебиеттанумен тығыз байланысты, оның ұғымдарын, терминдерін, әдістерін жалқы есімдерді толық және жан-жақты талдау, әдебиеттанудағы ерекшелігін анықтау үшін қолданады. Сонымен қатар көркем шығармалардағы жалқы есімдерді жүйелі түрде зерттеу нақты автордың ойы мен эстетикалық белгілерін, оның және таңдаған жанрының көзқарасын ашуға мүмкіндік береді [82].

Зерттеу нысанамызға алынып отырған шығармаларда Ж. Баласағұн, Қ.А. Ясауи, А. Йүгінеки, Хорезми онимдердің бірнеше разрядтарын қолданған, олар: антропонимдер, топонимдер, теонимдер, этноним, фитоним, космонимдер, гидронимдер, катойконимдер т.б.

Түркі халқы, соның ішінде қазақ халқы үшін құнды болып табылатын бұл еңбектердің онимдерін талдап

анықтау автор заманындағы және одан бұрынғы кезеңнің экстралингвистикалық факторларын ашуға мүмкіндік береді. Ә.Нәжіптің анықтауы бойынша, бұл шығармалар X-XIV ғасырларда жазылған. «Диуани хикмет», «Ақиқат сыйы», «Мұхаббат-наме» «Құтты білік» шығармаларының басты тақырыбы – «сұлулық», «махаббат», дегенмен бұл шығармаларды арнау шығармалар деп атаса да болады.

Шығармалардың құрылымына қарай онимдер төрт бөлікте берілген:

1-бөлік: Аллаға ризашылығын білдіру, оған мадақ айтудағы онимдер;

2-бөлік: шығарма арналған тұлғаны мадақтаудағы онимдер;

3-бөлік: сұлу қызға арнау, «махаббатты», «сұлулықты» мадақтаудағы онимдер;

4-бөлік: шығармалардың жазылу тарихындағы онимдер.

1-бөліктегі Алла есімі Тәңірі, Құдай деп те беріледі. Сонымен қатар Алла тағалаға мадақ айтқанда, пайғамбарларды атымен атап, олардың Тәңірі алдындағы қызметін атау арқылы оның күдіреті мен пәрмені жеткізіледі. Кейіпкерлердің мінезін, бейнесін көрсеткенде жазушылар олардың есімдерінің мағынасын түсіндіруге жүгінеді. Мұның себебі салыстыру арқылы берілген есімдердің мағынасын түсіндіру тиімдірек және жеңіл қабылданады, сонымен бірге автордың көздеген мақсатына жетудегі ең басты құралы болып табылады.

Аталған шығармалар ономастика үшін бізге жеткен үлкен дереккөзі екені даусыз. Ал шығармалардағы ономастикалық кеңістікті әр қырынан зерттеп, қазіргі кездегі мәнін анықтау – тіл біліміне қосқан үлесіміз деп есептейміз.

Кесте 2 – Тарихи ескерткіштердің ономастикалық кеңістігі

№	Онимдер	Ескерткіштер							
		«Құтты білік»		«Диуани хикмет»		«Мұхаббатнаме»		«Ақиқат сыйы»	
		саны	%	саны	%	саны	%	саны	%
1	антропоним	18	23,3	56	54,3	19	13,3	9	34,6
2	топоним	10	12,9	7	6,7	13	23,2	2	7,6
3	теоним	6	7,7	30	29,1	15	26,7	12	46,1
4	этноним	14	18,1	1	0,9	2	3,5	1	3,8
5	ороним	-		1	0,9	-		-	
6	космоним	22	28,5	-		4	7	2	7,6
7	гидроним	-		-		1	1,7	-	
8	библионим	6	7,7	5	4,8	1	1,7	1	3,8
9	фитоним	-		1	0,9	-		-	
10	зооним	-		1	0,9	-		-	
11	катоико-ним	6	7,7			-		-	
12	хрема-тоним	-		1	0,9	-		-	
Барлығы:		77	100	103	100	56	100	26	100

Бұл кестеде берілген онимдердің уәжі, одан әрі түрлерге бөлінуі келесі тараушаларда сөз етіледі. Негізінен бұл кесте арқылы біз Хорезмидің ономастикалық шек өзегін құрайтын антропоним, топонимдерден басқа, сол өзекке

тартылатын, өзектен тыс, шегінде орналасқан онимдерді де колданғанын аңғарамыз. Осының негізінде сол кездің өзінде діни көзқарастағы дидактикалық мәнде жазылған шығарма болғанына қарамастан, антропоөзектік парадигма тұрғысынан алғанда кісі есімдері басым екенін, адамзатқа катысты дүниелер, солардың бинарлы «жақсы» - «жаман» деп қабылдауынан туындаған өмірді суреттеу орын алғанын анықтауға мүмкіндік туындайды.

Ж. Баласағұн, Қ.А. Ясауи, А. Йүгінеки, Хорезми өз шығармаларының басты мақсаты – Алланы дәріптеу, яғни дидактикалық шығарма ретінде, теонимдерді көп колданған, сонымен бірге онимдерді шығарма ішінде тірек сөздер ретінде мәтін түзушілік қызметте қолдана отырып, оқырмандарға өз ойын жеткізе білген. Мәселен, космонимдердің, Фархад, Шырын, Зылиха – кейіпкер есімдері т.б. онимдердің қолданысы арқылы «Құтты білік», «Мұхаббат-наме», «Ақиқат сыйы» арнау шығармалар екендігін аңғартқан.

2.1.1 «Құтты білік» ескерткішінің ономастикалық жүйесі

а) топонимдер:

Жалқы есімдерсіз бірде-бір тіл болмайтыны белгілі. Атау үдерісінде ақиқат және қияли болмыстың нышандарын жекелеу мен оларды қолдануға байланысты кешенді жалқы есімдер жиынтығы әр халықта өзіндік ерекшеліктерге ие. Халықтардың діни, территориялық, мәдени, тарихи ерекшеліктеріне қарай әмбебап онимдер де кездеседі. Мәселен, барша мұсылман қауымы үшін құбыла әмбебап топоним болып табылады.

Құбыла – мұсылмандардың намаз оқығанда бет бұратын жағы. Алғашында Мұхаммед пен оның серіктері беттерін шығысқа, Иерусалимге қарай бұратын; кейіннен Хижраның екінші жылы қасиетті Қағбаны белгілейді [83].

Біздің зерттеу нысаны ретінде алып отырғанымыз Ж.Баласағұнның «Құтты білік» тарихи жазба ескерткіштеріндегі топонимдер. Автор тұтас шығарма кеңістігінде қысқа бір бөлігі ретінде ақиқат өмір ақиқаттан тыс болмыстағы топонимдерді қолданған, нәтижесінде олар автордың шығармашылық түйсігі арқылы нақты перцептивті және эмотивті сипатқа ие болған.

Топонимдер арқылы берілген кеңістік бейнесін бірегейлендіруде келесі критерийлер тірек ретінде ескерілген:

- жиі қолданысы: Шын-Машын, Рұми
- онимнің мәтіндегі алатын орны – синергетикасы.
- поэтологиялық ақпарат (автордың өмірбаяны, мәтіннің жазылған жері т.б.).

Осы критерийлердің ішінде біздің үлкен қызығушылығымызды тудырғаны соңғысы: 1) мәтін ішінде автор өзінің туған мекенін көрсеткен, ол – Құзорда:

Құзорда елі – оның туған мекені,

Түп нәсілі анық, тілді екені ... [84].

Құзорда (Баласағұн) – Қарахан мемлекетінің астаналарының бірі болған ортағасырлық қала атауы. Жазба деректерде X ғ. бастап белгілі. Әл-Макдисидің

мәлімдеуінше, ол «игілікке бай, үлкен қала» болған. Ал Махмұт Қашқари Баласағұнның Күз-Ұлыс немесе Күз-Орда (Күз-Орда) деген басқа да аттары болғанын хабарлайды. Зерттеушілердің пікірінше: 1) Баласағұн алғашқыда (VIII ғ.) түрікше Беклік (Бекініс – бекініс), соғдыша Семекке деп аталған [84].

2) Мәтін ішінде автор ескерткіштің қайда жазылып, аяқталғанын берген:

Хаттап-каттап барын жазды көңілде,

Тәмамдады жырымен Қашқар елінде [84].

Қашқар, Қаши – Батыс Қытайдың Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданындағы қала. Тянь-Шань (Аспантау) тауларының оңтүстік бөктерінде, Қашқар (Тарим) жазығының батыс бөлігінде, Қашқар (Қызылсу) өзенінің жағалауында орналасқан. Қашқар – Ұлы Жібек жолының бойындағы ірі сауда орталығының бірі болған [83].

3) автор шығарманың кімге арналғанын көрсетеді:

Шығыс ханы, Машындардың бектері,

Даналары жердің, асыл тектері [84].

4) Шығарманы қайда, кімдердің бағалағанын аңғартады:

Машын-Шынның хәкімдері жарасып;

Мадактастып, таң-тамаша қалысып [84].

Шын – Орта Азия, Иран, араб елдері орта ғасырда Қытайды «Чин» деп атаған. Бұл б.д.д. 221 жылдан бастап Қытай елін билеген Цинь династиясының өзгертілген атауы [85].


Машын – Орта Азия, Иран, араб елдері орта ғасырларда Қытайдың оңтүстік уәлаяттарын, Шығыс Түркістанды осылай атаған [85].

Өтүкен – Жер аты (М.Қашқари).

Не дегенін, тында Өтүкен бегін де,

Сынап айтқан, біліп айтқан тегінде.

Ақиқат болмыста бар топонимдер арқылы Ж. Баласағұн шығармаға қатысты мәлімет беруін біз келесі сызба түрінде көрсете аламыз:



1 Сурет – «Құтты біліктегі» топонимдердің ақпараты

Сонымен қоса, «Құтты білік» негізінен дидактикалық шығарма, тәрбиелік мәні зор. Адамзаттың неге асық, неден қашық болу керекін үйретеді. Осы тұста шығарманың Қытай, Руми, Үнді топонимдері жеткізілген, яғни өмірде адамды «тура жолдан тайдыратын, қанағатсыздыққа» әкелетін бұйымдардың шығарылатын жерін көрсеткен:

- Өзі тойса да, көзі тоймау:

Дүние таңсығы Руми, Үнді жібегін [84].

Рұм, Үрім – шығыс халықтары орта ғасырларда Византияны осылай атаған. Көптеген шығыс халықтарының әдеби-фольклорлық туындыларында Рұм өте алыс, ғажайып өлкенің бейнесін елестеткен [86].

- Қанағат етуге шақыру:

Қытай керуені жүрмегенде жосылған
Қайдан келер еді мың-мың асылдар [84].

Тарихи ескерткіште сонымен бірге ақиқат емес дүниелер мен бағыт-бағдарды білдіретін терминдер қолданылған.

Мәселен: Ізгілік – оң, Ессіздік – сол: Жүгің – ар ...

Оның – ұжмақ, солың – тамұқ, біліп ал!

Бар халыққа екі үйді жаратты,

Бірі тозақ, бірі ұжмақ жәннаты.

Бір күншілік рахатқа малданба,

О дүние жәннатын бақ арманда ...

Хұсрау, иә Қайсарша өмір бастайын,

Шәддадуше бейіш бағын баптайын [84].

Ж. Баласағұн о дүниені суреттеуінде аллонимдер кездеседі, яғни кез келген объект атауының варианты әртүрлі тілдік жағдайда жалқы есімнің немесе құрылымындағы бір элементінің өзгеруі орын алады: аллонимдердің бірнеше түрі болады: ресми және бейресми, әдеби және диалекті, әдеби және аймақтық, стильдік, транскрипциялық, хронологиялық. Біз жинаған материал бойынша келесі аллонимдер анықталды: тамұқ – тозақ; ұжмақ – бейіш, жәннат.

Р.Б. Иманалиева казак тіліндегі бағыт-бағдарды білдіретін атаулардың этимологиясы туралы мәселені

зерттеп; құбыла, батыс, шығыс, оң, сол, арқа атауларына тоқталып: «Әлемнің бағыт бағдарын анықтаудың ең көне тәсілі – күннің шығуы, батуы, тал түс, түнді білдіретін сөздер арқылы. Қазақ тілінде күншығыс, күннің шығуын білдіретін, яғни шығыс сөзі, күнбатыс, күннің ұясына батуын білдіретін, яғни батыс сөзі бар, бұл көне түркілік бағыт бағдарға сәйкес...», – дейді [87].

Бір өрлем жер Туар Батар арасы,
Күшті, опалы болса бірлік, шамасы!

Сонымен бірге Ж. Баласағұн салыстырмалы түрде қос жаһан, яғни осы дүние мен о дүниені салыстыра берген. Осы дүниеде жасалған тірліктерінің бәрі таразыланып, о дүниеде оның – жұмақ, солың – тамұқ болып алдыңнан шығады, қайсысы басым болса, жасаған тірлігіңе қарай, сол жерден орын аласың, яғни қос жаһан осы дүние мен о дүниенің байланысы күшті. Мұны біз келесі жолдардан аңғарамыз:

Ей, жолыңды, пейіліңді түзегей,
Қос жаһанда төрден орын тілегей!

«Бейнетіңе қарай зейнетің», «нені ексең, соны орасың» дегенге меңзеп тұр. Қос жаһандағы байланысын кесте арқылы төмендегідей көрсете аламыз:

Кесте 3 – Қос жаһан

СОЛ	ОҢ	Батар	Туар
тамұқ	ұрмақ	(батыс)	(шығыс)
Тозақ	бейіш		
	Жәннат		
О дүние		Осы дүние	

ә) антропонимдер:

Жалқы есімдер басқа да мәтін құраушы құралдармен бірге мәтін сыртындағы онсыз автор мәтінін толық түсінуге болмайтын әлем туралы адамзаттың білім кешенін көрсететін ақпараттық мазмұнды/мағыналық кеңістіктің калыптасуына әсер етеді. «Поэтонимдер, негізінен, мәтін семантикасының өзекті де шектік кеңістіктің де калыптасуына катысады» [88].

Көркем ономастиканы зерттеушілердің бірі А. Бем: «... шығармадағы жеке кісі есімінің қызметі қандай, сөйленісте қолданылуымен шектеле ме, әлде поэтика тілінің құрылымы жалқы есімдердің қолданысына функционалды өзгерістердің орын алуына әсер ете ме?» деген нақты сұрақтардың жауабын іздеген [89].

Кейіпкерлер есімінің рөлі шексіз. Атауды таңдаудың өзі тәсіл болып табылады. С. Довлатов осыған қатысты: «Кейіпкерлер өзін өмірге әкелушіден биікте, автор оларды жұмсамайды, қайта онимдер оларға нұсқайды» дегенді айтқан [90].

Г.Г. Амелин мен В.Я. Мордерер автордың көркем шығарма құрамында жалқы есімдерді қолдануы туралы келесіні айтады: «Жалқы есімдер жай қарапайым берілген бірлік емес, ЖЕ белгі ретінде басқа белгілермен алмастырылуы мүмкін, сол кезде ол қолданыстан шығады. Шығармада ЖЕ күрделі ұйымдастырылған және анық символдық құрылымға айналады. Ол өзі атап тұрған тұлғаны ұғыну бірлігі жиынтығынан құралады. ЖЕ туындауы және автордың ЖЕ туындатуы шығарманың жазылмаған ережесі» [91].

Осыған байланысты Е.И. Замятиннің де пікірі қызықты: «Кейіпкерлерге тағылған есімдері, тірі адамға тағылғандай бітісіп кететіні заңдылық. Бұл түсінікті де: егер кейіпкер есімі дұрыс тағылған болса, онда кейіпкерді суреттейтін дыбыстық мінездеме міндетті түрде болады» [92].

Кейіпкер есімі туралы Е. Долматовскийдің де пікірі осыған ұқсас: «Өлең немесе поэма кейіпкері үшін тегін ойлап табу қиын іс. Бұл жағдайда тек кейіпкерді ғана

жасамайсың, сонымен бірге адамды суреттейсің, ал суретін жасау, кейіпкерді ойлап табудан да жауапты, себебі оқырманның қоятын өз талабы бар. Кейіпкердің есімі мен тегін таңдауда жалпылық та, әдемілік те қауіпті. Ал кейбір кейіпкер үшін тегінің қарапайым болуы тіптен қарсы көрсетілген» [93].

Көркем шығарма антропонимиясы мен ақиқат өмірдегі антропонимдердің қатынасында едәуір алшақтық бар, себебі топонимдер мен басқа да ЖЕ таңдауда автор болмыспен шектелуі мүмкін немесе одан еркін, ал антропонимдерді таңдауда толығымен еркін, алайда жазушы, узус, шығарма міндеттері, идеясына байланысты еркіндігі шектеулі. Осы тұрғыдан алғанда Ж. Баласағұн «Құтты білік» шығармасында антропонимдерді ақиқатпен байланыстыра отырып, өз идеясымен ұштастыра пайдалана білген.

Көркем шығарма – бұл ЖЕ қызмет атқаратын ерекше аясы. Мәтінде сөздер ақиқат және суреттелетін бейақиқат, қазіргі әдеби тіл тіл және көркем шығарма тілімен сабақтасып жатыр. Оқырманның сөздің ассоциативті байланысын жаңадан қалыптастыруына әсер етеді, бұл семантикасын, сөздер бір уақытта объективті шындық пен жазушы жасаған көркем әлемді білдіретін болғандықтан автордың шығарма идеясын қайта қарауға ықпал етеді. Бұл жағдайда ЖЕ көркем сөз құралы жүйесінде құнды компоненті болыптабылады. Сөздер, фразалар және олардың көркем мәтінде байланысы нақты көп функционалдыққа ие. Ойдан шығарылған оқиғалар мен ойдан шығарылған әлемді ақиқат өмірге ұқсастығына қарай бейнелеу арқылы олар әлем ішіндегі өзара байланыспен қатар, ақиқат әлемге аналогын да түзейді. Мұндай сана ерекшелігі, мысалы, өз тәжірибесі мен қалыптасқан теория, сонымен қатар ақиқат болмыстағы индивидуумның ісі бойынша кейіпкердің әрекетін талқылайды. Сонымен бірге өз сезімін ақиқаттағы қоршаған нысандарға да, көркем бейнелерге де бірдей білдіру адамға тән. Осының арқасында кейіпкерлер, эпизодтар, мәтін бөліктері ассоциация түрінде тұтас

бір ұғыммен байланыстырылуы мүмкін, сонымен бірге символдық, мифтік, идеологиялық және психологиялық мәнге ие болуы мүмкін.

Тарихи мәтіннің семантиканың құрылымында көркем шығарма авторының ойын ашуда өзіндік бір кілт болып табылатын ЖЕ қызығушылық тудырады.

Әрине, әр жазушы атауды таңдағанда экспрессивті реңк беруіне әсер ететін оның фонемикасына, морфемикасына назар аударады. Атау таңдауда автор әлеуметтік, ұлттық, жас мөлшері туралы ақпарат беруге болатын жалпы қабылданған формула, ақиқат есімдер жиынтығына сүйенеді. Сонымен бірге антропонимдердің құрамы мен тіркесі көркем мәтін авторының әлеуметтік және эстетикалық позицияны жазушының жалпы мәдениеті мен кейіпкер ортасының мәдениетіне байланысты.

«Мәтінде ЖЕ қолданысының өз ерекшелігі бар, кісі есімдері мен атаулар – көркем шығарма формасының жазушы стилінің бөлінбес элементі, көркем образды жасаушы құралы. Онимдер мағыналық ерекше дыбыстық қабатқа, жасырын ассоциативті аяға ие болады» [94].

ЖЕ стильдік тұрғыда дәл әрі нақты болуы керек, шығарма болмысы, идеясы мен мақсатына сай болуы керек, ерекше реңк сай болуы керек, кейде автор идеясы бір арнаға жинақталған арнайы мағына, ерекше мәнге ие болуы керек.

Сонымен бірге тарихи ойдан шығарылған шығарманың ономастикалық кеңістігінде бізге таныс, ақиқат ономастиконынан белгілі әдеби немесе мәдени кейіпкер есімдері де кездеседі. Бұл ойдан шығарылған әлем мен ақиқат өмір, болмыстың жақындауына иллюзия жасайды, бізге белгілі кісі есімдерімен салыстыра отырып, кейіпкерлерді жақсы білуге мүмкіндік береді.

Ж. Баласағұнның «ҚБ» шығармасындағы антропонимдерді келесі топтарға бөлуге болады:

а) ойдан шығарылған кісі есімдері: Күнтуды, Айтолды, Өгдүлmiş, Одғұрмыш, Ерсік, Косәміш:

Елік – ел басшысы, – елбасы, хан.
Әділдікті *Күнтуды Елік* атапты,
Өздеріне соны әмірші жасапты.

Ал дәулетті *Айтолды* деп санаған,
Уәзірлік орынды оған балаған.

Өгдүлміш деп ат қойыпты ақылға,
Жалғыз ұлы ол уәзірдің қасында ...

Одгұрмыш деп аталыпты қанағат,
Уәзірдің жақыны ол жұрағат.

Күнтуды деп бастадым сөздің басын,
Тізейін деп шындығын көздің асыл.

Айтолдыны еттім жыр – мархабатты,
Нұрын төккен бақыттың, шапағаттың.

Өгдүлмішті сонан соң сөзге қостым,
Ақылы асқан жоқ одан өзге достым.

Одгұрмышты сөз еттім тағы да мен,
Ақыбет деп ат қойдым мағынамен.

Бұл *Күнтуды* сонымен ер атанды,
Күн мен айдай нұрлантып кең жаһанды.

Көз, құлағын тікті *Елік* күллі елге,
Оған барша қақпа ашылды бір демде!

Неге мұнда бекер жүріп қурайын,
Күнтудыға барып қызмет қылайын!

Жолға шықты жиып керек-жарағын,
Күнтуды елік қуаттар деп талабын.

Келіп жетті *Елік* тұрған ордаға,
Ақыл-ділі күткен тілек орнына.

Ісі игі ер, *Көсеміш* ол, ақылды,
Бауыр тұтқан алысты да, жақынды.

Айтолды оған ашты көңіл сөздерін,
Тілегі не, не үшін жаһан кезгенін.

Елікке жақын бір қас-хажыб бар еді,
Есімі – *Ерсік*, Елікке сай жан еді.

Көсеміш те айтты естіп-білгенін,
Айтолды кім, неге келіп жүргенін.

Күнтудыға сөз айтайын сендірер,
Қабылдайтын күнін өзі белгілер...

Көсеміш шықты. Жақсы үмітпен қайтардың,
Айтты келіп: «Күнің туды, Айтолды!»

Тонын киіп Айтолды, тұрды өре,
Көсемішпен шықты да жүрді ере.

Көсеміш енді хажыбка кіріп шықты,
Келсін, деген құзырын біліп шықты.

Автор басты кейіпкерлердің диалогы арқылы олардың осындай есім тағылу уәжін ашады. Мысалы:

– Уа, Елік, – деді *Айтолды*, – рахымды,
Күнтуды деп неге қойған атыңды?

Елік айтты: - Атымды есті ер беріпті,
Қылығымды көріп, танып, сеніпті.

Айтолды айтты: – Уа, Елік, құрметті,
Жер-жаһанға мәлім атың күн текті.

Сонымен бірге Ж. Баласағұн теңеулер арқылы кейіпкер есімінің уәжін аша түскен:

Сөзін кесті, *Айтолды айдай* жантайып,
Кетті үйіне, көңілі өсіп, марқайып.

Жыл, ай өтті, түн артынан күн келді,
Айтолды іспен қызыл гүлдей түрленді.

Айтолды алды бар тілегін қол созып,
Дүние мол, әттең ғұмыр кетті озып.

Тола-тола жіңішкеріп Ай қалды,
Жасыл жазың кәрлі қысқа айналды!

Айтолды – атым, толған айдай толы едім,
Орталандым, сөніп барам, өлемін...

Аты – Өгдүлміш, сүттен таза, асыл зат,
Пейілі – ақ, көркі ақылын асырған.

Аты Одғұрмыш әділ, адал, білімді,
Ізгі ісіне жұрты талай жүгінді.

«Құтты білік» діни-дидактикалық мәндегі шығарма болғандықтан, ойдан шығарылған басты кейіпкерлер жағымды реңкке ие, мұны есімдерінен байқауға болады: *Күн туады, Ай толады.*

Көркем шығарма бұл ЖЕ қызмет атқаратын ерекше аясы. Мәтінде сөздер ақиқат және суреттелетін бейақиқат, қазіргі әдеби тіл және көркем шығарма тілімен сабақтасып жатыр. Бұл оқырманның сөздің ассоциативті байланысын жаңадан қалыптастыруына әсер етеді, бұл оның семантикасын, сөздер бір уақытта объективті шындық пен жазушы жасаған көркем әлемді білдіретін болғандықтан автордың шығарма идеясын қарауға ықпал етеді. Бұл жағдайда ЖЕ көркем сөз құралы жүйесінде құнды компоненті болыптабылады. Сөздер, фразалар және олардың көркем мәтінде байланысы нақты көп функционалдыққа

ие. Ойдан шығарылған оқиғалар мен ойдан шығарылған әлемді ақиқат өмірге ұқсастығына қарай бейнелеу арқылы олар әлем ішіндегі өзара байланыс пен қатар, ақиқат әлемге аналогын түзеді. Ақиқат болмыста үдерістер көпқырлы болғандықтан, адам санасы ойдан шығарылған әлемде де осындай қатынастарды түзейді. Мұндай сана ерекшелігі, мысалы, өз тәжірибесі мен қалыптасқан теория, сонымен қатар ақиқат болмыстағы индивидуумның ісі бойынша кейіпкердің әрекетін талқылайды. Сонымен бірге өз сезімін ақиқаттағы қоршаған нысандарға да көркем бейнелерге де бірдей білдіру адамға тән. Осының арқасында кейіпкерлер, эпизодтар, мәтін бөліктері ассоциация түрінде тұтас бір ұғыммен байланыстырылуы мүмкін, сонымен бірге символдық, мифтік, идеологиялық немесе психологиялық мәнге ие болуы мүмкін.

Тарихи мәтіннің семантикалық құрылымында көркем шығарма авторының ойын ашуда өзіндік бір кілт болып табылатын ЖЕ қызығушылық тудырады. Әрине, әр жазушы атауды таңдағанда экспрессивті реңк беруіне әсер ететін оның фонемикасы, морфемикасына назар аударады. Атау таңдауда автор әлеуметтік, ұлттық, жас мөлшері туралы ақпарат беруге болатын, жалпы қабылданған формула, ақиқат есімдер жиынтығына сүйенеді. Сонымен бірге антропонимдердің құрылымы мен тіркесі көркем мәтін авторының әлеуметтік және эстетикалық позицияны жазушының жалпы мәдениеті мен кейіпкер ортасының мәдениетіне байланысты.

«Мәтінде ЖЕ қолдасының өз ерекшелігі бар, кісі есімдері мен атаулар көркем шығарма формасының, жазушы стилінің бөлінбес элементі, көркем образды жазаушы құралы. Онимдер мағыналық, ерекше дыбыстық қабатқа, жасырын ассоциативті аяға ие болады» [94].

ЖЕ стилдік тұрғыда дәл әрі нақты болуы керек, шығарма болмысы, идеясы мен мақсатына сай болуы керек, ерекше реңк сай болуы керек, кейде автор идеясы бір арнаға жинақталған арнайы мағына, ерекше мәнге ие болуы керек.

Сонымен бірге тарихи ойдан шығарылған шығарманың ономастикалық кеңістігінде бізге таныс, ақиқат ономастиконынан, белгілі әдеби немесе мәдени кейіпкер есімдері де кездеседі. Бұл ойдан шығарылған әлем мен ақиқат өмір болмыстың жақындауына иллюзия жасайды, бізге белгілі кісі есімдерімен салыстыра отырып, кейіпкерлерді жақсы білуге мүмкіндік береді.

ә) хан, патша есімдері: *Тавғаш Қара Бұғра, Афрасийаб, Алып Тоңға Ер, Нушин рауан, Хұсрау, Қайсар, Нұшырбан:*

Бұғрахан – Түркістан өлкесін 840-1212 жж. билеген Қарахандар әулетінің аты (бұл шығарма сыйға тартылған ханның толық аты: Тауғыш-Бұғра Қарахан Әбдуәли-Хасан, Сүлеймен Арслан – Қарахан ұлы).

Бұғра хан тұсында бұл жасалған,
Құтты кітап – хан тілі деп атанған.

Хандар ханы *Тавғаш Қара Бұғра* –
Падишахтың құзырында оқыды.
Түрік бектері ішінде атын асырған,
Алып Тоңға Ер еді, құты тасыған.

Тәжіктер оны *Афрасийаб* атаған.
Елдерге ол көп ізгілік жасаған.

Нушин рауанды, көр, сенбесең айғақтан,
Ой көзімен дүниені жайнатқан.

Хұсрау, иә *Қайсарша* өмір бастайын,
Шаддадуше бейіш бағын баптайын.

б) ғұлама, ғалымдардың есімдері: *Лұқман, Ұқлидис (Евклид):*

Тілесен сен мұқабәлды қарасаң,
Ұқлидистің қақпасын қақ, қаласаң!

Ел сүйініп, қуаныссын, мақтансын,
Лұқманның жасын жасап, шаттансын!

в) жаулап алушы: Ескендір Зұлқарнайын:

Ескендірше бар жаһанды алайын,
Нұхтың жасын беріп ұзақ қалайын.

*г) аңыздарда, шығармаларда кездесетін кейіпкерлер:
Шахдад, Намруд, Фарун, Қарын, Рүстем:*

Байқа, *Заххақ* сорлы неге сорлады,
Фаридун жолын қалай қолдап ондады?
Не *Қарындай* байлық жинап алайын,
Не темірден қамал қала салайын!

г) пайғамбарлар есімі: Мұса, Сүлеймен, Иса, Мұхаммет:

Мұхамед-елші барша жұрттың басы ол,
Тірі жанның көзі менен қасы ол.
Не *Исадай* ұшып көкке шығайын,
Нұшырбандай әділ заңды құрайын.

д) халиф есімі: Қайдар (Әзірет Әлінің лақап аты):

Атық (араб) – азат етуші, бостандық әперуші. *Әбубәкірдің* лақап аты.

Бәрінен де *Атық* ұлы, ірі де,
Хакка түзу көңілі де, ділі де!

Фарұқ (араб) – қайырымдылық пен зұлымдықты айырушы. *Әділ* деген мағынада Омарға берілген лақап ат. Зақ пен нахақты айырып беруші.

Сонсоң *Фарұқ* еді кісі сарасы,
Тілі-ділі сай, халықтың ең данасы.

Ұстап жасын қылышын *Қайдардың*
Рүстемдей дақпен жерді жайлармын.

е) автор есімі – Жүсіп:

Сол мәні үшін жұрт құрметтеп қарады,
Аты: *Жүсіп Хас Хажыб* деп тарады.

Уа, *Жүсіп*, керек сөзді таңдағын!
Керексізін тіл ұшына алмаған!

Автор шығармада адресанттардың аялық біліміне сүйене отырып, кейбір антропонимдерді сөзжұмбақ түрінде берген, мәселен:

Сөзжұмбақ

Көлденеңінен:

Қане, әлемді қолына ұстап елірген
Өзіне шаһар бекет салған темірден.

Қане, «Құдай өзімін!» деп бақырған,
Тәңірі өзі көк теңізге батырған.

Қане, Туардан Батыс кезіп, барлаушы,
Дүние тұтып, елді алып, жаулаушы.

Қане, өлікті тірілтіп жан ұшырған,
Ақыры өзін өлім торлап тұтылған.

Қане, адамның ішіндегі ең ірі,
Дүние босап қалды, толық кеміді.

Тігінен:

Қайда, төбет, дүние кезіп шарлаған,
Қаракұс мініп жасыл көкке самғаған

Қане, дүние малын жиып алушы,
Байлығымен жер қойнауына барушы?!

Қане, таяғы жылан болып дем берген,
Айырылып теңіз, ортасынан жол берген.

Қане, дию пері, құсқа, адамға,
Ұлық болған, пейілі таза жаһанға.


Шаддад – халық аңыздарда кездесетін қаһарман. Жән-
нат бағына кірерде Шаддадтың жанын Әзірейіл алады.


Намруд – аңқұмар патша бүркітті ерттеп мініп, көкке
ұшқанда, аралар шағып өлтірді.

Фарун – (Фармон, Фираун) өзін Құдаймын деп санаған
зұлым. Құдай оны теңізге тастап жіберген.

Ескендір Зұлқарнайын

Сүлеймен пайғамбар, аңыздарда айтылғандай, Сүлей-
меннің жүзігінде жазылған, ауызға алып айтылмаған
Алланың құдіретті, өзгеше есімі тек соған ғана мәлім
болыпты-мыс).





3 Сурет – «Құтты білік» ескерткішіндегі басты кейіпкер есімдері

Бұл Күнтуды заңның шын кара басы,
Ал, Айтолды Бақытты баламасы.

Елік айтты Өгдүлмішке: Жаратқан,
Екеумізді екеуара қаратқан.

Себеп сенсің, ізгілікті жебедің,
Заңды түзеп, залымдықты тежедің.

Көптеген ғалымдардың пікірінше, аспан культімен, жұлдыздармен байланысты антропонимдер ең көне болып есептеледі. Ай және күн компоненті бар есімдер түркілерде кеңінен таралған есімдер болып саналады. «ҚБ» басты кейіпкерлердің есімдері Айтолды және Күнтуды, олардың есімдері дәулет (бақыт), әділдікпен байланысты. Т. Жанұзақ аспан культі мен жұлдыздарға қатысты қазақ есімдерін қарастыра отырып, қасиет тұтып аспан, су, жерге табынған көне түркілердің наным-сенімімен байланыстырады [11].

Жануар және құс атауымен байланысты антропонимдердің қалыптасуы әртүрлі жануарлар мен құстарға табынған көне адамдардың көзқарасымен сәйкеседі. Негізінен түркілерде мұндай есімдер жоғары билік өкілдеріне берілген: иран аңыздарындағы тур басшылары Афрасиабты түркілер Алып ер Тоңға// Тоңғ алып ер «леопард тектес кейіпкер» деп атаған.

Отбасында ұзақ уақыт бойы сәбидің дүниеге келмеуі немесе тек қыз баланың туылуы ата-ана қуанышына дүниеге келген ұл баланың есімінде көрініс табатын. Мұндай есім «ҚБ» кездеседі. Көсеміш «қалаулы, тілеулі».

Адамның қандай да мінез-құлқы есімінде көрініс табады: Өгдүлміш «мақтаулы»; Огдүрміш «оятушы».

Кесте 4 – «Құтты білік» антропонимдердің статистикасы:

№	антропонимдер	Қолдану жиілігі	№	антропонимдер	Қолдану жиілігі
1	Күнтуды Елік	2	18	Хұсрау	1
2	Айтолды	92	19	Қайсар	1
3	Өгдүлміш	117	20	Шаддаду	1
4	Одғұрмыш	10	21	Ескендір	1
5	Күнтуды	110	22	Нұх	1
6	Елік	217	23	Заххақ	1
7	Көсәміш	5	24	Фаридун	1
8	Ерсік	2	25	Қарын	1
9	Бұғра хан	1	26	Мұхамед-елші	1
10	Тавғаш Қара Бұғра	1	27	Иса	1
11	Алып Тоңға Ер	1	28	Нұшырбан	1
12	Афрасийаб	1	29	Рүстем	1
13	Нушин рауанды	1	30	Қайдар	1
14	Жүсіп Хас Хажыб	1	31	Жүсіп	1
15	Шаддад	1	32	Намруд	1
16	Фарун	1	33	Ескендір	1
17	Сүлеймен	1		Зұлқарнайын	

б) теонимдер:

Ескерткіште «Жаратушы» ұғымын білдіру үшін *Алла, Құдай, Тәңір, Хақ* теонимдері қолданылған:

Алла атымен үшбу хатты бастайын,

Тәңірімнің бұйрығынан аспайын.

Бір *Алланың* рахымы ма тілерің?

*Мұсылманға өзің рахым тілегін.
Берді Құдай ақыр маған тілекті
Есендікпен қауыштырдың білекті.
Құдай жалғыз – мен жалғызбын, бауырым.
Құдай берді ақыл, білім, еңбекті.*

Осы жолдардан біз оларды атап қана қоймай, колданыстағы тіркес арқылы ерекшелігін анықтаған, осы үдеріс қазіргі кезге дейін жеткен, яғни *Алла рахымы, Тәңір бұйрығы, жалғыз – Құдай.*

в) космонимдер:

Аспан денелері о бастан-ақ адамзаттың қызығушылығын тудырып келген. Жарық жұлдыздар өздерінің қол жетпес, құпияға толы тылсым-күштерімен әркез өздеріне тартып отырған. Сол себептен де болар, адамдар оларға атау тағып, олар арқылы ауа райын, болашақты болжаған және де жұлдыз атауларын есім ретінде қыз балаларына таққан. Мысалы, қазақ тілінде *Жұлдыз, Шолпан, Күнсұлу, Айсұлу, Айнұр* т.б. есімдері космоантропонимдену нәтижесі болып табылады.

Космонимдерді зерттеп, олардың аталу уәжін, лексика-семантикалық құрамын, қызметін анықтаған ғалымдар да баршылық. Мәселен, Ресей ғалымы А.В. Суперанская космонимдердің жалпы теориясына тоқталса [35], татар ғалымы Н.Х. Максүтова түркі космонимдерінің қырсырын ашуға талпынған [95, 283б.]. М.Ө. Исақов «Халық календары» атты еңбегінде жалпы космонимдердің шығу төркінін анықтаған [96]. Ал Қ. Аронов қазақ тіліндегі аспан денелері атауларына кешенді зерттеу жүргізген [97]. Космонимдер мәселесін профессор Т. Жанұзақов қарастырып, лексика-семантикалық ерекшеліктерін талдаған [98]. Терминология мәселесіне көңіл бөлініп атаулардың грек-латын атауынан басқа әр халықтың өз халықтық ұғымы, атауы болатыны жөнінде К. Жүністегі қарастырған [99].

Негізінен *Хорезми Мұштарид, Утарид, Нафид*, ал А.Іүгінеки *Симақ* космонимін қолданған. Ескерткіште толығымен талдау жасап, зодиак, планета, жұлдыз атауларын Ж. Баласағұн мәтін түзуші бірлік ретінде

пайдаланған. Оның бұл еңбегін көптеген ғалымдар қолданып, сілтеме жасаған.

Аспан кеңістігінде ең әуелгі астронимдік объектілер, әрине, Күн мен Ай. Қазақ танымындағы Ай мен Күн туралы түсініктер ерекше, қазақтың мифтік әңгімелерінде Ай мен күн туралы мынадай түсініктер берілген: 1) Ай ару, Күн күйеу; 2) Күн мен Ай егіз сұлу қыздар.

1. Асылында, Ай ару мен Күн күйеу, көк аспанға ғашық-машықтар еді. Олар ұдайы қараңғылықты қуғындаумен айналысып, біреуі түнде көшіп-қонып, өмірбақи өріс-қоныстары айқаспағандықтан, бір-біріне қосыла алмаған екен. Көк жүзін кезіп, қанша іздесе де кездесе алмайды. Олар осы ауыр халдеріне қайғырғанда, аспанды қара бұлт қаптайды, кейде қабақтарынан қар борады. Сағыныштан саулаған жастары жаңбыр болып жауады. Кейде құсалықтан тұтанған күйі отты жүздерін жалын болып шарпиды, бұл сәттерде Күннің көзі, Айдың жүзі тұтылады [100].

2. Ертеде Күн мен Ай атты егіз сұлу қыздар болыпты. Екеуінің ішінде Ай өте сұлу екен. Бір күні Ай өзінің сұлулығын айтып, Күнге мақтаныпты. Сонда Күн қатты қызғанып, Айдың бетін тырнап тастапты, содан Ай бетінде дақ қалыпты. Осы оқиғадан соң Күн Айға жақындаса болды, Ай бетін жасырып қорғанады екен, ал Күн қашықтаса, Ай толып, толықсып бетін түгел көрсетіп Күнге мақтанады екен [101].

Мифтік аңыздар бойынша, аспан денелері – Ай мен Күн адам кейпінде берілген, антропоморфыланған.

С. Қондыбай белгілеуі бойынша, Айдың кейіптері төмендегідей:

«Ай соңғы жеті-сегіз мың жылдың ішінде-ақ мынадай келбеттенуді басынан өткізді:

1. Ай – мүйізді тағы жануар (бұғы, бөкен, марал т.б.) кейпінде (палеолит бойына, неолиттің басында);

2. Ай – мүйізді сиыр (бұқа) кейпінде (б.з.д. 8-6 мыңжылдықтар және кейінірек);

3. Ай мүйізді жылан (айдаһар, бүке) кейпінде (б.з.д. 5-3 мыңжылдықтар және кейінірек), сондай-ақ адам кейпінде де кескінделудің пайда болуы;

4. Ай мүйізді тұлпар кейпінде (б.з.д. 3-2 мыңжылдықтар, кейінірек);

5. Ай адам (кемпір, қыз т.б.) кейпінде, бұл кейінгі мифтік тұрпайылану немесе мифсіздену заманында болған жәйт. Күн де, кейбір жұлдыздар да осындай кейіптену кездерін басынан өткерген [102].

Мұсылман халықтарының айды құрмет тұтып, өзіндік символға айналдыруының өзі осымен түсіндіріледі. Сондықтан да космонимдерге қатысты ассоциативтер жиі кездеседі. Түркі тілінде бөлінбей тұрған көне тұсында бір ғана аспан денесіне байланысты бірнеше мағыналық нұсқалар болған. Мысалы, «Ай» ұғымына қатысты мынадай мағыналық нұсқалар бар:

Ай 1. Месяц, луна (светило). Мысалы, *jaɣul(t) I aɣunga kɯnɯg haɱ aɣuiv* – жаратушы күн мен айды әлемге жарқыратқан [103].

Бұл – түркі халықтарына ортақ ұғым. Екі түрлі: біріншісі мезгілді білдіру болса, екіншісін планета түрінде қарау түркі тілдеріне тән. Бұл жағдай қазіргі түркі тілдерінде де сақталған. Көне түркі тілдеріндегі Ай ұғымының өзге мағыналарына да келетін болсақ, мысалға, діни тұрғыдағы мына бір нұсқасы *ai emiligin jorivli* – айдың күшімен жорғатқындар, яғни жер бетіндегі әртүрлі «күштердің» атауының бірі [103].

Көне түркі халықтары, тарихтан белгілі болғандай, аспан денелерін аса құрмет тұтқан. Сондықтан да олардың мағына аялары кеңі түседі. Айдың тәңірі тұтумен қатар, күнді де қасиетті санаған. *Kun tugri* – Күн Құдай деген мағынада [103].

Ш. Уәлиханов келесі анықтаманы берген: «Ай, шамасы, қазақтарда қасиетті планета болып саналған. Қазақтар жаңа ай туғанын көргенде тәжім етеді. Жазда сол айға тәжім еткен жерден шөп жұлып алып отқа салады... Қазақтар айға ұзақ қарап тұрмайды, сескенеді.

Егер ай күдіретті болып саналса, онда күн де сондай құрметке бөленуге тиіс еді.

Бірақ қазақтар арасында ондай құрмет-салтты көре алмаймыз. Қазақтар күнге қарсы қарап тұра алмайды, түзде отырғанда да алдын күнге бермейді [104].

Жұлдыз атауларына байланысты мынадай сөздер келтірілген: Чолпан (Шолпан, ч/ш заңдылығына байланысты) Иетеген (қазақша Жетіген, Үлкен аю шоғырындағы жұлдыз, орысша «звезда Плеяды»); Ырықтак (Радлов сөздігінде Арқыдақ // аркудақ «созвездие близнецов, близнецы» [105]; Үлкер: Үлкер жұлдызының қазіргі қазақ тілінде Үркер болып айтылу себебі түркі тілдеріндегі р дыбысының кейде л дыбысымен орын алмастырып отыратын (р>л) заңдылығына байланысты [106].

Ж. Баласағұн «Құтты білік» дидактикалық шығармасында жасанды антропонимдермен қатар космонимдерді де дінді тәрбиелік мәнде уағыздау мақсатында қолдана білген.

Ж. Баласағұн шығармасында *Қозы, Үд, Әрәндір, Қушық, Арыстан, Бұғдай басы, Үлгі, Чадан, Иа, Оглақ, Көнәк, Балық, Күн, ай, Руми қызы, Миррах, Үркер, Қарақұс, Иылдырық, Айғыр, Иәтікен, Саратан, Сәбит, Арзу, Иалчық, Оңай, Күрүд* космонимдерін қолданған.

*Күн өрледі, жерден нұры алаулай,
Түсі жайнап желбіреген жалаудай.*

*Күн жүзіне сары зафран жағынды,
Аспан, жаһан сол реңді жамылды.*

Сонымен бірге Ж. Баласағұн күнді «қызыл қалқан» және «Руми қызы» деп атайды. Мәселен:

*Руми қызы жүзін жерге жасырды,
Бар әлемді зәңгі-түнек басынды.
Руми қызы жүзін жерге жасырып,
Жаһан жүзі тұнжырады, басылып.*

Қызыл қалқан найза бойын асқанда,
Сарайға кеп, кірді тура жасқанбай.

Автор мұнда күннің түсі мен пішінін басшылыққа ала отырып, *қызыл қалқан* деп теңеу қолданған. *Руми қызы* атауын қолдануының себебі, біздің ойымызша, *Рум* – Византия, яғни Византия қызы, қазіргі татар тілінде *Рүмия* деген антропоним бар, оның түсінігін – «византиялық қыз» деп береді.

Жаз жұлдызы – *Қозы*, сонсоң *Уд* келер,
Әрәндір *Қушық* жақын, жуық жіктелер.

Арыстан мен *Бұғдай* басы қос болар,
Сонсоң *Үлгі*, *Чадан*, *Иа* дос болар.

Келер сонсоң *Оғлақ*, *Көнәк* һәм *Балық*,
Олар туса болар көгің жап-жарық.

Бұл *Күнтуды* сонымен ер атанды,
Күн мен *Айдай* нұрланып кең жаһанды.

Күйбектемей өзін-өзі тербетіп,
Күн шығады жарқыратып жер бетін!

Күн *Арыстан* шоғырында, өзгермес,
Арыстанды *Күнге* қырсық кез келмес.

Тола-тола жіңішкеріп *Ай* қалды,
Жасыл жазың кәрлі қысқа айналды!

Мың-мың жаса, төрт құбылаң сай болып,
Бектік құрғын басыңа *Күн*, *Ай* қонып.

Біраз ұйықтап, оянды да қарады:
Төбесінен *Миррах* ауып барады.

Және көрді: *Үркер* ауып өтіпті
Туардан *Чадан* туып, өрлеп кетіпті.

Жерден ұшқан от-жалындай лапылдап,
Қарақұс та ұшты қанат сатырлап.

Иылдырық, *Айғыр* туып көрінді,
Әрәнтір кеп қосылды да, төгілді.

Ұйқы келмей, қайта тұрып қарады,
Түн жамылып *Үркер* ауып барады.

Көтерілді *Қарақұс* та шығыстан,
Талаурады жалындап от зымыстан.

Иәтікен бас көтеріп алыпты,
Иылдырық Айғырға кеп қалыпты.


Әрәнтірдің басы жерге жақындап,
Нұрын шашып, шықты *Күн* де жаркылдап.

Түркі космонимдерін зерттеген белгілі ғалым Н.Х.Максютова түркі халықтарына аспан денелері бұрыннан белгілі болғандығы туралы келесі пікірді айтады: «Көне жазба ескерткіштері бойынша жұлдыздардың атауы көне түркілерге белгілі болған. М.Қашқаридың «Диуани лұғат ат-түрк», Ж. Баласағұнның «Құтты білік» ескерткіштерінде қазіргі түркі тілдерінде бар жұлдыз атаулары кездеседі: Йетіген (Етикен) ете (жеті) сөзінен – «Большая Медведица», Егач Юлдуз – Юпитер, Ярук Юлдуз – «Ясная звезда» т.б. Сонымен сонау ерте кездің өзінде-ақ, яғни X-XI ғғ. түркілерге сегіз аспан денелері белгілі болған: Жеті қарақшы, Юпитер, Шолпан, Марс, Меркурий, Сатурн, Жарық жұлдыз» [107].

Сонымен қоса Ж. Баласағұн планеталардың орналасу (мезгілі бойынша орын алу) тәртібін көрсетеді:

Секантір бәрін ең үстінен айналар,
Бір бұжұрда екі жыл, сегіз ай қалар.
Сонсоң Оңай болар екінші орында,
Он және екі ай уақыты бар оның да.
Үшіншісі Күруд, көк мұз қасарған,
Жақындасса, құрыр жасап, жасарған.
Төртінші Күн жарық шашқан ғаламға,
Жылу, жарық төгер жақындағанға.
Бесінші Сәбит, нұрлы жүзін бұрғанда,
Сүйінерсің, тыншып қандай мұңнан да!
Одан кейін Арзу тілек келеді,
Жақындасаң, бар тілегің береді.
Бұлардың алдын Иалчық жүріп шолады,
Күнмен қарсы келсе, жайнап толады.

Оны келесі сурет арқылы көрсетуге болады:



4 Сурет – «Құтты білікте» ғаламшарлардың орналасу тәртібі

Ж. Баласағұн ғаламшарларға қысқаша анықтама беріп, ерекшеліктеріне тоқталған, сонымен бірге анықтамалары адамзатқа қатысты берілген. Мәселен, Арзу, Сәбит планеталары нұрын шашқан, тілек орындаушылар ретінде қолданылған.

г) этнонимдер:

Белгілі ономаст-ғалым В.У. Махпиров «Құтты білік» пен «Диуан лұғат ат-түрк» шығармаларын салыстыра зерттей отырып, келесі ақпаратты берген: «Халықтардың этногенетикалық және этносаяси тарихы өзінің мәдени салт-дәстүрлері ғана емес, басқа да көрші елдердің мәдениетіне қатысты әртүрлі дереккөздерде сақталады. Басқа этнос емес сол халықтың тарихына қатысты мәліметтер мен фактілерді анықтауда аталмыш дереккөздерде аталмыш этнос жиынтығын атайтын нақты терминнің қолданысы сонымен бірге ең басты критерий болып келеді, яғни этноним. Алайда әр кезеңде әртүрлі немесе ұқсас емес адамдарды белгілеуде белгілі бір деңгейде өзгеріп отыратынын ескерсек, сонымен бірге бір этнос тіптен бір кезеңде жазылған әр дереккөздерде әртүрлі атаумен берілгенін де аңғарсақ, этноним жүйесінің қалыптасу мәселесі анықтау маңызды» [108].

«Әр таксонимикалық деңгейдегі және тәртіптегі этникалық қауымдастықтарды белгілейтін этноним терминінің мағыналық тұсы терминді қолданған тұлғаға байланысты әр кезеңде айтарлықтай өзгеріп отырады. Сонымен қатар уақыт өте келе этноним мазмұны айтарлықтай эволюцияға ұшырап отырады, яғни мүлде жойылып кетеді немесе аталмыш ұғымның негізгі белгілері қосымша белгіге ауысып, басым белгі болып келетін жаңа белгілердің қалыптасуы мүмкін» [109].

Түркі әлемі үшін этникалық (рутайпа) атаулар көне және орта ғасырларда өте өзекті болған және көптеген түркі халықтары қазіргі кезде сол ру-тайпалық бөліністегі реликттерін сақтап қалған. Тарихи тұрғыдан алғанда, бұл аспект қоғамда шешуші рөл атқарған. Түркі «рулары

көшпенді түркілердің тұрмысында шексіз мәнге ие болып қойған жоқ, сонымен бірге олардың саяси тарихында маңызды рөл атқарды. Көшпенділердің барлық өмірі мен тағдыры руға қатыстылығымен анықталған заманда ру атаулары ерекше мықты болу керек еді. Рулар әртүрлі одақтарға тұтастай немесе бөлшек ретінде кіретін, бірақ өздерінің атауларын мықты сақтаулары керек болатын» [110].

Н.А.Баскаковтың көрсетуі бойынша, функционалдық деңгейде этнонимдер екі негізгі координат бойынша бөлінуі мүмкін: көлемі және қоғамдық мәні; тайпааралық қатынас бойынша. Бірінші параметр бойынша этнонимдер макроэтнонимдер, яғни ірі ру-тайпа, халық және ұлттық бірлесулерге бөлінеді. Тайпааралық қатынас бойынша этнонимдер автоэтнонимдер, яғни өз атаулары және аллоэтнонимдер, яғни басқалардың атаулары болып бөлінеді [111].

Ж. Баласағұнның этика-дидактикалық поэмасында этнонимдер көп емес. А. Валитова «ҚБ» этникалық атаулардың екі түрін берген: 1) этноним мағынасын айқын беретін термин – Орта Азия халықтары мен тайпалардың атаулары (*тәжік, шығыл, қарлық, ягма, қыпшақ*) және Орта Азиядан тыс мекендеген халықтар мен тайпалар (*араб, иран, үндіс, грек, қытай* т.б.); 2) поэмада әлі этноним болмаған, кейін терминдік қасиетке ие болған атаулар. Бұл әлеуметтік терминдер (*сарт, тат*), әскери терминдер (*черик, жүз, минг*) және басқа да сөздер (*баят, бөрі, құлан, күн* т.б.) [112].

Көне түркі этнонимдеріне тарихи-этимологиялық талдау жүргізгенімізде келесі негізгі типтері мен модельдерін бөлуге болады:

1. этнонимдерінің семантикалық типтерінен ең көнесі – жағтарға қарағанда өздерін атауы. Бұл топқа өзгелердің жағымсыз мәнде атауы да кіреді: тат – «жат, жат жұрттық, өзге тайпалық» т.б.

2. тотемді атау бойынша көптеген ғалымдардың пікірінше, зерттеуге болатын көне тайпа және ру атаулары.

3. қоғамдық даму салдарынан ірі тайпалық одақ атауы ығыстырып шыққан этнонимдік атаулардың тотемдік қабаты.

4. ру басшы есімі ру атауы болуы жиі орын алған.

5. титул атауы бойынша этноним атаулары да алдыңғыларға жақын;

6. басқа тайпа атауы бойынша этнонимдер;

7. өздерінің атауында немесе өздері таққан белгілерден тұратын этнонимдер. Олар келесі белгілер:

а) тайпаның негізгі шаруасы;

ә) ру немесе тайпа мүшелеріне тән ерекшелік;

б) әртүрлі идеологиялық баға беруде этникалық атауда көрініс табуы мүмкін;

в) ру, тайпа, одақ құрамын көрсететін этникалық атау;

8. түркі этнонимиясында «топографиялық» этнонимдер, яғни тайпаның мекені бойынша атау негізгі және маңызды бөлігін құрайды, мысалы, согды т.б.

9. туыстық және ұқсастық термин атаулары негіз болған тайпа басқа да этникалық топ атаулары, мысалы, пешенег [113].

М.Қашқари ягма түркі тайпасының атауын атайды, оларды кара ягма деп те атаған. Олардың тілі дұрыс тілге жатқызылады [113]. Ягма тайпасы Ыстықкөлдің оңтүстігіне қарай, одан ары қашғарға қарай мекендеген, негізгі шаруашылығы мал және аң шаруашылықтары. В.В. Бартольдтың пікірінше, ягма «шапқыншылық жасаушы отряд» – айрықша жаугершілікпен ерекшеленетін [114], ягма тайпасы тохси, шығыл және қарлұқтармен бірге Қараханидтер мемлекетінің негізін қалаушыларға жатады.

Өтүкен – Түрік жұртының бір тайпа не руының аты да болуы керек. Моңғолияда Орхон өзеніне жақын тау сілемдері Өтүкен (VI – VIII ғғ.) деп аталған. Солтүстік Моңғолиядағы қазіргі Ханғай жотасындағы Түкен тауы да кезінде Өтүкен аталыпты («ҚБ» түсініктер).

Ж. Баласағұн «Құтты білік» шығармасында этнонимдер мен генонимдерді қатар қолданған.

Мәселен, тәжік, түркі, қытай этноним болса, шегіл, ыла, яғма т.б. генонимдер:

Түрік бектері ішінде атын асырған,
Алып Тоңға Ер еді, құты тасыған.

Тәжіктер оны Афрасийаб атаған,
Елдерге ол көп ізгілік жасаған.

Бар *түркіде* мысал мұны меңзеген,
Сен оны ұғып, құйып алғын зердеңе.

Бұл *түркі* айтқан, жаққан ілім жұлдызын,
«Көрер көздің шырағы – деп, – ұл-қызың!

... әйгілі даналықтың алыбы,
Не дегенін есті тәжік ғалымы.

Не депті, анда, білімдісі *шегілдің*
Біліксіз, ұқ – бойың беріп, егілгін:

Қытай керуені жүрмегенде жосылған,
Қайдан келер еді мың-мың асылдар.

Ыла еркіні не дейді екен, тыңдағын,
Айтыпты ол қызметтің сан сырларын:

Сөзді тыңда сарттар басы андаған,
Қытай, жерді керуені шарлаған:

Жақсы айтыпты *Яғманың* бір бегі,
Барлық іске пайдалы екен – білгені.

Былай депті *Ыла* бегі сөзге епті,
Тілдің мірі надандарды көздепті.
Ыла ұлы айтқан екен көп үшін:
«Құтты кісі, тұз бен нанды көп ұсын!

Ыла ұлының сөздерінен аңғарғын,
Жазу бағы – өнер қуған жандардың.

Өтүкеннің бегі айтқан тебіреніп:
«Тілін тыйсын – сыр ашсаң еміреніп!»

Қараханидтердің құрамына кірген, қарлұқтардан кейінгі үлкен тайпаның бірі – *шігілдер*. Бұлар Тараз бен Ыстықкөл айналасындағы далада көшіп-қонып жүрген. Араб тарихшыларының деректеріне қарағанда, шігілдер киіз үйлерде тұрған, бастарына киізден істелген қалпақ киетін болған; баққан малдары – сиыр, қой, жылқы, ал өздері күн, жұлдыз сияқты пірлерге табынатын болған [115].

М. Қашқаридың айтуынша, шігілдер тобы түркі тілінде сөйлеген. Олардың құрамын қоныстарына қарай ол 3 топқа бөлген: 1) Барсаған қаласынан арырақтағы Кум қаласын мекендеген шігілдер; 2) Тараз айналасындағы қалаларда тұратын шігілдер; 3) Қашғарды мекен еткен шігілдер [116].

Қараханидтер құрамына кірген үшінші тайпа – *яғмалар*. Бұлар да өздерінің тілін таза сақтап келгендердің бірі. Олар Ыстықкөлден Қашғарға дейінгі жерлерде көшіп-қонып жүрген, негізгі тұрағы – Шығыс Түркістан. Өзге көршілес тайпаларға қарағанда бұлардың жауынгерлікпен аты шыққан [115].

ғ) библионимдер:

Хас Хажыб Жүсіп Баласағұн өз шығармасын «Құтты кітап», яғни «Хан тілі» деп атаған. Себебі аты айтып тұрғандай, әділ билік құру туралы философиялық, саяси, әлеуметтік мәні жоғары кітапты ханға тарту етуде үлкен мағына бар.

Сонымен бірге ақын әр елде осы мағынада жазылған шығарманы өздерінше атайтынын, қабылдайтынын айтып өткен.

Бұғра хан тұсында бұл жасалған,
«Құтты кітап» – хан тілі деп атанған.

«Әдәбүл Мүлік» деп атапты шынлықтар,
«Әһисүл Мәлік» деп атапты машынлықтар.

Мұны ұлықтар күллі Шығыс елінде,
«Зийнатұл умәра» – деп таратқан тегінде.

Ирандықтар «Шахнама» деп қараған,
Турандықтар «Құт білімі» санаған.

2.1.2 «Диуани хикмет» ескерткішінің ономастикалық жүйесі

а) топонимдер:

Топонимдерді іштей разрядтарға бөліп қарастыру ономастика саласында кеңінен тараған. Мәселен, Т. Жанұзақ оларды келесі топтарға бөлген:

1) гидрографикалық: мұхит, теңіз, өзен, көл, су қоймалары, құдық атаулары;

2) орографиялық: тау, шың, биіктік, жота, орман, шатқал, жазықтық, асу атаулары;

3) микротопонимдер: балшық, елді мекен атаулары;

4) астионимдер: қала атаулары [117, 281].

Нысандарға қарай топонимдерді келесі топтарға бөлген:

- гидрографиялық (өзендер, көлдер, теңіздер, мұхиттар, бұлақтар, құдықтар, каналдар);

- орографиялық (жердің үстінгі қабатының пайдалы және пайдасыз рельеф нысандары);

- кез келген жолдар (жер үсті, су, жер асты, әуе);

- кез келген елді мекен (қала, ауыл);

- кез келген қала ішіндегі топографиялық нысан;

- ресми, әкімшілік бөліністерінің кез келген нысаны (территория, облыс, аудан);

- кез келген табиғи жер асты нысандары (үңгір, жер асты бұлақтары, көл, құдық, сарқырама);

- флористикалық нысандар (орман массивтері, өсімдік әлемінің реалийлері) [118,63].

А.В. Суперанская өз еңбегінде топонимдерді алдымен үлкен екі топ: құрлық (территориялық) және сулық (акваториялық) деп бөліп, ары қарай іштей разрядтарға таптастырған [35, 186б.].


Атаудың барлық жүйесі – бұл қатып қалған әлем бейнесі емес, өз бастауы бар, ұзақ ғасырлар бойы адам өмір сүріп жатқанға дейін жалғасын табатын, тоқтаусыз үдеріс. Атаудың қалыптасуы – адамзат тарихындағы маңызды кадам, себебі атаулар өмір бойы әр адамның қоғаммен тығыз байланысты жеке тұлға болу құқығын бекітті. Атау – нағыз өркениеттің алғашқы нышаны деп айтуға болады, атау тарихы, атау беру дәстүрі аталушының тарихынан айна іспетті көрініс береді.

Географиялық атаулардың халықтардың тұрғылықты мекенінен және этникалық топтардың өзара қатынасынан көрініс беретіні әркімге де белгілі. Географиялық атаулар, әсіресе ең көнелері, өзіндік бір тарихи ескерткіш болып табылады. Олардың көбі көне құжаттардан көненің әлеуметтік қатынасын және ежелгі адамдардың тұрмыстық ерекшеліктерінен көрініс беретін алғашқы тұрпатында, тіптен олар өз тұрпатын өзгертіп, қазіргі тілдің қолданысындағы сөздеріне ұқсас болып жатса да, анықталуы мүмкін [35].

Топонимдер әр тілдің лексикалық қабатының салмақты бөлігін құрайтыны белгілі, бұл алдымен, кеңістікте бағыт алу мақсатында қалыптасқан адам санасындағы географиялық болмыс көрінісінің алғашқы тұрпаты. Топонимдердің тағы бір маңызды ерекшелігі – бұл көптеген мәдениетте географиялық нысан – бұл тіл, мәдениет, тарихи география, дәстүр, этностың өзін-өзі тану ескерткіші, тарихи қатынастың құрылымдық элементтерінің бірі [119].

Жалпы, топонимдер іштей бірнеше разрядтарға бөлінеді, оны кесте түрінде төмендегідей көрсетуге болады [120]:

Кесте 5 – Топонимдердің разрядтары



Топонимдер де көркем шығарма ішінде мәтін түзуші қызмет атқарып, көптеген ақпарат береді. Шығарма ішінде кездескен кез келген оним поэтоним деп аталады.

Қазіргі кезде ономастика мәселелері қатарында жиналған материалдарға байланысты сұрақтар ерекше қарастырылуда. О.И. Фонякова шығарма ономастикасының дамуын жалпылай келе, мәтін ішіндегі жалқы есімдердің жүйелі зерттелуінің жалпы бағытын дифференциалды белгілерінің келесі қарама-қарсылықтары бойынша көрсеткен: жалқы есімдерді зерттеу пәні бойынша: мәтіндік – мәтіннен тыс (әлеуметтік, тарихи, энциклопедиялық); коннотация түріне қарай: стильдік (ішкі) – стильдік емес (сыртқы); мәтіннен тыс ақпарат мазмұны бойынша: лингвистикалық (ономастикалық, коннотативті) – экстра-лингвистикалық (энциклопедиялық, әлеуметтік, тарихи мәдени); көркем шығарма ономастикалық кеңістігінің қамтылуы бойынша: толық – жекелей; көркем шығарма семантикалық композициясының деңгейіне сәйкестігі бойынша: ономастикалық – ономопоэтикалық; көркем шығарма ішіндегі жалқы есімдердің жүйелі байланыс түрі бойынша: парадигматикалық – синтагматикалық; онимдерді семантикалық стильдік талдау аспектілері бойынша: құрылымдық – функционалдық [121].

Эстетикалық ұйымдастырылған тұтас көркем мәтін жүйесінде семантикалық өзгеріске бәрібір ұшырайды: жаңа нысан атауы ретінде ауысқан жалпы қоданыстағы онимдер; бұрынырақта жарық көрген шығармалардағы белгілі әдеби есімдердің жаңа көркем шығарма кейіпкерлеріне ауысуы (аллюзия тәсілі және әдеби реминисценция жаңа бейнелер мен қасиеттерді сипаттауда аттас ономастикалық бірлікке сілтеме); жартылай шындықты бейнелеуші атаулар мен кісі есімдері, яғни кісі есімі мен тегінің тарихи формасын фонетикалық өзгертіп, типтік тілдік модельмен құрылған; «сөйлейтін» формалы семантикасы анық, белгілі бір модель бойынша жасалған кісі есімдері мен тегі. Дегенмен ақиқат атаулар тізімінен алынған онимдер жалпы қолданыстағы

әлеуметтік сөйленім коннотациясын сақтай алады. Мұндай атаулар негізінен атау қызметін атқарады.

Көркем шығарма – жалқы есімдердің ерекше қызмет атқаратын аясы. Мәтін ішінде сөздер «ақиқат және ақиқат емес болмысқа, қазіргі әдеби тіл мен көркем шығарма тіліне» қатысты. Бұл оқырманның сөздің ассоциативті байланысын оқыған сайын қайта жаңғыртады, ал ол өз кезегінде сөз семантикасына жаңа көзқараспен қарауға мүмкіндік береді. Мұның бәрі, әрине, шығарма авторының нені көздегенін дөп басып анықтауға мүмкіндік береді: сөздер, бәріне белгілі бір сипатталған мезгілде объективті болмыс пен автор көркем әлемді білдіреді. Осы тұстан алғанда, жалқы есімдер көркем айтылымның құрылымдық жүйесінің құнды компоненті болып табылады.

Қазіргі кезде синхронды, диахронды тұрғыдан шығарма ономастикасының интерпретациясына көптеген еңбектер арналған. Бұл тенденция Ресей, шетел, өзбек т.б. елдердің лингвист-ғалымдарының еңбектерінде байқалады.

Мәселен, Е.Л. Тихонованың «Топоним как особый языковой знак в фольклоре», М.У. Худайбердинаның «Мифологические прецедентные имена в лирике И.А.Бродского» атты мақалаларын [122; 123], Ә.Ч.Шүкүровтің «Низаминин әсэрләриндә этник адлар», Р.Ф. Халыгованың «Китаби – Дәдә Горгуд» дастанларында антропонимләрин структур-семантик тәһмили» атты мақалаларын [124; 125] атауға болады.

Сопылық ілімді дәріптеп таратқан ортағасырлық ғұлама ақын Қожа Ахмет Ясауидың шығармасындағы топонимдерді шартты түрде екіге бөліп қарастыруға болады: ақиқат болмыс атаулары және діни-мифтік атаулар. «Диуани хикмет» шығармасында ақиқат болмыс топонимдерін әрі қарай разрядтарға жіктеуге болады: ойконим (Хорасан, Шам, Ғирак т.б.), астионим (Мекке, Түркістан т.б.), ороним (Тор), ал діни-мифтік атауларды шартты түрде о дүние (Ақырет, Қиямет, Жұмак/Бейіш (Фирдус, Жаддан т.б.), дозак (Саһар), қыбыла, деп бөліп қарастыруды жөн көрдік.

Ескерткіштегі біз бөліп қарастырып отырған ойконимдерге Хорасан, Шам, Ирак, Қынған, Сирия атауларын жатқызуға болады:

Шам – Сирияны арабтар осылай атаған. Теңеу ретінде «Шариф» сөзі қосылып, көбінесе «Шам Шариф» делінеді. «Шариф» - арабша құрметті, қадірлі, ұлы мәртебелі деген мағына береді [126].

Ирак – Батыс Азиядағы Араб мемлекеті. VII ғасырдың 30-жылдарында Иракты арабтар жаулап, 661 ж. үмийа әулеті билеген араб халифатының бір аймағына айналды [126].

Қынған – қазіргі Палестина [126].

Хорасан – (ортағасырлық парс. – күннің шығуы, шығыс) – Орта Шығыстағы тарихи облыс. Хорасанның құрамына қазіргі Иран – Ислам Республикасының солтүстік-шығыс бөлігі, Мерв шұраты, қазіргі Түрікменстан Республикасының оңтүстігіндегі шұраттар, қазіргі Ауғанстанның солтүстік және солтүстік-батыс бөліктері кіреді [127].

Хорасан, Шам, Ирак – мұсылмандықтың даму отаны болып есептеледі. Бұған дәлел:

*Хорасан, Шам уа Ғираққа ниет қылып,
Ғариптің көп қадірін білдім міне.*

Сонымен бірге Қожа Ахмет Ясауи Хорасан, Шам, Ирак ойконимдерін «Дәптер сәни» шығармасының сол жерлерге жетіп, мұсылмандық отанында мойындағанын қалағанынан туындап, қолданған тәрізді.

Қынған ойконимі – Жүсіптің Отаны, бірақ тағдырдың тауқыметіне түскен Жүсіп Қынғаннан кетіп, Алла құрметіне бөленеді, мұны біз келесі жолдардан аңғарамыз:

Не келсе де көреміз бір Құдайдан,
Жүсіпті айырып еді ол Қынғаннан.

Нұх пайғамбар дінді уағыздаған Сирия халқы оны қабылдамай, Құдай қаһарына ұшырайды. Діннен безген халықты тәубеге келтіру үшін, мысал ретінде қолданған Ясауи мұны келесі жолдармен жеткізген:

Сирия халқы қабыл қылмай қалды ғапыл,
Надан халық пір қадірін қашан білер?

Қожа Ахмет Ясауи шығарма ішінде ескі атау мен жаңа (сол кезде жаңа атау саналған шығар – И.С.) атауды бірдей қолданған, мысалы, ойконимдер – Шам, Сирия.

Шығарма ішінде Мәдине, Мекке, Түркістан астионимдері де қолданылған.

Мәдине – арабша «қала» деген сөз. Меккеден кейінгі екінші қасиетті қала саналады. Исламның негізін қалаушы Мұхаммед пайғамбардың 622 жылы Меккеден осында қоныс аударуына байланысты, Хижаздағы Ясрибке мұсылмандардың берген атауы. Мұсылмандардың жыл санауы осы қоныс аудару жылынан (хижра) басталды. Мұсылман мемлекетінің негізі қаланғанда Мәдине оның екінші астанасы болды [85].

Мекке – мұсылмандардың қасиетті қаласы. Онда бас мешіт әл-Мәжид әл-Харам мен Қағба орналасқан. Исламның негізін қалаушы Мұхаммед (с.э.с.) осы қалада дүниеге келген. Мұхаммед (с.э.с.) Меккеден кеткенімен, Мәдинедегі жаңа құлшылық ету үйін Қағбаға қарама-қарсы қоған жоқ, қайта оның есігін соған қаратты (Құбыла). Мұсылмандардың меккені 630 ж. жаулап алуы оның діни орталық ретіндегі айрықша жағдайын қалпына келтіріп қана қоймай, одан да жоғары дәрежеге көтере түсті. Меккеге барып тәуап ету исламның бес парызының бірі болып саналады [85].

Түркістан – Оңтүстік Қазақстан облысындағы Түркістан ауданының орталығы, Сырдарияның оң аңғарында орналасқан. 2000 жылы көне қаланың 1500 жылдығы тойланды. Арабтардың географиялық жазбаларына қарағанда IV-X ғасырларда бұл қаланың орнында Шавгар (арабша Шавагар) мекені болған, бірақ бұдан із қалмаған. XII-XIV ғасырларда Түркістан «Ясы» деп аталған. Қожа Ахмет Ясауи ғимараты салынғаннан кейін түркілердің діни орталығына айналды [86].

Мұхаммед пайғамбар (ғ.с.) Мәдине қаласында ислам дінін таратып, Құран - кәрімді уағыздаған. Бұл да шығарма ішінде көрініс тапқан:

Мәдинеге Расул барып, болды ғаріп,

Ғаріптікте азап тартып, сүйді жанып.

Шығарма ішінде Түркістан астионимі, біріншіден, ғұлама ақын он жеті жасында тұрақтаған қаласы ретінде берілсе, екіншіден, Түркі (қазақ) даласында сопылық ілімін дәріптеп, Аллаға құлдық ұруды қабылдап тарату – осы қаладан басталады. Мұны біз келесі жолдардан оқи аламыз:

Перзентім деп мойным құшып көңілім тапты,
Он жетімде Түркістанда тұрдым міне.

Үшіншіден, ел ішінде кеңінен тараған аңыз бойынша, Алла тағала Жәбірейілге жәннат бағынан құрма теріп кел деп бұйырады. Ол құрманың бір табағын жинап келе жатқанда, табақ ішінен бір құрма жерге түсіп кетеді. Жәбірейіл құрманы қайтармақ болып әрекеттенгенде, Алла тағала былай дейді: «Бұл құрманы Мұхаммед пайғамбар асхабтары арқылы өзінің үмбеті Ахметке тапсырсын». Бұл жарлықты естіген Мұхаммед пайғамбар (ғ.с.) асхабтарын түгел жинап алып, жайды түсіндіреді де, «Алла аманатын кім тапсырады?» деп сауал қояды. Ешкім батпаған соң іштеріндегі біраз жасқа келген Арыстан Баб шығып: «Мен табыстар едім, бірақ ғұмырым жетер емес» – деп жауап катады. Сонда пайғамбар: «Алла аманатын тапсырғанша, жасай бересің», - деп құрманы Арыстан Бабқа табыстайды. Сөйтіп аңыз-әңгімелерге сенсек, Арыстан Баб құрманы ұртына сақтап, бір аңызда төрт жүз, бір аңызда жеті жүз жыл ғұмыр кешкен делінеді [64].

Осы аңыз-әңгіме «Диуани хикметте» де көрініс тапқан сияқты:

Хорасанда төрт жүз жасты жасады,
Жиырма төрт ағаш ән күні ұшар, достар.

Есітті Баба Мәшін ол заманда,
Ахмет атты бір шаих шығар деп Түркістанда.

Сұхбат құрмай қыз-келіншектермен онда,
Тыйым салғалы Түркістанға келді, достар

Бұл жолдардан біз Қожа Ахмет Ясауидың таңдаулы екенін және ол жәй Ахмет емес, қасиетті Түркістаннан шығатын әулие екенін болжалданғанын аңғарамыз (мүмкін, бұл жолдар Ясауи шәкірттерінің қосқаны шығар – И.С.).

«Диуани хикметте» ороним – Тор тауы ғана берілген, ол екі жерде кездеседі:

Алла деп көңіл қойып Тордан асқан,
Махаббаттың атымен күйіп-жанған.

Мұса сынды Тор тауында көріп дидар,
«Раббу унзур илайка» деп айтқым келер.

Бірінші жолдан Құдайға құлдық ұрған пенделер Тор тауынан да асып, Аллаға жақын болар деген діни түсінікті байқасақ, екінші жолда Мұса пайғамбар Тор тауында Алламен тілдесіп, дидарын көрген, осы жағдай оның пайғамбарлығының басы болғаны баяндалады.

Тор – Інжілде айтылатын Синай тауы, арабтар оны Джабал Мұса деп атайды, яғни «Мұса тауы», аңыз бойынша Жаратушы осы тауда Мұса пайғамбарға дидарын көрсетіп, Тораны тапсырған. Тора (ивр. «ілім, заң») – Бес кітап немесе Мұса пайғамбардың кітабы деп аталатын Інжілдің алғашқы бес тармағы, заңдар жинағы. Синай немесе Джабал Мұса тауының атауы сонда, аңыз бойынша, Мұса пайғамбарға тапсырылған заңдар жинағы атауынан мұсылман қауымға (біздің материалымыз бойынша – орта ғасыр ақын-жазушылар шығармалары негізінде) тараған. Тор < Тора библионимнен ороним трансонимдену үдерісінде қалыптасқан, яғни библиоороним.

Шығармадағы діни-мифтік атауларды «жақсы» – «жаман» бинарлық атауларға бөліп, қарастыруға болады, ал оларды «о дүние», «қиямет», «кабірстан» сияқты жалпылық атаулар біріктіріп тұр. «Жақсы» атауларға бейіш, сегіз бейіш, ұжмақ атаулары жатса, «жаман» атауларға тозақ, жеті тозақ жатады.

Ақырет (*ахирет*, *ахират*) – о дүние деген ұғым; ақырзаман, дүниенің соңы; діни ұғым бойынша, бұл күні

кияметтің болуы, Алладан өзгенің жоқ екендігі, өлгеннен кейін сұрақтың қойылатыны анық болады. Пенделер тірі кезінде істеген күнәларына жауап беретін күн. Ары таза, күнәсі жеңіл болса, Алланың жақсылығын сезіп, ауыр болса, қабір азабын тартатын күн.

Фердаус (парсы) – дәл мағынасы: жұмақ бағы. Құран бойынша, жұмақ бірнеше бөліктен тұрады. Біреуінің атауы – Фердаус. Бұл сөз парсы тілінен енген, гректің «парадеисос» деген сөзімен мәндес. Бертін келе мұсылман елдерінің фольклоры мен әдебиетінде «Фердаус» сөзі мәңгі гүлдеп тұратын мәуе бақтың символы ретінде қолданылады.

Жаһаннам – дүние салғаннан кейін күнәға батқандар баратын жер. Жаһаннамға түскен күнәһарлар отқа жанады. Олар Заққұм ағашының улы жемісін қорек етеді. Жаһаннамды күзететін періштелердің басшысы – Мәлік. Аллаға сенімсіздік білдіріп, оған құлшылық етпегендер жаһаннам отында мәңгі жанады.

Діни-мифтік атауларды «жақсы – жаман» деп бинарлық жұпта қарастыруымыздың басты себебі – Қ.А. Ясауидың бұл атауларды шығармада қолдану ерекшелігінде.

Қ.А. Ясауи Алланың құлы – адамдарды жамандықтан аулақ болып, игі істер жасап, қабір азабынан сақтандыру (яғни дидактикалық мәнде) мақсатында бейіш пен дозақ «пікірталасы», яғни бұл ұғымдар сыртында тұлға беру арқылы келесі жолдармен жеткізеді:

Бейіш, дозақ таласар, таласуда мағына бар,

Дозақ айтар: мен артық, менде перғауын Әман бар.

Бейіш айтар: не дерсің, сөзді білмей айтарсың,

Перғауын Әман сенде дүр, менде Жүсіп Қинған бар.

Нағыз мұсылман сегіз бейіш – *Дариссалам, Дарил-хулуд, Жәннат Фирдус, Жәннат нағым, Жәннат әдім, Жәннат мағауир, дарил-жалал, бақ ирамнан* (қазақша – Иран бақ) орын алар. Ал күнәсі көп пенделер жеті тозақ – *Хауна, Лаза, Сақар, Сауыр, Жаһаннам, Ситджын, Хатыма* отына күйер.

Қ.А.Ясауи шығармасында осы атаулар да Алланың

күштілігін дәріптеу, имандылыққа шақыру мақсатында қолданылған:

Фирдус атты *Жәннаттан* хабар келді,
Дидар үшін баршасын қойдым міне.
Дидар көрсем, жолын берсе Ізім Уахап,
Дариссалам сарайына кіргім келер.
Саһарда ерте тұрып кандар жұтқыл,
Пірмұғанның етегінен бекем тұтқыл.

Қорыта айтар болсақ, Қ.А. Ясауи ақиқат болмыс нысандар мен діни-мифтік атауларын шығарманың басты мақсаты – Алланы дәріптеу, діни тәрбие беру, яғни дидактикалық мәніне жетуде дұрыс қолдана білген. Сонымен бірге шығармада берілген астионимдер мен ойконимдер автор өмірінен, көздеген арманынан біршама мәлімет береді.

ә) антропонимдер:

Н.А. Николинаның пікірі бойынша, антропонимдер мен топонимдер тек мазмұндық-деректік емес, сонымен қатар мәтіндік ақпарат береді, ал ол өз кезегінде мәтіннің идеялық-эстетикалық мазмұнын жасырын мағына арқылы ашуға септігін тигізеді. Жалқы есім кейіпкердің әлеуметтік деңгейін, оның ұлтын көрсетіп, нақты тарихи-мәдени белгі қызметін атқарады [128].

В.А. Кухаренко атап көрсеткеніндей, жалқы есімдер кең кешенді нақты ассоциативті мағынаны қоздыратын белгі [129]. Осы тұрғыдан алғанда, тарихи, философиялық, мифологиялық, мәдени және басқа да құбылыстар туралы тіл иелерінің білімдеріне негізделген тілден тыс ассоциацияларын келтірген қызығушылық тудырады.

Жалқы есімдер халықтың этникалық және әлеуметтік тарихымен тығыз байланысты бай экстралингвистикалық ақпарат береді. Бұл тұрғыдан алғанда, А.В. Суперанская жалқы есімдердің ақпараттарының үш түрін атайды: айтылымдық (ең көп тарағаны, онимнің объектімен байланысын білдіреді және сөйлеушінің объектіге қатынасын анықтайды, ең міндетті шарт – объектімен

танысу), энциклопедиялық (адам еш уақытта көрмей-ақ объект туралы ала алатын ақпарат үлесі), тілдік (сөздің тілдік қабатын талдау: атау құрамын және түрін зерттеу). Жалқы есімдердің үлкен энциклопедиялық ақпараты оны символ ретінде пайдалануға жеткілікті коннотацияның қалыптасуына әкеледі. Себебі атаудың энциклопедиялық ақпараты тұтастай экстралингвистикалық болып келеді [35]. Поэзиядағы жалқы есім суреттелген оқиғалардың өзінше бір кеңістік-мезгілдік бағыт-бағдары болып табылады. Ассоциативті лакуналар мәтінді түсіндіруде негіз қызметін атқарады. Біртұтас эстетикалық кеңістікте қатынасқа түсіп, ассоциативті лакуналар поэзияға ұлттық реңк береді.

Поэзияның образдық жүйесі кез келген халыққа тән және терең символдық мәнге ие нақты белгілерден құралады. Тап ассоциативті лакуналар көшпенді халықтың тарихы мен мәдениеті туралы ауқымды экстралингвистикалық ақпаратқа ие.

Көркем болмысты субъект, яғни басты кейіпкер (кейіпкер) баяндаушы тарапынан бейнелеуді көрсететін субъективтік баяндама мәтін стилистикасын құруда өзекті мәселелердің бірі және жалпы алғанда адамның қоршаған ортаға деген антропобағыттағы көзқарасын білдіреді. Антропоцентризм, тілде ғалымдардың түсінігі бойынша, адам санасының, психологиясының өзгеруін, яғни тілдік жүйедегі жалпы адам факторын білдіреді. Антропобағыт пәндеріне ғалымдар психология, мәдениеттану, лингво-мәдениеттану, әлеуметтану, философия т.б. жатқызады. Соңғы кездері лингвистикалық ғылымның антропоцентризмге қатты көңіл бөліп жатқанын атап айту керек: «Лингвистикада антропоцентризм идеологиясының элементтері ХХ ғ. 70-80 жж. қалыптаса бастаған [130]. «Антропоцентризм ұғымы тілді жүйе ретінде, бір жағынан, болмыспен, екінші жағынан, адам санасы мен эмоционалды сезім аясы ұғымдық жүйемен байланыстыратын әлемнің тілдік бейнесімен тығыз байланысты. Адам әлемнің тілдік бейнесінің үзігі және тірек концепті ретінде

барлық тілдік әмбебаптың негізі болып табылады»[130]. Тілде адам болмысының көрінісін есепке ала отырып, бұл ұғымды мәтін кеңістігінде қарастыру жөн.

Сонымен, әлемнің тілдік бейнесіндей антропоцентри әдеби кейіпкер саналатын шартты түрде мәтіннің тілдік бейнесі туралы сөз қозғауға болады. Басты кейіпкердің (автордың) санасы арқылы оқырманға мәтіндік болмыс беріледі. Шығарма құрылымында көрініс беретін басты кейіпкердің тілдік санасы негізінен әдебиеттануда қабылданған шығарма психологиясымен астасып жатады.

Көркем шығарма кеңістігіндегі антропоним құбылысы тілдің субъективтенуі мен антропоцентризм тұрғысынан қызығушылық тудыруы мүмкін. Кейіпкерді суреттеу, атау тек автор тұрғысынан емес, басты кейіпкер тарапынан да орын алуы мүмкін. Әсіресе, бұл, біздің ойымызша, басты кейіпкер санасында қалыптасқан екінші санаттағы кейіпкерлер мен басты кейіпкер арасындағы қатынасты бағалаудан туындауы мүмкін. Ал бұл үдеріс басты кейіпкердің ойлау үдерісіндегі ассоциативті байланысын, білімділік және мәдени деңгейінен көрініс береді.

Кісі есімдері әркез зерттеушілердің қызығушылығын тудырған. Оның бірнеше себептері бар: 1) адамзат қоршаған ортаны тану барысында тылсым күштерге сенуден кейбір елдерде кісі есімдеріне қатысты табу қалыптасқан; 2) адамзаттың өзін-өзі тануы, соның нәтижесінде өзіне қандай да бір ерекшеліктерді телуге байланысты; 3) әр елдің мәдени құндылықтарына байланысты ат беру ерекшеліктері (мысалы, қазақ халқында Ұлбала, Төреқыз т.б.); 4) тек қазақ халқына ғана тән кісі есімін қысқарту (мәселен, Мәке, Әбеке, Төкет.б.); 5) әрхалықтың атағуресми формуласының өзгермелі болуы; 6) антропонимдік жүйе бір семантикалық ерекшеліктеріне қарай әйел және еркек есімдері болып бөлінеді; 7) қоғамдағы жекетұлғаны ажырату, яғни бірегейлендіру қызметінің болуы; 8) антропонимдік жүйеде кірме атаулардың енуі; 9) антропонимдік жүйедегі ресми және бейресми есімдердің ара қатысы;

10) антропонимдердің белгілі бір жағдайда ерекше семантикалық ренкке ие болу қасиеті, т.б.

Ресей ономастарынан антропонимдерді зерттеуші А.В. Суперанская, Н.В. Подольская, т.б. атауға болады. Орыс ғалымдары орыс тіліндегі және орыс тіліне аударылған шығармалардағы антропонимдерді жан-жақты қарастырған. Оларды лексика-семантикалық топтарға бөліп, құрылымдық ерекшеліктеріне тоқталады. Мысалы, В.И. Супрун антропонимдердің вокативті қолданысында қарастырып, антропонимдердің вокативті тұрпаттаңдаудағы этномәдени-тарихи дәстүрдің экстралингвистикалық фактор ретінде қызмет атқаратынын анықтаған [131].

С.М. Толстая халық календары терминологиясында кездесетін антропонимдердің орын алуына шіркеу практикасы мен діни идеологияның ықпалы тигенін сөз етеді [132]. А.Б. Лиджиев қала мен ауылдағы жасөспірімдер арасындағы лақап аттың лексика-семантикалық классификациясы негізінде айырмашылықтарын анықтаған [133]. М.Э. Рут антропонимдердің құрылымдық типтерін қарастыру арқылы онимнің семантикасын айқындаған [134].

Қазақ тіл білімінде ономастика саласы кенже десек те, антропонимдердің қыр-сырларын анықтаған көптеген ғалымдарды атауымызға болады, оның үстіне антропонимдер ономастикалық кеңістіктің өзегін құрайды, сол себептен де олар өзектен тыс жатқан онимдерге қарағанда мейлінше зерттелген. Қазақ антропонимдерін профессор Т. Жанұзақ жан-жақты зерттеп, олардың лексика - семантикалық классификациясын, құрылымдық типтерін анықтаған, сонымен бірге ат беру бойынша өз концепциясын ұсынған. О. Сұлтаньяев кісі есімдерінің топоним қалыптасуындағы рөлін анықтаған.

Академик Ә. Қайдар: «...қазаққа тән жалқы есімдерді дәуірлеу принципі тұрғысынан үлкен үш топқа бөліп қарауға болады деп есептейміз. Олар: 1) көне ескерткіштер мен фольклор бұлақтарында ғана кездесетін байырғы есімдер тобы; 2) заман үрдісіне сай іріктеліп, бірқатары

мәні күңгірттеніп, архаизмге айналған, бірқатары әлі қолданыста жүрген жалқы есімдер тобы; 3) жаңа үрдіске сәйкес жаңғырған, активтенген жаңа есімдер тобы. ... қазақ антропонимиясы мәселелерін арнайы зерттеуші ғалымдар арқа сүйер бұлақтарға сәйкес көне дәуір есімдерін «қазақ» деуден гөрі «түркі есімдері» деп атауды жөн көріп, оларды VIII-XVIII ғғ. аралығындағы үш дәуірге бөліп қарайды», – деп атап көрсеткен. Сонымен бірге академик бірінші топтың өзін үш топшаға бөліп талдаған: 1) жабайы аң, құс, мал, өсімдік т.б. аспан әлемі, табиғат құбылыстарының т.б. атауларымен аталғандығы (мыс., Айкүн, Айтолды, Алыпқара, ...); 2) әлеуметтік, қоғамдық, адам сипатына тән абстракті ұғым атауларымен, көне дәстүрмен (мыс., Бұдун, Күлтегін, ..., Озмыш, ... т.б.) аталуы; 3) адам есімдеріне араб, парсы т.б. шеттіл элементтерінің араласа бастауы (мыс., Зұлпықар, Исрапыл, Исхак, Сәлім, Хұсайын т.б.).

Жалқы есімдердің бір тобы (негізінен анықталушы компоненті) хан, бек, би, бай, қожа, молда, бегім, қажығали, жан, төре ... мырза т.б. осы сияқты сөздердің қатысуымен жасалып (мыс., Айтқожа, Айшабегім, ...т.б.), замана талабына, рухани даму үрдісіне байланысты бір кездегі қолданыс ауқымы мен жиілігін жоғалтып, жаңа есім ретінде мүлдем қолданылмайтын, не сирек қолданылатын есімдер тобына айналып отыр [135].

Дегенмен, қазақ тіл білімінде шығармаларда кездесетін антропонимдердің зерттелуі бойынша саусақпен санарлық еңбектерді атауға болады. Біздің зерттеу нысанымызға алып отырған «Диуани хикмет» шығармасындағы антропонимдер бірнеше мақалаларда қарастырылғанымен, арнайы кешенді зерттеу нысанына айналмаған.

Тіл білімінде антропонимдерді лексика-семантикалық таптастырудың бірнеше типтері қалыптасқан. Мысалы, В.А. Никонов кісі аттарын үш топқа бөлген [7]:

- а) анықтамалы есімдер (дескриптивтер);
- ә) тілек есімдер (дезидеративтер);
- б) арнау есімдер (меморативтер).

Мұндағы әр топ бірнеше топшалардан тұруы мүмкін. Қазақ антропонимдерін зерттеп жүрген ғалым Т. Жанұзақ В.А. Никонов классификациясы негізінде есімдердің төртінші тобын – мәдени-тарихи немесе әлеуметтік, негізінен діни наным-сенімдерге, тотем, табу және қазақ халқының мәдени дәстүрлеріне байланысты есімдерді бөлу арқылы қазақ кісі аттарының толық лексика-семантикалық таптастырылуын жасады [136].

А.В.Суперанскаяның классификациясы кез келген халық тілінде адам, оның денесі, туыстық қатынас, табиғат құбылыстары, материалды мәдениетті білдіретін лексемалар бар деген В.Г. Богораз-Тан тұжырымына сүйенеді [137].

Орта ғасырда өмір сүрген ғұлама ақын, сол дәуірдің философы Қожа Ахмет Ясауи «Дәптер сәни» («Диуани хикмет») деп атаған шығармасында кісі есімдерін мейлінше пайдаланған. Мәселен: *Баязит, Ғаман, Шайық Шәблі, Хасен Басри* т.б. Бұл антропонимдердің көбі мұсылман қауымға сол кездің өзінде кеңінен таралған ислам дінін уағыздаған шайық есімдері болса, екіншісі – шығарма кейіпкерлерінің есімі, үшінші топ – халиф, пайғамбарлар, олардың жақындарының ныспылары. Шығармада қолданылған антропонимдерден *Қожа Ахмет Ясауи* есімі ерекше орын алады, себебі тарихи ескерткіш дидактикалық мәнде, автор атынан жазылған, яғни басты кейіпкер – Қожа Ахмет Ясауидың өзі.

Сонымен, біз қарастырған материал негізінде антропонимдерді келесі лексика-семантикалық топтарға бөліп қарастырғанды жөн көрдік:

а) шығарманың басты кейіпкері (автор): *Ахмет, Қожа Ахмет, Құл Қожа Ахмет, Міскін Ахмет, Шайыр Ахмет, Әзіреті Сұлтан*;

ә) тарихи тұлғалар: *Баязит*;

б) Құран-кәрімнен алынған антропонимдер: *Айыб, Мұса, Сүлеймен* т.б.;

в) әдеби кейіпкерлер: *Зылиха, Ләйлі, Мәжнүн, Фархад, Шырын*;

г) дін жолын ұстанған шайықтар: *Зүннүн Мысри, Шәблі, Шайық Мансұр, Хасен Басри* т.б.

ғ) пайғамбарлар есімдері: *Зәкария, Айыб, Мұхаммед* т.б.

Біз осы зерттеуде кейбір кеңінен тарала қоймаған, қазақ қауымына кеңінен танымал емес антропонимдерге түсініктеме бергенді жөн санадық: *Зүннүн Мысри* [толық аты: *Әбу-л-Файз Саубан бин Ибраһим Зүннүн Мысри (796-859)*] – сопылық ілімнің негізін қалаушылардың бірі. Мансұр әл-Халаждың ұстазы, пірі. Ахмимде (Жоғарғы Мысыр) нубиялық отбасында дүниеге келген [86].


Биләл – эфиоптық тайпадан шыққан тұңғыш мұсылмандардың бірі. Ол – Мұхаммед (ғ.с.) пайғамбар ислам дінін уағыздаған кезде жаңа дінді алғаш қабылдағандардың бірі. Мұсылман халықтары Біләлді дін жолындағы тақуа және алғаш азан айтушы – муазин ретінде таниды.

Зәкария – пайғамбар, Құранда аты аталады. Діни аңыздар бойынша, жасы тоқсанға таяса да, өз кіндігінен перзент көрмейді. Алладан бала тілеп жалбарынады. Жәбірейіл періште ұлды болатынын жеткізеді. Көп ұзамай Алла Тағала оған ақылды да алғыр бір баланы – Жақияны береді. *Мансұр / Мансұр әл-Халаж* – 858 ж. Иранның Фарс өлкесінде дүниеге келген. Аңызға қарағанда, оның арғы тегі Мұхаммед пайғамбардың сахабаларына барып тіреледі. Жастайынан Құран сүрелеріне үңілген, оқымысты сопы болған. Жиырма жасында Басраға, сонан соң Бағдатқа келіп оқиды. Әйгілі сопылармен бірге жүреді, әрі Бағдатта 20 жылдай тарикат жолын ұстайды. *әл-Халаж* – сопының лақап аты, арабша «мақта тазалаушы» деген мағынада. Оның «Китаб ат-тауамин» атты туындысы, өлеңдер жинағы сақталған және шәкірттері арқылы сопылық ұғымға байланысты біраз сөздері жеткен.

Хашим (һашим) – хазірет Мұхаммедтің (с.э.с) арғы атасы. Арабтың құрайыш руынан тараған Пайғамбар әулетінің бәрі де *Хашимді* өздерінің бабасы деп санайды.

«Диуани хикмет» шығармасындағы антропонимдерді кесте түрінде төмендегідей толығырақ көрсетуге болады:

Кесте 6 – «Диуани хикмет» шығармасындағы антропонимдер



Біз кестеде көрсетілген антропонимдерден басқа шығармада халифтердің, пайғамбардың псевдонимі, сонымен қоса қазақ тіліне аударылған варианттарында дублеттерді байқаймыз. Шығарманың бір жерінде Ғали/Әли деп берілсе, екінші жерінде халифтің псевдонимі қоса берілген. Әлиді Шер деп те атаған парсы тілінен аудармасы «арыстан» дегенді білдіреді. Пайғамбар Мұхаммедтің есімі көп жерде Мұстапа деген псевдониммен алмастырылып берілген. Шығармада көрсетілгеніндей, Ахмет Ясауидың ұстазы саналған Арыстан Бапты Хазірет Таба деп берген. Сонымен қоса, біздің ойымызша, Қ.А. Ясауи шәкірттері қосқан жерінде автордың есімі Әзіреті Сұлтан деп беріледі. Мұнда, біріншіден, ұстазға деген құрмет болса, екіншіден, автордың шығу тегіне мензейтін сияқты. Себебі Қ.А. Ясауи VIII ғ. өмі сүрген, алғаш ислам дінін қазіргі Қазақстан территориясына алып келушілердің бірі, Әзірет әлінің әулетінен шыққан Ысқақ Баптың он үшінші ұрпағы. Ысқақ Баптың қабірі қазіргі Созақ ауданындағы Жартытөбе ауылында (Ескі Баба Ата қалашығы). Біз анықтама берген Зүннүн Мысри есімінің де ерекшелігі – автор аллонимді қолданған, яғни сопылық ілімінің негізін қалаушылардың бірі Зүннүн Мысри деп толық емес атын алған. Шығармада депроприатив те орын алған, яғни трансонимдену нәтижесі: мұнда топонимге жұрнақ жалғану арқылы антропонимнің қалыптасуы. Мысалы, Мысри, Ясауи т.б.

Қ.А. Ясауидың «Диуани хикмет» шығармасы қай жағынан алып қарасак та, антропонимдер, теонимдер, топонимдер, яғни ономастикалық зерттеулер үшін маңызы зор ескерткіш болып табылады. Сонымен қоса, Қ.А.Ясауидың «Мират ул-Кулуб», «Пақырнама» деген шығармалары белгілі. Орта ғасырда өмір сүрген шайықтың шығармалары әлі де зерттеуді талап ететін құндылығымен ғалымдардың қызығушылығын арттыра түседі.

Кесте 7 – «Диуани хикмет» антропонимдердің статистикасы:

№	антропонимдер	Қолдану жиілігі	№	антропонимдер	Қолдану жиілігі
1	Мұса	3	17	Әбутәліб	2
2	Айыб	1	18	Біләл	1
3	Сүлеймен	1	19	Зүннүн Мысри	1
4	Зәкария	1	20	Мансұр	2
5	Әмина	2	21	Шәблі	3
6	Ғабдолла	1	22	Хазіреті Сұлтан	1
7	Һашим	1	23	Ахмет	101
8	Хадиша	5	24	Қожа Ахмет	79
9	Ғабдүл-мүтәліб	1	25	Құл Қожа Ахмет	66
10	Әбубәкір	9	26	Міскін Ахмет	1
11	Омар	8	27	Рүстем	1
12	Оспан	9	28	Шырын	1
13	Ғали	10	29	Мәжнүн	3
14	Зылиха	1	30	Қарун	1
15	Фархад	1	31	Әман	2
16	Мұхамеди	1			

б) теонимдер:

Кез келген шығарманың ономастикалық кеңістігін зерттегенде сол кездегі тілдік жағдаятты, сол дәуірдің әлеуметтік жағдайын ескеру керек.

X-XIV ғғ. түркі жазба тарихи поэтикалық ескерткіштері – көне түркі мәдениетінің элементтері сақталған, дегенмен ислами діни көзқарастың дәуірлеп тұрған шағында дүниеге келген шығармалар. Бұл дегеніміз көшпелі және жартылай көшпелі халықтың, сонымен

катар қолөнер мен сауданың өркендеп тұрған кезеңі. Ислами діни-шариғат жолдарын дидактикалық мақсатта поэзия нақышымен түркі халқына жеткізу, Аллаға деген сүйіспеншілігін арттыру ойымен дүниеге келтірілген туындылар қатарына Ж. Баласағұнның «Құтты білігі», А. Ясауидың «Диуани хикметі», А. Йүгінекидің «Ақиқат сыйы», Хорезмидің «Мұхаббат-намесі» т.б. атауға болады.

Жер шарында қаншама халық, тіл, рухани және материалды мәдениеті дамыған болса, соншалықты жалқы есімдер де әркілы болып келеді. Сол сияқты сакралды, рухани дүниелерге байланысты жалқы есімдер де әр кезеңге сай әртүрлі. Дінді қабылдау да тілге ықпал ететіні белгілі, яғни көптеген антропонимдер мен теонимдердің тілге енуі дегенді білдіреді.


Жоғарыда аталған шығармалардағы біздің зерттеу нысанымызға алынып отырған Тәңір, Алла, Құдай ұғымдары ТМД мұсылман қауымы үшін бір, себебі олардың тарихи даму кезеңдері мен идеологиясы бір. Дегенмен бүкіл мұсылман қауымына жоғарыда келтірілген ұғымдар бір дүние болып табылады деп айта алмаймыз, себебі Тәңір сөзі түркі халықтарына тән. Исламға дейін көне түркі халықтары аспан әлеміндегі күшке табынған, осыған байланысты М.А. Сейдов: «...тангры және хан түркі негіздерінен жасалған, яғни «аспан билеушісі» деген мағынан білдіреді дейді [138]. Ал Алла араб тілінен, Құдай – иран тілінен енген, яғни «жаратушы, ие» мағынасында қолданылады.

Қазіргі кезде мәдениетіміздің дамыған, яғни рухани және материалды құндылықтардың өзіне тән тарихи кезеңдерінен өткен кезде *Тәңір, Алла, Құдай* ұғымдары бір мағынада қолданылады.

А. Ясауи «Диуани хикметінде» *Тәңір, Алла, Құдай* сөздерімен қоса, «Жаратушы» ұғымын білдіретін, халықтың аялық біліміне қарай қабылданылатын, яғни терең ислами діни-шариғат жолына түскендерге ғана белгілі теңеу сөздерді қолданған.

Мәселен: *Ғафар, Жабар, Иаздан, Изат, Ламақан, Уаһһаб, Паруардигар, Сатар, Самад, Хайй.*

Кесте арқылы орналасуын көрсететін болсақ, «жаратушы» ұғым өзегінде Тәңір, Алла, Құдай сөздері тұрса, шектік кеңістікте жоғарыда аталған теңеулер орналасады:



4 Сурет – «Жаратушы» ұғымының өзектік-шектік қатынасы

Мұндағы: Ғафар – а., Құдайдың эпитеті; Жабар – а., Алланың сипаты; Иаздан – п., Құдайдың аты, «игілік тәңірісі» дегенді білдіреді; Изат – а., «Жаратушы, ие»; Ламакан – а., «Мекенсіз, үйі жоқ, орны жоқ», Алланың теңеуі, жасаған Құдай; Уаһһаб – а., «жомарт, кең, қолы ашық», Құдайдың теңеуі; Паруардигар – п., «Жаратушы, Хак, Құдай»; Сатар – а., Құдайдың теңеуі, «жаратушы, қамқоршы»; Самад – а., «мәңгі, мәңгі өшпейтін Алла. Жаратушы; Хайй – а., «тірі, өмір сүруші, мәңгі тірі, өлмейтін», Алланың теңеуі. Мысалы, мәтін ішінде мына жолдармен берілген:

Жол беруші рахман рахим Ғафар-Сатар.


Қолым жайып дұға қылам, уа, Жаббар,

Не қылсаң да ғашық қылғыл, пәруардігар.

Дидар көрсем, жолын берсе Ізім Уахап,

Дариссалам сарайына кіргім келер.

Бұл теңеулер *Тәңір, Алла, Құдай* бейнесін ашып көрсету үшін қолданылған деген ой туындайды, себебі осы теңеулер арқылы игілік тәңірісі, жаратушы, ие, мекенсіз, яғни барлық жерде бар, жомарт, қолы ашық, қамқоршы, мәңгі өшпейтін, мәңгі тірі деген Алланың образы шығады. Сопылық жолын салған А. Ясауи ислами діни-шариғат жолдарын қарапайым халыққа жеткізу үшін, халықтың санасында Аллаға деген сүйіспеншілігін ояту үшін Құранда берілген теңеулерді өз шығармасында қолданған. Бұл, біріншіден, А. Ясауидың Құранды жатық игерген, дін жолына түскен адам екендігін көрсетсе, екіншіден, аталған теңеулер арқылы Алла образын өлең жолдарында көрсету арқылы аса сөз шебері екендігін байқағады.



5 Сурет – Теонимдер қолданысының сабақтастығы

«Аспан кожасы ретіндегі Тәңірі туралы көзқарас онимистік сенім негізінде туындаған. Көне дәуірде түркілер үшін Тәңірі «жаратушы, сақтаушы, әмірші» мағынасындағы Аспан Құдайы болып саналды. Бұл көне түркі сөзі «tengeri» «аспан, Құдай», яғни жазба көздері Тәңірге сенуде ең ерте діни жүйе ретінде белгіленген. Тәңірге сену ең алдымен Ғұн мемлекетінде орын алған. Ғұндардың көсемі, шаньюй Тәңірдің ұлы ретінде жарияланды. Қытайдың дипломатиялық хаттарының алғашқысында келесі оралымдар сақталған: «Аспан (Тәңірі) тағайындаған ғұнның ұлы шаньюйы». Ары қарай титулы күрделене түскен: «Аспан (Тәңірі) мен Жерден (Йер-су) дүниеге келген, күн мен ай тағайындаған, ғұнның ұлы шаньюйы». Кейіннен бұл дәстүрді көне түркі қағандары да жалғастырып, өздерін Аспан (Тәңірі) ұлы деп атаған» [139].

Халқымыз ең киелі деп аспан денелерін санаған, оларды Тәңірі деп біліп, төбедегі көк Тәңіріне тәуба етіп, астымыздағы қара жерге тағзым еткен. Аллаға жарылқаушы ретінде сиынатын болған.

Бүгінгі заман қазақтары Тәңір мен Алланың арасын ашып жатпайды, екеуін синоним ретінде бір ұғым деп қабылдайды. Биік көктегі Көк Тәңір мен қара жер қасиетті адам баласының санасын сан-саққа жүгіртіп, жаратылыстың құпияларын танып түсіну үшін өршіл философияға талпындырған. Өзінің ерекше бітім болмысымен бізді қоршаған Дүние әлемнің жұмбақ сырлары, сиқырлы күштері, таңғажайып құпиялары Алланың құдіретін тануға алып келеді.

Адам топырақтан жаратылғанымен, Көк Тәңірісінің де перзенті, екеуіне ортақ, сондықтан қара жер күш-қуат берсе, Тәңірі рухтандырған. Жерден жаралған тән қайтадан жерге қайтарылады да, рух биікке – Аспанға ұшып кетеді деп түсінген.

Алла, Құдай, Тәңірі онимдері қазіргі қолданыста прецедентті есімдерге айналған, себебі сонау көне түркі заманынан жаратушы ие бейнесінде Тәңірі онимі

қолданылса, ислам дінін қабылдағаннан бері Алла, Құдай араб-иран онимдері Тәңірі сөзі мен жаратушы ие мәнінде халық жадында сақталып, қатар қалыптасқан. Осы *Алла, Тәңірі, Құдай* сөздерінің халық мәдениетінде қолданысын 5 - сурет арқылы жоғарыда көрсетуге тырыстық, яғни ең алдымен Тәңірі сөзі көне түркі мәдениетінде қолданылып, көне түркі жазба тарихи ескерткіштерінде кездескен, ал *Алла, Құдай* онимдері *Тәңірі* онимімен қатар орта ғасыр мәдениеті, яғни біздің зерттеу нысанамыз ретінде алынып отырған «Диуани хикмет», «Құтты білік», «Ақиқат сыйы», «Мұхаббат-наме» түркі жазба поэтикалық ескерткіштерде, сонымен қоса қазіргі қазақ халқы мәдениетіндегі көркем шығарма, мақал-мәтел, фразеологизмдерде кездесіп, ұрпақ жалғасы ретінде қолданысын тапқан.

X-XIV ғғ. түркі жазба тарихи ескерткіштерде келтірілген мысалдарда Тәңірі, Алла, Құдай онимдері «жаратушы, ырыс беруші, қолдаушы, жалғыздық бір өзіне ғана жарасқан, кешіруші» мәнінде мұсылмандықтың шарттарын, Аллаға сүйіспеншілігін уағыздауда қолданылған.

Қ.А.Ясауидың «Диуани хикмет» ескерткішіндегі теонимдер:

Алла атын айта-айта ашық болдым.
Құдайдан қорқып ынсапқа келгені.
Аллаға бар жаныммен адал болдым,
«Фанафи Алла» мақамына салдым міне.
Ынсап қылып Алла мейірін талғамадым.
Құдай деген хақтан үлес алды достар.
«Алла» дедім, «Ләббай» деп қолымды алды.
Жан мен ділім, ақыл-есім *Алла* деді.
Тәңірге жылап сәжде қыл әр күні кеш.

в) этнонимдер:

Ұлттық сананы антропоэзектік парадигма тұрғысынан зерттеу мәселесі ерекше мәнге ие. Ғалым З.К. Темірғазина бұл жөнінде келесі пікірді білдірген: «Ұлттық құндылықтар жүйесі ретінде мәдениетке және халықтың құндылықтар жүйесінің көрінісі ретінде тілге деген қызығушылықтың

артуына байланысты, сонымен бірге адамзат тарихында өз орнын және әлемдік қауымдастықтағы мәдени аралық және тіл аралық қатынаста өз рөлін анықтауға талпынған этностың ұлттық санасының өсуіне байланысты ХХ ғасырдың соңына қарай онтологоөзектіктің орнына жаңа антропоөзектік парадигма қалыптасты, ол қалыптасқан әдістемелік зерттеулердегідей таным объектісіне емес, таным субъектісі – оның барлық: тұлғалық, ұлттық, әлеуметтік белгілері жиынтығында адамға бағытталған» [140].

«Этноним этникалық сананың сыртқы мазмұнынан көрініс береді, себебі, көптеген ғалымдардың пікірінше, қандай да бір этникалық қауымның құрылғаны туралы оның қауымдық санасы қалыптасқанда ғана айтуға болады. Өзін-өзі тану – этникалық сананың қалыптасуы туралы эксплицитті дәлелі болып табылады, яғни бір халыққа қатысы, бірегейлендірілуі, ұлттық сананың өсуі туралы сөз қозғауға болады деген сөз» [141].

Әлеуметтік терминдер сөздігінде этноним (грек. халық, тайпа) – этникалық қауымдастықтың әртүрлі типтері (этнос, этникалық топ, ру, тайпа, халық, ұлт т.б.), мысалы, қазақ, ағылшын, грек, карел, өзбек жатады [109].

Этноним – кез келген этникалық топ, халық, ру, ұлт атаулары, мысалы, қазақ, ағылшын, орыс, қырғыз т.б. [118].

Біз жиналған материал негізінде тек этнонимдер ғана емес, сонымен бірге генонимдердің де бар екенін анықтадық.

Геноним – рудың, тайпаның, тайпалық одақтың атауы; генонимдер, негізінен, түркі және моңғол халықтарына тән болып келеді. Мысалы, қыпшак, алаша, байбақты, жетіру т.б. [118].

Қ.А. Ясауидың «Диуани хикмет» тарихи ескерткішінде тек бір этноним кездесті, себебі ақын тек Мұхаммед пайғамбарға және оның серіктеріне қатысты ақпаратты бергенде оның тегі араб екенін көрсеткен, яғни бұл жерде бірегейлендіру анық орын алған. Мысалы:

Мұхаммедті білгейсің: заты оның араб дүр,
Тарихаттың жолдары о бастан күллі әдеп дүр.
Әбутәліб Ғалидің атасы дүр,
Араб қауымының ұлығы дүр.

г) библионимдер:

Ғылыми зерттеулерде онимдердің рөлін анықтауда ерекше көңіл бөлінетіні туралы сөз қозғалған. Бұл шығарма атауына да қатысты. Ол өзіндік бір «шағын мәтінді» құрайды, күшті прагматикалық зарядқа ие.

Л.А. Новиковтың пікірі бойынша, әр мәтін, оның түріне қарамастан, бір мезгілде мазмұнға да, мағынаға да ие, ал олар құбылыс ретінде әртүрлі: «мағына – бұл болмыс үзiгi туралы ой, яғни мәтінде айтылғанды түсіндіру; мағына интуитивті біліммен байланысты бірліктерге негізделеді. Олай болғанда, мәтінді ұғыну тек тілдік мағына емес, сонымен бірге санада көрініс беретін тілден тыс болмысты білдіретін бірлікке де негізделеді. Басқаша айтқанда, мәтіннің мазмұндық-мағыналық құрылымы тілдік те, экстралингвистикалық та ақпарат негізінде қалыптасады. Мәтін семантикасының мағыналық шегі – мағынаның коннотативті аспектісі соңғысына ие» [142]. Шығарма атауынан тұтас мәтіннің әлеуметтік-фактілік ақпаратын ашуға болады. Шығарма атауының түрлері, олардың мәтін ерекшелігі, соның ішінде мағыналық қызметі отандық және Ресей лингвист-ғалымдардың еңбектерінде қарастырылған. Шығарма атауы үзіліссіз құрылымды тұтастықтың дискретті бөлігі ретінде өзіне барлық элементтерін жинап алып, «мәтін мазмұнының кілті» емес, шығарманың шифры ретінде қабылданады.

Көркем мәтін атауы, бір жағынан, мәтіннен тыс болмысқа тән жеке ақпаратты бірлік болса, екінші жағынан – мәтіннің формалды құрылуына қатысушы, маңызды мәтін жасаушы элемент болады. Оним күшті позицияда көркем мәтін атауы ретінде қолданыс табады.

ЖЕ атау дайындалған оқырманға арналған көпқабатты мәдени ақпараттың кешені. Реципиенттің назарын аудара

отырып, аталмыш мәтінқұраушы құрал «шығармада берілген бейнелер мен идеяларды ашуда маңызды рөл атқарады. Сонымен бірге шығарма атауы шығарма идеясын күрделі іске асырушы, көркем мәтіннің концептуалдығын қалыптастырады. Шығарма атауы қосымша экспрессияға ие болып, оқырманға әсер ететіндігі де маңызды.

Жазылған уақытын ескерсек, атауынан-ақ дидактикалық шығарма ретінде қандай мақсатпен жазылғаны оқырманға анық болады. Осы атаудың сыртында санадан тыс тұлға – Жаратушы тұрғаны байқалады. Себебі, «Құтты білік», «Ақиқат сыйы», «Диуани хикмет», «Мұхаббатнаме»: Құт беретін/не алатын Жаратушы; Ақиқатты ашатын/жасыратын Жаратушы; шын ғашықтық тек Жаратушыға арналған.

Қ.А. Ясауидың «Диуани хикмет» тарихи ескерткішінде өзінің шығармасын қалай атағаны туралы ақпарат берген, сонымен бірге жазған шығармасының құнды еңбек екеніне көріпкелдікпен қарап, «Диуани хикметін» жәдігер ретінде қалдырған. Мысалы:

Жанды жалдап, қайғы шегіп, қандар жұтып,
Мен «*Дәптер сәни*» сөзін аштым міне.
Нәпсім тыйып Аллаға бет бұрдым міне.

Мен «*Дәптер саниді*» Сізге еттім жәдігер,
Аруағымнан медет тілеп қорғана көр.

Ақын сонымен бірге Құран сүрелерін атап, солар арқылы Аллаға бет бұрғанын, мұсылмандық парызын орындағанынан хабардар еткен. Мәселен:

«*Инна фатханы*» оқып мағына білдім,
Аллаға бар жаныммен адал болдым,
«*Фанафи Алла*» мақамына салдым міне.
«*Таһ*» оқып, көз ілмедім түні бойы,
Кеште намаз, ораза ұстап күні бойы.

ғ) зоонимдер:

Зоонимдерді зерттеу ономастиканың және лексикологияның жалпы теориясы үшін, тілдік қатынас, сөзжасам, уәждеме мәселелерін зерттеу үшін маңызды. Бұл жерде ең маңыздысы – аталу принциптері мен зоонимдердің құрылымын анықтау. Көптеген ғалымдар зоонимдердің екі маңызды қызметін бөліп көрсетеді: атау және вокативті (шақыру). Біз жинаған материал негізінде тек А. Ясауидың «Диуани хикмет» ескерткішіндегі зоонимнің қолданылғанын анықтадық. Мысалы:

Харамдықпен жиған малға қуанбаңыз,
Малдарынды *Қарыш* атты жылан қылар.

Сонымен бірге бұл зооним мифтік болып табылады, себебі күдірет күштің араласуы негізінде арамдықпен жиған мал *Қарыш* атты жыланға айналады.

д) фитонимдер:

Қазіргі лингвистикада тіл, сана және болмыс қатынасын, адамзат нанымындағы тілдің рөлі мен орнын, концептуалды және әлемнің тілдік бейнесінің өзара әрекетіне, әртүрлі тілдерде жалпы және ұлттық ерекшелікке қызығушылық туындауынан атау беру теориясы саласында зерттеулер көбірек жүргізіле бастады, оның басты міндеті болмыс тілдік бірлік формасында қалай көрініс табатыны, сана мен адамның күнделікті тұрмысы «тілдік бірліктердің қалыптасуы мен қоғамның қалыптасуына, олардың семантикалық құрылымына, қызметіне» әсер ететіні жөнінде заңдылықтарды анықтау мен зерттеу болып табылады.

Күрделі және көпқырлы құбылыс ретінде атау беру носеологиясы –госемиотикалық аспектіде шындық болмыс фактілерінің тіл жүйесі мен құрылымының байлығына, тіл иесінің санасында қоғамдық тәжірибесін білдіретін тілдік мағынаға айналады. Әр нақты зат белгілі бір ерекшеліктер (формасы, сапасы, қызметі т.б.) жиынтығына ие болғандықтан, таным актісі нәтижесінде екі түрлі белгіленуі бар.

«Диуани хикмет» ескерткішінде тек бір ғана фитонимді колданылған:

Ол *Туб ағашына* қонғым келер.

Ол Туб ағашты ексе шықпас,

Алла деген ғашық құлдан залал келмес.

Бұл фитонимді колданудың себебі – дінге сеніп, дұрыс жолға түсудің нәтижесі, яғни тек таза адамдар ғана жұмаққа барып, Туб ағашының саясында демалады.

е) хрематонимдер:

Хрематоним – оним түрі; материалды мәдениет заттары атауы, соның ішінде қару–жарак, музыкалық аспап, зергерлік заттар т.б. атаулары.

Күш-қайраты белінде, иман-жады тілінде,

Зұлпықары қолында Құдай шері Ғали дүр.

Асыл алмастан соғылған қылыш «Зұлпықар» деп аталған. Зұлпықар – арабша Зу-л-фикар. Мұнда пайғамбардың күйеу баласы Хазірет Әлі ұстаған Зұлпықар сілтегенде ұзарады деген түсінік бар. Бұл қылыштың шығу тегінде де сиқырлы күш, мифтік діни ұғым бар. Бұған мына жолдар дәлел бола алады:

Жәбірейіл жәннаттан

Алып келген 4 қылыш.

Бірінің аты – Хам-хам,

Бірінің аты – Сәм-сәли.

Бірінің аты – Зұлқыжа,

Бірінің аты – Зұлпықар [143].

2.1.3 «Мұхаббат-наме» ескерткішінің ономастикалық жүйесі

а) топонимдер:

Біздің зерттеу нысаны ретінде алғанымыз Хорезмидің «Мұхаббат-наме» шығармасындағы топонимдер. Жоғарыда берілген кесте бойынша, шығармада кездескен топонимдерді мынадай топтарға бөлуге болады:

ойконим

астионим

агиоэкклезионим

потамоним

пелагоним

• Ойконим – топоним түрі; кез келген елді мекен (ауыл, село, кент, қала) атауы. Мысалы:

Мысыр – Ежелгі Египет; Африканың солтүстік-шығысында Ніл өзені бойында құрылған ертедегі мемлекет. Мысыр жерін адам баласы палеолит дәуірінен мекендей бастаған. Неолит кезеңінен климат өзгеріп, бұрынғы саванналарды құм басып, адамдар Ніл өзені бойына жинала бастады. Б.з.б. 4 мыңжылдық шамасында Ніл өзені бойына жиналған тайпалар (протосемит, бербер, кушит т.б.) өзара араласып, Мысыр халқы қалыптасты [86].

Қой күтуге Мұсаға берер сақпан,

Жүсіпті Мысыр еліне қылар сұлтан.

Ирак – Батыс Азиядағы Араб мемлекеті. VII ғасырдың 30-жылдарында Иракты арабтар жаулап, Үмийа әулеті билеген араб халифатының бір аймағына айналды. Ирак «Ғирақ» сөзінің мағынасы – «Дариялардың жағаларындағы жерлер» [86].

Ирак музыканты сүйкімді үнімен мұнда келсін,

Сефахан әуенімен мына гәзелді айтып берсін.

Рұм, Үрім – шығыс халықтары орта ғасырларда Византияны осылай атаған. Көптеген шығыс халықтарының әдеби-фольклорлық туындыларында рұм өте алыс, ғажайып өлкенің бейнесін елестеткен [86].

Бұрымыңның хош иісі *Рұмға* ескей,

Садақтай қасыңның талшықтары зуннарды тіліп түскей.

Шам – Сирияны арабтар осылай атаған, теңеу ретінде «шариф» сөзі қосылып, көбінесе «Шам шариф» делінеді. Шариф – арабша «құрметті, қадірлі, ұлы мәртебелі» деген мағына береді [86].

Мен *Шамға* аттанған жылы,

Жаяулап біраз сапар шектім.

Кәнан – қазіргі Палестина. Палестина жерін алғашқы адамдар ежелгі палеолит дәуірінен бастап мекендеген. Б.з.б. үш мың жылдықта ханан тайпалары қоныс тепкен. Б.з.б. XII ғасырда Палестина жағалауын филистимдіктер («Палестина» атауы ежелгі еврейше пелиштим – филистимдіктер дегеннен шыққан) басып алған [83].

Нышан бермес, ешкімге мысалыңыз,
Ирак, Рұм, һәм *Кәнан* ішінде.

Ащы сөзің Қырымның балына ұқсар,
Сұлулықтың күні қысқа – гүлге ұқсар.

Сонан соң мені *Шамға* жіберді,
Шамға мен *Византия* арқылы сапар шектім.

Бұл топонимдерде аллоним орын алған, яғни кез келген объект атауының варианты; әртүрлі тілдік жағдайда жалқы есімнің оның құрылымындағы бір элементінің (фонеманың, морфеманың, лексеманың) өзгеруі; аллонимдердің бірнеше түрлері болады: ресми және бейресми, әдеби және диалекті (Ирак/Ғирақ), әдеби және аймақтық, стильдік, транскрипциялық, хронологиялық (Рұм, Үрім / Византия).

• Астионим – ойконимнің бір түрі, қала атауы.

Мысалы: *Иерусалим* (ивр. Йерушалаим, араб. әл-Құдыс) – Жерорта және Өлі теңіздері арасындағы су айрығында 850 биіктікте жатқан көне таяу шығыс қала. Әлемнің ең көне қалаларының бірі – оның жасы жыл. Иерусалим үш діннің – иудаизм, христиандық және исламның орталығы және тарихи, мәдени ескерткіштер, көптеген мәдени орталықтары араласқан [83].

Бізбен бірге келе жатқан қартаң христианин,
Иерусалим мен Мина шіркеуіне.

• Агиоэклезионим – қасиетті есімдерден, агионимдерден қойылған ғимарат атауы. Мұндағы эклезионим – топоним түрі; ғұрыпты өткізу орындары мен кез келген дінге бағыну орындары атауы, соның ішінде мешіт, шіркеу т.б. атаулары.

Мина – әулие ұлы Мина, Египеттен шыққан жауынгер болған және Котуан қаласында Фирмилиан басшылығымен императорлар Диокритиан мен Максимиан тұсында (284-305) қызмет еткен. Христиандар қуғынға түскенде, ол қудалаушыларға қызмет етуден бас тартып, тауға кетеді. Бір күні Котуан облысындағы басты қалада тас Құдайларға арналған мерекеде Мина қалаға таудан түседі. Онда Мина қатыгез қорлыққа душар болады: төрт жауынгер Минаның денесін төрт жаққа керіп, дүрелейді, содан кейін ағашқа асып, темірмен терісін сыпырады, содан кейін шырағдан отымен күйдіреді. Пирра есімді жауынгер қылышпен шауып, денесін отқа лақтырады. Бұл оқиға әртүрлі дереккөздері бойынша, не 296, не 304 жылы орын алған. От өшкеннен кейін христиан дініне құпия түрде сенушілер оның қалдығын таза матаға орап, Александрия қаласына шіркеуге апарады, кейін ол шіркеу Мина деп аталады. Оның атында көптеген шіркеу бар: Египетте, Грецияда, Ресейде, Кипрдің өзінде бірнешеуі бар.

Бұл онимнің қалыптасуында тарихи-әлеуметтік фактор орын алған, яғни жалқы есімнің қалыптасуында қоғамдық-саяси, тарихи-әлеуметтік жағдай себепші болған. Мұнда депрорриатив – трансонимдену нәтижесінде басқа жалқы есімнен жаңа атау қалыптасқан:

агио + экклезионим

Мина – әулие кісі есімі – *Мина* – шіркеу атауы

Бізбен бірге келе жатқан қартаң христианин

Иерусалим мен *Мина шіркеуіне*.

- Пелагоним – океанонимнің түрі, кез келген теңіз немесе оның бөлігінің атауы. Мысалы, Көк теңіз.

Бұл тұста айта кететін жайт, Көк теңіз деп отырғаны – Ніл өзені, олай болса бұл – потамоним. Себебі біз гидродетерминатив бойынша анықтап отырмыз. Бірінші атауда теңіз – географиялық термині болса, екіншісінде – өзен термині қолданылған.

Ніл өзені – Египеттегі өзен. Арабтар Нілді «Құдайдың сыйы» деп атап, негізінен осы өзенді жағалай қоныстанған [86].

Біз бұл тұста полионимияны аңғарамыз, яғни бір нысанның бірнеше атауға ерекшеліктеріне қарай ие болуы. Мысалы: Көк теңіз және Ніл өзені.

- Потамоним – топонимнің түрі; өзеннің атауы
Мұхаббат-наме сөзін мұнда біттім,
Баршасын Сыр жағасында жаздым.

Сыр гидрониміне қатысты ғалымдардың зерттеу негізінде жасаған тұжырымдары бар. Мәселен, өзбек ғалымы Б. Уринбаев мынадай анықтама берген: «Тарихи шығармаларда Сырдария топонимінің мынадай атауларын кездестіруге болады: Яхартес (Яксарт), Дану, Яоша, Хашарт, Хишарт, Хасарт, Санхун, Оби Фарғоны, Оби Хужанд, Нах, аш-Шош, Узган дареси, Банокат дареси, Силис, Сырдария т.б.». Сонымен бірге ол Сырдария гидрониміне қатысты ғалымдардың берген этимологиялық талдауларына тоқталған: «1. Сырдария – сыр (көп, мол, жақсы) + дария (өзен) – иран тілдерінен шығу тегін іздеген; 2. Сырдария - сыр (кең, ауқымды, бастапқы, негізгі, анық) + дария (өзен) – сары түркі сөзімен мағынасын байланыстырады; 3. Сырдария – сыр (бояу) + дария (өзен) – сырлы сөзімен байланыстырады; 4. Сырдария – сыр (күпиялы, күдіретті көз жетпейтін) + дария (өзен) және Қолғансыр атауымен байланыстырады; 5. Сырдария – сыр (сары) + дария (өзен), «яғни сары өзен»; 6. Сырдария - сыр, шыр (жерден, таулы жерде тас арасынан шығатын су) + дария (өзен) т.б. Б.Уринбаев Сырдария атауын этноним атауымен байланыстырып, түркі сөзі дегенге тоқталған [144].

Шығармада автордың шығармашылық санасы бойынша топонимдер нақты бір тұрақты перцептивті және эмоционалды түрге ие болады.

Топонимдерді кеңістікті бейнелеуде шығарма ішінде тірек ретінде бірегейлендіруде келесі критерийлер ескерілген:

- Топонимдердің жиі қолданылуы, мысалы: Шам, Ирак, Рұм.
- Онимнің мәтін ішіндегі орны – топонимнің синергетикасы. Мысалы, Шам, Иракқа жеткей.

• Кей тұсында – поэтологиялық ақпарат беруі. Мәселен, мәтіннің жазылған жері: Мұхаббат-наме сөзін мұнда біттім, Баршасын Сыр жағасында жаздым.

Қашқар – Шығыс Түркістандағы қала атауы, қарахандықтардың мәдени және саяси орталығы санскр. Каш – «нефрит»; гар – «тас немесе тау»

Кашмир – Сүлеймен пайғамбар салдырған түркілердің қаласы. Кашьяпаның көлі, мұнда Кашьяпа тауда жарып тау, суын Индке қосқан мифологиялық батыр.

ә) антропонимдер:

Көркем шығармаларда ономастикалық лексика ерекше орын алады. Кез келген оним шығармада стиль тұрғысынан да, семантика тарапынан да экспрессивті құрал болып табылады. Онимдердің шығарманың тұтастығын құрайтынын парадигматикалық және синтагматикалық дамуынан ғана емес, сонымен қатар аталатын объектілердің барлық шығарма идеясын құрауда, автордың көзқарасын білдіруде қатысуымен анықталады.

Көркем шығармада жалқы есімдер қолданысы әртүрлі болып келеді, яғни бір бірліктен мыңға дейін артуы мүмкін. Қолданыстағы барлық жалқы есім шығарманың ономастикалық кеңістігін құрайды және де оларды разряд түріне қарай жеке-жеке бөліп қарастыруға болады. Жеке бір автор қолданысындағы және бір шығарма көлеміндегі жалқы есімдерді зерттеу ономастикалық құралдарды толық талдаудан басталады. Шығарманың ономастикалық кеңістігін құрайтын жалқы есімдердің денотаттарын анықтау керек, яғни бірнеше оним түрлері анықталады: антропонимдер, топонимдер, мифонимдер т.б.

Біздің зерттеу нысанымызға айналып отырған шығарма жазылу мезгілімен де, авторымен де ерекшеленеді. «Мұхаббат-наме» - XI-XIV ғасырларда түркі тілдес халықтар тілінде туған тамаша жазба ескерткіштерінің бірі. Бұл шығарманың нақты 1353 жылы Сыр бойында жазылғаны туралы шығармада айтылған. XIV ғасырда туған шығарма бізге сол кездегі халықтың тұрмысынан,

салт-дәстүрі мен қоғам өмірінен көптеген дерек береді. Автордың «Мұхаббат-наме» поэтикалық шығармасында қолданған жалқы есімдер халықтың діні мен ділі туралы ғана баяндамайды, сонымен қатар шығарма ішінде қолданысына қарай автордың аялық білімін де көрсетеді.

Шығарма ономастиконы, оның құрамы, жалқы есімдердің мәтін ішінде қолданысы жазушының әдістәсілі, шығарма жанры, жалқы есімдердің эстетикалық маңыздылығымен анықталады.

Жалқы есімдер жазушының сөз саптауы мен байланысынан басқа да өзекті мәселелерді шешеді, яғни олар бір нәрсе жайында «баяндайды», өзіндік көркемдеуіш қызметін атқара отырып, әртүрлі коннотативті мағына береді.

Жазушының көркем шығармасындағы ұлттық-тарихи әлемнің тілдік бейнесін көрсететін ономастикалық фрагменттік құрайтын жалқы есімдер лексика-семантикалық бірліктердің парадигматикалық және синтагматикалық ерекшеліктерінің дамуында маңызды рөл атқарады.

«Мұхаббат-наме» поэтикалық шығармасы – сол кездегі дәстүрге айналған арнау шығармаларының бірі. Ақын-жыршылар атақты хан, бектердің қарамағында жүріп, өздерінің маңдайалды туындыларын жазған. Аталмыш шығарма Мұхаммед Хожа бекке арнап жазылған туынды болғанымен, оның басты тақырыбы – ғашықтық.

Мағына тұрғысынан алғанда объектімен атаудың байланысы ерекше, табиғи байланыс, себебі көне дәуірде қалыптасқан көзқарас бойынша, адам мен оның аты біртұтас құбылыс. Егер жалқы есім мәдени тұрғыда ұзақ өмір сүретін болса, онда ол прагматика деңгейіне түсіп, қолданушының қолданысына қарай қызмет атқарып отырады. Ерекше мағыналы есімдер поэтикалық мәтінде қолданылып, мәтін ішіндегі сөздермен араласып, басқа бағытта даму алады.

«Семантика тұрғысынан толық емес жалқы есімдер сөйленісте өте мағыналы ақпарат береді, себебі коммуникант қолданыста мейлінше ол туралы көп ақпарат

беруге тырысады», – деп жазады В.А. Кухаренко [129]. Көркем шығармада автордың ойынша кейіпкер есімі көркем мәтінің барлық ерекшеліктерін: авторлық модельдылықты, прагматикалық бағытын, мәтінде жалқы есімнің бірнеше рет қолдануы арқылы когезия мен бөлімдерге бөлінуін көрсетеді. Жалқы есім мағынасы көркем мәтінде әркез даму мен өзгерісте болады. Бұл үрдіс бойынша В.А. Никонов үш кезеңін атап көрсеткен: 1) антропонимге дейінгі (апеллятив); 2) ономастикалық (көркем мәтінде түзілетін); 3) ономастикалықтан кейінгі (көркем мәтіннен тыс қолданыста жалпы есімге қайта айналуы) [7].

Шығарма авторы ежелгі Иран шахы Жәмшид, Сүлеймен уәзірі Асаф болса да Мұхаббат-намені бағалай білуге шақырады. Хорезми өз шығармасының басқа да елдерге тарағанын қалап, сол кездегі мәдениет орталықтары – Мысыр-Египет пен Шам-Сирияға жетуін айтады. Сонымен бірге, «Мұхаббат-наменің» авторы кім екендігін де атап көрсетеді.

Шығарманың түгелімен төрт бөлігін байланыстырып отырған маңызды образ – Хорезми, себебі төмендегідей статистикалық талдау жасасақ, Алла есімі – 6 рет, Мұхаммед Хожа бек есімі – 8 рет, «Мұхаббат-наме» атауы – 7 рет, ал Хорезми есімі – 20 рет шығарманың өн бойында кездеседі екен.

Шығармада Мұхаммед Хожа бекті Хорезми жер-көкке сыйғызбай мақтауынан, оның Орда билеушілерінің бірі және Жәнібек ханның туысы екенін біз мәтін ішінен аңғарамыз.

Мұхаммед Хожа бекке мадақ айтып, оның образын жасау үшін Хорезми аңызда белгілі сұлулық символы Жүсіптің есімін, байлық символы Сүлеймен есімін, күштілік символдары Рүстем, Әли есімдерін, жомарттық символы Хатымтай-Атымтай есімін қолдана білген. Мұхаммед Хожа бектің қай рудан екендігі, сонымен қатар Алтын Орда ханы Жәнібектің туысы екендігі шығармада айтылған. Хорезми мадағы бойынша Мұхаммед Хожа бек сипатын жоғарыда аталған есімдер арқылы санамызда қалыптастыруға

болады. Ал оның қаншалықты шындыққа жанасатындығы тарихтан белгілі болар, ал біздің міндетіміз автордың тарихи есімдерді пайдалана біліп, шығарма құрылымын түзуін анықтауда. Мысалы:

Акшам түні көрінді мейрам айы,
Мұхаммед Хожа бек – дәулет құмайы.

Еліміз жансыз тән еді бұрын сенсіз,
Шахтың шахы *Жәнібек ханға* етенесіз.

Бұл жолдардан Мұхаммед Хожаның дәулетті, бақыт құсы басына қонған, асып-тасыған бай екендігін байқаймыз. Мұхаммед Хожа бек есімі шығармада жеті рет қайталанып, бұл образ басқа есімдер арқылы толықтырылып отырады. Мәселен, ақыл-ойдың кемеңгері Платонның, ерлік, күштілік үлгісі Әли мен Рүстемнің, жомарттық бейнесі Атымтайдың, бақыттың шегі Сүлейменнің есімдері қолданылған. Бұған дәлел ретінде төмендегі мысалдарды келтірейік:

Сүлеймендей салтанатты падишасың,
Жүсіптің жүзі мен *Мәсихтің* демі тиген.

Мұхаммед Хожа бек – екінші *Жамшид*,
Жаһанның тілегі, халық ханы.

Мың жылдан соң *Хатымтай* тірілсе егер,
Сенің атыңды естіп, жерді өбер.

Егер сені *Рүстем* десем жарарсың
Қылышыңмен жауларыңды жарарсың.

Мұхаммед Хожа бек Әлидейін
Көп қимыл қылар майдан ішінде.

Мұхаммед Хожа бек образын толықтырушы бұл есімдер автордың аялық білімінен де оқырманды хабардар етеді, себебі қазіргі кезде прецедентті есімдерге айналған бұл

есімдерді арнау-шығармада қолдану – асқан білімділік пен сөз шеберінің белгісі.

Жоғарыда келтірілген мысалдар арқылы басты образ – Мұхаммед Хожа бекті Сүлеймендей бай, Рүстем мен төртінші халиф - Әлидей батыр, Атымтайдай жомарт деп танымыз. Аталған есімдер қазіргі қазақ тілінде халықтың бай тілінің айнасы ретінде мақал-мәтелдер, фразеологизмдер мен сенімдерде сақталған. Мысалы, Сүлейменнің байлығы:

Жүзігі барда *Сүлеймен*,

Жүзігі жоқта сүмірейген, – мақалында толығымен беріліп тұрса,

Атымтайдай жомарт бол,

Наушарбандай әділ бол, – мақалы мен *Атымтайдай жомарт* фразеологизмі шығармадағы басты мағына – жомарттықты көрсетіп тұр.

Хорезмидің білімді, сөз шебері екендігі шығарманың басында Алладан «Мұхаббат-намені» жазуға рұқсат сұрауынан, соңынан сұлулық пен ғашықтық образдарын дәріптеуінен де байқалады. Шығарма авторға «Мұхаббат-намені» жазуға пәрмен беріп отырған Алланың күдіретін мактаудан басталады:

Масаның қолына ол пышақ берер,

Ол *Намрудтың* миын ағызар.

Желді *Сүлейменнің* пырағы қылар,

Жел жаһанды тым-тырақай қылар.

Қой күтуге *Мұсаға* берер сақпан,

Жүсіпті Мысыр еліне қылар сұлтан.

Аюпты мехнатпен қылар дос-жар,

Тағы да от ішінде *Азар* ұлын асырар (сақтар).

Күнді Исаның басына тәж қылды,

Мұхаммед Мұстафаны көкке көтерді.

Бұл жолдардан Хорезмидің Құранды жатқа білетінін байқаймыз, сонымен қатар істерімен мәлім болған пайғамбарлар мен Аллаға жакқандар/жакпағандар есімі арқылы Алланың күдіреті айтылады.

Автор сұлулық бейнесін беру үшін де онимдерді қолданады:

Көңіл *Шырын* сөзіңе болды *Фархад*,
Көзің *Кашимирдің* сиқыршысына болар ұстаз.
Сөзің шырын, өзің *Хұсраудан* артықсың,
Ләйлә болар сенің сұлулығыңа *Мәжнүн*.

Сүйкімді, нәзіксің, *Жүсіптей* жүзің бар,
Сен сұлулық әлемінің туысың.

Хұсрау, Шырын, Фрахад, Ләйлә, Мәжнүн есімдері Хорезмидің өзіне дейінгі авторлардың шығармаларымен таныс екенін және оның осы образдарды сұлулық пен ғашықтықтың символы ретінде қолдана білгенін көрсетеді.

«Мұхаббат-наме» шығармасының авторы туралы біздің білетініміз тек Хорезми атынан жазылғандығы және шығарма соңына қарай Хорезми-Равани атпен берілуі ғана. Э.Н. Наджиптің пайымдауынша, бұл екі есім де автордың жасырын аты (псевдоним).

«Сұлулықты» мадақтауда нақты өз есімінің өшпейтінін автор төмендегі жолдардан байқатады:

Хорезми жоғалды ғашықтықтың тереңіне,
Бірақ жер жүзінде аты қалды.

Қалай болғанда да, Хорезми өз дәуірінің ең көрнекті ақындарының бірі екені даусыз. Мұны бірнеше жайдан аңғарамыз. Біріншіден, бұрын ысылып, төселмеген ақын бірден «Мұхаббат-наме» сияқты кесек дүниені жасауға бара алмаған болар еді. Екіншіден, Ақ Орданың ірі эмирлерінің бірі – Мұхаммед Хожа бек жұртқа танылмаған, аты көпке әйгілі емес ақынға өзі туралы шығарма жазуды тапсырмаған болар еді, сондай-ақ Хорезми белгісіз ақын болса, Мұхаммед Хожа бек сияқты билеушінің сарайына

жолай да алмас еді. Үшіншіден, Хорезми парсы, қыпшақ-оғыз тілінде алма-кезек, еркін сайрайды [36].

Сонымен, Хорезми өз дәуірінің ақыны ғана емес, білімді ғалым екендігін де аңғарамыз. Шығарманың бас жағында Құдай, пайғамбарлар туралы көп аңыз-әңімелерді білетінін көрсетсе, сонымен бірге өзіне дейінгі ақын-жазушылардың да шығармаларымен таныс екендігін шығармада қолданылған жалқы есімдерден анықтаймыз.

Сонымен, «Мұхаббат-наме» шығармасындағы антропонимдерді келесі топтарға бөлуімізге болады:

а) пайғамбар есімдері:

Желді Сүлейменнің пырағы қылар
Қой күтуге Мұсаға берер сақпан
Күнді Исаның басына тәж қылды,
Мұхаммед Мұстафаны көкке көтерді.
Аюпты мехнатпен қылар дос жар.

ә) патша, бек, уәзір есімдері:

Ол Намрудтың миын ағызар.
Мұхаммед Хожа бек дәулет құмайы.
Шахтың шахы Жәнібек ханға етенесіз.
Маған десең Жәмшид пен Асаф бол.
Басына Баязидтің құлақшынын киетұғын.

б) гұлама, дана есімдері:

Бұ жолға түссе, Апылатон да дәліргей.

в) халиф есімдері:

Мұхаммед Хожа бек Әлидейін.

г) шығарма кейіпкерлері:

Егер сені Рүстем десем, жарарсың
Хұсрауларды шахқа шырын қылды.
Көңіл Шырын сөзіңе болды Фархад.
Бірде Хатым ұялса той үстінде,
Бірде Рүстем жұбанар ұрыс үстінде.

Ләйлә болар сенің сұлулығыңа Мәжнүн.

г) автор есімі:

Бишара Хорезмидің мұраты еді.

Сүйсінсін пендеңіз Хорезми Равани.

Кесте 8 – «Мұхаббат-наме» антропонимдердің статистикасы:

№	антропонимдер	қолдану жиілігі	№	антропонимдер	қолдану жиілігі
1	Хорезми	21	14	Апылатон	2
2	Хорезми Равани	11	15	Иса	4
3	Намруд	4	16	Жәнібек	1
4	Сүлеймен	1	17	Фәрудин	1
5	Мұса	7	18	Әли	1
6	Жүсіп	1	19	Жәмшид	4
7	Аюп	1	20	Хұсрау	2
8	Азар	3/1	21	Шырын	1
9	Хатым/ Хатымтай	2	22	Ләйлә	1
10	Рүстем	2	23	Мәжнүн	1
11	Фархад	1	24	Асаф	1
12	Баязид	1	25	Мұхаммед Хожа	7
13	Мұхаммед	1	26	Мұхаммед Хожа бек	1

б) теонимдер:

Ұлы *Тәңірінің* атын жат қылдым (тәңірге сиынып).

Алла, Хорезми ақынға назарың сал.

Екі бетің қыздырар *Алланың* сүйіктісі жаққан оттай.

Неткен сұлулық! *Алла* күшті ғой!

Құдайға сиынып Көк теңізден өттім, жүзіп.

Хорезми теонимдерді өз атынан, яғни автор атынан сыйыну, жалбарыну мақсатында қолданғанын осы жолдардан аңғара аламыз. Бұл жерде «Жаратушыны» дәріптеуден гөрі сиыну басым.

в) космонимдер:

Хорезми шығармада *Утарид*, *Нафид*, *Муштари*, *Ай* космонимдерін қолданған:

Қанша мәңгі көкте жанса да,

Жазғыш – *Утарид*, сазды – *Нафид*.

Мұндағы *Утарид* – Кіші Шолпан, Арзу, Меркурий. Хорезмидің *Утаридті* «жазғыш» деп атауында өзіндік мәні бар: Меркурий күн жүйесіндегі ең кішкентай ғаламшар. Метафора түрінде оны «аспан жазушысы» деп атайды, стилі керемет жазылған, хат пен жолдаулар жасауда жоғары шеберлікке адамның символы ретінде қолданылады (*munsiy* «жазушы, жазғыш, жазба жүргізуші, хатшы; *dabiyr-e falak* «аспан хатшысы» ~ *dabiyr-e an-jum* «аспан хаттаушысы»). Сонымен бірге көне парсы, бабыл елінің дереккөздерінде Меркурий ғаламшары жазу, ғылым және өнер *Құдайы Тиру* (пехлевия есімі – Тир) байланыстырылған. Мұны Хорезми келесі жолдар арқылы нақтылайды, дегенмен өзінің шығармасын автор жоғары қояды:

Хорезмидің бұ *Мұхаббат-намесін*

Утарид көріп, қаламын қойды алып.

Ал *Нафид* – Шолпан, Зухра, Венера, Сәбит. Мұсылмандардың аңызы бойынша, Зухра – қарапайым әйел болған. Бірақ ол сондай сұлу болған, оған періштелер – Харут пен Марут ғашық болады. Оларды Зухра алдап, керемет сиқырдың сырын біліп алып, аспанға ұшып

барып, жұлдызға айналады; ол мәңгілікке аспанда қалады және аспан сазгері ретінде чангте шебер ойнап, аспанның шырақ хорын сүйемелдейді (араб. Mutrib «сазгер; әнші», парсыша honyagar-I falak «аспан сазгері; әнші және биші).

Сондықтан да Хорезми «сазды – Нафид» деп атаған. Халық Шолпанды «жұлдыз» дейді, дұрысында ол ғаламшар. Көлемі мен массасы жағынан айдан үлкен, ал жерден сәл ғана кішілеу. Шолпан жерден 50 млн шақырымдай қашықтықта орналасқан.

Қазақтардың көшпелі шаруашылық өмірі Шолпан жұлдызының қозғалысы жылдың әр мезгілінде әртүрлі анықталған. Шолпанның жаз кезінде таң алдында шығыстан көрінуіне байланысты «таңшолпан» деп немесе «таң жұлдызы» деп аталған. Осы белгілерін байқаған қазақ халқы Шолпанды «Күннің хабаршысы» деп бағалайды.

Хорезми «Мұхаббат-наме» шығармасында космонимдерді ерекше қызметте пайдалана білген. Ол Мұхаммед Хожа бектің беделін арттыру мақсатында келесі жолдарда Муштари космонимін тиімді қолданған. Сонымен бірге бұл жолдарда космоним мәтін түзуші қызметін атқарған және Хорезми «кейіптендіру» арқылы Муштариді жанды дене, ақыл-ойдың иесі ретінде Мұхаммед Хожа бектің дәулетті көркіне тәуелді етіп көрсете білген.

Дидарың еліңе дәулет белгісі болар,

Көркіңе Муштари болып тұр құл.

Муштари – Есекқырған, Юпитер, Оңай. Юпитер – күн жүйесіндегі ең үлкен ғаламшар, оның күнді айналып өтуі 11.86 жердегі жылға тең келеді, яғни ең ұзақ. Сондықтан да болар, Хорезми ең үлкен және күнді айналып өтуі бойынша ең ұзақ ғаламшарды осы өлең жолдарында қолданған.

Бүгін жоқ сен сияқты Ай көкте сірә.

Ай – күннен кейінгі көзге алдымен шалынатын аспан денелерінің бірі. Халық арасында айға ұзақ қараса, сұлулығын алып қояды деген сенім бар. Түркі халықтары ай сұлулығын қыздың сұлулығына теңеген, сонымен бірге Айсұлу, Айнұр т.б. есімдер бар.

Кесте 9 – Шокжұлдыздардың атауы

№	көне түркі	қазақ тілі	орыс тілі	сирияша
1	Қозы	Токты	Овен	Әміра
2	Үді	Торпақ	Телец	Таура
3	Ерентүз	Егіздер	Близнецы	Тәми
4	Қушық	Шаян	Рак	Саратан
5	Арыстан	Арыс- тан	Лев	Ария
6	Бидай басы	Бикеш	Дева	Шәбалта/ Биталта
7	Өлкі	Таразы	Весы	Масаса
8	Шаян	Бүйі	Скорпион	Акраба
9	Сұрмерген	Мерген	Стрелец	Кәшта/Сәл марабба
10	Ұғылақ	Ешкімүйіз	Козе- рог	Кәзия
11	Көнек	Сукұйғыш	Водолей	Дола
12	Балық	Балықтар	Рыбы	нуна

Кесте 9 – Шокжұлдыздардың атауы – жалғасы

№	арабша	парсыша	латынша	грек	еврей
1	эл-Хамал/ эл-Кәбіш	Бара	Армес	Криос	Тола
2	әс-Сәуір	Гәу	Таурус	Таурос	Шур
3	эл-Джауза	Дүпейкер	Гемини	Дидиму	Тумиян
4	әс-Саратан	Қарзан	Канцер	Карканос	Саратон
5	эл-Әсет	Шір	Лео	Лаон	Ари
6	эл-Әзра/ әс-Сүнбілә	Хұша	Вирго	Парсанас	Батуху
7	эл-Мизан	Таразу/ таразык	Либра	Зугас	Моза ним
8	эл-Ақырап	Қаждұм	Скорпиус	Искарбиус	Акроб
9	эл-Қауыс/ әр-Рәми	Нимәслі	Загит Тармус	Таксавтас	Кишит
10	эл-Джәди	Бахи	Кари/ Корнус	Агукарус	Казид
11	әд-Дәльв	Дәл	Аквариус	Идриус	Дилу
12	эл-Хұт/ эл-Сәмака	Махи	Пишес	Иксиюс	Дуг

Кесте 10 – Ғаламшарлардың атауы

№	Тіл	Ғаламшар						
		Кіші Шолпан	Күн	Ай	Шолпан	Есекқырған	Қызыл жұлдыз	Қоңырқай жұлдыз
1	қазақша	Кіші Шолпан	Күн	Ай	Шолпан	Есекқырған	Қызыл жұлдыз	Қоңырқай жұлдыз
2	санскритше	Бід	Адид	Сәуім	Шарк	Брхсабти	Менкол	Сенсаджар
3	үнді	Будха	Сурья Рави	Чандра	Шукра	Брихас-пати	Мангала	Шани
4	парсыша	Тир	Михр Хуршид	Мах	Зухра	Хормузд/ Бурдзид	Баһрам	Кейван
5	араб	Утарид			Нафид	Муштари	Миррих	Зұхал
6	түркі	Арзу	Иашық	Иалчық		Оңай	Күруд/ Көрүт	Секәнтр
7	орысша	Меркурий	Солнце	Месяц	Венера	Юпитер	Марс	Сатурн

г) этнонимдер:

Хорезми «Мұхаббат-наме» ескерткішінде түрік этнонимімен қатар *Қоңырат* генонимін қолданған:

О, Арыстан жүректі, *Қоңырат* ұрығы,
Кіші жастан ұлықтардың ұлығы.
Қылық қылышын асынып, қара жамылған
сен *түрік* қызы,
Хорезмидің ажалы болуға қалды сенен.

Біз қарастырып отырған басқа да ортағасырлық ақындар сияқты Хорезми *Қоңырат* генонимін өз шығармасын арнаған Мұхаммед Хожа бек туралы қосымша ақпарат беру және оның сол тайпаға қатысын көрсету арқылы бірегейлендіру үшін пайдаланған.

д) библионимдер:

Ортағасырлық ұлы ақындардың бірі – Хорезми де жоғарыда аталған басқа ақындар сияқты өз шығармасының атауын көрсеткен және де ақын осы библионимді қолдану арқылы бірнеше ақпарат беріп отыр:

Ұлы тәңірінің атын жат қылдым (тәңірге сиынып),
Мұхаббат-намені бастадым.
Жаза бастағанымды аяқтауға жеткізгей,
Мұхаббат-наме Мысыр мен Шамға жеткей.
Осы дастарқан басындағыларға айтарым,
Мұхаббат-намені он хат қылдым.
Мұхаммед Хожа бек ті мақтап біттім,
Мұхаббат-намені жазуға кірістім.
Хорезми *Мұхаббат-намені* аяқтай келгенде,
Дүниеге жаңа көктем келді.
Мұхаббат-наме сөзін мұнда біттім,
Баршасын Сыр жағасында жаздым.
[Маған десең] Жәмшид пен Асаф бол,
Мұхаббат-намеге назарың сал.

Яғни шығарманың мұсылмандық отанында жоғары бағалануы, кеңінен таралуы жөніндегі тілек; шығарманың көлемі жөнінде ақпарат беру; шығарманың бөліктері туралы ақпарат беру, яғни алдымен шығарма арналған тұлғаға мадақ айту, содан кейін негізгі бөлімге кірісу; шығарманың аяқталу шағындағы жыл мезгілі туралы ақпарат беру; шығарманың негізгі бөлігі жазылған жер (кеңістік) туралы ақпарат беру; дидактикалық мәнде жазылған шығармаға қаншалықты ұлы тұлға болсаң да көңіл бөлу туралы тілек (бұйрық) білдіру.

е) фитонимдер:

«Мұхаббат-наме» ескерткішінде де тек бір фитоним пайдаланылған:

Нәркес көздің кірпігі жанға қадалар,
Арғаван гүліндей жүзінде күлкі ойнаса.

Арғаван – ашық қызыл гүл ашатын өсімдік, яғни бұл фитонимді қолданудың мәні – теңеу, өсімдік гүлінің түсі қыз шырайын көрсетуге себеп болған.

2.1.4 «Ақиқат сыйы» ескерткішінің ономастикалық жүйесі

а) топонимдер:

А. Йүгінеки ескерткіште өзінің шыққан жерін көрсетуде Йүгінек топонимін қолданған.

Түркістан өңірінде *Жүйнек//Жөйнек* топонимі кездеседі, жергілікті өзбек диаспорасының тілінде *Иөйнак*. Бұл жер – түркіден шыққан философ, ақын Ахмед Йүгінекидің Отаны. Жергілікті диалектідегі жүйек (парсы тілді жүй + ек қазақ тілі аффиксінің бірігуі арқылы жасалған) термині «геометриялық ретпен орналасқан өте ұзын, бірақ терең емес арықтар, суару арналары» мақта, жүгері және бакша өнімдерін суаратын шаруашылықтарда қолданылады. Яғни генетикалық тұрғыдан *Жөйнек//Йгүнеки// Иөйнак* және қазақ тіліндегі жүйе//жүйек парсы тіліндегі джуй лексемасымен жақын деуге болады [145].

Шайырдың жерінің аты *Йүгінек* деп аталады.

Ескерткіште қолданылған бұл топоним екі қызмет атқарып тұр, яғни негізгі мәтін түзуші және адрестік қызметін атауға болады.

ә) антропонимдер:

«Ақиқат сыйы» шығармасындағы антропонимдерді келесі топтарға таптастыруымызға болады:

а) халифтердің лақап аты:

Садық пен Фарух, үшіншісі Зун-нураин.

ә) халифтердің шын аты:

Төртіншісі Әли теңдесі жоқ батыр.

Бұқараға шапағатты, Сәлімнен жұмсақ,

Шариғат жолында Омар сияқты білгір.

Қолы ашықтығы Оспанға тең.

б) би, патша есімі:

Сезімталдығы Айаздың дәл өзінен асады,

Әділеттілігі жөнінен нағыз Наушарбан.

в) ақын (автор) есімі:

Атым шайыр Ахмет, сөзім – өнеге, өсиет

Әдіб Ахмет оның ұлы. Мұның еш шәгі жоқ.

г) ақынның әкесінің аты:

Атасының аты – Махмұд Йүгінеки.

г) шығарма арналған ел билеушінің есімі:

Мәртебелі әмір, ел билеуші және басқарушы Арыслан
Қожа тарханның – оған алланың рақымы, нұры жаусын!

Кесте 11 – «Ақиқат сыйы» антропонимдердін статистикасы:

№	антропонимдер	қолдану жиілігі
1	Зу н-нураин	1
2	Фарух	1
3	Садық	1
4	Әли	1
5	Сәлім	1
6	Омар	1
7	Оспанға	1
8	Айаздың	1
9	Наушарбан	1
10	шайыр Ахмет	1
11	Әдіб Ахмет	1
12	Махмұд Йүгінеки	1
13	Арыслан Қожа тархан	1

б) теонимдер:

А. Йүгінеки ескерткішті Ж. Баласағұн, Қ.А. Ясауи, Хорезми сияқты Аллаға мадақ айту, рұқсат сұраудан бастайды:

Бұл құдіреттің иесі ұлы бір *Құдай*

Өлгендерді тірілту оған оп-оңай.

Уа, *Алла*, кешіруші иемсің, кешір!

Қазаны жаратқан да, беретін де *Құдай*.

Саған реніш, оған қазына берген *Құдай*.

Жоғарыда аталған ортағасырлық тарихи жазба ескерткіштерінде теонимдерді белгілі бір мақсатта қолданған: жаратушыға деген ғашықтықты білдіру, соған арнап мадақ айту, құдірет күш иесі ретінде мойынсұну, бір іс бастау үшін рұқсат алу, сонымен бірге оған анықтама беру, мысалы, кешіруші, жазалаушы, қолдаушы, жал-

ғыз т.б. Бұл жөнінде біз зерттеу жұмысымыздың V тарауында толығырақ тоқталдық.

Алла, Тәңір, Құдай, Жаратушы теонимдерінен басқа исламға дейінгі наным-сеніміне байланысты түркі халықтары, соның ішінде қазақ халқы белгілі бір пір, әулиелерге сиынған, соларды құрмет тұтып, қолдаушы ретінде қабылдаған.

Әулиелер мен бабаларға табынумен байланысты фольклорлық жалқы есімдердің этномәдени семантикасын түсіну және сипаттау үшін, оларды этномәдени типтерге бөлу үшін, біздің ойымызша, Р.М. Мустафинаның әулиелерге жасаған таптастыруына зер салған жөн сияқты. Сонымен Р.М. Мустафина әулиелерді мынадай категорияларға бөлуге болады деп есептейді [146]:

1) образдарды исламның ертедегі тарихымен, алғашқы халифтермен, Мұхаммед пайғамбардың серіктері және мұрагерлерімен, олардың отбасымен байланысты болған әулиелер; бұның қатарына образдары Құрандық салт-дәстүрден алынған әулиелер де жатады;

2) әулиелер ортағасырлық сопылар, олардың серіктері мен ізбасарлары; белгілі бір аймақтарға ғана белгілі, жергілікті имандық династияларға жататын әулие сопылар;

3) генезистері, бабаларға табынумен тығыз байланысты ру және тайпалардың әулие рубасылары;

4) образдары айқын емес, қандай да бір өмір тіршілігі болмаған әулиелер, сол жердің әулие жебеушілері;

5) образдары исламға дейінгі табиғатқа табыну қасиеттерін сақтап қалған әулиелер;

6) кәсіпшілікпен шұғылданудың әулие жебеушілері;

7) жергілікті ақсүйектердің өкілдері, басқарушылар, олардың отбасының өкілдері, олардың жерленген жерлері әйгілі әулиелердің мазарларымен қатар болғандықтан құрметтеліп отырды.

Жиі қолданылатын агиоантропонимдердің бірі – Қыдыр (Қызыр) агиоантропонимі болып табылады. С.А. Қасқабасов Қызыр (Қыдыр) туралы аңыздар түгел ойдан

шығарылған деп есептейді, олар өздеріне өмір, өлім және ата-бабалар аруақтары жөніндегі мұсылманға дейінгі түсініктерді сіңірген [147].

С.А. Қаскабасов: «Қызыр ертегілерінде де батырларды желеп-жебеуші және олар бәлеге ұшыраған кезде қол ұшын беруші ретінде кездеседі. Бұл біздің Қызыр туралы аңыздар қиялға негізделген және аңыздан бірте-бірте ертегіге, кейінірек эпосқа өткен деген пікірімізді тағы да айқындай түседі», – деп атап көрсетеді [147].

Кейбір ертегілер мен эпос мәтіндерінде Әли есімі Әзірет Әлі, Хазірет Ғали, Ғали, Әлі т.б. әртүрлі формаларда келтіріледі. Бата мәтнінде Әбубәкір, Омар, Оспан есімдері қолданылады. Бұл фольклорлық агиоантропонимдер әулиелер аттарына жатады, олардың образдары исламның ертедегі тарихы және Құрандық салт-дәстүрмен байланысты. Агиоантропонимдердің осындай тобына Дәуіт пайғамбар атын да жатқызуға болады, бұл агиоантропонимді, сондай-ақ кәсіпшілік пен қолөнер пірлері-жебеушілерінің аттарына да қосуға болады. Себебі Дәуіттің аты (библиялық Давидтің) Құранда кездеседі және мұсылман пайғамбарының бірі болып саналады. Сонымен қатар Дәуіт барлық темір ұсталарының әулие жебеушісі ретінде құрметтеледі. Бақсы сарыны мәтіндерінде әруақтарды, жын-перілерді, дәу, әулиелерді көмекке шақырғанда Сүлеймен аты аталады:

Су басында Сүлеймен.

Су аяғы пірім Қорқыт,

Балаларды сен қорқыт!

Айда шу бермен, пірім,

Шақырғанда кел, пірім!

Халық нанымы бойынша, Сүлеймен аңдар мен құстардың тілін біледі, солардың патшасы, әміршісі болып табылады [148].

Мақал-мәтелдерде:

1. *Құдайға қарсы болма.*

2. *Талап пендеден, жеткізу Алладан.*

3. *Нағашым бай, қайным бай,*

Жарлы қылар қай *Құдай!*

4. *Құдай* өзі бермейді,
Біреудікін біреуге ауыстырып береді.
5. *Құдай* көгін билесін,
Жеріме менің тимесін.
6. Көп қайда болса, *Құдай* сонда.
7. Бекерден бекер жатқаннан *Тәңірі* безер.

Фразеологизмдерде :

1. *Алла* бағын ашты (дегені болды).
2. *Алла* нәсіп етті (*Құдай* бұйыртты).
3. Жаратқан *Алла* жар болды.
4. *Құдай* айдады (өздігінен келді).
5. *Құдай* алды (о дүниеге әкетті, құрыды).

Көркем шығармаларда:

Жақсылар залымдарды тыя алмай жүр, *Құдайдан* залым корқып, ұялмай жүр. Мінеки, *Құдай* сүйген пейіліміздің Аз берген жақсы *Құдай* жазасына. Жүрерсің көптің бірі боп, Сақтасын сені бір *Құдай*. Артымда қалшы тірі боп, Әлди, әлди, әлди-ай. Жалғыздық деген жақсы ма, жалғыздық деген *Құдайдан* басқа ешкімге жарасып па еді?! *Құдайдан* дұрыс тілесе, Ер еңбегі еш болмас. Тыңдаушыға ұнаса, Айтқан сөзім кем болмас, Ұнамаса жөн болмас. Тамам құлдар құтырып, *Алла* артық жаратқан Арсылан шер болмас.

Қазіргі қазақ тілінде мақал-мәтел, фразеологизм, көркем шығармаларда *Алла*, *Тәңірі*, *Құдай* онимдері мысалдардан көріп тұрғанымыздай, «жарылқаушы да, мүсіркеуші де бір өзі, жалғыздық бір өзіне ғана жарасқан бейне, сонымен бірге тәрбиелік мәнде оған сеніп, талап еткеннің, ерінбей еңбек ететіндердің бағын ашушы» деген ұғымда қолданылған.

X-XIV ғғ. түркі жазба тарихи ескерткіштердегі және қазіргі қазақ тіліндегі *Алла*, *Тәңірі*, *Құдай* онимдері бір ұғымда қолданылып, ұрпак, мәдениет жалғастығының айғағы болып табылады. Бұл, әрине, еш күмән туғызбайтын ақиқат болып табылады.

в) космонимдер:

А. Йүгінеки шығармада Симақ космонимін қолданған: *Симақ* жұлдызынан әрігірек қамқорлық етеді.

Бұл жұлдыз туралы бірнеше пікір қалыптасқан: М.Ө. Ысқақов «Халық календары» атты еңбегінде: «*Балықтар* – латынша *Пишес*, грекше *Иксиус*, еврейше *Дуг*, сирияша *Нуна*, арабша *әт-Хұт* немесе *әл-Самака*, парсыша *Махи*, орысша *Рыбы*», – деп келтіреді [96]. Сонда *әл-Самака* – балықтар шоқжұлдызы.

Б. Сағындықұлы т.б. ғалымдар *Симақ* жұлдызын *Арктур* деп атайды [75]. Біздің пікірімізше, оның бірнеше себептері бар: 1) күннен 110 есе жарық, спектрдің инфрақызыл бөлігін ескергенде *Арктур*дың жарық шашуын 180 күн жарығын құрайды (болометриялық); 2) ғарыш масштабы бойынша жерге жақын орналасқан; 3) *Арктур* қозғалысы, басқа да үлкен жұлдыздарға қарағанда (*Центаврды* есептемегенде) өте үлкен; 4) *Арктур* арабша *Харис-эль-сема* «аспан қорғаушысы».

Сонымен бірге Бикештер шоқжұлдызындағы жұлдыз *Ас-симақ* араб тілінде «өрлеуші, биіктеуші» дегенді білдіреді [96].

Жоғарыда келтірілген пікірлерді ескере отырып, біз А. Йүгінекидің қолданған *Симақ* жұлдызы деп *Арктур* жұлдызын атаған деген пікірге тоқтауды жөн көрдік. Себебі, біріншіден, *Арктур* оңтүстік аудандарда жол нұсқаушы қызметін атқарады, оны жай көзбен бақылауға болады, екіншіден, *Арктур* арабша *Харис-эль-сема* «аспан қорғаушысы» деген мағына береді, яғни қамқорлық етеді. Ал А. Йүгінеки ыспаһсалар, бектерді мадақтауда: «*Симақ* жұлдызынан әрігірек қамқорлық етеді», – дейді.

г) этнонимдер:

А. Йүгінекидің «Ақиқат сыйы» тарихи ескерткішінде тек бір этноним кездесті:

Мұның бәрі араб тілінен ғибрат.

Ақын шығармасының араб тілі негізінде жазылғанын

көрсеткен, яғни ол өз білімін араб тіліндегі материалдар негізінде байытқан, бұл қосымша ақпарат.

ғ) библионимдер:

А.Йүгінеки шығарманың аталуы туралы ақпарат берумен қатар, сол ақпаратты автордың өзі туралы қосымша ақпарат ретінде жеткізген:

Әдіб Ахмет оның ұлы. Мұның еш шегі жоқ.

Кітабының аты – «*Ақиқат сыйы*».

Бүкіл жаратылғанның патшасы – Алланың көмегімен «Ақиқат сыйы» аяқталды.

Яғни мұнда басты назар аударар тұсы – автор. Сонымен бірге Қ.А. Ясауи, Хорезми, Ж. Баласағұн сияқты А. Йүгінеки барлық іс-әрекет, соның ішінде шығарма жазу тек бір Алланың қолдауымен жасалатын іс екенін мойындаған және мұны библионимді қолдану арқылы көрсете білген.

2 – тарау бойынша тұжырым

Ономастика саласында «ономастикалық кеңістік» және «ономастикалық шек» терминдеріне анықтамаларды саралау негізінде, зерттеу нысаны анықталды. Кез келген ономастикалық кеңістік онимдік бірлік түрлерінен, олардың құрылымдық типтерінен, онимдердің қызметінен, прецедентті есімдер мен онимдік бірлік негізіндегі концептілерден құралады, яғни өзектік-шектік қатынастан тұратын тарихи ескерткіштердің ономастикалық кеңістігіне қандай бірліктер жататыны анықталды. Тарихи ескерткіштердің ономастикалық кеңістігі ақиқат және бейақиқат онимдік бірліктерден тұрады, ақиқат онимдерге антропоним, топоним, космоним, этноним, библионим, ороним, гидроним жатса, бейақиқат онимдік бірліктерге мифтік топоним (Ұжмақ, Тозақ, Қабірстан т.б.), мифтік зооним (Қарыш), мифтік фитоним (Туб ағашы, Арғаван) жатады.

«Құтты білік» тарихи ескерткішінің ономастикалық жүйесіндегі топонимдер арқылы берілген кеңістік бейнесін бірегейлендіруде келесі критерийлер тірек ретінде ескерілген. Жиі қолданысы: Шын-Машын, Рұми; онимнің мәтіндегі алатын орны – синергетикасы; поэтонимдік ақпарат (автордың өмірбаяны, мәтіннің жазылған жері т.б.). Ж. Баласағұн басты кейіпкерлер ретінде *әділдік, дәулет, ақыл, қанағат* ұғымдарын «кейіптендіру» негізінде оларға *Күнтуды, Айтолды, Өгдүлміш, Огдұрмыш* деп ат тағып, сюжетті осылардың пікірталасы түрінде өрбіткен. Автор ескерткіште оқырмандардың аялық біліміне (мұсылман ретінде Құран-Кәрімді білу деңгейіне байланысты) негізделіп, кейбір антропонимдерді жасырын (біздің талдауымыз бойынша – сөзжұмбақ түрінде бердік) түрде берген.

Сонымен бірге автордың космонимдерді мәтін түзушілік қызметте қолдана отырып, ғаламшарлардың орналасу тәртібін көрсетіп, басты онимдерге көмекші құрал ретінде, екінші деңгейдегі онимдік бірліктер ретінде пайдалан-

ғаны дәйектелді. Ескерткіште этнонимдердің (яғма, шігіл, ыла т.б.) көп қолданысы – сол кездегі жағдай, этникалық топ туралы ақпарат беруге негізделген болуы керек.

«Диуани хикмет» ескерткішінің ономастикалық жүйесіндегі топонимдер шартты түрде екіге бөліп қарастырылды: ақиқат болмыс атаулары және діни-мифтік атаулар. «Диуани хикмет» шығармасында ақиқат болмыс топонимдер әрі қарай разрядтарға жіктелді: ойконим (Хорасан, Шам, Ғирақ т.б.), астионим (Мекке, Түркістан т.б.), ороним (Тор), ал діни-мифтік атауларды шартты түрде о дүние (Ақырет, Қиямет, Жұмак/Бейіш (Фирдус, Жаддан т.б.), дозақ (Саһар), қыбыла, деп бөліп қарастырылды. Сонымен бірге бұл ескерткіштің ономастикалық кеңістігіне Тор тауы библиоороним енді.

Қарастырылған материал негізінде антропонимдер:

а) шығарманың басты кейіпкері /автор/: *Ахмет, Қожа Ахмет, Құл Қожа Ахмет, Міскін Ахмет, Шайыр Ахмет, Әзіреті Сұлтан*; ә) тарихи тұлғалар: *Баязит*; б) Құран-кәрімнен алынған антропонимдер: *Айыб, Мұса, Сүлеймен* т.б.; в) әдеби кейіпкерлер: *Зылиха, Ләйлі, Мәжнүн, Фархад, Шырын*; г) дін жолын ұстанған шайықтар: *Зүннүн Мысри, Шәблі, Шайық Мансұр, Хасен Басри* т.б.; ғ) пайғамбарлар есімдері: *Зәкария, Айыб, Мұхаммед* т.б. лексика-семантикалық топтарға бөлініп, қарастырылды. Сонымен бірге Ахмет Ясауидың ұстазы саналған *Арыстан Баб Хазірет Таба* және Қ.А. Ясауи шәкірттері қосқан жерінде автордың есімі *Әзіреті Сұлтан* деп берілген.

А. Ясауи «Диуани хикметінде» *Тәңір, Алла, Құдай* сөздерімен қоса, «Жаратушы» ұғымын білдіретін, халықтың аялық біліміне қарай қабылданылатын, яғни терең ислами діни-шариғат жолына түскендерге ғана белгілі теңеу сөздерді қолданған. Мәселен: *Ғафар, Жабар, Иаздан, Изат, Ламакан, Уаһһаб, Паруардигар, Сатар, Самад, Хайй*.

Сонымен қатар тарихи ескерткішінде тек бір этноним кездесті, себебі ақын тек Мұхаммед пайғамбарға және оның серіктеріне қатысты ақпаратты бергенде оның тегі

араб екенін көрсеткен, яғни бұл жерде бірегейлендіру анық орын алған. «Диуани хикмет» ескерткішінде зооним қолданылған. Бұл мифтік зооним, себебі құдірет күштің араласуы негізінде арамдықпен жиған мал Қарыш атты жыланға айналады. Туб ағашы фитонимін қолдануда автор – дінге сеніп, дұрыс жолға түсудің нәтижесі, яғни тек таза адамдар ғана жұмаққа барып, Туб ағашының саясында демалады дегенге мегзейді. Асыл алмастан соғылған қылыш «Зұлпықар» деп аталған. Пайғамбардың күйеу баласы Хазірет Әлі ұстаған Зұлпықар сілтегенде ұзарады деген түсінік бар. Бұл қылыштың шығу тегінде де сиқырлы күш, мифтік діни ұғым бар.

«Мұхаббат-наме» ескерткішінің ономастикалық жүйесіндегі топонимдер ойконим, астионим, агноэкскезионим, агнооойкодомоним, потамоним, пелагоним деп бөліп қарастырылды. Ескерткіштегі антропонимдер пайғамбар есімдері: *Сүлеймен, Мұса, Иса, Мұхаммед Мұстафа, Аюп*; патша, бек, уәзір есімдері: *Намруд, Мұхаммед Хожа бек, Жәнібек хан, Жәмшид, Асаф, Баязид*; ғұлама, дана есімі: *Апылатон*; в) халиф есімі: *Әли*; шығарма кейіпкерлері: *Рүстем, Хұсрау, Шырын, Фархад, Хатым, Ләйлә, Мәжнүн*; автор есімі: *Хорезми, Хорезми-Равани* деп бөлініп, талданды.

Хорезми теонимдерді өз атынан, яғни автор атынан сиыну, жалбарыну мақсатында қолданып, «Жаратушыны» дәріптеуден гөрі оған сиыну басым екендігі анықталды. Автор ескерткіште *Нафид, Утарид, Муштари, Ай* космо-нимдерін екінші деңгейлік онимдік бірлік ретінде бірінші деңгейлік онимдердің бірі библионим («Мұхаббат-наме») мен антропонимді (Мұхаммед Хожа бек) анықтауда тиімді қолданған. Хорезми «Мұхаббат-наме» ескерткішінде түрік этнонимімен қатар қоңырат генонимі кездесті. Шығарманың мұсылмандық отанында жоғары бағалауы, кеңінен таралуы жөніндегі тілек; шығарманың көлемі жөнінде ақпарат беру; шығарманың бөліктері туралы ақпарат беру, яғни алдымен шығарма арналған тұлғаға мадақ айту, содан кейін негізгі бөлімге кірісу; шығарманың

3 ТҮРКІ ЖАЗБА ПОЭТИКАЛЫҚ ЕСКЕРТКІШТЕРІНДЕГІ ОНИМДЕРДІҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ТИПТЕРІ

Жалқы есімдерді құрылымына қарай топтастырудың түркі және славян ономастикаларында бірнеше жолдары қалыптасқан. Т. Жанұзақов жалқы есімдерді (антропонимдер, топонимдер, космонимдер) құрылымына қарай:

а) негізгі; ә) туынды; б) екі компонентті; в) көп компонентті деп бөледі [149, 61б.]. Қазіргі қазақ тілінде кеңінен тараған құрылымға, Т. Жанұзақовтың айтуынша, әртүрлі сөз табының бірігуінен жасалған екі компоненттілер жатады.

О.А. Сұлтаньяев күрделі жалқы есімдерді екі құрылымдық типке бөледі: а) есімдерден жасалған атаулар; ә) етістіктен жасалған атаулар [150, 30].

Атаулардың құрамында түбір сөзді саны жағынан топтастыру компоненттер арасында синтаксистік қатынасын анықтауға мүмкіндік береді. Х.Ф. Искакованың сұрыптауында мұндай талдау кездеседі. Ғалым күрделі жалқы есімдерді анықтаушты және предикативті деп бөледі. Ал анықтаушысы бар құрылымның өзін тәуелдік, сандық және бейімделуші компоненттеріне жіктеген [151, 163-171]. Қазақстан өлкесін зерттеген ғалымдар топонимдерді компонент санына қарай бірнегізді, екінегізді, үшнегізді, төртнегізді атаулар деп топтайды. Зоонимдерді талдаған Т.В. Линко атауларды жай және күрделі сөздерге бөледі [152, 120]. Ғалымның мұндай құрылымдық топтастыруы екі және одан да көп сыңарлы сөздердің қай сөз таптар қатынасынан жасалғанын анықтауға мүмкіндік береді.

Демек, түркі ономастикасында жалқы есімдердің құрылымдық типін анықтауға көп көңіл аударылған. Түркі ономастикасында кеңінен тарағаны бірнегізді және екінегізді атаулар.

Ғалым О.Т. Молчанованың пікірінше: «Түркі тілдерінде топонимдер компоненттері арасында белгілі бір

байланысқа негізделген бірнегізді, екінегізді, үшнегізді, кей жағдайда ғана одан да көпнегізді құрылымнан тұрады», деп есептеген [153]. Ол зерттеу материалы негізінде келесі тұжырымды жасайды: «Күрделі немесе біріккен тұлғалы түркі географиялық атаулардың синтаксистік құрылымы мыналардан тұрады: 1) элементтердің қатынастық құрылымда келуі; 2) сөйленіс мәтінде бар сөздерден басқа сөздерді қолдану мүмкіндігінің болмауы; 3) компонент арасындағы синтаксистік байланыстың әлсіреуінен морфема біріккен жерінде гаплогия, ассимиляция мен диссимиляцияның орын алуы».

Н. Охунов, О. Бозоров сынды ғалымдар түркі тілдер тобына кіретін өзбек және әзірбайжан тілдеріндегі топонимдердің жасалу жолдарын зерттей отырып, олардың екі тілдегі жасалу жолдары бойынша ұқсастықтарын анықтай отырып, келесі пікірге тоқталған: «Жиналған материал негізінде «субъект + қимыл» дегенді білдіретін атау септігінде тұрған зат есімнің (Отучган) және «объект + қимыл» дегенді білдіретін табыс септігінде тұрған зат есімнің (Бедабосган, Олтинтопган) негізінде жасалған атаулар екі тілде де кездескен» [154].

Орыс ғалымдары жалқы есімдердің құрылымына көңіл бөле отырып, оларды бірнеше негіздерге қарай сұрыптайды. Н.В. Подольская жалқы есімдерді талдай отырып, үш негізгі топқа бөлген: 1) бірнегізді атаулар; 2) екінегізді атаулар; 3) туынды [120, 72]. А.В. Суперанская жалқы есімдерді зат есімді атаулар, сын есімді атаулар деп екіге бөлген. Ғалым зат есімді атауларды дара, күрделі, зат есім қызметін атқарушы тіркестер, ал сын есімді атауларды дара, күрделі, адъективті тіркестер деп топтастырған [155, 72]. В.Н. Попова, О.А. Сұлтаньяев жалқы есімдерді келесі құрылымдық типтерге жіктейді [156; 150]:

- 1) аффиксті тип;
- 2) аффиксіз тип;
- 3) сөз тіркестерінен құрылған атау;
- 4) сөздердің бірігуі арқылы құрылған атау.

Барлық ғалымдар жалқы есімдерде көптеп қолданылатын қазақ және орыс тілдеріне тән сөзжасам, құрылымдық типтер мен аффикстерін көрсеткен. Демек, әрбір ономастикалық түрге тән өзіндік сөзжасам элементтері бар және олар бәрі бірдей қолданысқа түспейді.

Жалқы есімдерді құрылымына жіктеу түркі ономастикасында анықтаушы қатынастағы екінегізді атаулардың, ал орыс тілінде аффиксті типтердің басым екендігін жоғарыда келтірілген жалқы есімдерді құрылымына топтастыру тарихына шолу ашып берді.

Ономастикалық кеңістіктің құрылысын және сөзжасам ерекшеліктерін талдау әр онимдердің зерттеуіне біртұтас бөлігі ретінде енеді. Г.А. Агеева топонимдік материалдардың лингвистикалық талдауда сөзжасам аспектілерін зерттеу ең басты құралы ретінде қарастыруды ұсынады [157, 80]. Құрамды белгілеріне сәйкес топтастыру И.П. Литвиннің, А.С. Кривощекова-Гантманның, Г.П. Романованың т.б. еңбектерінде орын алған [158; 159; 160]. И.П. Литвин атауларды құрамына қарай екі компоненттен тұрады дейді: а) жалқы есім; ә) жалпы есім. Ойын қорыта келе, И.П. Литвин жалқы есімді-айқындаушы атау, ал жалпы есімді айқындалушы атау деп атап көрсетіп, толық формасы осы компоненттерден тұратынын айтады.

А.С. Кривощекова-Гантман онимдерді құрамына қарай төрт түрге бөлуді ұсынады [159]:

- 1) жай атау;
- 2) күрделі атау;
- 3) шылаулы атау;
- 4) эллипсисті атау;

Н.Н. Тимерханова микротопонимдерді ерекшеліктеріне қарай төмендегідей топтарға бөледі [160, 79]:

- құрылымдық ерекшеліктеріне қарай бағыныңқы;
- синтаксистік қатынас түріне қарай төлсипатты;
- морфология жағынан басыңқы сөз әрқашанда субстантивті;
- компоненттердің бірігуі жағынан бос;
- компоненттердің құрамына қарай дара.

Р.И. Козлов дифференциатор қалыптасуындағы қолданылған сөзжасам түрлерін көрсеткен [161]:

1. уәждеделмеген туынды белгінің қолданылуы;

2. тілде бар элементтерді қолдануымен, олардың өзін бірнеше топқа бөлген: а) іштей уәждеделген лексика-синтаксистік трансформация; ә) метафоралық семантикалық деривация; б) метонимиялық семантикалық деривация; в) іштей уәждеделмеген; семантика-синтаксистік трансформация;

3. жаңа атау бірлігін қалыптастыру.

Онимдердің жасалуының бірнеше тәсілі бар. Олар: трансонимдену, онимдену, метафора негізінде екіншілік атау.

Барлық ономастикалық разрядтар әркез өзара байланыста болады.

В.И. Супрун өз бірліктерін басқаға беретін күшті разрядтар және өз атау тізімін басқа разрядтар бірлігі арқылы қалыптастыратын әлсіз разрядтар деп бөледі. Антропонимдер үнемі топонимдерге ауысып отырады және, керісінше, топонимдер антропонимдерге ауысып отырады [79].

Трансонимдену – жаңа жалқы есімдерді белгілі атаудың басқа онимдік разрядқа көшу арқылы жасалу жолының түрі. Трансонимдену үдерісі үзіліссіз болып жатады, атау берушілер оған көңіл бөліп жатпауы да мүмкін.

Мысалы, табиғи ауысу: Алматы қаласы → Үлкен / Кіші Алматы өзені; жасанды ауысуы, мысалы: «Көкжиек» ықшамауданы → «Көкжиек» дүкені → «Көкжиек» кафесі.

Бір нысаннан екінші бір нысанға атаудың жеңіл ауысуы кез келген оним түрін зерттегенде, ең алдымен, онимдік бірліктерден жаңа атау жасау болатынын дәлеледейді, тек содан кейін ғана жалпы есімдерге назар аудару керек, себебі жалқы есімдердің жалпы есімдерден қалыптасуы – онимдік қордың толықтырылуының бір жолы ғана. Жалқы есімдерден жалқы есімдердің жасалуы маңызды тәсіл болып саналады.

Біздің зерттеу материалымыз бойынша трансонимде-

нудің бірнеше түрлері кездеседі. Мәселен, 1) агноантропоним – Мина → эклезионим – Мина шіркеуі:

Бізбен бірге келе жатқан картаң – христианин
Иерусалим мен Мина шіркеуіне

2) топоним Басыр → антропоним Басри;

топоним Мысыр → антропоним Мысри;

топоним Йүгінек → антропоним Йүгінеки;

топоним Ясы → антропоним Ясауи;

Орта ғасырларда бірегейлендіруші *и* жұрнағы арқылы белгілі бір тұлғаның белгілі бір елді мекен немесе ру/тайпадан шыққанын көрсететін болған. Мысалы, Мысри, Қашқари, Ясауи, Йүгінеки т.б.:

Міскін Ясауи аруақтарға тағзым етер,

Аруақ жар болса қайта жаралсам *Мұхаммет*.

Адал болып, таза болды *Жанид Шәбли*,

Нәпсісін тыйып қаһар қылды *Хасен Басри*.

Пенделікті қойып, сопылық құрды *Зүнүн Мысри*

3) этноним – хәнән → топоним – Қынған (Палестина);

4) топоним – Рүм + и + қызы → космоним Рүми қызы (Күн);

5) Бір разрядтағы жалқы есімдер сол разрядтағы нысанға қолданылуы, негізінен бұл түрі антропонимдер арасында кеңінен таралған, мысалы, белгілі кісі есімдерінің екінші тұлғаға тағылуы:

а) антропоним – Мұхаммед (пайғамбар) → антропоним – Мұхаммед Хожа бек: *Мұхаммед Хожа бек* – дәулет құмайы.

ә) антропоним – Мұхаммед (пайғамбар) → антропоним – Махмұд Йүгінеки (Ахмед Йүгінекидің әкесінің аты).

Шайырдың жерінің аты *Йүгінек* деп аталады.

Атасының аты – *Махмұд Йүгінеки*.

Трансонимдену тәсілі арқылы жасалған онимдерді депроприатив деп атайды: депроприатив – трансонимдену нәтижесінде басқа жалқы есімдерден қалыптасқан атау.

Онимдену – жалпы есімнің жалқы есімге айналуы және оның атау ретінде қалыптасуы, белгілі бір онимдік разрядқа енуі. Мысалы, шырын (апеллятив) – «тәтті, балдай» →

антропоним – Шырын; эли (апеллятив) – «биік, сұңғак бойлы» → антропоним – Әли, мәжнүн (апеллятив) – «есінен адасқан, ақыл-есі кеміс» → антропоним Мәжнүн т.б.:

Уамық, Ғазра, Фархад, Шырын, Мәжнүн қане,
Қаһарланса жерменен жексен қылар («ДХ»).

Мұхаммед Хожа бек Әли дейін,
Көп қимыл қылар майдан ішінде («МН»).

Әр атау объектілерді атап қоймай, сонымен бірге оны танытады. Атау беруде әртүрлі ажыратқыш белгілер: халықтың наным-сенімі, тәжірибесі, мәдениеті, т.б. уәждік рөл атқарады.

Уәж (мотив) – тілдік құбылыс ретінде бір белгінің атау арқылы көрсететін акті, атау берер алдында қолданылатын ең маңызды сатысы. Уәждену лексикологияның сөз бен ұғымның атау беру кезіндегі байланысын, сонымен қатар, сөздердің уәждену қалпын қарастыратын белгісі [162, 11]. Сонымен, уәж атауда көрсетілген бір заттың ерекшелік белгісі. Ат қоюда өмір шындығы мен тұрмыс тіршілігімен сабақтасып жатқан белгілі бір затты танып-білуде ажыратқыш белгілерді қолдануы жайында Ж.А. Манкеева былай атап көрсеткен: «Қандай да болмасын заттың атауы тек атап қана қоймай, сонымен қатар, оны танытады. Ал тану, я анықтау белгілі бір халықтың тарихи даму жағдайы аясында іске асқандықтан, ол тілдік ұжым өмір сүретін нақты жағдайларға байланысты әртүрлі болады» [163].

Н.В.Подольскаяның анықтауынша, уәждеделген деп кез келген жалқы есімдердің атау берудегі уәжді ашуға мүмкіндік беретін негізі бар, кішкене де болса елең беретін мағынасы бар атауларды айтады. Атаудың уәжі объектіге атау таңдаудағы экстралингвистикалық себептері болып табылады. Ономастикалық материалдың уәжді және уәждеделмеген деп бөлінуі дәстүрлі. Бұл қатынастардың дамуы жайында лингвистикада, сонымен қатар, ономастикада жазылған еңбектер көп. Олар В.Т. Топоров, А.Н. Яценко және т.б. ғалымдардың еңбектерінде бейнеленген [164; 165].

Әртүрлі ұжым бір затты өзінің күнделікті тәжірбие-сінде кездесіп қолданылатын жағынан танылып, оны өзіне таныс құбылыстармен байланыстыратыны белгілі. Яғни ат қоюда (номинацияда) өмір шындығы мен тұрмыс болмысы тіл фактілеріне айналып, халықтың тұрмыс тіршілігі, тәжірбиесі, салт-дәстүрі, наным-сенімі әртүрлі заттар түрінде тілде сөзбен аталып бейнеленеді. Осының негізінде ол затты танып, біліп, оны басқалардан ажыратып танығаннан кейін барып ат қояды. Мұндай ажыратқыш белгілер әртүрлі болуы мүмкін. Мысалы, түрі-түсі, қызметі, көлемі, орналасқан орны, басқа затқа қатысы, т.б. әртүрлі ішкі және сыртқы қасиеттер. Тіл білімінде ол белгілерді уәждер (мотивтер) деп атайды. Уақыт өте келе ол белгілердің көбі өзгеріп, көмескіленіп, әртүрлі тарихи, әлеуметтік, экономикалық жағдайларға байланысты ұмытылуы да мүмкін. Бірақ атау тілде өмір сүре береді [166, 248]. Атаулардың қалыптасуы туралы тұжырымдар лингвистикадан басқа философиялық, логикалық, тарихи, т.б. материалдар негізінде құрылуы тиіс. Ж.А. Манкееваның жоғарыда айтылған атаулардың қалыптасуы жөніндегі пікірі О.Т. Молчанованың зерттеуіндегі жалқы есімдердің қалыптасуына негіз болатын факторларды анықтауымен сабақтасып жатыр [163]. Олар: Тәжірбие. Объектінің өз ерекшелігі, орналасқан жері, т.б. Адам санасында объектінің сапасын, ұсынылатын өнімін көрсету барысында объектінің бейнесі пайда болады.

Жеке және жалпы психология. Атау беру үдерісінде адамдардың жеке және жалпы психологиясының орны ерекше. Қоғамның маңызы. Атаулардың қалыптасып бекітілуіне қоғамның тигізер әсері мол.

Сыртқы жағдай. Сыртқы жағдай атауларға әсерін тигізіп отырады.

А.С. Рамазанова атаулар объектілердің белгілі бір қажеттерімен байланысы бар ма, жоқ па, олардың қоғамдық даму процесімен тығыз байланыстылығын, адамзаттың болмысына қатынасын білдіретін құбылыс екендігін айтқан болатын [167].

Ат қою (номинация) – тіл біліміндегі ең күрделісі және қиыны. Ол адам санасы мен қоршаған заттық құбылыстың байланысын және дүние таным мен ұғымдарды белгілеу жүйесін қарастырады. Екіншілік атау барлық тілдерде, соның ішінде қазақ және орыс тілдерінде тараған күрделі құбылыс.

А.Ф. Журавлеваның анықтамасы бойынша, біріншілік атау - атауы жоқ затқа ат қою акті, ал екіншілік атау – жаңа затқа қолданылып жүрген атауды беру [168, 50]. Екіншілік атау – жаңа атауды тілде бұрыннан қалыптасқан атау арқылы жасайтын тілдік құбылыс. Бұрынырақта қолданған атауды жаңа атау ретінде қолдану механизмін зерттеу екіншілік атаудың көп аспектілі, көп қырлы тілдік құбылыс екендігін көрсетеді. Тілдегі бұрыннан қалыптасқан номинативті бірлікті жаңа семантикалық қызмет атқарушы ретінде қолдану жаңа және бастапқы мағынасының ішкі байланысының болуы мүмкінділігін тудырады. Алайда екіншілік атау бастапқы мағынасынан тәуелсіз болуы да мүмкін. Атау беруші субъект объектінің сипаттарын талдай отырып, басқа да белгілі объектілердің атауларымен байланыстырады. Ол жаңадан ескіге оралады. Олардың ұқсастықтарын белгілей отырып, таныс үйреншіктіге арқа сүйеп, жаңа атау береді. Ұқсастық белгілерін салыстыра отырып, объектінің басқа объектілерден бөлек бір белгісіне тоқталады. Екіншілік атау процесін зерттеу осындай ұқсастық белгілерін іздестіру арқылы іске асады. Ұғымдардың бір-біріне ықпалын белгілеу төмендегідей жасалады:

1) екі объектінің белгілі бір сипатына қарай ұқсастықтары арқылы;

2) екіншілік атау негізіндегі объектілердің ұқсастық белгілері атау ретінде бұрынырақ қолдануы арқылы жасалады.

Тілдік және тілден тысқары элементтердің бір-біріне қатынасын В.Г. Гак бірнеше түрде көрсетеді: 1) бір объект – бір белгі; 2) әр түрлі объект – бір белгісі; 3) әр түрлі объект әр түрлі белгі; 4) бір объект әр түрлі белгі [169, 91].

Л.К. Жаналина В.Г. Гактың классификациясын талдап, әрқайсысына жеке тоқталған. Оның айтуынша, «бір+ белгі әртүрлі объектілері» қатынасында лексика-семантикалық әдіс арқылы онимдердің қалыптасатынын анықтаған [170, 247].

Екіншілік атау үдерісін зерттеу оның сандық және сапалық аспектілерін тереңірек қарастыруды көздейді. Сандық аспекті грамматикалық бірліктердің және семантикалық категориялардың қатысу шегін қарастыратын сұрақтарға тіреледі. Сапалық әкті екіншілік атау механизмін, сонымен қатар парадигматикалық және синтагматикалық факторларды анықтауды зерттеуге тіреледі. Екіншілік атау – екінші ұғымның ықпал ету үдерісі. Мысалы, Іс-Күнтуды жаңа күн (жақсы заман) туды – антропоним.

Жиналған материалдар бойынша екіншілік атауды екіге бөліп қарастыруға болады: 1. Семантикалық екіншілік атау. Сөзжасам - ат қоюдың негізгі элементі. Бірақ сөзжасамнан ат қою үдерісі кең: сөзжасам ат беру қызметін атқарады, ал атау беру тек қана сөзжасам арқылы жасалмайды. Атау беру тілде бар сөздің трансформациялануы немесе лексикалық бірлікті қолдану арқылы жасалады. Бір объекті атауының екінші бір объектіге ауысуы ұқсастықтарымен немесе уәждерінің бірдей болуымен түсіндіріледі. Мысалы: Қызыл қалқан күн. Мұндай ат қою түрін біз семантикалық деп атаймыз, себебі тілдегі бар лексикалық бірліктің семантикалық құрылымын өсіреді. Уәждеделген сөздің дыбыс жамылғышы объектінің атауы болып қолданылады.

Семантикалық екіншілік атауда бірнеше сөз тіркестері анықталды. Оларды мынадай жүйемен көрсетуге болады.

Кесте 12 – Семантикалық екіншілік атаудағы сөз тіркестері

№	Қабылдау аспектілері	Біріншілік атау	Екіншілік атау
1	Токтатуға келмейтін үдеріс (жағымсыз)	Жан алғыш	Әзірейіл
2	Түсі және пішіні	Қызыл қалқан	Күн
3	Бастау орны	Рүми қызы	Күн
4	Сапасы	Құтты білік	шығарма
5	Шындыққа (өмірге) қатысы	Ақиқат сыйы	шығарма
6	Заттық бірлік	Диуани хикмет	шығарма
7	Заттық бірлік	Мұхаббат-наме	шығарма
8	Кісі аты мен шыққан жері	Жүсіп Қинған	антропоним
9	әлеуметтік жағдайы мен кісі аты	Міскін Ясауи	антропоним
10	Жер рельефі мен географиялық термин	Құзорда	топоним

Біз бұл жүйе арқылы сөз тіркестері түріндегі біріншілік атау мен екіншілік атау арасында токтатуға келмейтін (қайтарымсыз, жағымсыз) үдеріс, түс және пішін, бастау орны аспектілері болатынын сөз тіркестерінен анықтадық.

2. Морфологиялық екіншілік атау. Жаңа атаудың белгілі бір аффикстер, біріккен сөздер, сөздердің белгілі бір элементтерінің қысқаруы немесе қосылуы (эпентеза) арқылы жасалуын морфологиялық екіншілік атау дейміз. Мұндай атауды төмендегідей жүйемен көрсетуге болады.

Кесте 13 – Морфологиялық екіншілік атау

№	Жасалу жолдары	Біріншілік атау	Екіншілік атау
1	Жалғау	Ақиқат + сый + ы	библионим
2	Жұрнақ	Йүгінеки (топоним)	антропоним
3	Біріккен сөздер	Айтолды (зат есім + ө.ш. формасындағы етістік)	антропоним
4	Біріккен сөздер	Хорезми-Равани (лақап ат + лақап ат)	псевдоним
5	Жұрнақ	Құт + ты + білік	библионим
6	Біріккен сөздер	Түркі + стан	топоним
7	Жұрнақ	Өгдүл + міш	антропоним
8	Аббревиатура	Ф + А + Р + Ха + Д	антропоним
9	Жұрнақ	Жан + ал + ғыш	теоним
10	Біріккен сөздер	Шах + наме	библионим
11	Эпентеза	Ап(ы)латон	антропоним

Морфологиялық екіншілік атау жалғау, жұрнақ, біріккен сөздер, аббревиатура, эпентеза арқылы қалыптасатынын анықтадық.

Қолданылып жүрген сөздің мағынасында объектінің сипатынан хабар көбірек болса, сол сөзді объектінің атауы ретінде қолдану мүмкіндігі артық. Дайын сөзді объектінің атауы ретінде қолдану уәжін таңдау осымен түсіндіріледі.

А.В.Суперанская өзінің «Общая теория имени собственного» атты монографиясында атау берудің екі түрі қолданылады деп көрсеткен. Біріншісі – объектінің

орнын, атқаратын қызметін көрсетуші нақты атаулар. Екіншісі – аталмыш объектінің атқаратын қызметін жанамалап сілтейтін символдық атаулар [35, 194].

Уәж түрлерін екіге бөлуге болады:

1. Бағалау уәжі. Белгілі бір объектінің атауы оны анықтайтын сипатымен уәжденеді. Уәжді қолдану адамның атау берілетін объектіге қатынасын көрсетеді. Сондықтан атау сөздер өздерінің атаушы қызметін атқарып, жасырын (имплицитті) немесе ашық (эксплицитті) бағасын көрсетеді. Мысалы, Шырын, Сәбит, т.б. Баға беру уәжі объектінің кандай да бір белгісі негізінде қалыптасады.

2. Ономастикалық уәж. Жалқы есім мен жалпы есім арасында бір-біріне ықпал және ауысу болып тұрады. Көп жағдайда жалқы есім мен жалпы есімнен қалыптасқан. Бірақ жалқы есімнің жалқы есімнен қалыптасқан түрлері де кездеседі. Мысалы, топонимдерден қалыптасқан антропонимдер тұлғаның шыққан жерін білдіреді. Мысалы, Баласағұн қаласынан Жүсіп Баласағұн шыққан, Мысыр қаласынан Зүннүн Мысри шыққан, Ясы қаласынан Қ.А. Ясауи шыққан, Йүгінек қаласынан А. Йүгінеки шыққан т.б.

Құрылымы жағынан көне түркі антропонимдерін талдау нәтижесінде сол кездегі антропонимдік жүйе екі компоненті кісі есімнен болған деген тұжырым жасадық, оның бірінші компоненті кісі есімі, ал екінші компоненті негізінен кодификатор, яғни жеке тұлғаны басқалардан жекелеуші қызметін атқарушы, ол ру атауы, титул, отбасылық немесе патронимдік лақап ат немесе кәсіп атауы болуы мүмкін. Егер бұрын кәсіп, қолөнер отбасылық, мұралық тұрпатта болғанын ескерсек, онда кодификатор – кәсіп немесе қолөнер атауы өзінше бір отбасылық лақап ат болғанын мойындау керек.

Сонымен, антропонимнің екінші компоненті өз функциясына қарай қазіргі тегі қызметіне ұқсас деп айтуымызға болады. Жалпы алғанда көне түркі ескерткіштердегі антропонимдер жүйесі титулдардан тұратын көп құрамды антропонимдерден қалыптасқан.

Бұл жазба ескерткіштерінде негізінен есімдері бірнеше сөзден тұратын билік басындағы ауқатты адамдардың есімдері берілгендіктен.

Түркі антропонимиясына аналитикалық және синтетикалық екі негізгі құрылымдық модельдер өнімді болып келетін жеке сөзжасам тәсілі тән [103].

Аналитикалық антропонимдердің қалыптасуы түркі тілдерінде келесіге негізделеді:

а) қарапайым детерминативті анықтауыш тіркестері: Апа Тархан, Адай Қыз т.б.;

ә) анықтауыш – приложение: Арслан Апа «арыстан – үлкен», –Алп Кутлук «батыр – бақытты» т.б.

б) тәуелдік тіркес: Боняк «оның мойны ақ», Бурхан кулы «Будда құлы» т.б.;

в) есімшелі және етістікті тіркестер: Елтұтмыш «ел билеуші», Ель Этмиш «ел жасаушы, құрушы» т.б.

Синтетикалық модельдерге есімді және етістікті сөзжасамдар жатады.

Көне түркі антропонимдерде аффиксті сөзжасамның негізгі тәсілдерін қарастырмас бұрын, оған түбір (аффиксіз) модельді антропоним қандай да бір деңгейде тән екендігін айта кету керек: Барс, Тутук т.б.

1. Көне түркі антропонимиясы үшін есімді сөзжасам моделіне келесі аффикстер тән:

- лык/лук – ие болу аффиксі: Кутлук кут–лук т.б.;

- чи/чы кәсіпті білдіретін сөздер тудырушы аффикс: Бушачи, Башчи т.б.;

- чук/чак диминутив аффиксі: Тайинчак, Иличук т.б.;

- сиз/сыз болымсыз аффиксі: Мұңсыз, Керексиз т.б.

2. Көне түркі антропонимдердегі етістікті модельдерде келесі аффикстер ең өнімді:

- мыш/миш жедел өткен шақ есімшенің жұрнағы: Огдурмиш, Огдюльмиш, Кусямиш т.б.;

- уш/ыш қимылдық атау: Болуш (көмекші), Атыш (атыс) т.б.;

- ық батық Сайық т.б.;

- сын/син үшінші жақтың бұйрық рай: Қинасын, Қайсын т.б.

Зерттеу барысында орта ғасыр түркі жазба поэтикалық ескерткіштеріндегі антропонимдердің келесі құрылымы анықталған: антропонимдік компонент: *Ахмет, Мәжнүн, Жүсіп* т.б.; Антропонимдік компонент немесе антропоформант + аффикс: *Йүгінек + и; Өгдүр + міш* т.б.; Антропонимдік компонент + антропонимдік компонент: *Жәні + бек* т.б.

Морфологиялық немесе аффиксалды тәсіл: антропоформант + и: *Мысри, Йүгінеки, Ясауи, Басри*; антропоформант + мыш/міш: *Огдырмыш, Өгдүлміш*.

Тәуелдік формалы: *Қызыр баба + м; Арыстан баба + м;*

Көптік жалғаулы: *тәжік + тер*

Синтаксистік тәсіл: төлсипатты: *Қызыл қалқан, Қара құс, Жан алғыш* т.б.; комплетивті: *Айтолды, Күнтуды*; предикативті байланыс байқалады.

Графикалық ономоварианттар: күрделі онимнің бірінші бөлігінің түсіп қалуы: *Құл Қожа Ахмет, Құл Ахмет, Қожа Ахмет* т.б.;

- күрделі онимнің екінші бөлігінің түсіп қалуы: *Хатымтай – Хатым*;

- эпентеза: *Аплатон – Апылатон; Евклид – Ұқлидис* т.б.

Эпентеза (грек. epenthesis – үстеме) – дыбыстардың комбинаторлық өзгеруінің бір түрі – түбір сөздің өзіне тән емес, қосымша бір дыбыстың пайда болуы. Эпентеза кірме сөздерді қабылдап алғанда ана тілдің ерекшеліктеріне жатпайтын дыбыс тіркестеріне байланысты пайда болады. Эпентеза көбінесе нормаға түспеген ауызекі тілде жиі айтылады. Мысалы, *Аплатон – Апылатон* т.б. Сонымен бірге кейіпкерді атаудың әртүрлі құрылымдық варианттары кездеседі: есімі мен шыққан тегі: *Күнтуды Елік; Махмұт Йүгінеки; Зүннүн Мысри* т.б.; эскорт сөзден тұратын тұрақты тіркес: *Міскін Ахмет, Әдіб Ахмет, Құл Қожа, шайыр Ахмет, Сыдық дүр* т.б.

3.1 «Құтты білік» ескерткіші онимдерінің құрылымы

Біз аппроксимация тәсілін метафора негізінде екіншілік атаудың бір тәсілі ретінде қолдануды ұсынып отырмыз. Аппроксимация лингвистикалық ұғым ретінде ғылымда қалыптасқанына көп уақыт өте қойған жоқ. Ол математика ғылымынан алынған, онда математикалық нысандарды ұқсас қарапайым нысанмен алмастыруды білдіреді. «Аппроксимация» сөзі латын тілінен *approximate* – «жақындау» дегенді білдіреді. ХХ ғасырдың 90-шы жылдары В.В. Бузаров пен Э.Г. Льнова аппроксимация деп сандық қатынаста ұқсастық тілдік мағынан білдіру үшін ғана емес, сонымен бірге болмыстың кез келген элементі немесе үзігін (зат, нысан, олардың белгілері, қатынасы, бізді қоршаған орта мен бейақиқат әлем) ұқсастырып атау үшін қолдануды ұсынады [171].

Аппроксимация ұқсастық бойынша атау ретінде ең алдымен белгілеудің құрылымдық сипаттау құралдары арқылы жасалады, бұл синтаксистік атауға тән. Аталмыш теорияға сай синтаксистік атау мәтін ішінде қоршаған орта денотатын атау қабілетіне ие болады.

Сонымен, біз жұмысымызда аппроксимация терминін атау жасаудың тәсілі ретінде қолданамыз. Мысалы: Қызыл қалқан, Руми кызы, Жан алғыш т.б. мұнда атау жасаудың бірнеше уәжі туындайды:

1. түсі, пішіні негізгі тірек қызметін атқарады:

Қызыл + қалқан – Күн

↓ ↓
түсі пішіні

Екі компоненті бірігіп, ұқсастық – аппроксимация Күнді сипаттауда екінші атаудың қалыптасуына уәж болды. Мысалы:

Қызыл қалқан найза бойын асқанда
Сарайға кеп, кірді тура жасқанбай.

2. бастама алуы негізгі тірек қызметін атқарады:

Руми + қызы – Күн

↓

↓

ел туыстық термин

Екі компоненті бірігіп, ұқсастық – аппроксимация Күнді сипаттауда екінші атаудың қалыптасуына уәж болды. Мысалы:

*Руми қызы жүзін жерге жасырды,
Бар әлемді зәңгі-түнек басынды.*

*Руми қызы жүзін жерге жасырып,
Жаһан жүзі тұнжырады, басылып.*

Мұндағы екінші компоненттің бірнеше мағынасы бар:

1) қыз бала; 2) қыз, күн; 3) қымбатты, сирек; аз [103].

3. іс-қимыл негізгі тірек қызметін атқарады:

Жан + алғыш – Әзірейіл

↓

↓

апеллятив (рух) іс-әрекет жасаушы

Екі компоненті бірігіп, ұқсастық – аппроксимация Әзірейілді сипаттауда екінші атаудың қалыптасуына уәж болды. Мысалы:

*Жан алғыштың келуіне әзірлен,
Ұзақ жолға дайындалғын қазірден.*

Бір компонентті онимдер: *Алла, Мұстапа, Мұхаммет, Жебірейіл, Тәңір, Расул, Құдай, Пайғамбар, Әзірейіл, Шам, Ғирақ, Қынған, Қозы, Қушық, Арыстан, Уд, Әрәндір, Чадан, Заххақ, Балық, Көнәк, Оғлақ, Афрасийаб, Ыла т.б.* Бір компонентті онимдердің өзін негізгі (жай) және туынды (күрделі) деп бөліп қарастыруымызға болады.

Мысалы:

Тәңірімнің бұйрығынан аспайын (Құтты білік).

Төртіншісі *Әли* теңдесі жоқ батыр.

Екі компонентті онимдер: *Әмір Сейфәддин, Расул хақ, Мұһамед-елші, Зийнатұл умәра, Әнисул Мәлік, Әдәбүл Мүлік, Құт білімі, Бұғдай басы, Мұхаббат-наме, Диуани хикмет, Құтадғу білік, Руми қызы, Жан алғыш, Қара құс, Қызыл қалқан, Күнтуды Елік.*

а) екі компоненті де апеллятив:

«Әдәбұл Мүлік» деп атапты шынлықтар,
«Әнисул Мәлік» деп атапты машынлықтар.

Мұны ұлықтар күллі Шығыс елінде,
«Зийнатұл умәра» – деп таратқан тегінде.

Ирандықтар «Шахнама» деп қараған,
Турандықтар «Құт білімі» санаған.

ә) бірінші компоненті пайғамбар есімі + «лауазымы»:
Мұһамед-елші барша жұрттың басы ол,
Тірі жанның көзі менен қасы ол.

Үш компонентті онимдер: Арыслан қожа тархан,
Тавғаш Қара Бұғра, Жүсіп Хас Хажыб, Алып Тоңға Ер.

а) бірінші компоненті кісі есімі + термин + лауазымдық термин:

Аты: *Жүсіп Хас Хажыб* деп тарады.

ә) біріншісі анықтаушы компонент + антропоним + ер:
Түрік бектері ішінде атын асырған,
Алып Тоңға Ер еді, құты тасыған.

Контаминация (лат. contamination «жанасу, араласу») – екі сөздің (атаудың) кірігуі нәтижесінде қалыптасқан жалқы есімдер. Мысалы, атаконыс Қатынқырған, кісі есімі Қошкелді.

Біз жинаған материалдар бойынша контаминация нәтижесінде қалыптасқан атаулардың бар екендігі анықталды, мәселен, *Айтолды, Күнтуды, Шахнаме* т.б.

Белгілі ономаст-ғалым Т. Жанұзақ: «Қазақ антропонимдерінің жасалуы негізінен тілдік заңдылыққа, оның нормасына сай бағынатынын» айтқеле, «антропонимдердің жасалуындағы өнімді жолдың бірі – екі сөзден біріктіріп жасалған кісі аттары. Мұндай антропонимдік типке тән арқау сөздер көбіне ақ, сары, бай, бек, хан, болат, тас,

жан сияқты компоненттер», – дейді, яғни контаминация арқылы жасалған антропонимдер (бұл терминді қолданбаса да) туралы сөз еткен [11].

Ж. Баласағұн «Құтты білік» шығармасында ойдан шығарған кейіпкер есімін жасауда контаминация тәсілін қолданған. Мысалы: *Айтолды, Күнтуды*

Ай (зат есім) + *тол* (етістік) + *ды* (өткен шақ жұрнағы);

Күн (зат есім) + *ту* (етістік) + *ды* (өткен шақ жұрнағы).

Сонымен бірге ғалым Т. Жанұзақ «антропонимдер топонимдерден, сондай-ақ этнонимдерден де жасалады», – дей отырып, құрамына қарай антропонимдерді «дара тұлғалы; туынды тұлғалы; біріккен тұлғалы антропонимдер», – деп бөліп қарастырған. Туынды тұлғалы антропонимдерді талдай келе, антропонимдік қосымшаларды екі жікке: өлі және тірі жұрнақ деп бөлген. Мысалы: *Ерміш, Жармыш, Тілеміс, Жасамыс, Өтеміс, Малсақ* сияқты антропонимдегілер көне жұрнақ деп талдаған [11]. -*Мыс/-мыш* жұрнақтары Ж. Баласағұнның «Құтты білігіндегі» антропонимдерде де кездеседі. Мысалы, *Одғұрмыш, Өгдүлміш, Көсеміш*:

Аты - *Өгдүлміш*, сүттен таза, асыл зат,

Пейілі – ақ, көркі ақылын асырған.

Одғұрмыш деп аталыпты қанағат,

Уәзірдің жақыны ол жұрағат.

Көсеміш те айтты естіп-білгенін,

Айтолды кім, неге келіп жүргенін.

Т. Жанұзақ біріккен тұлғалы антропонимдердің орын тәртібін талдай отырып: «*Ер Тарғын, Ер Сайын, Ер Төлеген, Ер Қазы* тәрізді тіркес есімдердегі ер компоненті анықтауыш, екінші сыңарлар анықталғыш мүше ретінде сирек жұмсалады», – дейді [11]. Ғалымның бұл пікірімен келісе отырып, «Құтты білік» тарихи ескерткішінде *Алып Тоңға Ер* антропониміндегі *Ер* компоненті – анықталушы компонент болып табылады.

«Біріккен тұлғалы кісі аттары компонентінің бәрі бірдей бастауыш, баяндауыш қызметін атқара бермейді. Компонентінің бірі бастауыш, бірі баяндауыш қызметін атқаратын біріккен тұлғалы кісі аттары санаулы ғана. Мысалы: *Бақберді, Алдаберген, Жылкелді ...*» [11]. Хас Хажыб Жүсіп Баласағұн «Құтты білік» шығармасындағы *Айтолды, Күнтуды* антропонимдеріндегі *Ай, Күн* компоненттері бастауыш болып келсе, *толды, туды* компоненттері баяндауыш қызметінде (императив формасында). Егер бұл антропонимдердің компоненттерін бөліп жазатын болсақ, жалаң жай сөйлем болып шығады.

3.2 «Диуани хикмет» ескерткіші онимдерінің құрылымы

Қ.А.Ясауидың «Диуани хикмет» ескерткішіндегі онимдерді мынадай құрылымдарға бөліп қарастыруға болады: бір компонентті, екі компонентті, үш компонентті.

Бір компонентті онимдер: *Алла, Мұстапа, Мұхаммет, Жебірейіл, Тәңір, Расул, Құдай, Пайғамбар, Әзірейіл, Фардус, Сират, Ысмағұл, Мұса, Ғаси, Жафи, Ахмет, Хорасан, Шам, Ғирақ, Жүсіп, Қынған, Омар, Оспан, Махмұт, Жаббар, Айыб, Закария, Баязит, Сүлеймен, Рахман, Араб, Әминә, Ғашим, Ғали, Хадиша, Сыдық, Қағба, Ғұмар, Сирия, Қарыш, Харун, Ғаман, Шырын, Мәжнүн, Зылиха, Намруд, Мысыр, Азар, Иса, Ұжмақ, Тамұқ.* Бір компонентті онимдердің өзін негізгі (жай) және туынды (күрделі) деп бөліп қарастыруымызға болады.

Мысалы:

Сипаттасам *Ғалишер* алып дүр.

Екі компонентті онимдер: *Арыстан Баб, Қызыр Баба, Қожа Ахмет, Мүңкір-Нәңкүр, Құл Ахмет, Ғафар-Сатар, Міскін Ясауи, Міскін Ахмет, Хазірет Таба, Баба Мәшін, Ахмет Ата, Ферғаун Қарун, Жүсіп Қынған, Шайық Мансұр, Шайық Шәблі, Шайық Баязит, Туб ағашы, Жанид Хасен Басри, Зүнүн Мысри, Тор тауы.*

а) бірінші компоненті кісі есімі + туыстық атау:

Жеті жаста *Арыстан Бабқа* қылдым салам,
Мұстапаның аманатын бер деп маған.

Қайда барсам *Қызыр Бадам* әзір болды,
Рахым етіп шарап берді тойдым міне.

немесе: бірінші компоненті туыстық атау + лақап аты:

Баба Мәшін: «өлдім - деді, уа, Ахметім,
Келе алмасам халайыққа қара бетпін.

немесе екі компоненті де титулдық термин:
Қос қанатын *Хазірет Таба* қомдап ұшар.

ә) екі компоненті де періште есімдері:

Мүңкір-нәнкүр: “раббың кім?” деп сұрақ қылды.

б) бірінші компоненті кісі есімі + тегі:

Адал болып, таза болды *Жанид Шәбли*,
Нәпсісін тыйып қаһар қылды *Хасен Басри*.

в) бірінші компоненті пайғамбар есімі + пайғамбардың лақап аты:

Мұсылмандар өтер шайтан жолына бармай,
Мұхаммет Мұстапа олардың қолын алғай.

г) бірінші компоненті эскорт сөз +кісі есімі:

Міскін Ясауи аруақтарға тағзым етер,
Аруақ жар болса қайта жаралсам *Мұхаммет*.
Міскін Ахмет құлына мұра болған *Мұхаммет*,
Жетім, пақыр, ғарыпқа пана болған *Мұхаммет*.
Қожа Ахмет, өтіндің сен *Оспаннан*,
Жоқ оның шәк-шүбәсі *Оспан* сыпайы дүр.
Шайық Мансұр өзінің басын дарда көрді,
Нұр төгілген хак дидарын сонда көрді.
Шайық Шәблі ғашық болуды білмей өтті,
Шайық Баязит жетпіс рет өзін сатты.

д) бірінші компоненті библионим +географиялық термин:

Мұса сынды *Тор тауында* көріп дидар,
«Раббу унзур илайка» деп айтқым келер.

д) бірінші компоненті титулдық термин + антропоним:

Ферғауын Қарун шайтан сөзін берік тұтты,
Сол себептен жер жарылды, оны жұтты.

е) бірінші компоненті антропоним + топоним:

Бейіш айтар: не дерсің, сөзді білмей айтарсың,
Перғауын Әман сенде дүр, менде Жүсіп Қинған бар.

ж) бірінші компоненті фитоним + ботаникалық термин:

Тарихаттың майданында самғап жүріп,
Ол Туб ағашына қонғым келер.
Ол Туб ағашты ексе шықпас,
Алла деген ғашық құлдан залал келмес.

Үш компонентті онимдер: Құл Қожа Ахмет, Ғаси Жүсіп Бидауа, Әбубәкір Сыдық дүр, Міскін Қожа Ахмет.

а) үш компоненті де антропоним:

Қолдағай да *Ғаси Жүсіп Бидауаны*,
Назым еттім бұл хикаяны білгін, достар.

ә) бірінші компонент кісі есімі + лақап аты + дүр:

Көрген замат иланған *Әбубәкір Сыдық дүр*,
Ұстын болып тірелген *Әбубәкір Сыдық дүр*.

б) бірінші компоненті құл + қожа + кісі есімі:

Қатуланып, *Құл Қожа Ахмет*, жолға кіргіл,
Құлды көрсең құлы боп өмір сүргіл.

*в) бірінші компоненті лауазымдық термин
лауазымдық термин + антропоним:*

Мүнәжат еттім, *Міскін Қожа Ахмет*,

Иә, Алла, бар пендене кыл рахмет.

г) *бірінші компоненті псевдоним + антропоним + дүр:*

Төртіншісі жар болған Құдай шері *Ғали дүр*.

Миғражда да жар болған Құдай шері *Ғали дүр*.

3.3 «Мұхаббат-наме» ескерткіші онимдерінің құрылымы

Хорезмидің «Мұхаббат-наме» ескерткішіндегі онимдерді мынадай құрылымдарға бөліп қарастыруға болады: бір компонентті, екі компонентті, үш компонентті.

Бір компонентті онимдер: *Шырын, Мәжнүн, Зылиха, Намруд, Мысыр, Азар, Иса, Хорезми, Қоңырат, Апылатон, Шам, Мұштар, Хатым, Рүстем, Утарид, Нафид, Рум, Кәнан, Жамшид, Хұсрау, Сыр*. Бір компонентті онимдердің өзін негізгі (жай) және туынды (күрделі) деп бөліп қарастыруымызға болады.

Мысалы:

Егер сені *Рүстем* десем, жарарсын

Хұсрауларды шахка шырын кылды.

Көңіл *Шырын* сөзіне болды *Фархад*.

Бірде *Хатым* ұялса той үстінде.

Бірде *Рүстем* жұбанар ұрыс үстінде.

Ләйлә болар сенін сұлулығына *Мәжнүн*.

Шахтың шахы *Жәнібек* ханға етенесіз.

Екі компонентті онимдер: *Мұхаббат-наме, Шын-Машын, Мұхаммед Хожа, Хорезми-Равани, Мина шіркеуі*.

а) *екі компоненті де топоним:*

Сарайдан жетті дабылың *Шын-Машынға*

Көз қиығын салсаң арыстандар түсер ауға.

ә) *бірінші компоненті жалпы есім + жалпы есімі:*

Ұлы тәңірінің атын жат кылдым (тәңірге сиынын),

Мұхаббат-намені бастадым.

б) *бірінші компоненті кісі есімі + титулдық термин:*

Еліміз жансыз тән еді бұрын сенсіз,
Шахтың шахы *Жәнібек* ханға етенесіз.

в) бірінші компоненті агиоантропоним + экклезионим:

Бізбен бірге келе жатқан қартаң – христианин
Иерусалим мен *Мина* шіркеуіне.

Үш компонентті онимдер: Мұхаммед Хожа бек,
Мұхаммед Хожа шах.

Бірінші компоненті кісі есімі + термин + лауазымдық термин:

Ақшам түні көрінді мейрам айы,
Мұхаммед Хожа бек – дәулет құмайы.

Бір компонентті онимдерде біріккен тұлғалы онимдер кездеседі, мысалы: Шахнаме, Фархад, Жәнібек, Ғалішер т.б. Оларды іштей талдап бөліп қарастыруға болады. Мәселен *шах+наме; Ғалі+шер*. Соңғы мысалда бірінші түбірдің мағынасы – «биік, зор, асқар, жоғары», екінші компоненті – «арыстан» дегенді білдіреді.

Өзбек ғалымы Н. Хусанов Фархад есімінің жасалуы бойынша Навоидың шығармасы негізінде келесі пікірді келтірген: «Фархад» екі муамнан тұрады. Олар Фархад есімінің мағынасын ашады. Бірінші муаманың мағынасын Фархадтың әкесі берген: «*фар*» – жарқыл, ал «*хад*» – тағдыр белгісі. Аударғанда «*фар*» дұрыс аударылған, ал басқа бөліктері (Химмат – жомарттық, икбол – бақыт, давлат – байлық) аудармашының назарынан тыс қалған. Екінші муаманың мағынасын ақынның өзі келтірген:

Екі сөзден артық керек болды оған,

Бес сөз оған негіз болды:

«Фирок» – айырылысу, «Ах» – жан айқайы,

«Рашк» – қызғаныш, ең ауыр қайғылардың түбірі,

«Хаджр» – айырылысу, «Дард» – қайғы уы.

Осы бес сөзді қос, сонда «Фархад» дегенді оқисың
(аударма біздікі – И.С.).» [172].

Сонымен, Н. Хусановтың пікіріне сүйенетін болсақ, Фархад есімі бес сөзден құралған аббревиатура болып шығады.

Аббревиатураларды зерттеудің қажеттілігі жөнінде Д.И. Алексеев атап көрсеткен: «Аббревиатураларды диахронды зерттеу мәселелері, аббревиатуралардың қалыптасуының заңдылықтарын ашу осы күнге дейін өзекті» [173, 2].

Аббревиация атауда толығырақ көрсетілген бүкіл хабарды беруге арналған емес. Аббревиация көрсетілген хабарды жалпылау және оның қысқаруын қарастырады.

Аббревиатураларды жасалу жолдарына қарай топтау Р.И. Могилевскийдің, А.Б. Адилловтың, т.б. еңбектерінде көрсетілген [174; 175]. Мәселен, Р.И. Могилевский аббревиатуралық атауларды үш түрге бөлуді ұсынады [128, 2]:

- 1) әріптік;
- 2) буындық;
- 3) аралас.

«Фархад» есімі аббревиатураның жоғарыда көрсетілген аралас түріне жатады, себебі Н. Хусанов келтірген талдауға жүгінсек, Ф –А –Р –Ха –Д жоғарыда берілген бес сөздің төртіншісінен басқасының бас әріптері, ал төртіншісінен бірінші буыны алынған.

Акынның кейіпкер есімінде соның тағдыры жасырылған, соның негізінде мәтін түзуі, осы аббревиатураны шешу арқылы ары қарайғы оқиға желісін аңғаруға болатындығы, сөз жоқ, шеберлігін танытады.

Бұл жөнінде А.Б. Адиллов былай атап көрсеткен: «Аббревиатуралардың қалыптасуы жеке бір адамның немесе коллективтің қалауы бойынша емес, тілдің ішкі ерекшелігімен, үнемдеумен және экстралингвистикалық, психологиялық, факторлардың ықпалына байланысты» [175, 45].

Аббревиатуралардың өз варианттары бар. Олардың ішкі мағынасы сақталады және оны керек кезінде талдап ашуымызға болады [175; 5].

3.4 «Ақиқат сыйы» ескерткіші онимдерінің құрылымы

А. Йүгінеки «Ақиқат сыйы» ескерткішіндегі онимдерді мынадай құрылымдарға бөліп қарастыруға болады: бір компонентті, екі компонентті, үш компонентті.

Бір компонентті онимдер: *Сәлім, Омар, Оспан, Айаз, Йүгінек, Симақ*. Бір компонентті онимдердің өзін негізгі (жай) және туынды (күрделі) деп бөліп қарастыруымызға болады. Мысалы:

Уа, Алла, кешіруші иемсің, кешір!

Қазаны жаратқан да, беретін де Құдай («Ақиқат сыйы»).

Төртіншісі Әли теңдесі жоқ батыр.

Бұқараға шапағатты, Сәлімнен жұмсақ,

Шариғат жолында Омар сияқты білгір.

Қолы ашықтығы Оспанға тең («Ақиқат сыйы»).

Т. Жанұзақ: «Шет тілден, әсіресе, араб-парсы тілдерінен енген есімдердің фонетикалық жағынан игерілуі әрдайым бірдей емес. Бұл Қазақстанның облыстарында, жергілікті тұрғындардың арасында түрлі варианттар игерілген. Сондықтан да олардың халық тіліндегі формалары әр алуан. Мысалы, *Ғали, Қали, Әли, Әлі; Омар, Ғұмар, Құмар ...*», – деп келтірген [11]. Бұл тенденция біз зерттеп отырған шығармалардың аударма варианттарында да тек антропонимдерде ғана емес, сонымен бірге топонимдерде де орын алған. Мысалы: *Омар /Ғұмар; Әли/Ғали; Ирақ/Ғирақ; Хәнән/Қынған т.б.*

Ғалым бұл пікірімен келісе отырып, тек қазақ тіл білімінің ономастика саласында ғана емес, басқа да тілдерде мұндай құбылыс орын алатынын айта отырып, оның өз аталу термині барын көрсеткіміз келеді.

Аллоним – кез келген объект атауының варианты; әр –түрлі тілдік жағдайда жалқы есімнің немесе оның құрылымындағы бірэлементінің (фонеманың, морфеманың, лексеманың өзгеруі); аллонимдердің бірнеше түрлері болады: ресим және бейресми, әдеби және диалекті,

әдеби және аймақтық, стильдік, транскрипциялық, хронологиялық [118].

Біз жинаған материалдар негізінде де аллонимдердің бірнеше түрі қолданылғанын анықтадық:

а) ресми және бейресми: Хатымтай – Хатым:
Мың жылдан соң *Хатымтай* тірілсе егер,
Сенің атыңды естіп, жерді өбер.

Бірде *Хатым* ұялса той үстінде,
Бірде Рүстем жұбанар ұрыс үстінде («МН»).

ә) әдеби және диалектті: Омар – Ғұмар:
Шариғат жолында *Омар* сияқты білгір («АС»).

Екіншісі жар болған, әділетті Ғұмар дүр,
Мұсылмандыққа жар болған, әділетті
Ғұмар дүр («ДХ»).

Әли – Ғали:
Мұхаммед Хожа бек *Әли* дейін,
Көп қимыл қылар майдан ішінде («МН»).

Әбутәліб *Ғалидің* атасы дүр,
Араб қауымының ұлығы дүр («ДХ»).

Ирак – Ғирак:
Нышан бермес, ешкімге мысалыңыз,
Ирак, Рум һәм Кәнан ішінде («МН»).

Хорасан, Шам уа *Ғираққа* ниет қылып,
Ғарыптіктің көп қадірін білдім міне («ДХ»).

Қинған – Кәнан – Қынған:
Нышан бермес, ешкімге мысалыңыз,
Ирак, Рум һәм *Кәнан* ішінде («МН»).

Бейіш айтар: не дерсің, сөзді білмей айтарсың,
Перғауын Әман сенде дүр, менде Жүсіп *Қинған* бар.

Не келсе де көреміз бір Құдайдан,
Жүсіпті айырып еді ол *Қынғаннан* («ДХ»).

б) әдеби және аймақтық, стильдік, транскрипциялық:
Ұклидис – Евклид:

Апылатон – Платон:
Егер *Апылатон* саған ғашық болса,
Ұмытар бар істері мен ойларын («МН»).

в) хронологиялық: Шам – Сирия:
Мен *Шамға* аттанған жылы,
Жаяулап біраз сапар шектім («МН»).

Сирия халқы қабыл қылмай қалды ғапыл,
Надан халық пір қадірін қашан білер? («ДХ»).

Рум – Византия:
Құдайға сиынып көк теңізден өттім, жүзіп,
Рум патшалығын түгелдей араладым.

Сонан соң мені Шамға жіберді,
Шамға мен *Византия* арқылы шектім сапар.

Шын – солтүстік Қытай:
«Әдәбүл Мүлік» деп атапты *шынлықтар*,
«Әнисул Мәлік» деп атапты *машынлықтар* («ҚБ»).

Машын – оңтүстік Қытай:
Шығыс ханы, *Машындардың* бектері,
Даналары жердің асыл тектері («ҚБ»).

Құзорда – Баласағұн:
«*Құзорда*» елі оның туған мекені,
Түп-нәсілі анық, тілді екені ... («ҚБ»).

Академик Ә. Қайдар: «Егер біз қазаққа берілетін
есімдерді ең алдымен тіліміздегі сөз (лексема) және сол

сөздердің бірігіп, тіркесуінен жасалған сөз тіркесі деп санасак, онда оларды ең алдымен: 1) жеке-дара сөзден тұратын; 2) екі, үш, не одан да көп сөзден тұратын; 3) жеке сөздер мен сөзжасам аффикстері арқылы жасалған жалқы есімдер деп лексика-грамматикалық тұрғыдан топтастырып қарауға болады.

Жалқы есімдерді анықтаудың бұл принципі бойынша біз: 1) есім-ат түзуші лексемалардың құрамын – ілкі, жай, туынды түбір екендігін; 2) анықтауышты тіркес түріндегі күрделі кісі есімдерінің «тұрақты анықтауыш» пен тұрақты анықталушы» сыңарларының қолданыс жиілігін; 3) аффикстер арқылы жасалатын кісі есімі модельдерін жүйелі түрде қарастырудың да этнолингвистикалық тұрғыдан мәні зор», - деп атап көрсеткен [135].

Гипокристік атау – негіздің қысқартылуы немесе екінегізді форманың орнына толық бір атаудың қолдануы. Мысалы, Зүннүн Мысри, Мансұр әл–Халаж т.б.

Квалитативті атау – қандай да бір субъективті бағалау мәнді атау. Толық немесе қысқарған формасынан жасалады, түрлері – аугментативті, деминутивті және пейоративті.

Аугментативтік атау – квалитативтің бір түрі, күшейтпелі – қорқыту мағынасындағы атау. Мәселен, Алып Ер Тоңға.

Көркем шығарма ономастикасында мағыналық негізінен көркемсөз құралының жүйесінде бөлінбес компоненті болып табылатын антропонимдер атқарады. Әрине, әр жазушы атау таңдауда экспрессивтік реңкті жеткізуге септігін тигізетін морфемасына көбірек назар аударады.

Біз зерттеп отырған шығармаларда антропонимдер келесі сөз таптарынан жасалған:

а) зат есім

Мұса

Дидар көріп, рухым ұшып ғарышқа қонды,

Мұсаға ұксап көкірегім күйіп жанды («ДХ»).

Омар, Оспан

Әбубәкір, *Омар, Оспан* мұртазадан,
Кезбеліктің қалғанын айттым міне («ДХ»).

Баязит

Құл Қожа Ахмет, олай десең аларсың хақтан үлес,
Баязиттей нәпсіңмен күн-түн күрес («ДХ»).

Кейде үстіне дәруіштің жұпыны киімі мен,
Басына *Баязидтің* құлақшынын киетұғын («МН»).

Закария

Шын ғашығың көрсет маған риза болай,
Өліп-өшіп *Закариядай* зікірші болай («ДХ»).

Әмина

Мұхамметті сипат қылсам тіл жетпес,
Анасының аты *Әмина*, одан ешкім өтпес («ДХ»).

Шырын

Уамық, Ғазра, Фархад, *Шырын*, Мәжнүн қане,
Қаһарланса жерменен жексен қылар («ДХ»).

Зылиха

Ғашықтарға берді ғашық отын күйдіргелі,
Зылихадай өн бойын сүйдіргелі («ДХ»).т.б.

ә) зат есім + зат есім

Әбубәкір

Әбубәкір, Омар, Оспан мұртазадан,
Кезбеліктің қалғанын айттым міне.

Әбутәліб

Әбутәліб Ғалидің атасы дүр,
Араб қауымының ұлығы дүр.

Ғәлішер

Сипаттасам *Ғәлішер* алып дүр,
Алмас семсермен кәпірлерді қыра дүр («ДХ»).

Ғабдулманаб

Біліңіз: төртіншісі дүр *Ғабдулманаб*,
Оларды білгендердің көңілі дүр ақ.

Жәнібек

Еліміз жансыз тән еді бұрын сенсіз,
Шахтың шахы *Жәнібек* ханға етенесіз.

Хатымтай

Мың жылдан соң *Хатымтай* тірілсе егер,
Сенің атыңды естіп, жерді өбер.

Ғабдүлмүтәліб

Бабасын білсеңіз *Ғабдүлмүтәліб*,
Көңіліңде сақтағайсыз жақсы біліп («ДХ»). т.б.

в) зат есім + ө.ш. етістік

Айтолды

Ал, дәулетті *Айтолды* деп санаған,
Уәзірлік орынды оған балаған («ҚБ»).

Күнтуды

Күнтуды деп бастадым сөздің басын,
Тізейін деп шындығын көздің асыл («ҚБ»).

г) зат есім + зат есім + тәуелдік жалғау (*Іжақ*)

Арыстан + баба + м

Жеті жаста *Арыстан Бабам* іздеп тапты,
Әр сырымды көрген сайын бүркеп жапты.

Әзірейіл кеп *Арыстан Бабам* жанын алды,

Хорлар келіп торғын тоннан кебін қылды («ДХ»). т.б.

Сонымен, біз зерттеу материалдары негізінде онимдердің құрамы, жасалу жолдары, варианттылық т.б. бойынша талдау жүргіздік.

Сырдария өзені атауындағы түркітілді Сыр компоненті мен иран тілді дария «өзен», «теңіз» терминдерінен жасалған композита атау деуге болады.

3 – тарау бойынша тұжырым

Жалқы есімдерді құрылымына қарай топтастырудың түркі және славян ономастикаларында бірнеше жолдары сипатталады. Зерттеу барысында орта ғасыр түркі жазба поэтикалық ескерткіштеріндегі антропонимдердің құрылымы анықталды. Онимдердің жасалуының бірнеше тәсілі: трансонимдену, онимдену, метафора негізінде, екіншілік атау негізінде тарихи ескерткіштердегі онимдік бірліктер құрамына, жасалу жолдарына қарай талданды.

Зерттеу негізінде трансонимденудің бірнеше түрлері қарастырылды: агиоантропоним – Мина → экклезионим – Мина шіркеуі; топоним Басыр → антропоним Басри; топоним Мысыр → антропоним Мысри т.б.; этноним – хәннан → топоним – Қынған (Палестина); топоним – Рүм + и + қызы → космоним Рүми қызы (Күн); бір разрядтағы жалқы есімдер сол разрядтағы нысанға қолданылуы, негізінен, бұл түрі антропонимдер арасында кеңінен таралған, мысалы, белгілі кісі есімдерінің екінші тұлғаға тағылуы.

Аппроксимацияны метафора негізінде екіншілік атаудың бір тәсілі ретінде қолданылды. Аппроксимация ұқсастық бойынша атау ретінде ең алдымен белгілеудің құрылымдық сипаттау құралдары арқылы жасалатыны анықталды. Мысалы: *Қызыл қалқан, Руми қызы, Жан алғыш* т.б. мұнда атау жасаудың бірнеше уәжі туындайды: түсі, пішіні негізгі тірек қызметін атқарады; бастама алуы негізгі тірек қызметін атқарады; іс-қимыл негізгі тірек қызметін атқарады.

Ескерткіштердегі бір және екі-үш компонентті онимдер анықталды. Бір компонентті онимдердің өзі негізгі (жай) және туынды (күрделі) деп қарастырылды. Сонымен бірге *екі компонентті онимдердің құрамы анықталды*: а) бірінші компоненті кісі есімі + туыстық атау: Арыстан Бабқа, Қызыр Бадам немесе: бірінші компоненті туыстық атау + лақап аты: Баба Мәшін; немесе екі компоненті де титулдық термин: Хазірет Таба; ә) екі компоненті де періште

есімдері: Мүңкір-Нәнкүр; б) екі компоненті де топоним: Шын-Машын; в) бірінші компоненті кісі есімі + тегі: Жанид Шәбли, Хасен Басри; г) бірінші компоненті пайғамбар есімі + пайғамбардың лақап аты: Мұхаммет Мұстапа; ғ) бірінші компоненті эскорт сөз + кісі есімі: Міскін Ясауи, Міскін Ахмет, Шайық Мансұр; д) бірінші компоненті жалпы есім + жалпы есімі: «Мұхаббат-наме», «Ақиқат сыйы»; е) бірінші компоненті кісі есімі + титулдық термин: Жәнібек хан; ж) екі компоненті де апеллятив: «Әдәбүл Мүлік», «Зийнатұл умәра», «Құт білімі»; з) бірінші компоненті библионим + географиялық термин: Тор тауы; и) бірінші компоненті агиоантропоним + экклезионим: Мина шіркеуі; к) бірінші компоненті титулдық термин + антропоним: Ферғауын Қарун; қ) бірінші компоненті антропоним + топоним: Жүсіп Қинған; л) бірінші компоненті фитоним + ботаникалық термин: Туб ағашы; м) бірінші компоненті пайғамбар есімі + «лауазымы»: Мұхамед-елші.

Үш компонентті онимдер: а) бірінші компоненті кісі есімі + термин + лауазымдық термин: Мұхаммед Хожа бек, Жүсіп Хас Хажыб; ә) үш компоненті де антропоним: Ғаси Жүсіп Бидауаны; б) бірінші компонент кісі есімі + лақап аты + дүр: Әбубәкір Сыдық дүр; в) бірінші компоненті құл + кожа + кісі есімі: Құл Қожа Ахмет; г) бірінші компоненті апеллятив сөз + лауазымдық термин + антропоним: Міскін Қожа Ахмет; ғ) бірінші компоненті антропоним + лауазымдық термин + лауазымдық термин: Арыслан Қожа тархан; д) бірінші компоненті псевдоним + антропоним + дүр: шері Ғали дүр; е) біріншісі анықтаушы компонент + антропоним + ер: Алып Тоңға Ер.

Ж. Баласағұн «Құтты білік» шығармасында ойдан шығарған кейіпкер есімін жасауда контаминация тәсілін қолданған. Мысалы, Айтолды, Күнтуды.

-Мыс/-мыш жұрнақтары Ж.Баласағұнның «Құтты білігіндегі» антропонимдерде де кездесті. Мысалы, *Одғұрмыш, Өгдүлміш, Көсеміш.*

4 ОНИМДЕРДІ ЗЕРТТЕУДІҢ ФУНКЦИОНАЛДЫ-ПРАГМАТИКАЛЫҚ АСПЕКТИ

4.1 Мәтін ішіндегі онимдердің қызметі

Сөйлеуші екінші тұлғаға немесе нақты кісі есімімен идентификаттауда оның қолданыс стандартынан ауытқу кезінде маңызы артады. Қазақ тілінде ресми сөйлеу тілінде бейресми формасының қолдануы (сөйлеушінің әлеуметтік деңгейінің жоғары тұрғандығынан, жас мөлшеріне байланысты менсінбеуді білдіреді) және керісінше, бейресми сөйлеу тілінде ресми форманың қолданылуы (сөйлеушінің эмоциялық қалпын, сөйлеушімен келіспеушілігін т.б. білдіреді) ерекше мәнге ие.

Антропонимдердің екі деңгейінің және кісі есімінің вариативті формаларының тармақталған жүйесінің болуы қазақ тілінде тіл иелеріне прагматикалық мақсатта оны қолдануына мүмкіндік береді: сөйлеушілердің әлеуметтік арақатынасын (сөйлеушілердің жоғары әлеуметтік деңгейі ресми қатынасты талап етеді), қатынас жағдаятын көрсету үшін (ресми, достық), әртүрлі қатынасты білдіру үшін (құрмет, менсінбеу т.б.). Мұның бәрі жеке индивидтің ерекше санасында емес тілде сақталған. Мысалы, *Баба Мәшін, Хазірет Таба, Хазірет Сұлтан* т.б.

Көркем шығарма шеңберінде жалқы есім оним семантикасының экспрессивті-стилистикалық дамуын білдіретін өзгеру функциясымен анықталатын қасиетке ие болады. Басқа сөзбен айтқанда, көркем шығарма құрамында ЖЕ денотативті мағынадан басқа десигнатты (ұғымдық-бағалауыштық) семантикаға ие. Көркем шығарма онимдердің қызмет атқарудағы маңызды ерекшелігі – олардың жүйелілігі: ұқсастық, семантикалық қайшылық т.б. белгілері арқылы топтасуында онимдік бірліктердің өзара байланысы көрініс табады. Мұнда әртүрлі жүйелік қатынас туралы айтуға болады. Мәселен, ономастикалық полисемия және оның түрлері: мезгілдік (мысалы, Атымтай есімі «Ақиқат сыйы» шығармасында; «Мұхаббат-наме» шығармасында т.б.); кеңістік-мезгілдік: хронологиялық

немесе географиялық нысандардың байланысқан, бірақ әртүрлі объектілерге ұқсас атауы.

Антропонимнің экспрессивті маңыздылығын бағалауда нысан атауының вариативтілігі ерекше рөл атқарады, ол бір жарыспалы және көп жарыспалы антропонимдік парадигмаға бөлінеді. Көп жарыспалы парадигма (мысалы: *Құл Қожа – Қожа Ахмет Ясауи – міскін Ахмет – әдіб Ахмет т.б.; Хорезми – Хорезми-Равани*) атау иесіне автордың да, басқа аталушылардың да әртүрлі қатынасын білдіреді.

Қаратпа ретінде антропонимдік бірліктердің әртүрлі формаларын қолдануда қызығушылық тудырады. Бұл формалар атау беруші мен аталушының қатынасына байланысты: паритетті (тең дәреже) немесе иерархиялық (тең емес дәреже), мысалы:

Құл Қожа Ахмет, дүние кусаң ісің бітер,

Құл Қожа Ахмет, қырыққа кірдің нәпсінді тый,

Құл Қожа Ахмет, мен «Дәптер саниді» айттым («ДХ»).

Тура, автологиялық мағынадағы антропонимдер қызмет тұрғысынан металог-антропонимге (жанама мағынадағы) карама-қарсы қойылады. Металог-есімдер әртүрлі мақсатта қолданылады: патетикалық немесе ирониялық жағдаят тудыру үшін аллегориялық немесе символдық ұғым беруші ретінде қолданылады (мысалы, Мұса, Сүлеймен, Жәмшид т.б.: *Мұхаммед Қожа бек – екінші Жәмшид*).

ЖЕ ең негізгі және бастысы – олардың тілдегі ерекше орны, ұқсас нысандардың жекеленуі, атау-зат ассоциациясының жекелігі, онимдердің ерекше жекелеген мағыналарда қолданылуы, мысалы, көркем шығармаларда.

Ю.А. Карпенко жалқы есімдер мен жалпы есімдердің айырмашылық негіздерін қарастыра отырып, олардың қызмет ерекшелігі ғана емес, сонымен бірге тілдік ерекшелігіне көңіл аударған. Мәселенің функционалды шешімін зерттеуші негізгі деп санамайды, себебі жалпы есімдердің басты қызметі жалпылау (классификациясы), ал жалқы есімдердің – жекелеу, алайда жекелеу тек жалқы есімнің емес, жалпы есімнің де қызметіне кіреді.

Сондықтан Ю.А.Карпенко жалқы есім мен жалпы есімнің функционалды ерекшелігін мойындай отырып, жалпылау – жекелеуде емес, ажырату – біріктіруде деп санайды.

Жалпы алғанда, ол А.А. Реформатскийдің пікірін өзінше талдаған, яғни жалқы есімдер ең алдымен атау қызметін атқарады – нақты нысандарды атайды, ал жалпы есімдер – семасиологиялық: олар атап қана қоймайды, зат туралы ұғымды білдіреді.

ЖЕ теориясына қатысты пікірталас туғызатын мәселе – оның лексикалық мағынасына қатысты. Бұл туралы ғалымдардың пікірлері әртүрлі. Бір топ ғалымдар ЖЕ лексикалық мағынаға ие емес, болғанның өзінде әлсіз, редуцияланған деп санайды. Мәселен, ЖЕ ұғымда, мағынада жоқ. Олар тек ажыратушы белгі болып табылады. Басқалары, керісінше, ЖЕ ерекшелігі – олардың «гипертрофты мағынасында», бұл ерекше нақтылықты білдіреді деп санайды. Мұндай көзқарастардың орын алуы екі мәселені білдіреді: біріншіден, ЖЕ табиғаты күрделі, оларды теория тұрғысынан зерттеу дау туғызады, әлі де шешімін таппаған; екіншіден, ЖЕ семантикасы деп әрқайсысы өзінше түсінеді.

ЖЕ табиғатына қатысты лингвистикада қалыптасқан талдауларды қорытындылау негізінде, келесі тұжырым жасалған: сөз туралы қазіргі теорияда сөздің мағынасы – айтушы да, тыңдаушы да мүмкіндігінше бірдей түсінетін оның мазмұны және өзінің құрамына үш қатынас түрін жатқызады: денотативті, сигнификативті, құрылымдық (В.Д. Бондалетов).

Тіл бірлігі ретінде ЖЕ – сөз немесе жұмсалымдық тұрғыдан ұқсас сөз тіркесі ретінде аталған қатынас түрлеріне ие – денотативті, сигнификативті, құрылымдық-тілдік, алайда олардың сапасы ЖЕ жалпы есімдердің соған сай мағыналық компоненттерімен салыстырғанда біршама ерекше, бұл ЖЕ тілдік-айтылымдық ерекшелігін қамтамасыз етеді және тілдің жалпы лексика-семантикалық жүйесі шеңберінде ерекше жүйелілікке біріктіреді.

ЖЕ лексикалық мағынасын мойындау әлеуметтік

ерекшелік пен ұлттық-мәдени ерекшелігін көрсететін олардың қосымша, коннотативті мағынасына, яғни лексикалық аяға ие болу қабілетін зерттеу туралы сөз қозғауға мүмкіндік береді.

Аялық білімнің болуы «аталмыш тілдік ұжым мүшелеріне белгілі бір даму кезеңінде бұрыннан тән мәлімет жиынтығын» білдіреді. Аялық білім адам, оны қоршаған орта, табиғат, тұрмыс және салты, медицина, музыка, өнер, ғылым, техника, экономикалық және саяси өмірі т.б. туралы мәліметтен тұрады.

Аялық білімнің құрамы мен көлемі, оның сипаты мен өзектілігі «тілдік ұжым» өмірінің белгілі бір кезеңінде өзгеріп отырады: бүгін өзекті болған нәрсе, ертең өз дәрежесін өзгертуі мүмкін.

Зерттеушілер атап өткендей, аялық білім нақты құрылымға ие. ЖЕ тұрпат межесіне енетін аялық білімнің үш деңгейі бар: жалпы адамзаттық білімі, жалпы ұлттық (жалпы тілдік) (елтанымдық) білімі, өлкетанымдық (аймактанымдық) білімі.

Сонымен, әртүрлі онимдердің аялық білімінің құрылымы (ассоциативті-мәдени ая) көп жағдайда атаудың энциклопедиялық ақпаратына байланысты.

Барлық үш деңгейде аялық білім әртүрлі болуы мүмкін. ЖЕ тарихи, географиялық, әлеуметтік, мәдени танымдық, этнографиялық т.б. ақпарат беруі мүмкін. Барлық деңгейдегі аялық білім эмоционалды-экспрессивтік реңке ие болуы мүмкін.

Әрине, жалқы есімдегі сақталған аялық білім онимдердің барлық түрлерінің барлық коннотациясы барынша айқын және толық іске асатын көркем шығарма құрамында осы атауларды «ұғыну» үшін үлкен мағынаға ие.

Дәстүрлі түрде ғылымда ЖЕ түрлері аталатын нысандарға қарай бөлінеді. А.В. Суперанская барлық мүмкін болатын классификациядан заттық-атауыштық бірінші орынға қойылуы керек деп есептейді, себебі «затқа қатыстылығы, негізінен, атаудың «пішінін» және басқа да белгілерін анықтайды» [35].

Ономастикалық бірліктердің көркем тілде қызмет ету мәселесін зерттеу тарихи дәстүрге айналып барады. Бұл ұзақ уақытты тарихи дамудың өнімі болып табылатын ЖЕ поэтикалық қызметтің, басты нұсқаушы қызметін сақтай отырып, эмоционалды-эстетикалық деңгейге дейін көтерілуі, сонымен бірге экспрессивті ерекшеліктеріне ие болуы, ықпал етуі және тәрбиелік мәні ерекше ономастикалық бірліктер адам жадында жоғары деңгейде ұзақ мерзімді сақталу үдерісінен өтуі керек.

ЖЕ (антропонимдер, топонимдер, этнонимдер, космонимдер т.б.) көркем шығарманың негізгі құрылымдық құрамын құрайды, себебі сипатталып отырған құбылыс және іс-әрекетті көркем шығармада біреу, белгілі бір жерде орындайды. Бұл – объективті заңдылық.

Зат есімнің лексика-грамматикалық класына жататын және кез келген тілдің лексикалық жүйесінің маңызды компоненті болып табылатын антропонимдер тілшілердің қызығушылығын әркез тудырады.

ЖЕ бірегейлендіру және әлеуметтендіру сияқты прагматикалық қызметі қазіргі кезде мүмкіндігінше зерттелуде, онимді коммуникацияның прагматикалық компоненті және қысқарған лингвомәдени мәтін ретінде анықтайды. Бірегейлендіру деп индивид пен лингво- және этномәдениет, социум, діни көзқарастар, отбасылық дәстүр т.б. арасындағы психологиялық корреляцияны түсінеміз. Осындай үдеріс нәтижесінде индивидтің антропонимдік бірегейлігі қалыптасады және іске асады. Атау арқылы әлеуметтендіру деп атау тағуда, оны алмастыру немесе қолданылу ортасын ауыстыруда, сонымен бірге әлеуметтік және саяси детерминделген қатынас жағдаятында индивидке аталмыш лингвоэтномәдени қауымдастықтың толыққанды мүшесі болуына мүмкіндік беретін таңдау мүмкіндігі.

Атау иесі және атау беруші тілдік тұлға арқылы өзектелетін категориалды-интегралды тәсіл онимді лингвосемиотикалық категория (оним функционалды тілдік белгі), лингвокогнитивті категория (қоғамдық

санадағы есімнің тұрақтылық себебі; оним әлемнің тілдік бейнесінің, ұлттық сананың компоненті ретінде), дискурсивті категория (ЖЕ әртүрлі дискурстағы қызметі: оним поэтоним ретінде), лингвопсихологиялық категория (индивид және басқалардың атауды қабылдауы), әлеуметтік лингвистикалық категория (атауды таңдау; оним әлеуметтік деңгей, ұлттық қатынас, әлеуметтендіру, сәннің белгісі ретінде), лингвогеографиялық категория (онимнің әртүрлі лингвомәдени (социумда) аймақта қолданысы; оним салыстырмалы тұрғыдан), этнолингвистикалық категория (атау туған және өзге тілді ортадағы этникалық қатынас белгісі ретінде), тарихи категория (атаудың даму жолы және құрылымдық-семантикалық үрдіс динамикасы: құрылымның анықтығы, деривациялық модельдері, фонетикалық рәсімделуі т.б.), лингвомәдени категория (мәдени маңызды және прецедентті есім; атау мәдени белгі ретінде: отбасының, қоғамның, діннің ықпалы) және прагматикалық категория (атау жасмадық үдерістер және қатынас белгісі ретінде коммуникация жағдаятында атаудың қызметі; атау бірегейлендіру және әлеуметтендіру құралы; антропонимдік диглоссия; антропонимдік трансформация) тұрғысынан кешенді зерттеуді білдіреді.

Атаудың прагматикалық әлеуетін іске асыратын және антропонимдік прагматика тұрғысынан кешенді қолданылатын жоғарыда аталған категориялар атау табиғатын зерттеуде ең өнімді болып табылады. Онимдік бірлікті зерттеуде категориалды-интегралды тәсіл жалғыз тәсіл емес, бірақ тап осы тәсіл атауда сақталған ақпаратты ашуға мүмкіндік береді, оны коммуникацияның маңызды элементі екенін айқындайды, оны көп компонентті белгі ретінде анықтап, тілдік тұлға құрылымының маңызды құрамы екенін білдіреді. Мұның бәрі онимнің тілде қолданылуы мен қызметін анықтауға мүмкіндік береді. Атаудың қарастырылатын прагматикалық қызметі өзара байланыстағы бірегейлендіру мен әлеуметтендірудің құралы болуы аталмыш тәсілде көрініс табады.

Лингвопрагматика және ономастика саласында ғылыми зерттеулер жүргізуге мүмкіндік беретін антропонимдік прагматика шеңберінде онимдерді зерттеу антропонимдік лексиканы дәстүрлі сипаттау шеңберін кеңейтуге және келесі прагматикалық параметрлерді: атауды тағу/жасау, социумда және тұтас бір ұлттың оны қабылдауы, оны коммуникация, бірегейлендіру және әлеуметтендіру үдерісінде жаңа мазмұнымен толықтыру, белгілі бір себептермен атауды алмастыру т.б. ескере отырып, ақиқатта және көркем шығармада қолданыс жағдаятында қолданысын көрсетуге мүмкіндік береді.

Әлеуметтік және мәдени детерминденген және бейімделген екіншілік атауды туындартын антропонимдік трансформация мәселесін зерттеу атаудың келесі категорияларын анықтауға мүмкіндік береді: діни және өзіне-өзі таққан есімдер. Мәселен, Қожа Ахмет Ясауидың шәкірттері таққан есім – Әзірет Сұлтан және Хорезмидің өзі таққан есім – Хорезми-Равани т.б. Бұл жағдайда оним сөйленімдегі қалыптық категория (речеповеденческая) ретінде қабылданады және «өзіміздікі» / «бөтен», жағымды естілетін / жағымсыз естілетін, рухани реңке ие / рухани реңке ие емес, әлеуметтендірілген / әлеуметтендірілмеген сияқты бағалауыштық-прагматикалық параметрлерін өзектілей түсетін коммуникацияға қатысушыға ықпал етуші қызметін іске асырады.

Көркем шығарма кейіпкері антропонимдік бірегейлендіру арқылы есім иесі ретінде талданады. Тілдік тұлға моделі ретінде ол өзінің «мен» дегенін есімі арқылы және оны қоршаған кейіпкерлердің қатысы арқылы жетуге тырысады. Кейіпкердің антропонимдік қалыптасу үдерісінде өзінің ішкі өзгерістерінен көрініс береді және оның іс-әрекетін түсіндіреді. Мысалы:

Ей, Жүсіп, құлағыңды сал,
Көп сөйлемей, қажеттісін ал («ҚБ»).

Коммуникация жетекші рөл атқаратын драматургиялық шығармаларда онимнің болмыстық узусқа жақындығын көрсетеді. Атауды өзгерту мәтін контексінде маңызды.

Автор жасаған кейіпкердің антропонимдік бірегейлендіруі атаудың көркем шығармадан тыс қызметін анықтайды.

Көркем шығармада қолданылған кісі аттары прагматикалық, мәдени және әлеуметтік маңызды ақпарат (халықтық тұлға, құрметті тұлға, әлеуметтік жағдайы жоғары тұлға) береді. Мәселен:

Міскін Иасауи аруақтарға тағзым етер;

Шайық Баязит жетпіс рет өзін сатты («ДХ»);

Мұхаммед Хожабек әлем қуанышы.

Шахтың шахы *Жәнібек* ханға етенесіз («МН»);

Атым шайыр *Ахмет*, сөзім – өнеге, өсиет;

Әдіб Ахмет оның ұлы. Мұның еш шәгі жоқ («АС»);

Хандар ханы *Тавғаш Қара Бугра* –

Падишахтың құзырында оқыды.

Сол мәні үшін жұрт құрметтеп қарады,

Аты: *Жүсіп Хас Хажыб* деп тарады.

Түрік бектері ішінде атын асырған,

Алып Тоңга Ер еді, құты тасыған.

Тәжіктер оны *Афрасийаб* атаған.

Елдерге ол көп ізгілік жасаған («ҚБ»).

Тілдің әртүрлі қызметін оның элементтері орындайды. Коммуникативтік қызметі тұтас бір сөйлем немесе жеке сөз арқылы іске асады. Экспрессивті қызметін де сөйлем арқылы жеткізуге болады, бірақ онда одағай, субъективті бағалауыш қосымшалы арнайы сөздер қатысады.

А.А. Реформатский дейктикалық (сілтеуші, нұсқаушы) қызметін бөліп көрсетеді. Бұл қызметті жіктеу және сілтеу есімдіктері атқарады [176].

А.Гардинердің пайымдауынша, сөздің қызметі – тыңдаушыға ойдағы затты, құбылысты жеткізу. Заттың өзі ешуақытта көрсетілмейді, бірақ оны осы мақсатқа арналған сөз мағынасы негізінде тыңдаушының тануы. Сөйлемде сөздердің негізгі қызметі ұғынуда тірек болу. Дегенмен сөйлемде еш пайдасы жоқ сөздер көп, бұл сөйленім механизмін көрсетеді. Зат қаншалықты алыс болса, оған ұқсастыратын көптеген кілтін білу керек. Яғни сөйленім

– бұл өзіндік құрал. Сөздер біздің санамыздың (ойлау қабілетінің) бөлшектері. Дерексіз сөздердің өзі ойдағы затты білдірмеуі мүмкін және сөз ұғымы сөйленімнің құрал болуына кедергі жасамайды.

Жалқы есімдердің басқа сөздерге қарағанда қызметі өзгешелеу. Олар жалпы есімдердей экстралингвистикалық факторлар негізінде қызметтер атқаруы мүмкін.

Арнайы ономастикалық, барлық ЖЕ тән қызметі ретінде бірегейлендіру аталуы мүмкін, ол бірнеше қызметтерді қамтиды:

- дифференциация (жекелеу);
- мекенжай (адрестік: объектінің орналасқан жері);
- идеологиялық;
- эмоциалық;
- харизматикалық;
- легализация.

В.И. Болотов жалқы есімдерді жіктеу және сілтеу есімдіктерімен салыстыра отырып, олардың да нұсқаушы қызметі барын айтады [177].

Әр тілдік құрылымның өз қызметі бар. Мәселен, синтаксистік тұрғыдан жалқы есімдер бастауыш, толықтауыш қызметтерін атқарады. Тілдік қолданыс ерекшелігіне қарай жалқы есімдердің сөйлемдегі қызметінің де өз ерекшеліктері болады. Жалқы есімдер негізінен бастауыш қызметін атқарады, ал мекен пысықтауыш қызметі негізінен топонимдерге тиесілі.

Лексикалық тұрғыдан А.А. Реформатский сөздердің атауыштық және семасиологиялық қызметін бөліп көрсетеді де, «атауыштық қызмет жалқы есімдерге, ал семасиологиялық қызмет жалпы есімдерге тән» дейді [176].

Г. Суит жалқы есімдер индивидтерді жекелеуші қызмет атқарады дейді [178]. К. Бюллер жалқы есімдер жекелеуші белгі деп санайды [179].

В.А. Никонов жалқы есімдердің үш қызметін бөліп көрсетеді: адрестік, дескриптивті және идеологиялық [180]. Дегенмен идеологиялық қызметімен келісуге

болмайды, ол, біздің ойымызша, жалқы есімді таңдаудағы уәжі, сонымен бірге идеология барлық жалқы есімдерге тән болмауы мүмкін, мысалы, кісі есімдері: *Гаухар, Шолпан т.б.*, топонимдер: *Құмжота, Қыземшек, Келіншек тау, Алатау т.б.*

Сонымен бірге бір объектке ұқсастыру, теңестіру арқылы қойылған жалқы есімдерді де ономастиканың анықтаушы қызметі деуге болмайды. Мысалы, *Айдынкөл, Үлкен Алматы, Кербаланың шөлі т.б.* Анықтаушы аспекті де ономастикалық уәж болып табылады, сондықтан мұны да жалқы есімнің бір қызметі деп қарастыру дұрыс емес деп білеміз.

В.А. Никонов сияқты адрестік пен атауыштық қызметтері арасына теңдік белгі қоюға келісуге болмайды, себебі барлық топонимдер атауыштық қызмет атқарғанымен, адрестік қызмет атқармауы мүмкін. Мәселен, *Айғыржал, Миялы, Бұзаусойған т.б.*

В.Д. Беленькая атаулардың қоғамдағы қызметін тұрғындардың атауды қабылдауымен байланыстырады. Ол топонимдердің келесі қызметтерін көрсетеді: нұсқаушы (бағыт беруші); нұсқаушы + анықтаушы; нұсқаушы + идеология; нұсқаушы + эмоциялық нақыш [181]. Сонымен бірге ғалым уәжсіз атаулар тек нұсқаушы қызмет атқарады, ал уәжді атаулар нысан ерекшелігі, идеология мен эмоцияға қатысты нұсқаушы қызмет атқарады дейді. Осы арқылы, яғни адам санасында атауды қабылдау арқылы ғалым ономастиканың психолінгвистикалық аспектісін қарастырады.

В. Бланар антропонимдерді зерттеп, жалқы есімдердің қызметі ретінде бірегейлендіруді бөліп қарастырады [182]. Сонымен бірге әлеуметтік антропонимдік қызметтерді бөледі: 1) туыстықты білдіру – кей жағдайда антропонимдер туысқан екенін білдіреді; 2) қоғамда адамның заңды орын алуы – нәрестеге ат тағуда, жалқы есімнің ең бірінші қызметі; 3) анықтаушы – бұл негізінен лақап атқа тән; 4) әлеуметтік жағдайына нұсқаушы – антропоним адамның белгілі бір әлеуметтік топқа қатысын көрсетеді.

Топоним, антропонимдердің қызметі жоғарыда аталған қызметімен шектелмейтін болу керек, жалқы есімдерді қарастыру жаңа қызметін ашуға мүмкіндік береді.

Тілде жалқы есімдердің келесі қызметтері болуы мүмкін:

1) Коммуникативтік, яғни сөйлесушілерге таныс жалқы есім ақпараттың негізі болады. Мысалы, бүгін Зеркүл келмейді. Алматыны Алатау қоршап жатыр. Ертең «Алтын адам» мейрамханасына барамыз т.б.

2) Апеллятивтік (шақыру, ықпал ету): Ақжол! Ақжол! Ақжол! Асан, кері қайт т.б.

3) Экспрессивтік, негізінен кеңінен танымал жалқы есімдер қатысады: Шашың өсіп, Жібек болыпсың ғой. Ой, Шығайбай! Ту, шіркін, Абай болып кетпесең жарар еді.

4) Дейктикалық (нұсқаушы), бұл қызметте жиі жалқы есімдер нысанға нұсқаушы ретінде сілтеу есімдігімен беріледі: Мынау менің Құлагерім!

Барлық жоғарыда аталған жалқы есім қызметтері негізінен жалпы есім қызметтерінен ерекшеленбейді. Жалпы есімдер сияқты жалқы есімдер де тілдің аккумулятивтік қызметін де атқарады, себебі олар дәуір, көші-қон, т.б. жағдайлар туралы ақпарат береді.

Жалпы есім мен жалқы есім қызметтерінің мұндай ұқсастықтары олардың өзара тығыз байланысын көрсетеді. Олардың қызметтерінің ерекшелігі онша көп емес, арнайы ономастикалық деңгейде байқалады. Мұндай ерекшеліктерді анықтау үшін онимдерді мұқият зерттеу қажет, оның өзі экстарлингвистикалық факторларға байланысты. Ономастикалық бірліктердің қызметі тілдік құрал ретінде берілгенімен, олар экстралингвистикалық жағдаяттарға тікелей қатысты. Ономастикалық бірліктердің қызметі «әлеуметтік сұраныспен» анықталады, сондықтан тіл фактілері емес, қоғамның нысандарға қатысы арқылы анықталады.

Жалқы есімдердің негізі қызметі ретінде бірегейлендіруді айтуға болады, оның өзі бірнеше «қызметшелерден» тұрады: жекелеуші, адрестік, салыстыру. Антропоним-

дердің арнайы қызметі ретінде жеке тұлғаның қоғамда заңдастыруын атауға болады (аты-жөні), ал топонимдердің арнайы қызметі – дейктикалық (нұсқаушы, сілтеуші). Идеологиялық, харизматикалық, т.б. қызметтері жоғарыда аталған қызметтердей экстралингвистикалық болып табылады.

Жалқы есімдерде сақталған ақпарат оның қызметі болуы мүмкін емес. Мәселен, Асқарқызы десек, мұндағы -қызы қосымшасы туыстық қатынасты білдіреді, сондықтан да қандай да бір ерекше қызметі туралы айтуға болмайды.

Антропонимдердің әлеуметтілігі жөнінде, жеке тұлғаның белгілі бір қоғамда тіркелуін айтқанда, біз қоғамдағы қандай да бір рөлі емес, жеке тұлғаны жекелеп тұрмыз. Дегенмен біз Қойбағар, Жылқыбағар, Ешкіайдар т.б.кісі есімдерін ең төменгі сатыдағы – құл, шаруаларға тән десек, Тәңірберген, Құдайберген есімдерінің байманаптарға тән екенін байқаймыз, бірақ уақыт өте келе, қазіргі кезде мұндай әлеуметтік деңгейді, әлеуметтік топты көрсететін есімдер кездеспейді деуге болады.

Жеке тұлға мен географиялық нысанның әлеуметтенуі, яғни бір қоғамға қатысы – бұл арнайы бағытталған үрдіс (ономастикалық қызмет деп атауға болады). Барлық ономастикалық бірліктер – тілдік бірліктер, бірақ олардың қалыптасуы экстралингвистикалық факторларға байланысты. Сондықтан атаулардың бұл қызметін де экстралингвистикалық десе де болады.

Діни ағымға қатысты атаулардың харизматикалық қызметі де экстралингвистикалық. Себебі біз жоғарыда атаған Тәңірберген, Құдайберген, Құдайменде есімдері осы есімдер иесінің анықтағышы емес, ол бұрынырақта өткен үрдістің нәтижесі екенін көрсетеді. Мұндай атаулардың қалыптасуы, ат берушінің көзқарасын байқатады, яғни экстралингвистикалық фактор қатысын байқаймыз.

Сонымен, жалқы есімдердің арнайы қызметі тілдік жағдаяттарға байланысты әр кезде әрқалай

анықталады деуімізге саяды. Олардың сөйлемдегі арнайы грамматикалық қызметі – бастауыш, толықтауыш, мекен пысықтауыш қызметтерін атқару, лексикалық қызметі – атау. Бірегейлендіру, сілтеу, адрестік, анықтау, т.б. – арнайы ономастикалық емес, шартты түрде коммуникативтік десек те болады. Бұл пікірді А.В. Суперанская өз зерттеуінде айтып, мұндай қызмет жалпы есімдерге де тән дегенді келтіреді [35].

Дегенмен ономастикалық бірліктердің қызметі туралы бірнеше пікір қалыптасқан. Н.В. Подольская өз сөздігінде келесі анықтаманы береді: «Тілде өз қызметін атқару. ЖЕ негізгі қызметі номинативті- бірегейлендірулі- жекелеуші. Ақпараттық және экспрессивті қызметтері – қосымша, танымдық және аккумуляциялаушы»[120].

Н.Д. Арутюнова жалқы есімдердің жеке тұлғаға қатысты бірегейлендіруші қызметін көрсетеді және оны нақты дескрипцияның эквиваленті санайды. «Себебі адамның аты-жөні нақты сол адамды білдіреді. Ивановтан сәлемдеме айтылса, нақты сол Ивановтан айтылғанын білдіреді» [183]. Шын мәнінде, біз атау арқылы нақты қай нысанды (жеке тұлғаны) айтып тұрғанымызды білдіреміз. Кісі есіміне оның тегі, лақап аты, әкесінің аты, географиялық нысанға оның денотаты қосыла беріліп, нақтылаушы қызметін атқарады.

Дж. Серль жалқы есімдердің қызметі бойынша келесіні айтады: «Жалқы есімдердің баға жетпес прагматикалық қолайлығы кім (не) туралы айтатынын, референтті жекелеу үшін қандай ерекшелігін бөлу керектігін алдын ала келіспей-ақ нақтылауға болатындығында». Бұл ерекшелік барлық жалқы есімдерге қатысты екенін мойындауымыз керек.

Ғалымдардың біреулері антропонимдердің екі қызметін бөліп көрсетеді: әлеуметтік (жеке тұлғаны басқалардан жекелеуші), мифологиялық (адамның қоршаған орта мен тылсым күшіне қатысы) [184]. Әлеуметтік қызметіне адамның өзі тектестерден жекелеу және қоғамда алатын орнына байланысты. Аталмыш ғалымдар жалқы

есімдердің мифологиялық қызметіне көп тоқталған. Мұнда атау тіл-көзден, тылсым күштерден қорғаушы қызметін атқарады және қорғайды. Осы тұста олар магиялық атау беруде жалпы тілдік ономастикон мен дәстүрлі мәдениет ономастиконын бөледі. Соңғы ономастиконға байланысты адамзаттың сакралды, табу есімдер мен наным-сеніміне, атау мен оның иесін біртұтас деп тануы мен қорғаушы иеге сенуді айтады. Магиялық атаудың өзекті болуына келесі шарттар қажет:

- жағдаяттық (қандай да бір жағдаят болу керек, дәстүрге байланысты атау тағылады);
- атау магия құралына айналуы керек (қорғаушы, сақтаушы, аластаушы, емдік);
- белгілі бір атаулар нақты ерекшеліктеріне қарай магиялық қасиеттерге ие болады;
- атау табу болады, жасырын (дублет) атау қоса беріледі, ауыстырылады;
- атау таңдау және атау нақты мезгілге және магиялық мақсатқа ие болады.

Жоғарыда аталған қызметтерден басқа тұлға арасында қатынаста фатикалық қызмет маңызды, оны антропонимдер атқарады. Фатикалық қызметтің әлеуметтік мәні зор, себебі атау арқылы әртүрлі коммуникативтік қатынас қалыптасады. Әлеуметтік жағдаят пен аяға қатысты ресми/бейресми атаулар болады.

Е.Ә. Керімбаевтың пікірі бойынша, жалқы есімдердің қызметі негізінен тіл (сөйленіс) қызметіне байланысты және солармен сәйкес келеді [185].

Тіл білімінде тілдің қызметі туралы әртүрлі пікір қалыптасқан. Кей ғалымдардың пікірінше, тілдік қызметін анықтау бойынша еңбектер әлі нәтиже берген жоқ [186]. Тілдік бірліктерді және олардың болмысын зерттеу бойынша көптеген еңбектер күрделі құбылыс ретінде коммуникативтік қызметін анықтады, ол бірнеше қосымша: номинативтік, экспрессивтік, кумулятивтік, эстетикалық, фатикалық, адрестік және магиялық қызметтерді жинақтайды. Коммуникативтік және когнитивтік (таным-

дық) қызметтері тілдің басты қызметтері болып саналады. Жалқы есімдер тілдік бірлік болғандықтан, атауыштық бірліктен басқа коммуникацияға түсіп, таным бірлігі де бола алады.

Г.Б. Мәдиева А.В. Суперанскаяның пікіріне сүйеніп, жалқы есімдердің жоғарыда аталған қызметтерін ономастикалық бірліктердің ерекше қызметтері деп санамайды. Ол жалпы есім мен жалқы есімнің табиғатына қарай және тілде алатын орнына қарай қызметі бойынша ерекшеленетінін айтады. Сонымен бірге ол ғалымдардың жалқы есімдердің жоғарыда аталған қызметтеріне көңіл бөліп, жалқы есімдердің бірегейлендіру (теңестіруші, телуші) қызметіне назар аударылмағанын көрсетеді [187].

С.Ж. Баяндина жалқы есімдердің қызметіне көптеген ғалымдар көңіл бөлгеніне тоқтала келе, В.У. Махпировтың еңбегіне сүйене отырып, ол жалқы есімдердің (көне антропонимдердің) атауыштық, бірегейлендіруші, әлеуметтік, және діни-харизматикалық қызметтерін атайды. Сонымен бірге ол көне антропонимдердің ерекше әлеуметтік қызметі – жеке тұлғаны жекелеуші қызметі туралы сөз етеді [188].

Ю.В. Рождественский жалқы есімдер табиғаты туралы өз пікірін білдіреді: «атаудың қызметі – оқытушы және талдаушы құрал, яғни білім мен мәдениеттің құралы болуында» [189].

Антропонимдердің магиялық қызметі болатынын ғалым-этнограф Ш. Уәлиханов та айтқан: «Ырым деп болжаушы дәстүрді айтады. Мысалы, ұлы жоқ отбасы, қызына Ұлтуған, Майкөт деп, келесі бала ұл болсын деп ырымдап қойған» [190].

М.В. Крюков: «Жалқы есімдердің қызметі белгілі бір әлеуметтік тапқа қатысын көрсету емес, сонымен бірге атау иесін өзі тектестерден жекелеуші қызметін атқарады және белгілі әлеуметтік қоғамға қатысын көрсетеді», – дейді [191].

А.А. Дарбеева жалқы есімдердің әлеуметтік мәні ономастиканың қызығушылық тудыратын мәселесі

ретінде танып, жалқы есімдердің табу, яғни діни-харизматикалық қызметі халықтың мәдениеті мен экономикасына қатыссыз әмбебап, яғни барлық халықтарға тән екенін айтып, моңғол, қалмық, бурят тілдерінде де жалқы есімдердің табу, діни-харизматикалық қызметін талдаған. Мысал ретінде ол ата-анасы есімдерін атамай, Санжини баабай (Санжи әкесі) дегенді келтірген [192].

О.И. Фонякова жалқы есімдердің келесі қызметтерін бөліп көрсетеді: «Ономастикалық тұрғыдан ЖЕ жалпы есімдерге қарағанда қызметі көп: үш тілдік (номинативті-жекелеуші, бірегейлендіруші, дейктикалық) және бес сөйленіске қатысты (прагматикалық, апеллятивтік, қатынас құрушы, адрестік, фатикалық). Сигнификация тұрғысынан ЖЕ басқа да қызметі анықталады. ЖЕ нысан туралы тұтас энциклопедиялық, ассоциативтік, ұғым-түсінік сақтайды. Мұнда үш тілдік қызметі ерекшеленеді: концептуалдық; акпараттық; аккумулятивтік (энциклопедиялық, когнитивтік), бұл қызмет сөйленісте де болады. Коннотация тұрғысынан ЖЕ қызметі тіптен басқа. ЖЕ стилистикалық, эмоционалды-бағалауыштық, әлеуметтік-бағалауыштық, аймақтық және мәдени-тарихи қызметтерін тілдік деп санауға болады, бұған қоса мәтінде мәтін түзуші және эстетикалық қызмет болады. Жалпы номинативтік, сигнификациялық, коннотациялық тұрғыдан ЖЕ он бес қызметі болады [121].

Поэтикалық тілдің элементі ретінде жалқы есім (экспрессема) апеллятивке және тілдің антропонимдік немесе топонимдік жүйесіне қатысты ерекшелікке ие болады.

ЖЕ қызметі туралы көптеген ғалымдардың пікірлері қалыптасқан. Олардың көбі атаулардың номинативтік, адрестік, дескриптік қызметіне нұсқаса, кейбірі әлеуметтік, діни-харизматикалық т.б. қызметтері барын айтады. Ғалымдардың кейбірі атаулардың соңғы қызметтерін ономастикалық бірліктердің басты қызметі деп санамайды. Дегенмен біз ономастикалық бірліктердің тілдік бірлік ретінде коммуникативтік және танымдық қызметі

болатынына келісіп, көркем мәтін ішіндегі ЖЕ ерекше рөл атқаратындығын ескеріп, жиналған материалдар бойынша орта ғасыр түркі тарихи жазба ескерткіштеріндегі ЖЕ қызметін талдауды жөн көрдік.

Онимдер тіл бірлігі екіжақты референттікті – атау тағу жүйесінде бірегейлендіруші (прагматикалық) және сөйленісте предикат белгі (синтагматика). Жалқы есімдер жалпы тілдік те, ономастикалық қызметі – атауыштық және коммуникативтік, бірегейлендіруші және сипаттаушы, әлеуметтік-жекелеуші, побудителді, экспрессивті-бағалауыштық атқарады. Атауыштық және коммуникативтік қызметі арқылы басқа да қызметтері ашылады. Жалқы есімдер коммуникация актісіне қатысады, сонымен бірге ол қатынас актіні туындатады. Мысалы:

Елік айтты: – *Айтолды*, көрдім сені,
Сүйінтті қылық, құлық, көркің мені («ҚБ»).

Алла-Алла жер астынан мекен қылды,
Мүңкір-Нәнкүр: “раббың кім?” деп сұрақ қылды.
Фардус атты жәннаттан хабар келді,
Дидар үшін баршасын қойдым міне.

Құл Қожа Ахмет, дүние қусаң ісің бітер,
Көкіректен шыққан даусың көкке жетер.
Күндіз-түні тынбай жыла, Құл Қожа Ахмет,
Құрмет етіп хак расулға болғай үмбет («ДХ»).

Уа, Алла, кешіруші иемсің, кешір! («АС»)

Алла, Хорезми ақынға назарың сал,
Махабатты көңілден сен азайтпа.

О, Арыстан жүректі, *Қоңырат* ұрығы,
Кіші жастан ұлықтардың ұлығы («МН»).

Бұл мысалдарда онимдер коммуникация актісіне қатысып, қаратпа (*антропоним, теоним, этноним*) ретінде және сұрақ-жауап алушы субъект ретінде қолданысқа түседі, сонымен бірге атауыштық қызметі негізгі болып табылады.

Күн Арыстан шоғырында, өзгермес,
Арыстанды Күнге қырсық кез келмес («ҚБ»).

Толды *Айтолды*, өшті тірлік өтпелі,
Барам өліп, өкінішім көп, тегі... («ҚБ»)
Хорезми *Мұхаббат-намені* аяқтай келгенде,
Дүниеге жаңа көктем келді («МН»)
Мен *Шамға* аттанған жылы,
Жаяулап біраз сапар шектім («МН»)
Құдайым махшарда берсін жақсы күн,
Қияметте асыл жанға дозақ махрұм («ДХ»).

Онимдер мәтін түзуші қызметімен бірге, қосымша ақпарат – мезгілді (*космоним, библионим, антропоним, топоним, бейақиқат хрононим*) көрсетеді. Сонымен бірге жанды объектіні жансыз объектімен салыстыру арқылы мезгілді және жанды объектінің қалпын көрсеткен, яғни жансыз объект – Ай толады да өлара кезі басталып, содан кейін жаңа ай туады, жанды объект – басты кейіпкердің бірі Айтолды жасы жетіп, ауру меңдеп, өше бастайды. Осы екі объектіні салыстыру арқылы Ж. Баласағұн өмірдің өтпелі, тек жансыз аспандағы объектінің (*космоним*) мәңгі екенін көрсету арқылы шығарманың тәрбиелік мәнін аша түскен.

«Құзорда» елі – оның туған мекені,
Түп-нәсілі, анық, тілді екені ...
Хаттап-қаттап барын жазды көңілде,
Тәмамдады жырымен Қашқар елінде («ҚБ»)
Мәдениге Расул барып, болды ғаріп,
Ғаріптікте азап тартып, сүйді жанып («ДХ»)
Перзентім деп мойным құшып көңілім тапты,
Он жетімде *Түркістанда* тұрдым міне («ДХ»)
Кезіп жүріп шаһарына қайта оралды,
Түркістанда мазар болып қалдым міне («ДХ»)
Нышан бермес, ешкімге мысалыңыз,
Ирак, *Рум* һәм *Кәнан* ішінде («МН»)
Мұхаббат-наме сөзін мұнда біттім,
Баршасын Сыр жағасында жаздым («МН»)
Жүгіріп барып ол әлгі адамның қолынан ұстады да:
«Біздің *Тартабиданда* шіркеу бар», – деді («МН»).

Шайырдың жерінің аты Йүгінек деп аталады («АС»).

Мәтін ішінде онимдер негізгі атауыштық қызметімен бірге адрестік қызметін де атқарады. Бұл қызметті ескерткіштерде тек топоним атқарған. Онимдердің бұл қызметі негізінде бірнеше ақпарат алынды: біріншіден, ескерткіштің жазылып біткен жері, екіншіден, ескерткіш авторының туған жері, үшіншіден, шіркеудің орналасқан жері т.б. «Диуани хикмет» ескерткішіндегі онимдердің аталмыш қызметтегі ақпарат беру ерекшелігі өзгеше, себебі

Қ.А. Ясауидың Сайрамнан он жеті жасында Түркістанға барып, Арыстан Бабтың тәрбиесінде болғанын аңғартады және бүкіл өмірін сопылық ілімді тарату бағытында білім жинаумен әлемді кезген автор қалған өмірін ешқайда бармай, Түркістанда өткізгенін жеткізген.

Хандар ханы *Тавгаиш Қара Бугра* –
Падишахтың құзырында оқыды («ҚБ»);
Әділдікті *Кунтуды* Елік атапты,
Өздеріне соны әмірші жасапты («ҚБ»);
Әзірейіл кеп *Арыстан Бабам* жанын алды,
Хорлар келіп торғын тоннан кебін қылды («ДХ»);
Мәжнүндей туыс-туғаннан қашып танды,
Мұстапаға аза тұтып кірдім міне («ДХ»);
Масаның қолына ол пышақ бере,
Ол *Намрудтың* миын ағызар («МН»);
Сіз деп келді, *Хорезмиді* асыраң,
Барлық шахтар асырар өз кедейін («МН»);
Атым шайыр Ахмет, сөзім – өнеге, өсиет,
Сөзім дүниеде қалады, өзім өлемін («АС»);
Мұның бәрі араб тілінен ғибрат.

Онимдердің көркем шығарма ішінде ең негізгі қызметтерінің бірі – мәтінтүзу. Бұл мәселеге қатысты онимдердің мәтіндегі беретін ақпаратына қарай бірінші деңгейдегі оним және екінші деңгейдегі оним деп бөліп қарастыруға болады, себебі бірінші деңгейдегі оним мәтінтүзушілік қызметінде синергетикасы мол.

Библионимдердің орны ерекше, себебі ескерткіштердегі библионимдер басты мәлімет – мұрасы болып табылады. Сонымен бірге мәтінтүзушілік қызметіндегі бірінші деңгейдегі онимдер қатарына антропоним жатады, себебі басты кейіпкер есімі оқиғаның өрбуіне тікелей себепкер. Онимнің бұл түрі сол сияқты екінші деңгейдегі онимге де қатысты болып келеді, себебі негізгі рөлді атқаратын басты кейіпкерлермен қатар қосымша кейіпкерлер де мәтінде орын алады. Сондай-ақ, жоғарыда келтірілген мысалдардан көріп отырғанымыздай, мәтіндегі этнонимді де екінші деңгейдегі оним қатарына жатқызуға болады.

Бірегейлендіруші және сипаттаушы қызметі. Атаудың сипаттау қызметінің орындалуында әртүрлі деңгейінде жекелеуші белгісінің бар не жоқ болуы көрініс табады. Осыған орай бірегейлендіруші қызметі немесе сипаттау қызметі, екі қызметі бірдей анық болады. Нақты референтті атау нысанды бірегейлендіруге жақсы бейімделген. Олар нақты денотатқа тағылып, оны социумнан бөліп, индивидті нақтырақ бірегейлендіреді. Олар атау иесін қандай да бір әлеуметтік топқа және тұрпат белгісіне қатысын көрсетеді. Сипаттаушы қызметі сөйлем немесе сөз тіркесті формада болуы мүмкін. Мысалы, Қызыл қалқан, Қара құс, Руми қызы т.б.

Әлеуметтік-жекелеуші қызметі. Атау иесін әлеуметтік және қоғамда алатын орнына қарай жекелеуге мүмкіндік береді. Мысалы: Қас Хажыб Жүсіп, Әдіб Ахмет т.б.

Ықпал ету қызметі. Мұндай атаулар локутивті әсерінен басқа коммуникативті үдеріске қатысушыларға ықпал ететін иллюкутивті күшке ие.

Экспрессивті-бағалауыштық қызметі. Экспрессивтілік – атаудың көркемдеуші ерекшелігінің бірі. Семантикалық құрылымдағы эмоция тұрпат межесі мен мазмұн межесінде әртүрлі сезім: құрмет, жиреніш, тамсану, ызалану, аяу т.б. білдіреді. Мұндай атаудың эмоционалды-экспрессивті мағынасы атау берушінің атау иесіне қатынасын білдіретін жасырын коннотация бар. Мысалы, мағынамен Ақыбет – «ақыры, соңы» деп атады.

Сонымен, орта ғасыр түркі жазба поэтикалық ескерткіштердегі онимдердің қызметін біз шартты түрде төмендегі кесте түрінде беруді жөн көрдік:

Кесте 12 – Орта ғасыр түркі тарихи жазба ескерткіштеріндегі ЖЕ қызметі

№	Қызметі	Мысал
1	Атауыштық	Жеті жаста Арыстан Бабка қылдым салам; Құл Қожа Ахмет, надандықпен өмірің өтті; Фардус атты жәннаттан хабар келді («ДХ»); Атым шайыр Ахмет, сөзім - өнеге, өсиет («АС»);
2	Бірегейлендіру	Жүсіпті айырып еді ол Қынғаннан. Туған жерім қасиетті Түркістаннан; Перғауын Әман сенде дүр, менде Жүсіп Қынған бар Адал болып, таза болды Жанид Шәбли, Нәпсісін тиып қаһар қылды Хасен Басри. Пенделікті қойып, сопылық құрды Зүнүн Мысри («ДХ»); Шайырдың жерінің аты Йүгінек деп аталады. Атасының аты – Махмұд Йүгінеки («АС»).
3	Сипаттаушы	Батылдықпен қайтпаған Құдай шері Ғали дүр; Іші-бауыры езілген Әбубәкір Сыдык дүр («ДХ»); Қызыл қалқан найза бойын асқанда Жан алғыштың келуіне әзірлен, Ұзақ жолға дайындалғын қазірден («ҚБ»);
4	Әлеуметтік-жекелеуші	Мұхаммед Хожа бек – дәулет құмайы; Шахтың шахы Жәнібек ханға етенесіз; Мұхаммед Хожа шах үшін ішетін («МН»); Әдіб Ахмет оның ұлы. Мұның еш шәгі жоқ («АС»);
5	Стилистикалық	Руми кызы жүзін жерге жасырды («ҚБ»);
6	Мәтін түзуші	Сүлеймендей салтанатты падишасың, Жүсіптің жүзі мен Мәсихтің демі тиген («МН»); Ирандықтар «Шахнама» деп қараған Турандықтар «Құт білімі» санаған («ҚБ»).
7	Діни харизматикалық	Расулды ағасына беріпті; Мұстапанын қадірін қашан білер? Хақ тағала қадірін қашан білер? Пірмұған қызметінде зыр жүгірдім («ДХ»);

Сонымен қоса антропонимдердің тұлғаны өзі тектілестерден жекелеу, оны сипаттау, әлеуметтік деңгейін көрсету, белгілі бір қоғамға қатысын көрсету сияқты қызмет атқарғанындай, топонимдер адрестік, денотаттың қызметі, теңеу басқа да тәсілдер арқылы оның сипаты т.б. қызметі сияқты космонимдер де белгілі бір қызмет атқарады. Мәселен, А. Йүгнеки бек, ыспаһсарларды мадақтауда Симак жұлдызын жанды құбылыс ретінде (олицетворение) қолданған: Симак жұлдызынан әрегірек қамқорлық етеді.

Хорезми «Мұхаббат-намеде» *Утарид*, *Нафид* космонимдерін автор тұлғасымен, ісімен салыстыру мақсатында белгілі бір кәсіп иесі ретінде көрсете білген: *Утарид* – жазғыш, *Нафид* – сазды. Ал Муштари космонимін жан иесі ретінде, әсемдікті тани білетін құбылыс ретінде қолданған: Көркіңе Муштари болып тұр құл.

Ж. Баласағұн космонимдерді тек аспан әлеміндегі нысандарды атау немесе көркем мәтін стилін құру үшін ғана пайдаланбақ, сонымен бірге ақпараттық мәнде орынды қолданған. Мәселен, адамзат тұрмыста космонимдер арқылы кеңістікте бағыт-бағдарды ғана анықтап қоймаған, сонымен бірге белгілі бір мезгілді анықтау үшін пайдаланған. Мұны біз «Құтты біліктен» де көре аламыз. Мысалы: 1) белгілі бір жыл мезгілін: жаз, қыс, күз, көктемді анықтауда:

Жаз жұлдызы – *Қозы*, сонсоң *Уд* келер,
Әрәндір *Қушық* жақын, жуық жіктелер.

Арыстанмен Бұғдай басы қос болар,
Сонсоң *Үлгі*, *Чадан*, *Иа* дос болар.

Келер сонсоң *Оғлақ*, *Көнәк* һәм *Балық*,
Олар туса болар көгің жап-жарық.

Сонымен бірге біз нақты қай мезгіл екендігін дұрыс анықтау үшін обсерваториядағы физик-астролог ғалымдармен байланысып, кеңес алған болатынбыз.

Туардан *Чадан* туып, өрлеп кетіпті

Физик-астролог ғалымдардың пайымдауынша, бұл

жерде көктемнің соңғы күндері, жаздың басы суреттелген.

Иәтіген бас көтеріп алыпты

Иылдырық айғырға кеп қалыпты.

Ғалымдардың пікірінше, *Иәтіген* көктемде түн ауа ең жоғары көтеріледі, қыстың күні – таңертең, ал жазда – кешке қарай.

Әрәнтірдің басы жерге жақындап,

Нұрын шашып, шықты күн де жарқылдап.

Физик-астролог ғалымдардың пайымдауынша, күн шығардың алдында *Әрәнтір* тек қыстың күні батады екен.

2) белгілі бір нақты мезгілді (сағатты) анықтауда:

Біраз ұйықтап, оянды да қарады:

Төбесінен *Миррах* ауып барады.

Алайда, өкінішке орай, физик-астролог ғалымдардың пайымдауынша, біз нақты қай уақыт болғанын анықтау үшін, бұл шығарманың нақты қай жылы жазылғанын анықтауымыз керек, себебі *Марс, Юпитер* т.б. ғаламшарлар қозғалып отырады. Егер шығарманың жазылған жылы нақты белгілі болса, бұл жерде нақты қай сағатты көрсетіп тұрғанын біліп, яғни біз оқиғаның әр мезгіліндегі істі анықтай алар едік.

Және көрді: *Үркер* ауып өтіпті,

Туардан *Чадан* туып, өрлеп кетіпті.

Иылдырық, *Айғыр* туып көрінді,

Әрәнтір кеп қосылды да, төгілді.

Ұйқы келмей, қайта тұрып қарады,

Түн жамылып *үркер* ауып барады.

Көтерілді *Қарақұс* та шығыстан,

Талаурады жалындап от зымыстан.

Ж.Баласағұн космонимнің атауын да ұтымды пайдалана біліп, жұлдыздың көтерілуін құстың қанат самғап ұшуымен, алайда ол – жұлдыз болғандықтан, отты самғаумен теңей білген. Ал қанат сатырлап ұшу тек ірі құстарға тән болғандықтан, оны алып жұлдыз (құс) деп

санауға негіз болады:

Жерден ұшқан от-жалындай лапылдап,
Қарақұс та ұшты қанат сатырлап.

4.2 Тарихи ескерткіштер: хронотоп және шығарманың концептуалдық жоспары

Мәтін ішінде тарихи онимдер шығарманың мезгілі мен кеңістігін ұйымдастыратын өзіндік үйлестіруші, яғни хронотоп қызметін атқарған. Хронотоп құбылысы «Диуани хикмет» ескерткішінде ерекше көрініс берген. Басты кейіпкер – автордың сопылық ілімді таратуда жерүсті (Түркістан) және жерасты (пейіш, дозақ, сират) кеңістігінде әр мезгілде (тоғыз, он жеті, отыз, алпыс екі, алпыс үш жас) зікір салу қозғалысы арқылы мезгіл мен кеңістікті байланыстырып, шығарма хронотопын анықтаған.

Мұнда бастапқы хронотоп – жерасты, осымен басталып, осымен аяқталады:

Жеті жаста *Арыстан Бабқа* қылдым салам,
Мұстапаның аманатын бер деп маған.
Жер үстінде сұлтанмын деп болдым ұлық,
Ризалықпен жер астына кірдім міне.

«Диуани хикметтегі» мәтін хронотопын құрайтын онимдік бірліктерді талдау үшін топоним мен хрононим осы рөлді атқаратынын білу қажет. Шартты хронотоп – жерүсті, яғни Түркістан астионимы арқылы берілген. Дегенмен ақиқат және бейақиқат хронотоптар кей жерлерде нақтыланбай, тек жерүсті және жерасты деп берілген. Мезгілдік сәйкестік тек кейіпкердің жасы мен машхар уақыты, сонымен бірге нақты аптаның күнін (дүйсенбі) және нақты уақытты (таң сәрі) атау арқылы көрініс тапқан. Мәселен:

Шаш пен сақал ағарды, көңілім қара,
Махшар күні рахым еткін, халім нашар.
Таң сәріде дүйсенбі күн жерге кірдім,
Мұстапаға қайғы тұтып кірдім міне.

Хронотоптың мәтін ішіндегі қызметіне қатысты

Қ. Рысберген мынадай пікірді білдірген: «Сонымен қатар нақты мекен-жайлық, локальды бағыт-бағдарлық қызметті де атқарып тұр. Көптеген ақиқат топонимдік атаулармен қатар бізге жетпеген, ақын-жыраулар поэтикалық жолдарында ғана сақталған, кезінде аса актуалды болған көптеген микротопонимдік атауларды кездестіруге болады (мысалдарды төменірек береміз). Яғни аталмыш көркем мәтіндерде кеңістік пен нақты тарихи кезең бірегей хронотопқа ұйымдасып тұр. Сондықтан хронотоп көркем шығарма кеңістігінде нақты тарихи кезеңдегі уақиғаны суреттей отырып, оқырманды сол кеңістік координатасынан дұрыс бағдар беріп, хабардар етеді. Жоғарыда көрсеткеніміздей, хронотоп теориясы жалпы филологиялық проблема ретінде жеке және жете зерттелуі тиіс тың тақырып деп есептейміз» [145].

Жоғарыда айтқанымызға сәйкес хронотопты құруда топоним басты рөл атқарады. «Диуани хикметте» шартты хронотоп – Түркістан мынадай сипатқа ие болған:

Туған жерім қасиетті *Түркістаннан*,
Баурымды тасқа ұрып келдім міне.

Яғни тұрған қаласынан жат жерге кеткен кезі және бағыт-бағдар кеңістігі белгісіз (X), бұл тұста сөз етілмеген, бірақ шамамен мұсылмандық Отанына қарай бағыт алғанын білдіреді.

Сұхбат құрмай қыз-келіншектермен онда,
Тыйым салғалы *Түркістанға* келді, достар.

Бұл өлең жолдарынан бағыт-бағдардың Түркістанға бағытталғаны анықталды, яғни ол белгілі. Алайда бұл кеңістікті басты кейіпкер – автордың өзі емес, оның ұстазы өткен.

Тапса тағам, кір тон киер жетпегеннен,
Соның үшін *Түркістанға* келдім міне.

Бұл мысалда басты кейіпкер – автор шартты хронотопты құрушы онимдік бірлік – Түркістанға бағыт алған және бұл сапардың мақсаты айқындалған. Ал төмендегі мысалда жағдаят Түркістанның өзінде өрбіген, яғни Түркістанға немесе Түркістаннан емес Түркістанда орын алған:

Есітті Баба Мәшін ол заманда,
Ахмет атты бір шаих шығар деп Түркістанда.

Сонымен, шартты хронотопты құрайтын топонимнің (Түркістан) локусы анық, егер топонимді S, ал одан шыққандағы бағыт-бағдарды X және оған бағытталған бағдарды P деп алсақ, онда белгілі сызба алынады:
 $P \rightarrow S \rightarrow X \rightarrow S$.

«Мұхаббат-наме» ескерткішінде хронотоп құбылысы да орын алған:

Жаза бастағанымды аяқтауға жеткізгей,
Мұхаббат-наме *Мысыр* мен *Шамға* жеткей.

Мұнда хронотопты құрайтын онимдік бірлік топоним (*Сыр, Мысыр мен Шам*), ал мезгілдік сәйкестік хрононим арқылы емес «біттім, жеткізгей, көктем» лексикалық бірліктер арқылы берілген.

Мұхаббат-наме сөзін мұнда біттім,
Баршасын Сыр жағасында жаздым.
Хорезми *Мұхаббат-намені* аяқтай келгенде,
Дүниеге жаңа көктем келді.

Сонымен «Мұхаббат-наме» ескерткішінің хронотоп құбылысындағы басты субъект автор не басқа да кейіпкер емес, библионим «Мұхаббат-наме». Библионимнің жазылған жері (*Сыр*), оның жетуі бойынша таңдаулы бағыт-бағдар (*Мысыр, Шам*) анықталған.

Хронотоп құбылысы «Құтты білік» ескерткішінде де көрініс берген.

Басты субъект библионим, ол жергілікті ерекшеліктерге қарай әртүрлі аталады:

«Әдәбүл Мүлік» деп атапты шынлықтар,
«Әнисул Мәлік» деп атапты машынлықтар.
Мұны ұлықтар күллі Шығыс елінде,
«*Зийнатул умәра*» – деп таратқан тегінде.
Ирандықтар «*Шахнама*» деп қараған,
Тұрандықтар «*Құт білімі*» санаған.

Хронотопты құрайтын басты бірлік топоним (Қашқар) және хрононим белгісіз (X), тек «Бұғра хан тұсында» тіркесі арқылы нақтыланып тұр.

Хаттап-хаттап барын жазды көңілде,
Бұғра хан тұсында бұл жасалған,
Құтты кітап – хан тілі деп атанған.

Сонымен бірге мәтін хронотопын құруда аралық оним (топоним Құзорда) қосымша ақпарат (шығарма авторының туған жері) жеткізіп тұр.

«Құзорда» елі – оның туған мекені,
Түп-нәсілі, анық, тілді екені ...


Тарихи ескерткіштердегі хронотоп құбылысын құрап тұрған онимдік бірліктер мезгілдік-кеңістік қатынасындағы іс-әрекеттерді нақтылап, мәтіннің ішкі бірлігін сақтауда маңызды рөл атқарған.

4.3 Прецедентті термині және прецедентті есім

XX ғасырдың соңғы жылдары прецеденттік есім (прецеденттік феномен, прецеденттік мәтін) ұғымы тіл біліміне енгізіле бастады. Дегенмен әр ғалым бұл ұғымдарды өзінше қабылдады, өз түсінігін берді. Олардың бірі жалқы есімнің жалпы есімге ауысуы деп түсінсе, енді біреуі оны кеңірек мәнде деп ұғынды. Сонымен бірге оны қарастырған ғалымдар әртүрлі атау берді.

Бұл құбылысты тіл білімінде атау үшін ғалымдар әртүрлі терминдер ұсынған. Мұны кесте түрінде төмендегідей көрсетуге болады:

Кесте 13 – Құбылысты атаудың терминдік көрінісі



Мұндағы *метафора* терминін С.В. Перкас ұсынған болатын. Ол жалқы есімдерді жалқы есімдерге жақындататын метафоралық қолданыс туралы айта келе, «метафоралану аталатын нысандарды ерекшелігінен айырады», – дейді [193].

Ал *антономасия* терминін Л.Н. Андреева, Э.Б. Магазаник, В.М. Калинин қолданған [194; 195; 196]. Л.Н. Андреева үшін антономасия – лексикалық мағынаның екі түрінің – негізгі және мәтін ішіндегі, нысанды-логикалық және аталымдық мағынаның бір уақытта іске асуына негізделген жеке стильдік тәсіл. Осы тектес қолданысты Э.Б. Магазаник поэтикалық ономастикаға ғана тән деп есептесе, В.М. Калинин онимнің поэтикасы туралы сөз етеді.

Бейонимдену терминін Ресей ғалымдарынан А.В. Суперанская, П. Кристоферсон, В.И. Болотов, И.Н. Юшманов ұстанған [35; 197; 198; 199].

Н.В. Подольскаяның сөздігінде «бейонимдену – онимнің апеллятивке өту үдерісі» деген анықтама берілген [120]. Н.В. Васильеваның пікірінше, бейонимдену термині «орыс ономастарының қолданысына кеңінен енген жоқ», дегенмен шетел ономастикасында, соның ішінде неміс ономастикасында кеңінен қолданылады [200]. Бұл мәселе бойынша профессор Т. Жанұзақовтың шәкірті Б.Ә. Көшімова «Қазақ лексикасындағы бейонимдену үрдісі» атты кандидаттық диссертация қорғаған болатын [201]. Сонымен қатар А.Е. Бижкенова неміс тіліндегі бейонимдену үдерісін зерттеп, кандидаттық диссертациясын 1997 ж. қорғап шыққан [202].

Тәмсіл (араб тілінен аударғанда «ұқсату» дегенді білдіреді) терминін С. Мұстафаұлы ұсынған [203], ол фразеологизмдерден нақты мысалдар келтіре отырып, тәмсіл болу үшін келесі белгілерді атап көрсеткен: «Біріншіден, тәмсілдер сөз соңындағы дыбыстары болмаса, негізінен сөйлем ішінде қолданғанда біртұтас даяр күйінде жұмсалады...; екіншіден, мағына тұтастығына ие. Тәмсілдердің белгілі бір меншікті мағынасы болады.

Ол мағына тәмсілді құрастырушы, жеке сөздердің мағынасының жай жиынтығы емес. Қайта тәмсілдерде мағынаға байланысты белгілі бір аңыз-ертегі, тарихи оқиға, яки әңгіме бар, енді бір сөзбен айтқанда астарлы мағынасы бар сөздер. Үшіншіден, тіркес тиянақтылық ерекшеліктеріне ие.... Тиянақты сөз тізбегіндегі сөздер әркімнің қалауынша емес, қалыптасқан белгілі жүйемен орналасқан.

В.Г. Костомаров, Н.Д. Бурвикова «логоэпистема» терминін қолдануды ұсынып отыр (грек тілінен «логос» - «сөз», «эпистема» - «білу, тану») [204], яғни сөздің түп төркінін тану. В.Г. Костомаров, Н.Д. Бурвикова логоэпистемаларға әр деңгейдегі лингвоелтанымдық құнды бірліктерді (қанатты сөздер, фразеологизмдер, прецедентті мәтін т.б.) жатқызады. Олардың әр деңгейде болуы логоэпистемаларды қолдануға байланысты, ал ондағы мағына сөздің мағынасын мәдени факт ретінде қолдана білуінде деп түсіндіреді [204].

Кенинг терминін Ю. Лотман, Б. Успенский ұсынған. Кенинг – метафораның бір түрі, мысалы, «қарға тұмсығын бояушы» және «қылыш бояушы» – жауынгер. Ю. Лотман, Б. Успенский *Иван геркулес* және *Иван Геркулес* есім ұғымдарын талдай отырып, «бірінші жағдайда жалпы есім, ал екінші жағдайда нақты кейіпкерге қатысы бар, қандай да бір жеке белгісі арқылы анықтау емес, тұтас жалқы есім арқылы анықтау», – деп санайды [205].

Е.С.Отин нақты қолданыста мағыналық үстемдігі денотатпен байланысты емес, кейіннен дамыған ұғыммен байланысты жалқы есімдерді бөле отырып, *коннотонимдер* терминін ұсынған. Оларға мысал ретінде Ходынка, Камчатка, Соловки, Вавилон, Мекка, Клондаик, Бродвей сияқты жалқы есімдерді келтірген [206].

Жоғарыда аталған терминдердің кейбірі бұл құбылысты толығымен қамти алмаса, екіншілерінің мағыналары кеңірек. «Метафора», «антономасия», «бейонимдену» терминдерінен жалқы есімдердің мүлде жалпы есімге ауысу үдерісін байқасақ, «тәмсіл», «кенинг» терминдерінің беретін

ұғымдары тар, «прецеденттік есім», «прецеденттік оқиға», «прецеденттік айтылым» терминдерінің ұғымдарын бере алмайды, ал «логоэпистема» терминінің ұғымы кеңірек, ал «коннотонимдер» термині бұл құбылысты нақты ашып бере алмайды. Біздің ойымызша, «прецедентті» термині жалқы есімнің жалпы есімге ауысуы емес, «полярилық», яғни ортадағы ұғым, қажет уақытында жалқы есім бола алады.

Шет тілдер сөздігінде прецедент терминінің келесі анықтамасы берілген «прецедент [\lt лат. praecedent (praecedentis)] – 1) бұрын-соңды орын алған және осы сияқты кейін болатын жағдайларға (оқиғаларға) үлгі болатын немесе оларды растайтын жағдай» [207].

Прецедентті деген ұғым тіл білімінде ХХ ғасырдың соңына қарай Ресей ғалымдарының (Ю.Н. Караулов, Ю.А. Сорокин т.б.) еңбектерінде қарастырылған, ал прецедентті есім Д.Б. Гудков, В.В. Красных, Е.Л. Березович, О.А. Ворожцова, А.Б. Зайцева, О.С. Боярских, Г.Г. Сергеева т.б. ғалымдардың еңбектерінде сөз етіледі. Мәселен, О.А. Ворожцова, А.Б. Зайцева Ресей және Америка мерзімді басылымдардағы прецеденттік есімдерді қарастыра келе, прецеденттік феномен терминіне анықтама беріп, олардың төрт түрін көрсеткен: *прецеденттік оқиғалар, мәтіндер, айтылымдар және есімдер*. Соның ішінде прецеденттік есім терминінің анықтамасын келтіріп, денотативті немесе экстенционалды қолданылатын прецеденттік есімдерге толығырақ тоқталған. Мысалы, Джон Адамс және Джон Кеннеди денотативті қолданылған, яғни кеңінен танымал президент-демократтарға сілтейді. Ал Джон Кэрри есімінің олармен қатар тұруы оны «өзіміз», яғни халық қолдауына ие саясаткерлер дегенді білдіргені. Сонымен бірге коннотативті немесе интенционалды қолданыстағы прецедентті есімдерді қарастыра отырып, Рогозин бейнесі Терминаторға теңелгенін айтады, яғни нақты бір іске бел шеше кірісетін адам ретінде суреттелген [208].

О.С. Боярских «Прецедентное высказывание в газетном тексте: особенности читательского восприятия» атты

мақаласында көркем әдеби *прецеденттік айтылымдардан* құралған қазіргі газет және журнал басылымдарының материалдары негізінде сауалнама жасап, реципиенттер арасында олардың қабылдауы бойынша тәжірибе өткізген. Ол реципиенттер ретінде химия және биология, математика және информатика, тарих, жарнама мамандықтары бойынша оқитын 1-4 курс студенттерін алған, яғни олардың арнайы филологиялық дайындықтары жоқ. Бұл тәжірибе мәдени стереотиптерді студенттердің қалай қабылдайтынын, олардың аялық білімін анықтау үшін жүргізілген. Автор тәжірибе нәтижесін екі фактор тобына түйіндейді. Бірінші топ қабылдаушы субъект санасымен байланысты: белгілі бір прецеденттік айтылыммен таныс болу дәрежесі, әдеби аялық білімінің болуы / болмауы. Екінші топ – прецеденттік белгінің ерекшелігімен байланысты, яғни оның қолдану ерекшелігі (афористік / фразеологиялық), түпнұсқа-мәтінмен байланысы (немесе байланыстың болмауы), трансформация жасау ерекшелігі, лексикалық құрамы [209].

Г.Г.Сергеева «Национально-прецедентные имена в восприятии подростков» атты мақаласында мектеп оқушылары арасында ұлттық мәдениеттің тірек концептілерін игеруін анықтау үшін сауалнама жүргізген. Орыс әдебиеті кейіпкерлерінің әр қырын анықтау бойынша жүргізілген тәжірибеден бір тұлғаның бірнеше белгілерін айқындаған. Мысалы, Печорин прецеденттік есімін оқушылар келесі белгілері бойынша қабылдаған: 1) өзімшіл (эгоист) (14 %); 2) рақымсыз (13 %); 3) өзін-өзі іздеген, жақсылыққа талпынған (12 %); 4) фаталист (11 %); 5) өзіне-өзі қайшы (10 %); 6) артық, өз орнын өмірден таппаған (10 %); 7) ақылды (10 %); 8) жұмбақ, түсініксіз (7 %); 9) өмірден түңілген (7 %); 10) өзін-өзі сынайтын, сезімін бақылайтын (6 %); 11) әйелқұмар (5 %); 12) суыққанды (4 %); 13) өмірде мақсаты жоқ (3 %); 14) еркінсүйгіш (2 %) [210].

Е.А. Нахимова «Прецедентные имена в президентском дискурсе» атты мақаласында прецедентті феномендерді

саяси коммуникацияда тиімді қолданылуын бағалауда келесі критерийлерді ескеруді ұсынады:

1) прецеденттік феноменнің саяси үйлесімділігі. автор қолданысындағы прецеденттік есімдер мәтіннің дискурстық ерекшелігіне және әсіресе, адресаттың ұғымына толық сай болу керек;

2) прецеденттік есімнің нақты бір белгілеріне сәйкестігі бойынша әлеуметтік түйсінулігі;

3) басылым бағытталған қолданыстағы прецеденттік феноменнің оқырмандар қабылдауына қолайлығы, оқырмандардың кейіпкер мәнін тану қабілетінің ескерілуі;

4) прецеденттік феноменді қолданудың мүмкіндігінше корректілігі және екі мазмұнды болмауы, сөйленімді екіұшты ұғыну мүмкіндігінің дер кезінде саясаткерлердің байқамауы автор ойынан алыстатады [211].

М.И. Косарев «Прецедентные феномены с субсферой – источником «Кинокшэн» в политической коммуникации Германии» атты мақаласында БАҚ мәтіндегі фильмдерге зерттеу жасап, көрермендердің негізінен фильм атауы мен сюжет есте сақталмайды, ең басты мәнге әртүрлі фильмдердегі әртүрлі оқиғаларда мінез-құлқын көрсететін кинокейіпкердің мифтік бейнесі ие болады деген пікірге келеді. Сондықтан автор Г.Г. Слышкин ұсынған прецеденттік феномен типологиясында прецеденттік концепттік аядағы (концептосфера) прецеденттік жеке тұлғалар концептін және прецеденттік әлем концептісіне ұқсас талдау жасаған [212].

Л. Маршева «Афон и Афоны. Из заметок лингвиста» атты мақаласында мәдени стереотип тұрғысынан Афон және Афондар онимдерін талдау барысында деревня тұрғындарының прагматикалық және коммуникативтік тұрғысынан анықтаған [213].

И.В. Родионова өзінің мақаласында діни есімдердің прецеденттік мәтіндегі алатын орны жөнінде сөз қозғаған. Сонымен қатар ол фразеологизм, тілдік клише, прецеденттік образ, сюжет, прецеденттік тақырып негізінде жасалатынын анықтап, талдаған. Мәселен,

«солмонова печать» – бұл фитоним, яғни өсімдік атауы фразеологизм ретінде қолданылады. Бұл атауда «қол жетпейтін, құпия, түсініксіз» деген мағына жағыр; «адамова голова» – иконада берілетін сурет, символдық мағынасы бар және адамзаттың күнәсі мен мәңгі еместігін еске түсіріп тұратын тілдік клише, сол сияқты «еторьево копье, петров (петровский) крест» те тілдік клише ретінде қолданылатын фитонимдер; «моисеев посох» – астронимі нақты образ немесе сюжетпен байланысты дейді мақала авторы, қазақ тілінде Мұсаның асатаяғы. Бұл Мұса пайғамбар туралы сюжетке сүйенген прецеденттік мәтін; тақырып – мифологиялық әмбебаптық – Христос өліміне қатысты туындаған фитонимдер: христов покррой, христов прикрыт. Аңыз бойынша, Христосты іздегенде ол сол өсімдіктің астында жасырынып отырған, ғылыми атауы аконий [214].

Ю.А. Гурская Ч. Мористің классикалық семиотикалық үшбұрышына салып, Степан Разин образын талдайды, сонымен бірге ерекше мәні бар символдық орыс есімдерін оппозицияда қарастырған. Дегенмен ол бұл есімдерді прецеденттік деп атамайды, оларды мәтін ішіндегі тірек есімдер деп талдаған. Ю.А. Гурская өзінің кешенді зерттеу еңбегінде орыс және белорус тілдеріндегі символдық мәнге ие онимдерді, атап айтқанда, антропонимдерді салыстыра зерттеп, олардың қолданыс жиілігін пайызға шаққандағы көрсеткішпен берген [215].

Қазақ тіл білімінде прецеденттік есім терминін қолданбағанымен, осы мәселенің бір қырын зерттеген ғалымдардан Т. Жанұзақов, Т. Қоңыров, Е. Керімбаевты атауға болады. Профессор Т. Жанұзақов жалқы есімдердің жалпы есімге ауысу мәселесін қарастыра отырып, көркем шығарма жалқы есімдері белгілі бір топтастырылған образды белгілеу мәнін ашқан. Қазақ көркем шығармасында көптеген есімдер антономасия негізінде жағымды және жағымсыз бейнелерді атау үшін қолданылады. Осыларды зерттей келе, Т. Жанұзақов адам әрекеті мен психикасын ашатын бірнеше кейіпкерлерді

көрсеткен: *Қарабай (Қарынбай), Шығайбай* – өте сараң адам, *Асанқайғы* – қайғы-мұңға берілген адам, *Итбай* – өте қатал, залым адам, *Мырқымбай* – кез келген адам, *Қожанасыр* – карапайым, *Қодар* – өте мейірімсіз, «қара күш» иесі, *Көсе (Алдаркөсе)* – өте қу, *Қозы Көрпеш пен Баян сұлу, Қыз Жібек пен Төлеген* – мөлдір, таза махаббат символдары. Ғалымның пайымдауынша, бұл есімдерді жағымды / жағымсыз шкаласына бөліп қарастыруға болады, мәселен, *Қарабай (Қарынбай), Шығайбай, Қодар, Итбай* – жағымсыз тұлғалар болса, *Қожанасыр, Алдар көсе, Қозы Көрпеш пен Баян сұлу, Қыз Жібек пен Төлеген* – жағымды орынды коммуникативтік жағдайға қарай алады. Профессор Т. Жанұзақовтың пікірінше, бұл есімдер символдық мәнде жалқы есімдерден жалпы есімге ауысады. Бұл үдеріс ономастика саласында бейонимдену деп аталады, яғни мағыналық және қолданыс аясына қарай олар жалқы есімдермен байланысын жоғалтады, мәселен, вольт – ток қуатының өлшем бірлігі; бәтис – жұқа мата, француз фабрикасының иесі Батист есімінен жасалған [136].

І. Кеңесбаев жалқы есімдердің мағынасын зерттеп, ол әр кісі есімдерінің сыртында сараңдық, жомарттық, шынайы махаббат құрбаны т.б. сияқты белгілердің болатынын айтып, *Қарабай, Шығайбай, Ләйлі-Мәжнүн, Атымтай жомарт, Қожанасыр, Қодар, Қыз Жібек пен Төлеген* есімдерін талдайды. Ғалым бұл жалқы есімдерді прецеденттік деп аталмағанымен, олардың басқа онимдерден айырмашылық белгілерін атап көрсеткен:

1) ғасырлар бойы халық санасында, салт-дәстүрде сақталған кейбір кісі аттары жалпы есім мағынасында қолданылады. Мұндай қолданыстың негізгі шарты онимнің бір анық көзге түсер мінезіне байланысты болуы;

2) жалқы есімнің жалпы есімге ауысудың басты көзі – ауыз әдебиеті және көне жазба ескерткіштері, сонымен қатар халықта сақталған діни және мифологиялық көзқарастар мен наным-сенімі;

3) жалпы есім ретінде қолданысқа түскен жалқы есімнің

жекелеуші ерекшелігі біртіндеп өшеді және мүлдем жоғалуы мүмкін. Контексте байланысты жалқы есімнің жалпы есімге стилистикалық трансформациялануы мүмкін;

4) жалқы есімнің жалпы есімге ауысуында халық тарихы мен этнографиялық ерекшеліктері көрініс табады;

5) кейбір кісі есімдері мен географиялық атаулардың жалпы есімге ауысуында лексикалық мағынасы ықпал етеді, дегенмен ол құбылыс өзара сәйкес емес [216].

Алайда аталған ғалымдар қарастырған онимдер бұл үдеріске енеді дегенге келіспейміз. Себебі *Қыз Жібек, Төлеген, Балуан Шолақ, Шығайбай, Алатау, Түркістан* т.б. онимдерінің жалқы есім мен апеллятивке де қатысы бар. Бұл есімдер жалқы есімдердің барлық белгілерін сақтаған, өйткені нақты тұлғаны, орынды, олардың мінезін, сипатын білдіріп, нақты бір этникалық топтың танымдық санасында адамның сипаты т.б. бойынша жиынтық жасауға мүмкіндік береді. Олар мәдени стереотип болып саналады. Мәселен, Қыз Жібекті қарастырсақ, келесі белгілер коммуникативтік жағдайға қарай шығады: а) мөлдір махаббатқа бөленген; ә) таза махаббат құрбаны; б) ұзын шаш иесі т.б. Мәдени стереотиптер – тумасынан біткен және әлеуметтік топқа енуде қалыптасқан, бірнеше танымдық қызмет атқаратын адамның әрекет, мінез-құлқының реттегіші. Олар жаңаланып, өзгеріп, толығып отырады.

Қазақ тіл білімінде прецеденттік тілдік бірліктер арнайы кешенді зерттеу нысаны ретінде Н. Таированың «Функционирование прецедентных текстов в русскоязычных и казахоязычных газетах» атты еңбегінде қарастырылған [217].

Мақала немесе кешенді жұмыс ішінде прецеденттік мәтін және прецеденттік есім мәселесі келесі еңбектерде қарастырылған. Мысалы, көркем мәтінде лингвомәдени талдау жасағанда Г.А. Қажығалиева сөз еткен [218], Г.Қ. Ихсанғалиева – газет және телебағдарлама материалдарына байланысты талдаған [219], Т.Е. Пшенина Катуллдың

тілдік тұлғасын зерттеуге байланысты қозғаған [220], С.Қ. Иманбердиева менсонимдерді зерттеу барысында қарастырған [221]. Қазақ тіл білімінде теориялық және практикалық жағынан прецеденттік есім мәселесін кеңірек қарастырған Г.Б. Мәдиева [187]. Қазақстанның орыс тілді мерзімді басылымында сатира мен юморды қалыптастырудағы тілдік бірліктерді зерттеуде В.И. Жумагулова мифтік және шығарма кейіпкерлерінің, атақты ғалымдардың есімдерін күлкі, ирония жасауда салыстыру ретінде қолданғанын көрсеткен [222].

Сонымен, прецеденттік есім – бұл белгілі бір ассоциация тудыратын жекелеуші белгілері бар және салыстыру үшін қолданылатын нақты оқиғаға, кеңінен танымал мәтінге, жеке тарихи немесе белгілі тұлғамен байланысты кез келген жалқы есім. Мысалы:

Сал Сегіз Мәжнүңдей бопты ғашық

Бір қызды Ләйлі көріп Мақпал деген (Базар жырау).

Осы мысалдан біз «Ләйлі-Мәжнүн» жырымен, яғни түпнұсқа-мәтінмен байланысын көріп отырмыз, сонымен бірге Мәжнүн символдық образына еніп тұрған кейіпкер Сал Сегіз, ал Мақпал есімді қыз оқырманға аялық біліміне байланысты белгілі символдық тұлға – Ләйліге теңеліп тұр. Бұл өлең жолдарынан Мәжнүн символдық есімнің халық арасына (аялық біліміне қарай) таралған белгісі – ессіз ғашық болу бүкіл мәтінге тірек болып тұр. Осы прецеденттік есім негізінде Ләйлі символдық бейненің басты белгісі – сұлулық Мақпал есімді қызға теңеліп тұр. Дегенмен мәдени стереотиптердің өзгеріп, толығып отыруына қарай қазіргі кезде бұл прецеденттік есімдермен қоса мөлдір махаббат символына *Қыз Жібек пен Төлеген, Қозы Көрпеш Баян сұлу* да ие, яғни қазіргі кезде қазақ тілінде соңғы аталған прецедентті есімдер аталған символдық мағынада жиі қолданылады.

Біздің зерттеу нысаны ретінде қарастырып тұрған Х-ХІV ғғ. тарихи ескерткіштерде мүлде бөлек мағынада ғашықтық пен сұлулық символына айналған. Мәселен, Аллаға, Жаратушыға деген ғашықтық:

Шын ғашығың көрсет маған риза болай,
Өліп-өшіп *Закариядай* зікірші болай.
немесе:

Ғашықтарға берді ғашық отын күйдіргелі
Зылихадай өн бойын сүйдіргелі.

Менің хикметтерімді ғашыққа айтсаң,
Ділі *Әминадай* адалдарға айтыңыз («Диуани хикмет»).

Бұл мысалдардан біз сол кезде прецедентті есімге айналған *Закария*, *Зылиха*, *Әмина* есімдерін көреміз. Олардың әрқайсысының сыртында символдық белгілі бір образдар тұр, яғни зікір салудан сол кездері есімі елге жайылған – *Закария* – дінді уағыздаушы бейне болып табылса, «*Жүсіп пен Зылиха*» дастанының кейіпкері, ғашықтық символы – *Зылиха*, ал *Мұхаммед* пайғамбарымыздың анасы *Әмина* – адалдық символы. Осы үш образ арқылы Аллаға деген сүйіспеншілікті, мойынсұнушылықты аңғаруымызға болады.

Сонымен бірге бұл ескерткіштер арнау-шығармалар болғандықтан, сол шығарма арналған тұлғаларды дәріптеуде прецеденттік есімдер қолданылған, мысалы:

Сүлеймендей салтанатты падишасың,
Жүсіптің жүзі мен Мәсихтің демі тиген.

Сүйкімді, нәзіксің, *Жүсіптей* жүзің бар,
Сен сұлулық әлемінің туысың («*Мұхаббат-наме*»).

Хорезми «*Мұхаббат-намесінде*» *Мұхаммед Хожа* бекті мақтап, оны салтанатты патша, тіршілік иесінің тілін білген *Сүлеймен* пайғамбарға теңейді, ал оның сұлулығын әлемде сұлулығы жөнінен теңдесі жоқ *Жүсіп* пайғамбарға теңейді.

Ойымызды қорыта келе, айтайын дегеніміз прецеденттік есім көпшілікке кеңінен танымал, қолданылу ерекшелігі бар, түпнұсқа-мәтінмен байланысы (немесе байланыстың болмауы), трансформация жасалу ерекшелігі бар оним.

4.3.1 Прецедентті есім табиғаты

Талми пікірінше, когнитивті репрезенттеу, ал Д.Б. Гудков қолданысында лингвомәдени қауымдастықтың когнитивті базасы оның өнімділігі мен қызметінің маңызды шарты болып табылатын прецедентті бірліктер сөйленім модельдерінің негізгісі болып саналады. Когнитивті база қандай да бір лингвомәдени қауымдастықтың барлық өкілдеріне белгілі білім мен түсініктің құрылымдық жиынтығы. Когнитивті база қандай да бір қабылдау емес, ғасырлар бойы, редуцияланған түрде сақталған белгілі феномендер туралы түсінік пен инварианттар [223].

Прецедентті бірліктер үшін барлық прецеденттер когнитивті базаны құрайды. Сондықтан прецедентті есімдер ұқсас фактілерден көрініс беретін модель қызметін атқаратын және стандартты немесе стандартты емес (креативтілігі жөнінен) мазмұнды актуалдайтын тілде нақты вербалды белгілер арқылы көрініс тапқан үлгілі тілдік фактілер ретінде қызмет атқарады. Кеңінен алғанда прецеденттерге тілдік клише, стеротип, фреймдік құрылымдар, гипо-гиперонимдік байланыстың репрезенттері, тұрақты теңеулер т.б. бірліктер жатады. Бұл мағынада прецедент белгілі социум үшін маңызды және сол социум өкілдерінің тілінде актуалданып отыратын нақты «стеротипті образды-ассоциативті кешенді» білдіреді [224].

Прецедентті бірліктер прагматикалық факторлармен өзара байланысқан семантикалық деривацияның нәтижесі болып келеді, олар кеңінен алғанда прецеденттердің лингвокогнитивті белгілері. Бұрын тілде көрініс тапқан және жаңа констелляцияда тілдік қолданыс үшін үлгі, негіз (мағыналық және құрылымдық элементі) болатын тілдік бірліктерден қалыптасқан бірліктер.

Аталымдық жүйені құрай отырып, прецедентті бірліктер бірегей ұғымдық-белгі, когнитивті-мазмұндық модель прецедентема арқылы құрылған күрделі тұтастыққа бірігетін әртүрлі формалды, грамматикалық, лексикалық

және прагматикалық тіл құралдарының жиынтығын білдіреді. Прецедентеманы әр деңгейлі лингвоменталды құнды бірліктер, прецедентті мағынаға ие ұғымдар, анықтап айтқанда, оқиға, зат, бейне, оның сапасы немесе қасиеті туралы фактитивті білім іске асырады. Мұндай аталымдық бірліктердің болмысын прецедентті мазмұн жасайды, олардың қызметі жалпыға белгілі немесе стандарттан тыс/ерекше когницияларды сақтау.

Прецедентті бірліктердің қалыптасуы мен қолданысында маңызды рөлді уәждемелік деңгей атқарады. Ол көпқырлы және прецедентті бірліктердің прототиптері және ұқсастықтарымен өзара байланысының көптеген кодтарын өзінде сақтайды. Зерттеуші үшін, әрине, ол күрделі, себебі тіл иелерінің мүддесін, мақсаты мен номинативті стратегиясының тек синхронды түрдегі емес, сонымен бірге диахронды түрдегісінен көрініс береді, барлық тілдік деңгейін синтездейді. Мәселен, X-XIV ғғ. тарихи ескерткіштерде автор *Мұса, Сүлеймен, Жүсіп, Қарын, Намруд, Жамшид* т.б. прецедентті есімдерді басты уәжі-Аллаға мадақ айту, оның құдіретін, күшін білдіру үшін, дидактикалық мәнде насихаттау үшін қолданған. Мысалы, а) жаратушыға мадақ айту: Жалған атақтан арылып сәби болдым, Алла атын айта-айта ашық болдым («ДХ»). Алла құлын жебеп, жөндеп, оңғарар, Қос жалғанда бар тілегі оң болар («ҚБ»). Мұхаммед әнбиге шах болды, Махаббатымен Алланың досы болды («МН»). Уа, Алла, кешіруші иемсің, кешір! («АС»).

ә) құдірет, күшін көрсету: Дидар көріп, рухым ұшып ғарышқа қонды, Мұсаға ұқсап көкірегім күйіп-жанды («ДХ»). Масаның қолына ол пышақ бере, Ол *Намрудтың* миын ағызар. Желді *Сүлейменнің* пырағы қылар, Жел жаһанды тым-тырақай қылар. Қой күтуге *Мұсаға* берер сақпан, Жүсіпті Мысыр еліне қылар сұлтан. *Аюпты* мехнатпен қылар дос-жар, Тағы да от ішінде *Азар* ұлын асырар (сақтар). Күнді *Исаның* басына тәж қылды, *Мұхаммед Мұстафаны* көкке көтерді («МН»).

Негізінен туынды бірлік ретінде прецедентті бірлік-

тер «дайын» тілдік формула ретінде немесе кейіннен прецедентті табиғатқа ие болатын жаңа, бұрын белгілі болмаған тілдік бірлік ретінде қолданылады. Олардың категориялық белгілеріне бір жағынан ментальдық, өнімділік, сілтемелік, репрезенттеушілік, стереотиптік (қайталануы, танылуы), ал екінші жағынан гетерономинативтілік (номинативті белгі вариативтілігі), лингвокреативтілігі (бірегей еместігі, сөзжасамдық жаңашылдығы) жатады.

Әр деңгейдегі тілдік белгі екі референциалды құрылымнан тұратын қатынасына ие: заттық-логикалық және эмоционалды-экспрессивтік, тіптен екеуінің біреуі нөлдік мағынаға ие болса да. Бірінші компоненті оны тікелей денотатпен байланыстырады және синонимдік қатарға немесе басқа да белгілеу құралдарына жол бермейді. Мәселен, *Түркістан* – шаһар; *Мұса* – пайғамбар т.б. Екінші компоненті парадигматикалық байланыстың барын көрсетеді: синонимдер, антонимдер, басқа да эмоционалды реңктік, «көтеріңкі» немесе «басыңқы» көркемдеуіш құралдармен алмасуы.

Осы тұрғыдан алғанда Л.И. Гришаеваның келесі пікірімен келіспеуге болмайды: «Әр мәтін нақты типке қатыстылығы және функционалды-стильдік вариативтілігіне карамастан өзара тығыз байланысқан вербалды және бейвербалды (аудиалық, визуалды, кинестетикалық) мәлімет кешені болып табылады. Сондықтан әр мәтінді ұлттық ерекше концептуалды және әлемнің тілдік бейнесіне сәйкес қандай да фрагмент деп қабылдауға болады» [225].

Прецедентті мәтінді «коммуникативті прецедент, ұқсас жағдайларда коммуниканттар алдында тұрған номинативті, коммуникативті т.б. міндеттерді шешуге көмектесетін үлгі деп атауға болады. «Коммуникативті прецедент» прецедентті бірліктер үшін «гносеологиялық прототип» болып табылады және ол прецедентті бірліктің коммуникативті кодын қалыптастыруда маңызды. Мысалы, прецедентті есімдер бойынша Хорезмидің

«Мұхаббат-намесіндегі» *Рүстем, Апылатон, Жамшид, Әли, Атымтай, Сүлеймен Мұхаммед Хожя бек* образын ашуда «гносеологиялық прототип» болып табылады:


*Сүлеймендей салтанатты падишасын,
Жүсіптің жүзі мен Мәсихтің демі тиген.
Мың жылдан соң Хатымтай тірілсе егер,
Сенің атыңды естіп, жерді өбер.
Мұхаммед Хожя бек Әлидейін,
Көп қимыл қылар майдан ішінде.*

Сол сияқты ыспаһсалардың «гносеологиялық прототипі» ретінде А. Йүгінеки «Ақиқат сиында» келесі прецедентті: Сәлім, Омар, Оспан, Айаз, Наушарбан есімдерін қолданған. Бұл тегін емес, себебі Сәлім (төрт халифтің бірі – Әбубәкірдің лақап аты), Омар, Оспан сынды халифтермен бірге әділдігімен аты аңызға айналған Иран шахы Наушарбан және жанашыр би Айаздың есімдері пайдаланылған:

*Бұқараға шапағатты, Сәлімнен жұмсақ,
Шариғат жолында Омар сияқты білгір.
Қолы ашықтығы Оспанға тең.
Сезімталдығы Айаздың дәл өзінен асады,
Әділеттілігі жөнінен нағыз Наушарбан.*

Прецедентті бірлік когнитивті база негізінде Ю.Н.Қарауловтың пікірінше, үш түрлі тәсіл арқылы қолданысқа түседі: бірінші, табиғи тәсіл, яғни мәтінді толығымен «қабылдау, түсіну, сезімге бөлену нысаны» ретінде оқырманға жеткізу (қайталау). Екінші тәсіл трансформациялы, «түпнұсқа мәтін бойынша қайта қабылдау». Үшінші тәсіл семиотикалық, түпнұсқа мәтінге сілтеме, белгілерін ерекшелеу т.б. Сол арқылы не бүкіл мәтін, не қандай да бір оқиғаға қатысты ерекше фрагменттері коммуникациялық үдерісте көрініс табады [226].

Прецедентті есімнің нақты құрылымы болады, өзегінде дифференциалды (жекелеуші) белгілері болса, өзегінен тыс шекте төлсипаттары мен кез келген тіл иелерінің прецедентті есімді қабылдауда жеке түсінігі болады. В.В. Красных прецедентті есімнің құрылымына қатысты келесі сызбаны береді [227]:



Потенциалды мүмкін болатын ПЕ жеке түсінуі мен білімі

6 Сурет – Прецедентті есімнің құрылымы

Осы сызба негізінде біздің түсінгеніміз прецедентті есім қабылдануының инвариантында дифференциалды белгілердің біреуі ғана актуалдануы мүмкін және прецедентті есім төлсипаты мен тіл иелерінің прецедентті есімді қабылдауындағы жеке түсінігі мен білімі маңызды емес қосымша рөл атқаруы мүмкін, алайда ондай жағдайда прецедентті есімнің адресант қолданысында еш маңыздылығы қалмауы мүмкін, себебі адресат аялық білімінсіз, қосымша төлсипатсыз дұрыс түсінбеуі мүмкін.

Дифференциалды белгілері аталмыш затты басқалардан ерекшелейтін нақты анықтағыштардың күрделі жүйесін құрайды. Бұл жүйе қандай да бір белгілер жиынтығы емес нақты көп деңгейлі құрылымға ие [Красных]. Жоғарыда айтылған ойға орай «қазіргі кезде прецедентті есімдердің дифференциалды белгілерін ашатын толық элементтер жиынтығын анықтау мүмкін емес, дегенмен прецедентті есім денотатын анықтайтын бірнеше белгілерін келтіруге болады» [228].

Прецедентті есіммен тығыз байланысқан қандай да бір элементтер төлсипат деп аталады, бірақ олар прецедентті есімнің сигнификациясы үшін маңызды емес. Төлсипат ретінде денотатқа тән және сол арқылы танылуға мүмкіндік беретін киім, сақал, т.б. қолданылады. Мұндай бірегейлендіру төлсипаты бойынша телу деп аталады, сол арқылы коммуникацияда прецедентті есімге сілтеме жасалады.

В.В. Красныхтың сызбасы негізінде орта ғасыр түркі жазба поэтикалық ескерткіштердегі прецедентті есімдерді талдағанымызда келесі нәтиже алынды:

Мұхаммед (ғ.с.) прецедентті құрылымы

I Дифференциалды белгілері:

- 1) дидарын көрген;
- 2) Құран алған;
- 3) пайғамбар.

II Төлсипаттар:

- 1) үмбет
- 2) Құран-кәрім

III кез келген тіл иелерінің прецедентті есімді қабылдауда жеке түсінігі болады.

Мысалы: *Мұхаммед* деп жолдас болсаң, қолыңды алам. Перзентім деп қолыңды ұстап жаннат кірем, *Мұстапаға* аза тұтып кірдім міне («ДХ»). *Мұхаммед* әнбиге шах болды, Махаббатымен Алланың досы болды («МН»). Құдайым рақым қылса сонда бізге, Келтірсе тілімізді сөйлер сөзге. Нәбиім – хақ *Мұхаммед*, раббым – Алла!» – Біз айтсақ періштеге келген кезде (М.Ж. Көпейұлы).

Мұса прецедентті есім құрылымы:

I Дифференциалды белгілері:

- 1) дидарын көрген;
- 2) Таурат алған;
- 3) пайғамбар.

II Төлсипаттар:

- 1) жылан бейнелі сиқырлы асатаяқ

- 2) Тауарат
- 3) Тор (Синай) тауы

III Кез келген тіл иелерінің прецедентті есімді қабылдауда жеке түсінігі болады.

Мысалы: *Мұса* сынды Тор тауында көріп дидар, «Раббу унзур илайка» деп айтқым келер («ДХ»). Қой күтуге Мұсаға берер сақпан, Жүсіпті Мысыр еліне қылар сұлтан («МН»). Алтыншы қабатта да көңілді екен, Бұл Мұса пайғамбарға болған мекен. Жанында сиқыры бар асасы тұр, Алладан түскен «Таурат» қолында екен (А. Сопыбек).

Нұх прецедентті есім құрылымы:

I Дифференциалды белгілері:

- 1) пайғамбар;
- 2) Қазығұрт.

II Төлсипаттар:

- 1) кеме;
- 2) топан су.

III Кез келген тіл иелерінің прецедентті есімді қабылдауда жеке түсінігі болады.

Мысалы: Жер жаста шет мартқа ұшып тұрсаң, Дәуіттей отқа салмай, дүкен құрсаң! Нұх нәби пайғамбардай дұға қылып, Дұшпанның жер жүзінде бәрін қырсаң! (М.Ж. Көпейұлы). Тұр екен Нұх пайғамбар кемесімен, ап қалған топан судан тіршілікті (А. Сопыбек).

Сүлеймен прецедентті есім құрылымы:

I Дифференциалды белгілері:

- 1) патша;
- 2) жануарлардың тілін біледі;
- 3) пайғамбар.

II Төлсипаттар:

- 1) жүзік;
- 2) сансыз байлық;
- 3) жел.

III Кез келген тіл иелерінің прецедентті есімді қабылдауда жеке түсінігі болады.

Мысалы: Желді Сүлейменнің пырағы қылар, Жел жаһанды тым-тырақай қылар. Сүлеймендей салтанатты падишасың, Жүсіптің жүзі мен Мәсіхтің демі тиген («МН»). Ғаділ боп Наушеруан, Нәбидей атың қалса, Қасымдай саңылағың мағлұм болса. Тахтыңды Сүлеймендей жел ұшырып, Құс-хайуан иісі жынмен тілінді алса (М.Ж. Көпейұлы).

Бұл жерде айта кететін жайт – оның жүзігі. Аңыздарда айтылғандай, Сүлейменнің жүзігінде жазылған, ауызға алып айтылмаған Алланың құдіретті, өзгеше есімі тек соған ғана мәлім болыпты-мыс (Құран, Бақара сүресі).

Дәуіт прецедентті есімінің құрылымы:

I Дифференциалды белгілері:

- 1) отыз ұлы;
- 2) Сүлейменнің әкесі;
- 3) пайғамбар.

II Төлсипаты:

- 1) қоржын;
- 2) Забур.

III Кез келген тіл иелерінің прецедентті есімді қабылдауда жеке түсінігі болады.

Мысалы: Байтақтың Күзер Суатын, Әзіреті Дәуіттің Отыз ұлын алғанда, Көңіліне қайғы-қасірет Құдіретімен салғанда, Сонда көрген Сүлейменді, Сізге де бергей жаратқан Солардың сабыр, қуатын, Қосынды сал сауында Тапсаң жердің беркіне, Басын қосқан ер азбас Тапса ердің мәртіне (Базар жырау). Дәуіт пайғамбар бұл отыр екен, Алладан түскен кітап «Забурды» оқып (А. Сопыбек).

Қыдыр/Қызыр прецедентті есімінің құрылымы:

I Дифференциалды белгілері:

- 1) көзге көрінбейтін;
- 2) құт әкелетін;
- 3) желеп-жебеуші.

II Төлсипаты:

- 1) Қыдыр түні;
- 2) қамшы.

III Кез келген тіл иелерінің прецедентті есімді қабылдауда жеке түсінігі болады.

Мысалы: Қызыр Бабам дайын тұрып мейірін төге, Медет қылып қолымды алды, достар («ДХ»). Қашан болсын, адам ұзақ жолдасың, *Қыдыр* колдап, бір хак өзі ондасын! («ҚБ»). Бас пен малды беріпті, *Қыдыр* саған еріпті. Шық бермейтін Шығайбай, Мінезі саған келіпті. Айналада ағайын, Сенен безе жеріпті. Арғы атаң Қарынбай, Сараңдықтан өліпті! (К.Әзірбаев).

Жамшид прецедентті есімнің құрылымы:

I Дифференциалды белгілері:

1) патша.

II Төлсипаты:

1) табак/жүзік

III Кез келген тіл иелерінің прецедентті есімді қабылдауда жеке түсінігі болады.

Мысалы: Қайыршы *Жәмшидтей* сыйлы болады, Жүрегім күнмен бірге тұрғандай сезінемін («МН»). Лұқмандай бұл дүниеде мың жыл жүрсең, *Жәмшиттей* патша болып дәурен сүрсең! Арыстан Аплатондай дана болып, Айтпастан жер жүзінің ғылымын білсең! (М.Ж. Көпейұлы).

Ибрагим прецедентті есімінің құрылымы:

I Дифференциалды белгісі:

1) пайғамбар.

II Төлсипаты:

1) Қағба.

III Кез келген тіл иелерінің прецедентті есімді қабылдауда жеке түсінігі болады.

Мысалы: Тұрғызған Меккедегі алғаш Қағбаны да, кездесті *Ибрагим* пайғамбарға. Ыдырыс пайғамбар бұл отыр екен, Бал ашып, жұлдыздарға қарап алып (А.Сопыбек).

Иса прецедентті есім құрылымы:

I Дифференциалды белгілері:

- 1) өліп, тірілген;
- 2) пайғамбар.

II Төлсипаты:

- 1) басында тәж;
- 2) Інжіл.

III Кез келген тіл иелерінің прецедентті есімді қабылдауда жеке түсінігі болады.

Мысалы: Күнді *Исаның* басына тәж қылды, Мұхаммед Мұстафаны көкке көтерді. Жаһанның абыржуы есірік көзінде, *Исаның* демі екені аяншырын сөзінде («МН»). Алладан «Інжіл» кітап түскен *Иса*, Былай сөйлеп кетті Мұхаммедке (А.Сопыбек).

Әли прецедентті есім құрылымы:

I Дифференциалды белгілері:

- 1) күш иесі;
- 2) халиф.

II Төлсипаты:

- 1) дүр
- 2) зұлпықар

III Кез келген тіл иелерінің прецедентті есімді қабылдауда жеке түсінігі болады.

Мысалы: Сипаттасам *Ғалишер* алып дүр, Алмас семсермен кәпірлерді қыра дүр («ДХ»). Мұхаммед Хожабек *Әли* дейін, Көп қимыл қылар майдан ішінде («МН»). Құдіретпен гүл шығардың қара тастан, Тірексіз баяндады жер мен аспан. Жәрдемді бұл дертіме бере көрің, Мұхаммед — хақтың досы, *Ғали* арыслан (М.Ж. Көпейұлы).

Жүсіп прецедентті есімнің құрылымы:

I Дифференциалды белгілері:

- 1) сұлу;
- 2) пайғамбар.

II Төлсипаты:

- 1) құдық

III Кез келген тіл иелерінің прецедентті есімді қабылдауда жеке түсінігі болады.

Мысалы: Бейіш айтар: не дерсің, сөзді білмей айтарсың, Перғауын Әман сенде дүр, менде *Жүсіп* Қинған бар («ДХ»). Сүйкімді, нәзіксің, *Жүсіптей* жүзің бар, Сен сұлулық әлемінің туысың («МН»). Мустәри Сахариға болған ғашық, *Жүсіпті* Зылихаға қылған нәсіп (Ә. Найманбаев).

Зылиха прецедентті есімнің құрылымы:

I Дифференциалды белгілері:

1) сұлу;

2) кейіпкер, Жүсіп пайғамбардың әйелі.

II Төлсипаттар:

III кез келген тіл иелерінің прецедентті есімді қабылдауда жеке түсінігі болады.

Мысалы: Ғашықтарға берді ғашық отын күйдіргелі, Зылихадай өн бойын сүйдіргелі («ДХ»). Мустәри Сахариға болған ғашық, *Жүсіпті* *Зылихаға* қылған нәсіп (Ә. Найманбаев).

Ескендір Зұлқарнайын прецедентті есімнің құрылымы:

I Дифференциалды белгілері:

1) жиһангер.

II Төлсипаты:


III Кез келген тіл иелерінің прецедентті есімді қабылдауда жеке түсінігі болады.

Мысалы: Барып қайтқан кісі жоқ жайлап, қыстап, Алынбаған түлкіні тұрмын тыстап. *Зұлқарнайын Ескендір* даяшы боп, Келген-кеткен кісінің атын ұстап (М.Ж. Көпейұлы). Сүлеймен, *Зұлқарнайын* патша қайда, Болыпты тәні шіріп, сүйегі күл. Қаһарман Рүстем – Дастан қыран да өткен, Айырылар бір күн жақтан буынсыз тіл (Ә. Найманбаев).

Прецедентті есімдердің тілдегі қызметіндегі ерекшелік символ ретінде қолданысы. Бұл жағдайда прецедентті есім құрылымының өзегі болып табылатын дифференциалды белгінің мәні артады. Бұл жағдайда есімнің немесе


прецедентті жағдайды ашатын қандай да бір түсініктеменің қажеті жоқ, прецедентті есімнің өзі жеткілікті [228].

Сонымен, прецедентті есімнің символ ретінде қолданысы прецедентті есімнің коммуникациядағы қызметін анықтайды. Прецедентті мәтінге немесе прецедентті жағдайға сілтеме жасауда прецедентті есім символ қызметін атқарады. Прецедентті есім негізінде символ-есімнің қалыптасуы мен қолданысын В.В. Красных келесі сызба түрінде көрсеткен [227]. Мұнда ПЕ – прецедентті есім; ПО – прецедентті оқиға; ПЕҚИ – прецедентті есім қабылдануының инварианты; ПОҚИ – прецедентті оқиға қабылдануының инварианты:




/ Сурет – Символ-есімнің қалыптасуы мен қолданысы

Символ-есім қызметін атқарушы прецедентті есім не прецедентті мәтінге, не прецедентті оқиғаға сілтеме жасауы мүмкін. Осы жерде интертекстуалдылық мәселесі бойынша бір мәтіннің екінші мәтінге енуі бойынша екі түрін ажыратуға болады: мәтін ішіндегі мәтін және прецедентті мәтін. Біздің жағдайымызда прецедентті есім арқылы мәтінге немесе жағдайға апелляция жасалған. Жоғарыда берілген В.В. Красныхтың сызбасы негізінде келесі талдауды жасауға болады. Атымтай прецедентті есімнің символ-есім қызметін атқаруы:



8 Сурет – Атымтай символ-есімнің қалыптасуы мен қолданысы

Аңыздарда айтылатын арабтың тай тайпасынан шыққан сақи Атым хикаясының негізі жомарттығымен аты танылған тарихи тұлғаға байланысты. Шам, Рум, Емен шаһарларының *патшалары* оның елге жайылған даңқын күндеп, кулық ойлап, іске асыру барысында *Атымтайдың* сақилығы, жомарттығы дәлелдене түсіп, оны мойындауларына тура келеді. Шам патшасы Атымтайда жок «көзі қара, өзі қызыл нар» сұратады, сұрғанның қолын қайтармаған Атымтай елден несиеге алып, нардын санын жүзге толтырып береді. Рум патшасы Атымтайдың асыл текті жүйрік тұлпарын сұратады. Келген қонағына асыл текті тұлпарын сойып беріп күтіп, бұйымтайын үш күнге дейін сұрамай, артынан сұраған Атымтай өкінеді. Емен патшасы қызы мен патшалығын беруге уәде етіп, Атымтайдың басын әкелуге адам жібереді. Өзінен құрмет көріп, басын алып, уәдесінде тұруына үгіттеген Атымтайдың басын алмай, патшасына қашып келеді. Патшалар Атымтайдың шын сақилығын, *жомарттығын* мойындайды.



9 Сурет – Ләйлә символ-есімнің қалыптасуы мен қолданысы

Жоғарыда берілген сызба бойынша, символ-есімге айналған прецедентті есім не прецедентті мәтінге, не прецедентті оқиғаға сілтеме жасайды, екі жағдайда да екі вариант болуы мүмкін:

1) Мәтін → ПЕ → СЕ → ПЕҚИ

а) терминологиялық есім;

ә) полисемиялық есім.

Тіл қолданысында мұндай прецедентті есім қандай да бір мінез немесе сыртқы бейнесін көрсетеді, яғни «терминологиялық» мағына береді және қандай да мінездеме (біздің жағдайымызда жомарттық) не мінездің символы болады.

2) Мәтін → ПЕ → ПО → СЕ → ПОҚИ

а) терминологиялық есім;

Прецедентті мәтінмен байланысқан прецедентті есімді қолданғанда автор прецедентті мәтінге емес, прецедентті оқиғаға сілтеме жасайды, яғни символ-есім когнитивтік базада сақтаулы ПО қабылдау инвариантымен байланысты болады. Мысалы: Жүсіп пен Зылиха; Ләйлі мен Мәжнүн т.б.

Алайда прецедентті есім мәтінмен емес, мәдени қауымдастықтың кез келген өкіліне белгілі тікелей прецедентті оқиғамен байланысты болуы мүмкін.

3) Оқиға → (ПЕ) → ПО → СЕ → ПОҚИ

Мысалы, Мұса есімі. Тор тауында Алламен тілдескен Мұса пайғамбардың есімі «дидарын көрген» прецедентті оқиғамен байланысты.

4) Оқиға → ПЕ → (ПО) → СЕ → ПЕҚИ полисемиялық есім.

Қандай да бір прецедентті мәтінмен байланыспаған символ-есімнің қолданысында прецедентті оқиға қабылдануының инвариантына сілтеме жасалмауы мүмкін, себебі осы есіммен байланысты нақты прецедентті оқиға жоқ, минималды дифференциалды белгілер жиынтығынан тұратын прецедентті есімге сілтеме жасалуы мүмкін [228]. Мысалы Әли, біріншіден – әділ халифтердің бірі, екіншіден – күш иесі, үшіншіден – Мұхаммед пайғамбарға шын берілген адам.

4.3.2 Прецедентті есімдердің қолданысы

Жалқы есімдердің атау қызметі басты болғанымен, атқаратын қызмет ерекшеліктері тек онымен шектеліп қоймайды, себебі ономастикалық атау бұл тілден тысқары жатқан құбылыстарды (объектіні, т.б.) атайтын сөйлеу әрекетінің бір түрі. Жалқы есімдер табиғаты өте күрделі, сондықтан оларды қолдану аспектілерін атау берген адамдарды және атау беру мезгілін, себебін білгеннен соң

ғана түсіндіруге болады. Әр қоғам өмірінің өзгеруі, тарихи-мәдени қазыналарды қайта қарастыру атау беру қызметіне ықпал ететіндігі белгілі.

Қазіргі кезде прагматика социолингвистикамен, психолингвистикамен және тіл білімінің басқа да салаларымен байланысқан сөйлеу лингвистикасы деген ұғымды білдірсе, ал кішірек мағынада – адам мен таңбаның қатысы ретінде қарастырылады.

Жеке адамдардың тілдік құрамында прецедентті атаулар белгілі бір оқиғаны бағалау үшін стандартты құрал (белгі, символ) рөлін атқара отырып, ерекше орын алады. Әр бағалау модельді реакциясы, сондықтан дискурстағы прагматикалық деңгейге жатады. Жеке адамдардың тілдік құрамын лингводидактикалық және теоретика-лингвистикалық мақсатта үш деңгейден қарастыруға болады: 1) вербалды-семантикалық немесе жеке адамның сөздік құрамы, соның ішінде грамматикалық мағыналарын жеке адамның білу қоры; 2) лингво-когнитивті, жеке адамның санасында «әлем бейнесі» немесе әлем туралы білім жүйесі көрсетілген тезаурус; 3) уәждік немесе жеке адамның прагматикасын көрсететін коммуникативті қажеттілік деңгей. Қазіргі кезде ресейлік зерттеушілер (Ю.Н. Караулов, Д.Б. Гудков, В.В. Красных, т.б.) тарапынан тілдік құралды қолдану, олардың күнделікті қолданыс қызметін анықтау мақсатында жүйелі түрде бақылау жұмыстары жүргізілуде. Олар прецедентті феноменнің тілдік ойлау қабілетіне әсерін (соның ішінде прецедентті атаулардың) анықтауға бағытталған. Г.Б.Мәдиеваның айтуынша, әр халықтың ұлттық мәдениетіне сай прецедентті атаулары барын айтып, оларды бірнеше топқа бөлген [229]:

1) конфессионалды (Мекке, Айша-бибі, Арыстан Баб);

2) адамның мінез-құлқына байланысты (Судырахмет, Мырқымбай);

3) мәңгі махаббат символы (Төлеген – Қыз Жібек, Қозы Көрпеш – Баян сұлу) [230, 67]. Сонымен қатар қос тілдің (қазақ-орыс) әсерінен фреквенталды атаулардың барын

мысал ретінде келтірген (Колобок – Бауырсақ, Остап Бендер – Остап Бендердің туысы).

Әмбебап прецедентті есімдерге тарихи ескерткіштерде Аплатон, т.б. фреквенталды, яғни көптеген халыққа ортақ прецедентті есім ретінде шығармаларда берілген.

Сонымен, жеке адамның тілдік құрамында сөз қоры, тезаурус және прагматикон бар. Әр прецедентті есімдерде көрсетілген эмоционалды – бағалаудан басқа сөйлеушінің дискурста оларды қолданылуы жеке адамның шығармашылық потенциалдық көрсеткіші. Прецедентті есімдерді ескерткіштерде қолдануы тағы бір шығармашылық акциясының белгісі, яғни бұл күнделікті, үйреншікті, қарапайымдылық шегінен шығу деген сөз.

Атақты жазушылардың әртүрлі жанрда жазылған шығармалары, ән, қанатты сөздер, т.б. прецедентті есімдердің қалыптасуы мен қолданысында маңызды рөл атқарады, яғни белгілі шығармалар, көркем фильмдер, қанатты сөздер адамдардың сана-сезіміне хабарламалық қызметін іске асыру мақсатында қолданып жүр. Прецедентті есімдерді естігенде, әр адамның сана-сезімінде әлеуметтік-психологиялық, саяси-қоғамдық, тарихи құбылыстар оянады, әрине, бұл тек қана адамдардың аялық біліміне байланысты, егер адам прецедентті есім сілтеп тұрған оқиғадан немесе т.б. хабардар болмаса, онда ол адамға прецедентті есім ешқандай ықпал жасамайды. Бұл жағдайда мұндай есімдер тек қана атау (номинациялық), жекелеу қызметін атқарады.


Ю.Н. Карауловтың анықтамасы бойынша прецедент алдағы алдын алушы, деп төмендегі мағыналарды білдіретін атауларды айтамыз [231, 216].

- белгілі бір адамға таңу және эмоционалды қатынастық ықпалы бар.

- жеке адамға қатысы бар, яғни оның замандастарына, ортаға танымал.

Осы аталғандардың ішінде бізді қызықтыратыны соңғысы, өйткені оның әлеуметтік, психологиялық жақтарынан лингвосемиотикалық жағы басым. Ауызекі

сөйлеуде кинофильдердің, шығармалардың атаулары, ән, қанатты сөздер қанша компоненттен тұрса да, прецедентті есім ретінде қолданылғанда бір сөзге теңеледі. Прецедентті есіммен денотаттың және жеке адамдардың байланысын төмендегі жүйе арқылы көрсетуге болады.



10 Сурет – Прецедентті есімнің адамға ықпалы

Бұл жүйеден біз прецедентті есім белгілі бір денотатты (жеке тұлғаны, шығарма кейіпкерін) атау, басқа объектілерден жекелеу, адамдарды сана-сезімінде прецедентті есімнің қандай да бір дифференциалды белгісі арқылы ықпал жасап, денотатқа белгіні телу мақсатында эстетикалық-танымдық қызметін атқарып тұрғанын көреміз. Шығарманың ономастикалық кеңістігіндегі прецедентті есімдерде олардың бастапқы мағынасы мәтінаралық байланыс арқылы оқырмандардың сана-сезіміне ықпалы жүзеге асады. З.Н.Волкова мәтінаралық байланыстың үш түрін көрсеткен [232, 246], солардың екеуін біз прецедентті

атаулардағы мәтінаралық байланысты талдауда қолдануды жөн көріп отырмыз:

1) интерполяция – атау ретінде кинофильм, шығарма атауларын, эн, қанатты сөздерді, т.б. еш өзгеріссіз енгізу. Мысалы, Зылиха, Мәжнүн, Айыб, Сүлеймен, Рүстем т.б.

2) реминисценция – атау ретінде кинофильм, шығарма атауларын, қанатты сөздер формасының өзгертіліп қолданылуы. Мысалы, шығармада берілген Платон прецедентті есім формасының Апылатон болып өзгертіліп алынуы. Прецедентті атауларды қолдану әдісі олардың жалпыға танымал белгісімен түсіндіріледі. Сондықтан да мұндай атаулардың шығу тегі аясы әртүрлі болып келеді. Реминисценция оқырмандардың сана-сезімінде салыстырмалы қабылдануымен шектелген. Реминисценциялық әдісте көркем фильм, шығарма, т.б. атауларының кейіпкерлерді суреттеуде қолданысының екі түрі бар: квантитативті (мөлшерлік) және квалитативті (сапалық).

Атаудағы квантитативті ауысудың қызметі құрамының өсуі мен кішіреюіне байланысты. Ауысудың бұл түрінде төмендегідей өзгерістер болады: 1) прецедентті есімдегі сөздің өзгеруі, белгілі бір мағыналық мақсатта оның жаңаруы немесе өзгеруі мүмкін.

Квалитативті ауысуда белгілі бір компоненттің формасы өзгеруі мүмкін, мәселен, есімдерде жекеше немесе көпше түрінің өзгеруі, етістіктерде жақтық формасының өзгеруі. Квалитативті ауысу морфологиялық деңгейде іске асады. Мұндай ауысуда келесі өзгерістер болады: а) сөзде әріптің басқа бір әріпке ауысуы.

Біз жинаған материалдарды талдай отырып, шығарманың ономастикалық кеңістігінде әртүрлі қызмет атқару үшін қолданылған прецедентті есімдердің шығу тегі аясына қарай келесі топтарға бөлуді жөн көрдік: 1) *әдеби шығармалардан*. Мысалы: Шығыс халықтарына кеңінен танымал «Жүсіп пен Зылиха» шығармасының басты кейіпкері – Зылиха; мұсылман қауымға танымал «Рүстем-дастан» жырының бас қаһарманы – Рүстем; ғашықтық

символына айналған «Ләйлі-Мәжнүн» шығармасының бас кейіпкерлері – Ләйлі мен Мәжнүн. Мұнда айта кететін жайт – бір шығарманың бас кейіпкерлері прецедентті есім ретінде екі қызмет атқарады: Ләйлі – ғашықтық символы және асқан сұлулық символы; Мәжнүн – ғашықтық символы және есі ауысқан, «жындылық» белгісі. Мәселен: *Мәжнүндей* туыс-туғаннан қашып танды, Мұстапаға аза тұтып кірдім міне («ДХ»). Ғашықтарға берді ғашық отын күйдіргелі, *Зылихадай* өн бойын сүйдіргелі («ДХ»). *Уамық, Ғазра, Фархад, Шырын, Мәжнүн* қане, Қаһарланса жерменен жексен қылар («ДХ»). Көңіл *Шырын* сөзіне болды *Фархад*, Көзің Кашмирдің сиқыршысына болар ұстаз («МН»). Егер сені Рүстем десем, жарарсың, Қылышыңмен жауларыңды жарарсың («МН»).

2) *өмірлік философиядан*. Мәселен, ақылдылық кемеңгері, ойшыл-философ – Платон (Шығыс халықтары оны Апылатон деп атайды): Қашан өлсем, сен қадірімді білергей, Бұ жолға түссе, Апылатон да дәліргей («МН»).

3) *Құран-кәрімнен. конфессионалды; а) теонимдер*: Сүндет емес кәпірге де берсе азар, Көңілі қатты, діл азардан Құдай безер («ДХ»). Хакқа құлдық қылмадың деп тепкілеңдер, Сол себептен хакқа сиынып келдім міне («ДХ»). Кімге Құдай берсе білім, ақылды, Қолы жетіп, алар ол мол асылды! («ҚБ»). Бұл құдіреттің иесі ұлы бір Құдай. Өлгендерді тірілту оған оп-оңай («АС»). Білсең алла! Жазықтымын, байқадым, Мұң-шерімді саған ғана айтамын: («ҚБ»).

ә) *пайғамбарлар мен халифтер есімдері*: Айыб, Мұса, Сүлеймен т.б.: Айыбтай келген бәлеге сабыр болай, Не қылсаң да ғашық қылғыл, пәруардігар («ДХ»). Аюпты мехнатпен қылар дос-жар, Тағы да от ішінде Азар ұлын асырар (сақтар) («МН»). Дидар көріп, рухым ұшып ғарышқа конды, Мұсаға ұксап көкірегім күйіп-жанды («ДХ»). Қой күтуге Мұсаға берер сақпан, Жүсіпті Мысыр еліне қылар сұлтан («МН»). Аяғыңды өбуді құлың қылды әдет, Сүлейменде болмады мұндай бақыт («МН»). Әр жұма кеш үмбетке тән күнәні, Алып келіп, ей, Мұхаммед,

көргіл мұны («ДХ»). Ол [Мұхаммед] – тумысынан игі, адамдардың бақыттысы. [Өзге] пайғамбарлар жарқын жүз [сияқты болса], бұл – ол жүзге [жарасып тұрған] көз («АС»).

б) *мифологиялық тұлғалар*: Қайда барсам Қызыр бабам бірге жолда, Сол себептен алпыс үште кірдім жерге («ДХ»). Қашан болсын, адам ұзақ жолдасың, Қыдыр қолдап, бір хақ өзі оңдасын! («ҚБ»). Ернің еске түскенде Хызыр берер жанын, Қызғанады ернінді зәм-зәм суының қайнар көзі де («МН»). Әзірейіл кеп Арыстан Бабам жанын алды, Хорлар келіп торғын тоннан кебін қылды («ДХ»).

4) *мұсылмандықтың отанына айналған топонимдер*: Хорасан, Шам уа Ғираққа ниет қылып, Ғаріптіктің көп қадірін білдім міне («ДХ»). Жаза бастағанымды аяқтауға жеткізгей, Мұхаббат-наме Мысыр мен Шамға жеткей («МН»).

5) *дидарын көрген тау*: Мұса сынды Тор тауында көріп дидар, «Раббу унзур илайка» деп айтқым келер («ДХ»).

б) *тарихи тұлғалар*: Құл Қожа Ахмет, олай десең аларсың хақтан үлес, Баязиттей нәпсіңмен күн-түн күрес («ДХ»). Кейде үстіне дәруіштің жұпыны киімі мен, Басына Баязидтің құлақшынын киетұғын («МН»). Сезімталдығы Айаздың дәл өзінен асады, Әділеттілігі жөнінен нағыз Наушарбан («АС»).

7) *перғауын, патшалар*: Ферғауын Қарун шайтан сөзін берік тұтты, Сол себептен жер жарылды, оны жұтты («ДХ»). Масаның қолына ол пышақ бере, Ол Намрудтың миын ағызар («МН»).

4.3.3 Прецедентті есім семантикалық предикат қызметінде

Жалқы есімдердің тілдегі қызметі оларды диахронды және синхронды қарастыруға қызығушылық тудырады. Диахрондық тұрғыдан кез келген жалқы есім белгілі бір прототипке саятын мағынаға ие, сондықтан атау семантика тұрғысынан уәжді, ал синхрондық тұрғыдан бұл уәжділік орын алмайды.

Прецедентті есімдер экстенционалды және интенционалды қолданысқа ие болады. Бұл жағдайда М. Кронгауз жалқы есімнің жаңа Пушкин, екінші Пеле айтылымында интенционалды қолданылу қабілеті бар екендігін көрсетті және «сөйлеуші белгісіз бір объектіге аты шыққан адам қасиетінің бір бөлігін теледі», – дейді [233, 130].

Экстенционалды қолданыста жалқы есім референтті және предикаттық актанға жағдайына талпынады, интенционалдықта жалқы есім бейреферентті және семантикалық предикат бола алады.

Д.Б. Гудков жалқы есімдерді үлкен екі топқа бөледі: «жалпылаушы» есім және «жекелеуші». «Біз жалпылаушы есім деп анықтау шегі сансыз элементтерден тұратынды айтамыз. Осынысымен ол жекелеуші есімнен ерекшеленеді, соңғысының анықталу шегі тек бір элементтен тұрады және бұл есімнің экстенционалы тек бір объектіні енгізеді» [234, 60]. Прецедентті есім жекелеуші есімдер ішінде топ құрайды және дискурста қолданыс ерекшелігі негізінде бөлінеді. Прецедентті есімдердің экстенционалды және интенционалды қолданысқа ие болу мүмкіншілігі бар. Соңғы жағдайда ол «атау үшін емес, мінездеме беру үшін» қолданылады. Сонымен, прецедентті есімдер – жалпыға танымал және сөйленісте кеңінен қолданылатындығымен ерекшеленетін тіл бірліктері.

Біздің мақсатымыз – прецедентті есімдердің тілде қолданылыс ерекшелігін көрсету және сол арқылы прецедентті есімдердің біркелкі еместігін айқындау. Зерттеу дереккөзі ретінде алынған орта ғасыр түркі тарихи жазба ескерткіштеріндегі прецедентті есімдерді алдық. Онда тарихи, мифтік, діни есімдер прецедентті есім қызметін атқарады. Бұл бірліктердің тілде қолданыс мүмкіндігі мен мәдени мазмұны әртүрлі.

Материалдарды талдау барысында олардың біртектес еместігі байқалды: мұнда бір жағынан кейбір онимдер экстенционалды қолданысқа ие: *Шәблі, Ай, Күн, Закария, Баязит* т.б., екінші жағынан кейбір бірліктер экстенционалды да, интенционалды да қолданысқа ие

болады: *Мұстапа, Ысмағұл, Мәжнүн, Айыб, Әли, Жәмиид, Сүлеймен, Рүстем, Хатымтай, Жүсіп, Сәлім, Омар, Оспан, Айаз, Наушарбан* т.б. Алдыңғы онимдер тобы тіл және мәдениет иесі үшін белгілі бір ақпарат береді. Әр есімнің сыртында референттің жетістіктер жиынтығынан тұратын «құжат» бар. Екінші топтағы онимдер сонымен бірге тілдік және мәдени қауымдастықта қалыптасқан белгілі бір жағдайлар мен сапа жөнінде типтік пікірді білдіреді [234]. Алдыңғы прецедентті есімдердің қолданысы оны анықтауды талап етіп, тіл иесінің экстралингвистикалық біліміне байланысты болады. Екі топтың да прецедентті есімдері ескерткіштерде кеңінен қолданылған. Сонымен бірге екінші топтың прецедентті есімдері ескерткіштерде басым және А. Ясауи да, Ж. Баласағұн да, А. Йүгінеки де, Хорезми де оларды қолданған.

Прецедентті есімдердің экстенционалды және интенционалды «режимде» қолданыс ерекшеліктерін талдап көрелік.

Екінші топтағы прецедентті есімдердің мәтін ішіндегі қолданысын талдап көрелік. Біздің ойымызша, мәтін ішіндегі семантикалық предикат позициясы прецедентті есімнің тіл мен мәдениетке қаншалықты қатыстылығын анықтайтын критерий болып табылады.

Семантикалық предикат позициясында прецедентті есімдер келесі (S – сөйлемдегі субъект, V – етістік, N – прецедентті есім, сор байланыстырушы) құрылымдарда кездеседі: N(дей) сор V; N (дай) сор S; N (ұқсап) сор S; N (ұқсап) сор V; S сор N (десем); S сор N (дейін); S – (екінші) N; N сор – S пен N сор – S; S сор N (дай); S сор N (нен); S сор N (сияқты); S сор N (тең); S сор N (дәл өзі); S сор (нағыз) N.

Прецедентті есімнің жеке сөйлемде қолданылуы бірінші топ есімдерін екінші топтан ажыратуға мүмкіндік береді. Талдау барысында екінші топтағы прецедентті есімдердің жоғарыда көрсетілген құрылымда қолданыла бермейтіні анықталды.

S сор N құрылымы тіл және мәдениет иесінің санасында

кандай да бір жағдайды суреттейтін айқын бір немесе бірнеше мінездемені беретін предикат позициясында қолданылған прецедентті есімдерді талап етеді: Алла, Тәңір, Сүлеймен, Атымтай т.б.

S сор N сияқты құрылымын әмбебап десе де болады, дегенмен екінші топтағы ЖЕ негіздеуді талап етпейді, ал бірінші топтағы прецедентті есімдер салыстыруды және оның экспликациясын талап етеді.

Бұқараға шапағатты, *Сәлімнен жұмсақ* (S сор N жұмсақ).

Шариғат жолында Омар сияқты білгір (S сор N сияқты) («АС»).

Бірінші мысалда субъект *Сәлімнен* салыстырылып беріледі және оның басты ерекшелігі арқылы субъектінің мінезін ашып тұр. Екінші мысалда субъектінің діни білімі Омардың білгірлігіне теңеліп тұр. Мұнда ислам дінінен хабардар, білетін қауымға Омардың кім екенін түсіндіруді қажет етпейді. Жақында ғана жарық көрген жүз томдық «Бабалар сөзі» мұрасында Омарға келесі анықтама берілген.

Омар – Әбубәкір өлгеннен кейін мұсылман қауымына басшылық жасаған екінші әділетті халифа, исламның алғашқы кезеңіндегі ірі дін қайраткерлерінің бірі. Омар хазірет Мұхаммед пен Әбубәкір Сыдықтан соң мұсылмандықты одан әрі насихаттап, оны араб елдерінен тысқары өлкелерде таратуға көп күш жұмсады. Омар хазірет басшы болған он жыл ішінде ислам діні Ирак, Сирия, Египет және Ливия жерлеріне орнықты. Омар халифа тұсында араб-мұсылман иеліктерінде дінге негізделген әкімшілік хұқықтың тәртіптері және алымсалық жүйесі құрылды.

Ол сондай-ақ мемлекеттегі шариғат жолының үлесін күшейту мақсатында өзінің халифа лауазымына «Әмір әлмуминин» дәрежесін қосты.

Осы анықтама негізінде біз субъектінің діни білімін анықтай аламыз. Субъектіге мінездеме бергенде, рейтингтік көрсеткіштің пайызын көрсететіні сөзсіз.

S сор *нағыз* N құрылымы прецедентті есімнің қызметіне

шектеу қояды: предикат позициясын, негізінен, әдеби кейіпкер есімдері алады, тарихи бейне есімдері оларға қарағанда азырақ қолданылады.

Әділеттігі жөнінен *нағыз Наушарбан*.

Нағыз сын есімімен тіркес прецедентті антропонимнен бір немесе бірнеше сапа интенсивтілік семасын айқындауды талап етеді. Біздің мысалымызда Наушарбанның әділеттілігі туралы сөз етілгендіктен, субъектіге қандай қасиет телінгені анық. Автор прецедентті есімнің негізгі сапасын сөйлемде тура көрсеткен.

S cop N дәл өзі құрылымы да алдыңғы құрылымдай, мысалы:

Сезімталдығы *Айаздың* дәл өзінен асады («АС»).

Бұл мысалда да автор субъектіге (жасырын формасы) прецедентті есім иесінің нақты қасиеті (сезімталдығы) телінген, оны дәл өзі тіркесі күшейтіп тұр. Қазіргі қазақ қауымы үшін Айаз – әділдікпен дауларды шешетін, сезімтал би ретінде қабылданады. Әрине, мұның өзі адресаттың аялық біліміне байланысты.

S cop N тең құрылымы бойынша да мысалда субъектіге телінген прецедентті есім қасиеті анық, мысалы:

Қолы ашықтығы *Оспанға тең* («АС»).

Жоғарыда талданған құрылымдар бойынша мысалдар А.Йүгінекидің «Ақиқат сыйы» шығармасынан алынған, мұнда автор біз айтып кеткендей, субъектіге телінген қасиеттер нақты көрсетілген және олар нағыз, дәл өзі, сияқты, білгір сөздерімен күшейтіліп, негізделген.

N-дей cop S құрылымында прецедентті есімнің басты жалпылаушы қасиеті субъектке телінген. Біз қарастырып отырған тарихи жазба поэтикалық ескерткіштер – арнау шығармалар. Хорезмидің «Мұхаббат-наме» шығармасы Мұхаммед Хожа бекке арналған, сондықтан субъект – Мұхаммед Қожа бек. Мәселен:

Сүлеймендей салтанатты падишасың («МН»).

Аты әлемге әйгілі, байлығы асқан Сүлеймен патшаға теңеу – сол кезде адресат қабылдауы бойынша мадақтың ең үлкені, ең мықтысы болса керек.

S sor N десем және S sor N дейін құрылымдарына мысал:

Егер сені *Рүстем десем*, жарарсың;
Мұхаммед Хожа бек *Әли дейін* («МН»).

Бұл мысалда Мұхаммед Хожа бекке Рүстем, Әлидің күштілігі, жауға дес бермейтіндігі телінген. Сонымен қатар Хорезми басқа авторларға қарағанда шығарма дидактикалық мазмұнда болғанымен, кімге арналғанын анық көрсетіп, субъектінің есімін берген.

Предикат құрылымында екінші сан есімі ақиқатта болған бейнені атайтын прецедентті антропониммен тіркесіп беріледі.

S – екінші N, яғни Мұхаммед Хожа бек – *екінші Жамшид*.

Екінші сан есімінің әдеби кейіпкер есімдерімен тіркеспеуі – олардың ерекше бір құбылыстар, автор еркімен жасалған және қайталанбайтын деп қабылдағаннан болар деп ойлаймыз. «Екінші + прецедентті антропоним» предикатын субъектіге прецедентті есім сыртындағы тұлғаның бар қасиеттерін телуі деп түсіндіруге болады. Сонымен қоса салыстырылатын тарихи бейнені таңдауда қандай да бір шектеулер қойылады. Мәселен, Хорезмидің «Мұхаббат-намесі» Көк Орданы билеген Мұхаммед Хожа бекке арналған. Оны аты аңызға айналған Иран патшасымен салыстыру түсінікті де. Екінші сан есімі реттікті білдіреді, сондықтан да рухани ізденістерді қамтитын, ерекше саналатын есімдермен тіркесіп берілуі мүмкін емес.

S sor N-дай құрылымына мысал:

Көпті ол [жомарт] қылды *Хатымтайдай* («МН»);
Мұхаммед Хожа бектің мәрттігі, жомарттығы аңызға айналған кейіпкер – Хатымтаймен салыстырылған.

N-дай (дей, тай, тей) sor V (S) құрылымына мысал басымырақ:

Мұстападай елді кезіп, жетімді жый;
Ысмағұлдай әзіз жаным құрбан болды;
Өліп-өшіп *Закариядай* зікірші болай;
Айыбтай келген бәлеге сабыр болай;

Баязиттей нәпсіңмен күн-түн күрес;
Ысмағұлдай дидар үшін арман етпен, достар;
Баязиттей әр күн өзін сатпағандар;
Зылихадай өн бойын сүйдіргелі («ДХ»).

Қожа Ахмет Ясауидың «Диуани хикметі» – дидактикалық мағынаға ие діни шығарма. Оның басты мақсаты – оқырман қауымды мұсылмандыққа (сопылыққа) шақыру. Оның сюжеті автордың өзімен немесе оқырманмен диалог құру арқылы берілген, яғни мұнда субъект – автор және автор арқылы аялық білімі бар оқырман қауым. Енді осы субъектке телінетін қасиеттерді анықтау үшін *Мұстана*, *Ысмағұл*, *Закария*, *Айыб*, *Баязит*, *Ысмағұл*, *Зылиханың* кім екенін айқындау керек. Бұл онимдер: теоним, шығарма кейіпкері, тарихи тұлға.

Айуб – Құран кәрімде аты аталған ежелгі пайғамбардың бірі. Інжілдегі Иов. Айуб (ғ.с.) Хаурандағы бай, адамгершілігі мол адам болған. Алла сынайын деп оған шайтанды жібереді. Шайтан жіберген аурудан Айубтың денесіне ірінді жара қаптап кетеді, ол әйелі екеуі адамдардан оқшау тұруға мәжбүр болады. Шайтан жіберген неше түрлі жаңа қырсықтарға қарамай, Айуб Алланың рахымына сенімін жоғалтпайды. Оның көмек сұрап жалбарынғанынан кейін Жәбірейіл оған «аяғыңмен жерді теп» деп бұйрық береді, ол тепкен жерден бұлақ суы атқылайды да, Айубтың жарасын жазып, шөлін қандырады.

Сонымен қатар *жый*, *болай*, *күрес*, *етпен* бұйрық рай етістік формасы және достар қаратпа сөзі арқылы «Диуани хикмет» шығармасында субъектінің көпшілік қауым екендігін аңғартады.

N ұқсап сор S (V) құрылымына мысал:

Мұсаға ұқсап көкірегім күйіп-жанды;

Шәбліге ұқсап зікір айтып жаннан кештім («ДХ»)

Ахмет Ясауи өзі субъект рөлінде Мұса, Шәблі прецедентті есімдер арқылы предикат құрамында ұқсап етістік формасы бойынша өзінің қалыптық жағдайын, Аллаға құлшылық етуін теңестірген.

N мен N-дей сөз V және S сөз N-дай құрылымдарына біз мысалдарды Ж. Баласағұнның «Құтты білік» шығармасынан келтірдік.

Күн мен айдай нұрланып кең жаһанды;

Сөзін кесті *Айтолды* айдай жантайып.

Бірінші мысалда субъект күн мен айдың басты қасиеті – сәуле шашуына теңестірілсе, екінші мысалда субъект қайта объектінің көлемдік және кеңістіктегі алатын формалық қасиетімен салыстырылады (жаңа туған ай не жантайып, шалқасынан, не тігінен туады, мұнда «жаңа ай жантайып туса, өзіне жайлы, тігінен туса, халыққа жайлы» деген қазақ халқының арасында кеңінен тараған наным бар), яғни Айтолдының өзіне деген сенімін көрсетеді, сонымен бірге Айтолды айдай жантайып дегенде автор субъект атының уәжін де түсіндіріп кеткен.

Орта ғасыр түркі тарихи жазба ескерткіштерінде прецедентті есімдердің қолданысын қарастырып, олардың атқаратын қызметін талдадық.

1. Прецедентті есімдер тарихи жазба ескерткіштерінде қолданысы, ең алдымен, экспрессивтігі, бұл оқырман санасында дискретті емес, тұтас бір образдарды қалыптастырады. Ақиқатты осылай суреттеу негізінен суггестивті әсерге ие, өйткені ол саналы бастамаға емес, эмоцияға әкеледі, бұл қоғам санасына ықпал етудің ең тиімді жолы.

2. Экспрессия бағалаумен тығыз байланысты. Прецедентті есімдер рационалды емес, эмоционалды балайтын сөйленістерде қолданылады, яғни белгілі бір феноменнің жалпы қасиетін көрсету емес, аталған қасиеттерге субъективті қатынасын көрсетуге талпынады. Сонымен, прецедентті есім арқылы берілген бағалау бейтарап емес, қайта анық эмотивті және субъективті.

3. Тарихи жазба ескерткіштерінде прецедентті есімдерді белсенді түрде қолданысы автордың оқырманмен кооперативті қатынас құруға талпынуымен байланысты. Кооперативтік бірегей аялық білімге сілтеу арқылы асты сызылып, нақтыланады, мұнда «өзіміздің» дегенді

жекелеуші белгі ретінде қолданылатын прецедентті есімдердің «жасырын болуы (пароль)» маңызды рөл атқарады. Бұл бірліктердің белсенді қолданысының басты себебі осы «парольді, яғни жасырын» болуы. Жалпы прецедентті феномен және жекелеген прецедентті есім белгілі бір социумның консолидациясы, яғни солардың сыртында тұрған көзқарас пен соған қатысты бағалау әлеуметтік топ мүшелерінің өз бірлігін сезінуге мүмкіндік береді. Топ басшылары осы тектес көзқарасты қалыптастырып, топ мүшелерінің санасына ықпал ету үшін белсенді түрде қолданады. Сонымен бірге егер тарихи тұлға қасиеті прецедентті есім арқылы көрсетілсе, оған сол тұлғаның қасиеттер кешені ғана телініп қойылмайды, оған қоса аталмыш есім арқылы аталмыш тұлға прецедентті мәтін /немесе жағдайда көрініс тапқан сюжетке де енеді. Мәселен:

Мұхаммед Қожа бек Әли дейін;

Мұхаммед Қожа бек – екінші *Жамшид*.

Аталмыш тұлғаға сюжетте көрсетілген жағдайлардағы іс-әрекет және прецедентті есім сыртындағы кейіпкер мінез-құлқы телінеді. Қажеттігінше бұл сюжеттер эксплицитті түрде беріледі, ал белгілі бір лингвомәдени қауымдастықтың кез келген өкілі аялық біліміне қарай оны аша алады.

Прецедентті есімдердің жоғарыда аталған қызметі тарихи жазба ескерткіште талдау үшін ерекше бір қызығушылық тудыратын материал болып табылады, осы арқылы біз автордың нақты тарихи тұлға туралы қандай ойда екенін (субъективті бағалау) ғана емес, сонымен қатар бұл ескерткіш оқырмандардың қай тобына арналғанын (жас мөлшері, әлеуметтік жағдайы), қай бағытта ықпал ететіні және осы тұлғаның (автордың) қандай кешенді құндылықтар жүйе шегіне жататынын анықтауға мүмкіндік туады.

Сонымен, біз орта ғасыр түркі тарихи поэтикалық жазба ескерткіштерінде авторлардың прецедентті есімдерді мейлінше кең қолданғанын, сол есімдер арқылы оқырман

санасына белсенді түрде ықпал еткенін аңғару – аталмыш шығармалардың дидактикалық мәні бар екенін және талдау нәтижесі аталмыш жалқы есімдердің шын мәнінде сол кездің өзінде прецедентті есім қызметінде қолданғанын аңғардық.

4 – тарау бойынша тұжырым

Антропонимнің экспрессивті маңыздылығын бағалауда нысан атауының жарыспалылығы ерекше рөл атқарады. Ол жарыспалы және бірнеше жарыспалы парадигмаға бөлінеді. Бірнеше жарыспалы парадигма (мысалы: *Құл Қожа – Қожа Ахмет Ясауи – міскін Ахмет – әдіб Ахмет т.б.; Хорезми – Хорезми-Равани*) атау иесіне автордың да, басқа аталушылардың да әртүрлі қатынасын білдіреді.

Сонымен бірге онимдердің мәтін ішіндегі бірнеше қызметі мысалдар негізінде дәйектелді, яғни онимдер коммуникация актісіне қатысып, қаратпа және сұрақ-жауап алушы субъект ретінде қолданысқа түсіп, атауыштық қызметін атқарады, жанды объектіні жансыз объектімен салыстыру арқылы мезгілді және жанды объектінің қалпын көрсетеді, адрестік қызметін атқарады. Онимдердің бұл қызметі негізінде бірнеше ақпарат алынды: біріншіден, ескерткіштің жазылып біткен жері, екіншіден, ескерткіш авторының туылған жері, үшіншіден, шіркеудің орналасқан жері т.б. Онимдердің көркем шығарма ішінде ең негізгі қызметтерінің бірі – мәтінтүзу. Бұл мәселеге қатысты онимдердің мәтіндегі беретін ақпаратына қарай бірінші деңгейдегі оним және екінші деңгейдегі оним деп бөліп қарастырылды, себебі бірінші деңгейдегі оним мәтінтүзушілік қызметінде синергетикасы мол.

Сонымен бірге онимдердің бірегейлендіруші және сипаттаушы қызметі, әлеуметтік-жекелеуші қызметі, ықпал ету қызметі, экспрессивті-бағалауыштық қызметі анықталды.

Сондай-ақ, Хорезми «Мұхаббат-намеде» *Утарид*, *Нафид* космонимдерін автор тұлғасымен, ісімен салыстыру мақсатында белгілі бір кәсіп иесі ретінде көрсете білген, яғни *Утарид* – жазғыш, *Нафид* – сазды. Ал Муштари космонимін жан иесі ретінде, әсемдікті тани білетін құбылыс ретінде қолданып, «кейіптендіру» тәсілін пайдаланған.

Ж. Баласағұн космонимдерді ақпараттық мәнде орынды

қолданған, яғни космонимдер арқылы кеңістікте бағыт-бағдарды ғана емес, сонымен бірге белгілі бір мезгілді көрсеткен.

Хронотоп құбылысы «Диуани хикмет» ескерткішінде ерекше көрініс берген. Басты кейіпкер – автордың сопылық ілімді таратуда жерүсті (*Түркістан*) және жерасты (*пейіш, дозақ, сират*) кеңістігінде әр мезгілде (*тоғыз, он жеті, отыз, алтыс екі, алтыс үш жас*) зікір салу қозғалысы арқылы мезгіл мен кеңістікті байланыстырып, шығарма хронотопын анықтаған.

Прецедентті есім (прецедентті феномен, прецедентті мәтін) ұғымы тіл біліміне енгізіліп, *метафора, антономасия, бейонимдену, тәмсіл, логоэпистема, кенинг, коннотонимдер* терминдері ұсынылған. «Прецедентті» термині жалқы есімнің жалпы есімге ауысуы емес, «полярлық», яғни ортадағы ұғым, қажет уақытында жалқы есім бола алатындығы негізінде орныққан деген тұжырым жасалды.

Прецедентті бірліктердің қалыптасуы мен қолданысында маңызды рөлді уәждемелік деңгей атқарады. X-XIV ғғ. тарихи ескерткіштерде автор *Мұса, Сүлеймен, Жүсіп, Қарып, Намруд, Жамшид* т.б. прецедентті есімдерді басты уәжі Аллаға мадақ айту, оның құдіретін, күшін білдіру үшін, дидактикалық мәнде насихаттау үшін қолданған. Сонымен бірге Хорезмидің «Мұхаббаг-намесіндегі» *Рүстем, Апылатон, Жамшид, Әли, Атымтай, Сүлеймен Мұхаммед Хожса бек* образын ашуда «гносеологиялық прототип» болып табылады.

Прецедентті есіммен тығыз байланысқан қандай да бір элементтер төлсипат деп аталады, бірақ олар прецедентті есімнің сигнификациясы үшін маңызды емес. Орта ғасыр түркі жазба поэтикалық ескерткіштердегі прецедентті есім Мұхаммедтің (ғ.с.) прецедентті құрылымы дифференциалды белгілері: дидарын көрген; Құран алған; пайғамбар сөзінен тұрса, төлсипатына үмбет; Құран-кәрім енгізіледі, ал кез келген тіл иелерінің прецедентті есімді қабылдауда жеке түсінігі ретінде ескерткіштерден мысал келтірілді.

Шығарманың ономастикалық кеңістігінде әртүрлі қызмет атқару үшін қолданылған прецедентті есімдер қолданыс аясына қарай: *әдеби шығармалардан, өмірлік философиядан, Құран-кәрімнен, мұсылмандықтың отанына айналған топонимдерден деп бөлініп, талданды.*

Семантикалық предикат позициясында прецедентті есімдер келесі (S – сөйлемдегі субъект, V – етістік, N – прецедентті есім, сор – байланыстырушы) құрылымдарда кездесті: N(дей) сор V; N (дай) сор S; N (ұқсап) сор S; N (ұқсап) сор V; S сор N (десем); S сор N (дейін); S – (екінші) N; N сор – S пен N сор – S; S сор N (дай); S сор N (нен); S сор N (сияқты); S сор N (тең); S сор N (дәл өзі); S сор (нағыз) N.

Орта ғасыр түркі тарихи жазба ескерткіштерінде прецедентті есімдердің қолданысы қарастырылып, атқаратын қызметін анықталды: экспрессивтігі, яғни ол саналы бастамаға емес, эмоцияға әкеледі, бұл қоғам санасына ықпал етудің ең тиімді жолы; бағалаумен тығыз байланысты, яғни белгілі бір феноменнің жалпы қасиетін көрсету емес, аталған қасиеттерге субъективті қатынасын көрсетуге талпынып, бейтарап емес, қайта анық эмотивті және субъективті бағалайды; тарихи жазба ескерткіштерінде прецедентті есімдерді белсенді түрде қолданысы авторлардың оқырманмен ұжымдық қатынас құруға талпынуымен байланысты.

5 X-XIV ғғ. ПОЭТИКАЛЫҚ ТҮРКІ ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕРІНДЕГІ ОНИМДЕРДІҢ ҚАЗІРГІ КЕЗДЕ ТІЛДЕГІ ҚОЛДАНЫСЫ

5.1 Ескерткіште кездесетін онимдердің қазіргі тілдегі көрінісі

Орта Азия мен Қазақстан жерінде ислам дінін дәріптеген шығармалар X-XIV ғғ. аралығында кең тарай бастаған. Соның ішінде Қ.А. Ясауи, А. Йүгінеки, Хорезми, Ж. Баласағұн шығармаларын атауға болады.

Қожа Ахмет Ясауи Сайрам қаласында туып-өскен, кейін Түркістан қаласында тұрақтаған. Ахмет Йүгінеки Йүгінек қаласынан болса, Ж. Баласағұн Баласағұн қаласынан шыққан, Хорезми «Мұхаббат-намесін» Сыр бойында бастаған. Осы құндылықтарымызды зерттеп, қазіргі тілдегі қолданысын анықтау – уақыт талабы екендігінде күмән жоқ. Қ.А. Ясауидың «Диуани хикмет», А. Йүгінекидің «Ақиқат сыйы», Ж. Баласағұнның «Құтты білік», Хорезмидің «Мұхаббат-намесіндегі» онимдердің қазіргі тілдегі қолданысын анықтау басты мақсатымыздың бірі.

Аталаған ескерткіштердегі келесі антропоним, теоним, топоним, космонимдерден қазіргі кезде тілде жиі қолданылатыны Алла, Тәңір, Құдай, Қыдыр, Арыстан Баб, Мекке, ай, Мәжнүн, Ләйлі т.б. Негізінен олар:

мақал-мәтелдерде;

фразеологизмдерде;

көркем шығармаларда;

ауызекі қолданысында;

БАҚ прецедентті есімдердің қолданылуында кездеседі.

Мәселен, «ай» космонимі қазақ, өзбек, ұйғыр, түрікмен мақал-мәтелдерінде мәтінтүзуші тірек сөз ретінде қолданылған:

Әркімдікі өзіне, ай көрінер көзіне (қаз.)

Хар кимники ўзига, ой кўринар кўзига (өзб.)

Һәркимниң өзигә, ай көрүнәр көзигә (ұйғ.)

Хер кимиңки өзүне, ай гөрнер гөзүне (түрікм.)

Бұл мақалдан біз халық айды қасиет тұтып, оның сұлулығына қыздарын теңеген, осыдан қазіргі қазақ тілінде Айсұлу, Айсәуле, Айнұр т.б. есімдер кеңінен тараған. Дегенмен бұл мақалдарда тек қыз бала емес, жалпы балаларын аса қымбат, құны жоқ деп қабылдаудан туындаған мақал деген қорытындыға келеміз.

«Құтты білікте» Ж. Баласағұн ай космонимін нұрлы сұлулық символы ретінде қолданған:

Бұл Күнтуды сонымен ер атанды,
Күн мен айдай нұрлантып кең жаһанды.

Құдай теонимі құдірет иесі, адал жанның қамқоршысы ретінде қолданылады. Мәселен:

Сүзөнөк уйға кудай
Мүйүзөн айтпаған (қырғ.)

Сүзеген сиырға Құдай
Мүйіз бермеген (каз.)

Аққа Құдай жак (каз.)

Иман-шариғат, мәні – тарихат,

Құдай деген хактан үлес алды, достар («ДХ»).

Қазіргі қазақ тілінде Құдайберген, Құдайменде сияқты антропонимдер қалыптасқан.

Гызыл гөрсе, Хыдыр азар (түрікм.)

Алтын көрсе, Қыдыр азар (каз.)

Ерді көрсең, Қыдыр тұт,

Асты көрсең, қадір тұт (каз.)

Бұл мақал-мәтелдерде мағыналық антитеза анық байқалады. Алғашықысында кез келген тұлғаның «күлкынның құлы» болатындығын теоним Қыдыр/Қызыр бейнесімен теңеліп, асыра көрсетілсе, екінші мақалда қазақ әйелдеріне тән инабаттылық ер азаматты қай жаста болмасын қадірлеу Қыдыр образы арқылы берілген. Қазіргі қазақ тілінде Қыдыр, Қыдырәлі ер кісі есімдері кездеседі.

Фразеологизмдер ойды әсерлі, бейнелі етіп жеткізудің негізгі құралы болып табылады. Тұрақты сөз тіркестерінің сыры өте тереңде жатыр. Олардың алғашқы және кейінгі мағыналық түрлері бар. Бұған қоса олар қанша сөзден

кұралған тіркестер болса да мазмұны бір түйінге немесе сөзге келіп саяды. Тұрақты сөз тіркестері мақал-мәтелдерге қарағанда көлемі қысқа болып келеді де ой аяқталмайды; етістікті және есімді тұрақты сөз тіркестері өздерінің жасалу тәсілінде тілдің ішкі заңдылықтарына сүйенеді. В.А. Маслова келесі пікірді береді: «Нақты кез келген фразеологизмде тұтас бір миф емес, мифологема жатыр. Мифологема – бұл мифтегі маңызды кейіпкер немесе оқиға, бір мифтен келесіге ауысып отыратын «басты кейіпкер». Мифтің негізінде архетип болады [235, 13-14]. Архетип терминін ең алғаш «Инстинкт және санасыздық» (1919 ж.) мақаласында Швейцария психологы К.Г. Юнг енгізген. Оның пікірінше, архетип дегеніміз – «ұжымдық санасыздық» жеке адамның санасыздығымен қатар «ұжымдық санасыздықтың» неғұрлым терең қабаттары болады, онда «бастапқы» психикалық құрылымдар (архетиптер) түрінде адамзаттың ең ежелгі тәжірибесі сақталады, ол дүниені қабылдау мен ой елегінен өткізуге априорилік әзірлікті қамтамасыз етеді [236, 519].

Сонымен, «ұжымдық санасыздық» – адамдардың саналы өмір тәжірибесі арқылы емес, оларға ата-бабасынан мұра ретінде жеткен жеміс. Генетикалық теория негізінде К.Г. Юнг архетип пен мифологияның тығыз байланысын көрсетіп, мифология – архетиптер сақталатын орын дейді [236, 14]. Халық санасында шығу көзі белгісіз, код ретінде дайын күйінде қолданылатын архетип – фразеологизмдер негізінде мифтік түсінік жатыр. Ата-бабамыздан мұра ретінде жеткен фразеологизмдер құрамында да жоғарыда аталған тарихи ескерткіштердегі онимдер кездеседі:

Атымтайдай Жомарт

Мың жылдан соң Хатымтай тірілсе егер, Сенің атыңды естіп, жерді өбер. («МН»).

Бұл фразеологизмде жомарттық символына айналған Атымтай ұрпақтан - ұрпаққа сол қалпында жеткен.

Әлидің кеуір қырған зұлперіндей

Төртіншісі жар болған Құдай шері Ғали дүр («ДХ»).

Құдай атымен ант ішті

Көңілі қатты, діл азардан Құдай безер. («ДХ»).

Құдайға сиынып көк теңізден өттім, жүзіп («МН»).

Ақылы Аплатондай

Егер Апылатон саған ғашық болса («МН»).

Жаратқан Алла жар болды.

Аллаға бар жаныммен адал болдым («ДХ»). Алла, Хорезми ақынға назарың сал, Махабатты көңілден сен азайтпа («МН»). Әрбір болған іс Алланың бұйрығы бойынша болады («АС»).

Жан кетіп, тән барады қара жерге, Кіреміз бір күн барып тар қабірге. Періште *Мүңкір-Нәңкір* келген шақта, Келмейді ауыз шіркін пәлен дерге! *Лұқмандай* бұл дүниеде мың жыл жүрсен, *Жәмшиттей* патша болып дәурен сүрсен! Арыстан *Аплатондай* дана болып, Айтпастан жер жүзінің ғылымын білсең! Жер жаста шет мартқа ұшып тұрсаң, *Дәуіттей* отқа салмай, дүкен құрсаң! *Нұх* нәби пайғамбардай дұға қылып, *Дұшпанның* жер жүзінде бәрін қырсаң! Ғаділ боп *Наушеруан*, *Нәбидей* атың қалса, *Қасымдай* саңылағың мағлұм болса. Тахтыңды *Сүлеймендей* жел ұшырып, Құс-хайуан иісі жынмен тілінді алса. *Рүстемдей* сайып қыран болсаң батыр, Дәлелдеп әрбір іске тапсаң ақыл. Уақытында *Аспандияр* болсаң-дағы, Дүниеден кетсең керек бір күн ақыр. *Һарондай* ғани болсаң дүниесі көп, Әм болсаң барат *Мәжнүн* ғашықлардың. Қандай сахыб дәулетті болсаң-дағы, Дүниеден өлсең керек арманда боп.

Саны жоқ тауар пұлдың жиған тамға, *Жейтін* уыз табылмақ тегін нанға. Бозбаланы ай кесіп жалдап жатыр. Жүк жөнелтіп күнбе-күн *Мысыр*, *Шамға*. *Ассалаумағалайкүм*, ай, Қажеке! *Медине*, құтты болсын, бардың *Мекке*, Қыл-көпір ол, сираттан өткендей боп, Сау қайтып есен-аман келдің жеке.

Тірі қалған үшеуден Өсіп-өніп мұнша халық Дүния сөйтіп толыпты. *Нұқтың* мінген кемесі *Қаратаудың* басында бүгінге дейін тұрыпты.

Білгіш деп қызыл тілім сонда айтармын Сайрасаң *Мүңкір*, *Нәңкір* сұраған күні. Дүнияда нар көтермес жиған

сөзің Толмайды бір мысқалға көмген күні. Ғаламның кожасы Алла жәрдем еткен, Хисапсыз нашарларға дәрмен еткен. Құрбанға Исмағұлды шалған шақта, Түсіріп көк қошқарды пәрмен еткен. Жеті жыл Аюб тәнін құрт жегенде, Ол дағы денсаулықты арман еткен.

Құдіретпен гүл шығардың кара тастан, Тірексіз баяндады жер мен аспан. Жәрдемді бұл дертіме бере көрің, *Мұхаммед* – хақтың досы, *Ғали* арыслан. *Хазірет Ғұсман* кітап түзген Құран сөзін, Олардың көкірегінен ашқан көзін. Діні пәк диянатта *Ибраһим*, Сабырда *Аюпке* ұқсас хаққа қайым. Дәулетте салтанатта хақ *Сүлеймен* Дүнияда қажет мүлкі болды дайын.

Бас пен малды беріпті, Қыдыр саған еріпті. Шық бермейтін *Шығайбай*, Мінезі саған келіпті. Айналада ағайын, Сенен безе жеріпті. Арғы атаң *Қарынбай*, Сараңдықтан өліпті!

Мекке менен *Мәдине* жолдың ұшы, Алыс сапар дейді ғой барған кісі. Ата менен ананды құрметтесең, *Мекке* болып табылар үйдің іші. Жаратқан *Мұхамедтің* нұрын Құдай, Ғаламнан он сегіз мың бұрын *Құдай*.

Содан бастап *Мәжнүн*ні өзі болдым, Айта жүрер дүние сөзі болдым. *Қыз Жібегім* сен болдың, *Баяным да Төлеген* боп түрлендім, *Қозы* болдым. Қуатым азайса да бірте-бірте, *Құдай-ау*, бергенінді ала көрме!

Ақын Т. Молдағалиев аялық білімінің арқасында заман ағымына сай қабылданған прецедентті есімдерді, атап айтқанда, *Мәжнүн*, *Төлеген*, *Қозы* есімдерін ғашықтық сезімді білдіру үшін қолдана білген.

Өткен күнді болжатқан Ғалымдардың санасы, Әрбір түрлі пасықтар Бақсылық етіп оттаған Қойға толса қорасы, Мал жинаған *Қарынбай* Болмаған қабыл тобасы.

Сыпаның сырттан тиер камқоры көп, *Нуһының* топандағы кемесіндей. Осалдар өзді-өзінен өмір шіркін, Сөгілген Ніл дарияның көбесіндей.

Байтақтың Күзер Суатын, *Әзіреті Дәуіттің* Отыз ұлын алғанда, Көңіліне қайғы-қасірет Құдіретімен салғанда, Сонда көрген *Сүлейменді*, Сізге де бергей жаратқан

Солардың сабыр, қуатын, Қосынды сал сауында Тапсаң
жердің беркіне, Басын қосқан ер азбас Тапса ердің
мәртіне.

Сал Сегіз *Мәжнүндей* бопты ғашық Бір қызды *Ләйлі*
көріп *Мақпал* деген.

Базар жырау шығармасында діннен безгендерді сараң
Қарынбайға теңеп, Ніл өзенінің суына кететіндігін, ал дінге
адалдардың Нұх пайғамбар кемесінде аман қалатынын
айтып, ғашық қызды *Ләйліге* теңеген.

Жақсылар залымдарды тыя алмай жүр, *Құдайдан* залым
қорқып, ұялмай жүр.

Сүлеймен, *Зұлхарнайын* патша қайда, Болыпты тәні
шіріп, сүйегі күл. Қаһарман *Рүстем* — *Дастан* қыран да
өткен, Айрылар бір күн жақтан буынсыз тіл.

Мустәри Сахарига болған ғашық, *Жүсіпті Зылихаға*
қылған нәсіп. *Фархад-Шырын*, *Ләйлі-Мәжнүндейін Таһир*
мен *Зұһрәдай* тұрдың асып.

Дін орнап мұсылманға тұғыр болған, Белгілі шаһар еді
Бағдад пен Шам.

Ағып жатыр сұлу *Сыр*,
Айғай салып арқырап.
Түн қойнында бұлыңғыр,
Жалғыз өзі жарқырап.

Амурменен жарысып,
Барады *Сыр Аралға*.
Көк теңізде табысып,
Құмары бір қанар ма? (С. Мәуленов).

Ә. Найманбаев өзінің шығармаларында заманның бұрыс
жолға өзгерісін *Құдайдан* қорықпай, залымдық істеген
адамдар арқылы жеткізген. Мұсылман діндегі *Бағдад пен*
Шам қалаларында орнағанын келтіреді, шын ғашықтықты
Фархад-Шырын, *Ләйлі-Мәжнүн* махаббатына теңеген.

Көркем шығармаларда Кеңес өкіметіне дейінгі
ақын, жыршылар жоғарыда аталған онимдерді дәл
ескерткіштердегі мағынада қолданса, Кеңес өкіметі

орнағаннан кейінгі ақын шығармаларында сол онимдермен қоса басқа да заман ағымына сай онимдер қатар қолданылған.

Қазіргі кезде Кеңес өкіметі кезіндегідей қатып қалған тәртіппен сөздерді бір қалыпқа құйғандай қолданудан бөлек, сөйлеуші сөзді қалай қолданам десе де өз еркі. Сондықтан соңғы кездерде, әсіресе, бұқаралық ақпарат құралдарында сөз ойнату кең етек алып келеді. Жаңа мәтін, жаңа сөз, ең кереметі, ескі, танымал мәтін, сөз негізінде жасалып отыр. Бұқаралық ақпарат құралдарындағы жаңа мәтін, сөз ойнату, күлкі сарынын түсіну үшін адам сол жаңа мәтіннің түпкі шығу тегін білуі керек, ал ол адамның аялық біліміне байланысты.

Қоғамда болып жатқан тілдік және мәдени өзгерістерді зерттеуді мақсат еткен орыс ғалымдарынан В.Г. Костомаровты, Н.Д. Бурвиқованы атауға болады. Ол екі мақсатпен орындалып отыр. Біріншісі – бұрын тек көркем мәтінде ғана кездесетін сөз ойнату, пародия қазір жаппай қолдануда, «қызыл тілмен» жеткізу үшін барлығы да жарайдының қалпы. Екіншіден, әртүрлі бірліктер негізінде сөз ойнатуды, яғни терминология тұрғысынан сол бірліктерді, сол құбылыстың өзін зерттеу. Олар осы мақсатта «логоэпистема» терминін қолдануды ұсынып отыр (грек тілінен «логос» - «сөз», «эпистема» – «білу, тану») [204], яғни сөздің түп төркінін тану.

Бұқаралық ақпарат құралдарында көпшіліктің назарын аудару, қызықтыру мақсатында логоэпистемалардың трансформациялануы кеңінен қолданылған. Мәтін автор мен оқырман санасында қалыптасқан білім арқылы мағынасы анықталып, талдану барысында қабылданады, яғни бұл шығармашылық еңбек оқырманның тікелей қатысуымен орындалады. Бұның өзі, яғни оқырманды ойландыру арқылы аялық білімі бар болған кезде, аса қызығушылық тудырады. Автор көпшіліктің мәтінге деген қызығушылығын арттырады, ал ол – сол газетті оқырмандардың сүйіп оқитындығының кепілі.

Бізді қызықтырып отырған тілдік бірліктердің

(онимдердің) мағыналары ауқымды семантика-прагматикалық реңктік мағына байланысынан тұрады. Қазіргі лингвистикадағы антропоөзектік бағыт, әлеуметтану, этнография, мәдениеттанумен байланыстыра зерттеуді талап етеді. Бұл байланыс жаңа ғылыми-зерттеу парадигмасындағы сәйкес категорияларға сүйенеді.

В.Г. Костомаров, Н.Д. Бурвикова логоэпистемаларға әр деңгейдегі лингвоелтанымдық құнды бірліктерді (қанатты сөздер, фразеологизмдер, прецедентті мәтін т.б.) жатқызады. Олардың әр деңгейде болуы логоэпистемаларды қолдануға байланысты, ал ондағы мағына сөздің мағынасын мәдени факт ретінде қолдана білуінде деп түсіндіреді [204].

«Логоэпистемалар – бұл өткен өмір нышаны, олардың жаңғыруы, қазіргі уақытқа сәйкес қолданылуы – сөйлеушінің мықты білімділігін көрсетеді. Санадағы мәдени құндылықтарды қарастырғанда логоэпистемалар сол әлеуметтік-мәдени топқа, ұлтқа қатыстылығын аңғартады. Себебі олар сол халықтың әлем бейнесі, менталдық, әлеуметтік-мәдени тарихы арқылы жаңа мазмұндағы сөзді қолдануға мүмкіндік береді» [204].

БАҚ және күнделікті сөйленісте әртүрлі қолданыста болатын өзіндік мәтіндік аялық біліміне байланысты феномендер қолданылуы көрініс тапқан. Осы ақпаратқа байланысты аялық білімі жоқ қабылдаушы еш мәлімет алмайды.

Логоэпистемалар құрамы күнделікті толығып отырады. Функционалды-семантикалық өрісі де прецедентті мәтін, прецедентті атаулар арқылы тілдік тұлғаның актив және пассив сөз қоры байлығы, тілдегі антропоөзектіліктің берілу тәсілін кеңейтуде. Мысалы:

«Атымтай жомарттар» көбейе түссін десек («Қазақ елі» газеті 15 наурыз, 2006 ж.). Жаңа заман Атымтайы («Қазақ елі» газеті, 21 маусым, 2006 ж.). «Алтын жүрек» қай Атымтай жомартқа бұйырар екен? («Қазақ әдебиеті» газеті. № 42, 19-25 қазан, 2007 ж.).

Қай кез болмасын Атымтайдай тұлғалар керек, сондықтан да мақала авторы ондай тұлғалардың көбейе

түскенін қаласа, екінші мақала авторы жаңа заман Атымтайы заманына қарай өзгергенімен, халыққа алдыңғы прецедентті бейне қалай сақталса, сол қырынан қазіргі, жаңа заман адамдарына да танымал болғандығын көрсетеді, ал жомарттықпен аты шыққан бейнеге ғана жүрегінің тазалығына қарай «Алтын жүрек» тиесілігін пайымдайды.

Логоэпистемалар көлемді мәтін, дискурс, мақал-мәтел, прецедентті атау т.б. негізінде жасалып, солардың бір эмблемасы, символикасы болып келеді. Б.М. Гаспаров: «... адамзат өте көлемді, ауқымды мәдени тәжірибе жинаған, ал сол тәжірибеге көз жүгірту белгілі бір үнемдеуді талап етеді. Себебі ауқымды тәжірибені «құшаққа сыйғызу» мүмкін емес, ол үшін бір бөлігі ғана қолданылады», – деп айтқан болатын [237]. Логоэпистема сол бір бөлік болып табылады. Егер жалпы тілдік бірліктер сөз, сөз тіркесінің мағынасы олардың қолдану өрісіне, терминнің мағынасы оның ерекшеліктеріне байланысты болса, логоэпистемалардың мағынасы олардың тарихи, мәдени, ассоциативті т.б. байланыспен қалыптасқан түпкі мәтін мағынасынан шығады. Осыдан логоэпистемалардың ұлттық бетпердесі ашылады.

Қорыта келе айтайын дегеніміз, түркі халқына ортақ құндылықтарымыз болып табылатын X-XIV ғғ. түркі поэтикалық тарихи жазба ескерткіштеріндегі онимдер қазіргі кезде де тілде сақтала отырып, түркі халықтарының туыстығын, діні, тілінің ортақтығының айғағы екендігіне дәлел бола алады. Сонымен бірге аталған поэтонимдер қазіргі кезде тілде мақал-мәтел, фразеологизм, көркем шығарма, БАҚ логоэпистемалардың трансформациялануында, яғни барлық жағдайда қолданыла отырып, ұрпақтан-ұрпаққа мәдениетімізді, тарихымызды, дін, ділімізді жеткізіп отыратын көпір іспеттес.

5.2 X-XIV ғғ. поэтикалық түркі жазба ескерткіштері мен қазіргі қазақ тіліндегі прецедентті есімдердің ерекшеліктері мен ұқсас тұстары

Е.И. Карташев өз мақаласында Ю.Н. Карауловтың анықтамасын толықтыра түсіп, келесі тұжырымын береді, оның пікірі бойынша, келесі жағдаяттар прецедентті феноменге ие бола алады:

1) аталмыш этнолингвомәдени қауымдастық (жоғары тұлғалық белгісі бар) өкілдерінің бәріне кеңінен танымал;

2) когнитивті (танымдық және эмоционалдық) тұрғыдан өзекті. Прецедентті феномен сыртында әрқез ол туралы, қандай да ұлттық-мәдени діл иелерінің бәріне жалпы және міндетті немесе прецедентті феноменге барлық сілтемелерді «айқын» түсінікті, коннотативті реңкті ететін оны қабылдаудың инварианты тұрады;

3) қандай да бір этнолингвомәдени қауымдастық өкілдерінің тілінде оларды қолдану (апелляция) қайталанып отырады. Прецедентті феномендерді қайталап қолдану дегенде біз қандай да прецедентті феноменді «қайталана» қолдану «потенциалды» болады, яғни қайтара қолдану жиі болмауы мүмкін, бірақ ол сөйлесіп тұрған адамға қосымша ақпаратсыз түсінікті болуы керек. Прецедентті феномен вербалдануды қажет етпейді, себебі ол өздігінен болмысымен белгілі екендігін айтып тұр. Көп жағдайда вербалдануы мүмкін, бірақ ол міндетті емес. Осы тұрғыдан алғанда Ю.Н. Караулов прецедентті феномендерді вербалды және бейвербалды деп бөледі [231].

Вербалдыға әртүрлі вербалды бірліктер, ойлау әрекетінің өнімі ретінде мәтіндер жатады.

Бейвербалды: көркемсурет, мүсін, сәулет, музыкалық шығармалар.

Қолданыс кеңдігі – социумнан жалпы адамзаттық қауымдастыққа дейінгі «сыртқы ауқымы» бөлу критерийі болып табылатын прецедентті феноменнің тағы бір классификациясын беруге болады:

1) социумды-прецедентті феномендер – қандай да бір

социум (генерациялық, әлеуметтік, конфессионалды, кәсіби т.б.) өкілінің кез келгеніне белгілі және ұжымдық когнитивті кеңістікке жататын феномендер, яғни ұлттық мәдениетке тәуелді емес: жалпы, мысалы, мұсылмандар үшін (конфессионалды социум) немесе дәрігерлер үшін (кәсіби социум).

2) ұлттық-прецедентті – қандай да бір этнолингвомәдени қауымдастықтың кез келген өкіліне белгілі және ұлттық когнитивті базаға жататын феномендер. Айта кететін жайт, кәсіби аудармашылар мәтіндегі прецедентті феномендердің түпнұсқа тіл өкілдеріне белгілі, бірақ аударма тіл өкілдеріне белгісіз тұстарының инвариантын ашып, түсіндіріп кетеді.

3) әмбебап-прецедентті – кез келген адамға белгілі және «әмбебап» когнитивті кеңістікке жататын феномендер [231].

Ю.Н. Карауловтың анықтамасы бойынша, прецедентті болу үшін төмендегі шарттар талабына сай болу керек, яғни келесі принциптерді ұстану керек:

1. белгілі бір оқиғаға байланысты;
2. көпшілік қолданысында кеңінен таралған;
3. сахналық көрініс немесе фильм түрінде белгілі;
4. мақал-мәтел, фразеологизм құрамында кездесетін [231].

Ал бұл есімдер, біздің ойымызша, жалқы есім қасиетін жоғалтқан жоқ. *Қарабай* прецеденттік есімі қазақ халқына сонау ислам дінін қабылдау кезеңі, Құраннан белгілі сараң адам есімі болса, бертін келе ол бүкіл сараң адамдардың жинақы есіміне айналған, ал бейонимдену вариантына қарабайшылық жатады. Яғни жоғарыда біз келтірген Ю.Н. Карауловтың прецеденттік есімдерді анықтау критерийіне сай келеді. Айтқанымыз дәлелді болу үшін мысал келтіріп көрелік:

1. Қарабай есімі Құранда берілген бір оқиғаға байланысты туындаған;
2. көпшілік қолданысында кеңінен таралған;
3. сахналық көрініс тапқан;

4. мақал-мәтел, фразеологизм құрамында кездеседі.

Сонымен бірге прецеденттік есімдерді терең зерттеген Қазақстан ғалымдарынан, олардың мағыналық, функционалдық жағынан классификациясын берген Г.Б. Мәдиева. Ғалым В.В. Красныхтың жеке кісі есімдеріне байланысты келесі прецеденттік есім таптастыруы:

- кеңінен таралған прецеденттік мәтінмен байланысты (Обломов, Тарас Бульба);
- тіл иелеріне белгілі және прецедентті болып келетін оқиғаға байланысты (Иван Сусанин, Колумб).

Қазақ халқының когнитивті санасында қандай да нақты оқиғаға байланысты емес, бірақ социум үшін құнды болып табылатын жеке қасиеттерімен ерекшеленген тұлғаларға байланысты өзінің келесі таптастыруын берген:

- кеңінен танымал тарихи тұлғамен байланысты прецеденттік есім (Абылай хан, Кеңесары);
- қазақ халқының мәдени және қоғамның дамуында ерекше орын алған, алатын тұлғалар (Абай, Алтынсарин, Жамбыл, К. Байсейітова) [187].

Г.Б. Мәдиева адамзаттың когнитивті кеңістігін құрайтын әмбебап прецеденттік есімдерді (Отелло, Шахерезада, Гамлет, Наполеон, Гитлер, Александр Македонский) және нақты ұлттық когнитивті базаға енгізілген таза ұлттық прецедентті есімдерді (қаз. Қарабай, орыс. Плюшкин – сараңдық белгісі; қаз. Судырахмет, орыс. Обломов – жалқаулық, боссөздік белгісі; қаз. Мырқымбай, орыс. Иван – алаңғасырлық, ақымақтық белгісі) бөліп қарастырған.

Сонымен қатар ғалым прецеденттік есімдер нақты ұлтты білдіретінін айтып, мысал ретінде Иван – орыс ұлтын, Ганс – неміс ұлтын, Джон – америкалықтарды білдіретінін келтірген және топтап, нақты тұлғаны атамау үшін кісі тегін қолданылатынын да айтқан (мысалы, Мырқымбайлар, Ивановтар, Петровтар, Сидоровтар т.б.).

Г.Б. Мәдиева әмбебап және ұлттық прецеденттік есімдер негізінде келесі топтарды бөліп қарастырған:

- әмбебап конфессионалды прецеденттік есімдер (Құдай, Алла, Мария);

• тек қана мұсылман қауымына тән фреквентальді конфессионалды прецеденттік есімдер (Мекке, Медине, Мұхаммед, Пайғамбар т.б.)

Нақты ұлтқа, соның ішінде қазақ халқына қатысты ұлттық конфессионалды прецеденттік есімдер әулие кісі есімдері мен әулие жерлерге байланысты (Айша бибі, Арыстан Баб т.б.).

Сонымен қатар ол қоян-қолтық араласып жатқан халықтарға қатысты фреквентальді прецеденттік есімдерді де бөліп көрсеткен. Мысалы: орыс. – Колобок, қаз. – Бауырсақ т.б.

Біз жинаған материалдар бойынша прецеденттік есімдер X-XIV ғғ. поэтикалық түркі жазба ескерткіштері мен көрнекті ақын-жазушылар шығармаларында мейлінше қолданылған. Енді жоғарыда көрсетілген таптастырулар негізінде прецеденттік есімдер қолданысын талдап көрелік.

а) Кеңінен танымал тарихи тұлғамен байланысты прецеденттік есім:

Пірмұған ықлас етті, шарап іштім,
Шәбліге ұқсап зікір айтып жаннан кештім («Диуани хикмет»).

Құл Қожа Ахмет, олай десең аларсың хақтан үлес,
Баязиттей нәпсіңмен күн-түн күрес («Диуани хикмет»).

Әбутәліб Ғалидің атасы дүр,
Араб қауымының ұлығы дүр («Диуани хикмет»).

Ақшам түні көрінді мейрам айы,
Мұхаммед Хожа бек – дәулет құмайы («Мұхаббат-наме»).

Еліміз жансыз тән еді бұрын сенсіз,
Шахтың шахы *Жәнібек* ханға етенесіз.
Қолы ашықтығы *Оспанға* тең.
Сезімталдығы *Айаздың* дәл өзінен асады («Аиқат сыйы»)

Аздан соң мінді атына *батыр Баян*
Сиысып бір жаратқан *Алласына*.
Жолбарыс жортып кетті бетін түзеп,

Шандатып *Абылайдың* ордасына (М. Жұмабаев).

Абылай ханның тамған жер, Кіндік қаны Түркістан
(А. Сопыбек).

Көгілдір күмбез нұр пішін, Қожа Ахмет – дана
адам. Күмбездің алғаш Кірпішін Ақсақ Темір қалаған
(А. Сопыбек).

Қожа Ахмет Яссауи, Қалдырды өлмес хикметтер.
Хафиз, Бақи, Дауд пен Йүгінеки Ахметтер, Бақырғани
Сүлеймен – атқарды талай міндеттер (А. Сопыбек).

*ә) Мәдени және қоғамның дамуында ерекше орын
алған, алатын тұлғалар:*

*Абай, Мұхтар бастаған елге әйгілі Ұлы көштің соңы-
нан ергендігін (М.Шаханов).*

Талай жылдар өтсе де, талай заман, Қалам тартар
казакта ақын туса, Аруағына *Абайдың* қарайлаған. *Абай*
болу, әрине, оңай емес, Ақын болмай қалсаң ғой... Қалай
жаман! (М. Мақатаев).

Беремін *Жамбыл ата*, ыстық сәлем, Біледі данқынды
күллі әлем. Сағындым сақ-сақ күлген күлкіңізді, Елің мен
күтіп отыр інің Кенен (К. Әзірбаев).

Жұпарына туған елдің белеп бір, Ел көзіне түсті ғажап
ерек гүл. Тойға келді, қоңырауы даланың, *Ыбырай аға*, —
инспектор, директор (Т. Молдағалиев).

Жамбыл жыры аспаныңда жаңғырып, Әуеніне кетті
әлемді таң қылып. Алатаудың ақ шыңдары *Күләшша*
Күләш әнін қайталайды мәңгілік (Т.Айбергенов).

*б) адамзаттың (жалпы мұсылман қауымы үшін)
когнитивті кеңістігін құрайтын әмбебап прецедентті
есімдер:*

Қашан өлсем, сен қадірімді білергей, Бұл жолға
түссе, Апылатон да дәліргей. Егер *Апылатон* саған
ғашық болса, Ұмытар бар істері мен ойларын («Мұхаб-
бат-наме»).

Жүрдек ғасыр ұмытқан-ау ұятты. *Данте, Пушкин,
Шекспирмен, Гетемен*, Оның тіпті жұмысы жоқ сияқты.

Қанша дарын өресі тар пенделікке күйттелді. Кім дарынсыз дей алады *Шыңғысхан* мен *Гитлерді*? (М. Шаханов).

Түсінер ең, Езбін бе әлде ермін бе, Байқар едің, артықпын ба, кеммін бе?.. Мен *Спартак* бола алмадым, не шара, Сенің өзің *Цезарь* болып көрдің бе?! (М.Мақатаев).

Аласұрып Бетховен отты желдей, Ән нөсерін сапырып төктіселдей. Симфония даусымен дауылдайын, Қасарысқан тағдырды етті жердей (С. Мәуленов).

Кірді ғой түстен кейін тентек ақылы, Сертімнің бұл өмірлік ең ақыры: «Адам – құл өзін жеңіп ұстамаған» Деген бір Сократтың бар нақылы (С. Торайғыров).

в) *Әмбебап конфессионалды прецеденттік есімдер (Құдай, Алла, Мария):*

Бірақ олар бәрін де құрметтейді, Тек *Исаның* есегі үшін. Күнді *Исаның* басына тәж қылды, Мұхаммед Мұстафаны көкке көтерді («Мұхаббат-наме»).

Бәрі рас айтқанының *Ақ Алламның*, Құм менен топырақтан жаралғанмын. *Құдайдың* құлымын мен – мұсылманмын, Денемде түйірі жоқ арам қанның (М. Мақатаев).

Я, *Алла*, қанағат бер әр ісіме, Қанат бер елден алған дәрісіме. Мұрсат бер құлақ түріп үйренейін, Мәніне әр нәрсенің мәнісіне (Т. Молдағалиев).

Ауыздан *Алла* атыңды тастамаймыз, Алласыз ешбір іске бастамаймыз (М. Жұмабаев).

Тұрғызған Меккедегі алғаш Қағбаны да, кездесті Ибаргим пайғамбарға. Тұр екен Нұх пайғамбар кемесімен, ап қалған топан судан тіршілікті. Ыдырыс пайғамбар бұл отыр екен, Бал ашып, жұлдыздарға қарап алып. Алладан «Інжіл» кітап түскен Иса, Былай сөйлеп кетті Мұхаммедке. Ал Дәуіт пайғамбар бұл отыр екен, Алладан түскен кітап «Забурды» оқып. Алтыншы қабатта да көңілді екен, Бұл Мұса пайғамбарға болған мекен. Жанында сиқыры бар асасы тұр, Алладан түскен «Таурат» қолында екен (А. Сопыбек)

г) *Тек қана мұсылман қауымына тән фреквентальді*

конфессионалды прецеденттік есімдер (Мекке, Медине, Мұхаммед, Пайғамбар т.б.):

Мекенім Ніл дария – Меккем менің, Келеді мәңгілікке мекендегім. Дариға-ай, Зұлыһарды ерттеп мініп, Көрмеген мекеніме кетер ме едім?! Семсерін *Ғазіретәлі* ескек жасап. Жерорта теңізінен өтер ме едім?! (М. Мақатаев).

Бақытты ғой – иығына ел сенімін артқандар, Туған жерде *пайғамбардай* қасиетті қарттар бар (М. Шаханов)

Тұрмыс, тағдыр бірі де Бұл мақсұттан бұра алмас. Қаһарман Рүстем, Әлі де Бұрам деп жолда тұра алмас (С. Торайғыров).

«Мәдинеде – Мұхаммед, Түркістанда – Қожа Ахмет, екінші Меккемін білгенге (А. Сопыбек).

г) Нақты ұлтқа, соның ішінде қазақ халқына қатысты ұлттық конфессионалды прецеденттік есімдер әулие кісі есімдері мен әулие жерлерге байланысты (Айша бибі, Арыстан баб т.б.):

«Отырарда отыз бап, Түркістанда түмен бап, Самарқанда сансыз бап», Бет алып көшіп барады (К. Әзірбаев).

Жеті жаста Арыстан Бабқа қылдым салам, Мұстапаның аманатын бер деп маған («Диуани хикмет»).

д) тіл иелеріне белгілі және прецедентті болып келетін оқиғаға (мәтінге) байланысты прецедентті есімдер:

Шық бермейтін *Шығайбай*, Мінезі саған келіпті. *Айналада* ағайын, Сенен безе жеріпті. Арғы атаң *Қарынбай*, Сарандықтан өліпті! (К. Әзірбаев).

«Қазықұрттың басында,
Кеме қалған» дейді жұрт.

Арман қылып жасымда,

Көрсем деуші ем Қазықұрт (А. Токмағанбетов).

Мен согтаймын! *Жалмауыз «жез тырнақты»* Көрден шыққан кебінсіз жынды «аруақты» Мен согтаймын, қанқұйлы фашистерді Үкімімен сүйсінте адамзатты (Қ. Аманжолов).

Қасіретті куәгер боп әбілетті тасқынға *Үркердей* топ ауыл жатты боз төбенің астында (М. Шаханов).

Ұтылғаным белгісіз, ұтқаным да, Жығылғаным неғайбіл, жыққаным да, “Барар жерің – Балқантау” дейтін еді, *Балқан* тауға, бауырлар, шыққаным ба?! (М. Мақатаев) Шын жетіммін бір жаққа сенен кетсем, Сенің арқан әндетсем, елендетсем. Кешір сорлы балаңды, *Алатауым*, Сенің қымбат бағанды төмендетсем (Т. Молдағалиев).

е) гашиқтық символдары болған түркі, соның ішінде қазақ халқының прецедентті есімдері:

Содан бастап *Мәжнүннің* өзі болдым, Айта жүрер дүние сөзі болдым. *Қыз Жібегім* сен болдың, *Баяным да Төлеген* боп түрлендім, *Қозы* болдым (Т. Молдағалиев).

Тас үңгірде тұрды олар азақ күн, Тартты бәрін қорлық пенен азаптың. Қыр үстінде *Еңлік - Кебек* қоштасты, *Ромео - Джульеттасы* қазақтың (С. Мәуленов).

Бүкіл адам іздегенмен бақыт жолын, бақ жолын, Ешкім оңай таба алмайды *Абайы мен Тоғжанын*. Ал мен таптым *Тоғжан* сынды пәк жанды, – деді ол масаң діріл қосып сөзіне, – Өзің *Абай* болмаған соң *Мазалама Тоғжанды*, – деді сіннің жас үйіріп көзіне... (М. Шаханов).

Қос аққу — *Жібек-Төлеген* сыр шертеді, Махаббат дерті — бүгінгі жасқа ертегі (И. Бекмаханұлы).

Айтарын айтып, ат қойып маған ол кетті, Балалық қалмай, кешігіп мен де ер жеттім. Ләйлімді іздеп көкте жоқ, иә жерде жоқ, Қиялды қуған *Мәжнүн* болып мен кеттім (М. Кенжебай).

Біздегі батыр – *Алпамыс*, Өзбекке барса – *Алпамыш* (А. Сопыбек).

Тас кенелер кердең қаққан тайпыып, Біз тұмсығын қанға малған қайқыып, Тірілсе ғой, қайран *Судыр Ахмет*, Жинап-теріп өртер еді-ау май құйып (С. Құттыбаев).

Ер жігітке жараспайды жел кеуде, Шын махаббат жаратылған өлмеуге... Мен ойлаған *Баян сұлу*, *Жібектер* Мәңгілікке қоныс тепкен кеудемде (С. Құттыбаев).

Қазіргі ақын шығармаларындағы прецедентті есімдер қазақ халқының когнитивтік кеңістігін көрсетеді. Үркер,

Темірказық космонимдері, Алатау, Қаратау, Қазығұрт оронимдері қазақ халқының мәдениетінде ерекше орын алады. Ақындар шығармаларында Қарт Алатау, пайғамбар Алатау деп беріліп, елдің тауға деген құрметін көрсете білген. Қаратау – жоңғар шапқыншылығы кезінде туған «Елім-ай» өлеңінің бірінші жолы: «Қаратаудың басынан көш келеді» арқылы халық тарихында қалған қайғылы кезеңнен хабардар етсе, ал Қаратау халық панасы ретінде суреттеледі. Уақыт өте келе, халық жағдайы өзгеріп, жауға дес бермейтін жағдайға жеткенін ақын: *Басынан Қаратаудың көш келмейді, Қаратау* енді ешкімге дес бермейді. Мөлтілдеп кара көзден жас келмейді, Қара көз қарындасым сескенбейді. Қаратау енді ешкімге дес бермейді (М. Мақатаев) өлең жолдарымен антитеза қолдану арқылы жеткізген. Мұнда ол мәтінді трансформациялап қолданып тұр. Мәтіннің өзегін құрап тұрған бірлік – Қаратау оронимі. Сонымен бірге қазақ халқының мәдениетінде қалыптасқан өз Қарабайлары бар, яғни Шығайбай антропонимі – сараңдық белгісі.

Жалпы адамзат үшін әмбебап саналатын ғашықтық символы – Ромео мен Джульетта, түркі халықтарына ортақ Қозы Көрпеш – Баян сұлу, қазақ халқының төл ғашықтық символдарына айналған образдар – Еңлік - Кебек, Қыз Жібек пен Төлеген және Абай мен Тоғжан қазақ халқының когнитивтік кеңістігін кеңейтіп, ақындардың аялық білімін көрсетіп тұр. Ақпарат толық болу үшін біз реципиенттер арасында сауалнама жүргізуді жөн көрдік. Сауалнамаға 100 адам қатысты, оның ішінде әр кәсіп иелері (жасы 20 – 70 арасында) және студенттер бар.


Сауалнама бірнеше сұрақтардан тұрды: Сізге келесі есімдер қандай ассоциация береді: Ләйлі-Мәжнүн, Сүлеймен, Мұса т.б.? Бұл есімдерді қайдан білесіз? Сіз үшін ғашықтық символы кімдер? Сіз үшін әділдік символы кімдер? Сіз үшін жомарттық символы кімдер? Сіз үшін сараңдық символы кімдер?

Сауалнама негізінде біз мынадай нәтижелерге қол жеткіздік:

Қазіргі кейбір тіл иелері үшін Сүлеймен, Оспан, Жамшид, Жүсіп, Зылиха прецедентті есімдері актуалды емес, бұл олардың аялық біліміне байланысты. Мұса прецедентті есімі олардың санасында Мұса пайғамбар емес, Жаяу Мұса образын туындатады. Ғашықтық символы ретінде олар үшін Қыз Жібек пен Төлеген және Қозы Көрпеш пен Баян сұлу символдық мәнге ие, ал қазіргі кезде олар үшін үлгі болатындай образдар жоқ. Мұның себебін И. Бекмаханұлы келесі өлең жолдары арқылы жақсы жеткізген, себебі қазіргі жастар шынайы махаббатқа сенбейді: «Қос аққу — Жібек-Төлеген сыр шертеді, Махаббат дерті — бүгінгі жасқа ертегі». Орта ғасырда әділдік символы болған Наушарбаннан қазіргі тіл иелері хабарсыз, ал олар үшін қазір әділдік символына М. Шаханов айналған, себебі ол — ұлт мүддесін көздеген, ісіне берілген тұлға. Жомарттық символына И. Тасмағанбетовты атаған, өйткені ол «өз қалтасынан болмаса да, көптеген адамдарға көмектескен, ұлт идеясын насихаттайтын көптеген әдебиеттер шығаруға септігін тигізген». Прецедентті топонимдерден қазіргі қазақ жеріндегі Алатау, Сыр, Түркістан, Қаратау, Қазығұрт қасиетті, әрқайсысының өзіндік ерекшелігі бар символдық мәнге ие. Мысалы, Алатау қартқа теңеледі, ең биік тау ретінде бір тазалық символын береді. Түркістан қазіргі тіл иелері үшін бүкіл түркі халықтарының Отаны саналатын киелі бесік, онда белгілі, әулие кісілердің молалары бар және кіші қажылық мекені саналады. Сыр суы молшылық, тазалық, балалық шақ белгісі. Қазығұрт тауы киелілік мәнге ие, себебі онда Нұх пайғамбардың кемесі болған деген аңыз халық санасында сақталған. Мекке — қасиетті, мұсылмандардың Отаны. Ирак қазіргі тіл иелері үшін Саадам Хусейнмен, онда болған соғыспен байланысты ассоциация туындатады. Мысыр қазіргі тіл иелерінің көбі үшін ешқандай ассоциация бермейді, кейбіреулері үшін ғана ол бір жұмакпен тең, яғни Отанын еске салады, мұның өзі «Әркімнің өз жері — Мысыр шаһары» деген мақалға байланысты. Бір реципиент үшін Мысыр оның танысының әкесінің есімін есіне түсіреді — Қазыбек Мысырұлы.

Бұл трансонимизация негізінде антропотопонимнің қалыптасқанын көрсетеді, яғни Мысыр топонимі қазақ халқы үшін орны ерекше болғандығын байқатады. Шам, Рұм топонимдері аялық біліміне байланысты реципиенттерде ешқандай ассоциация тудырмайды, себебі Шам – қазіргі Сирия, ал Рұм – Византия.

Біз әр халықтың құндылықтары өзгеріп, дамып отырады десек, әр кезең мен дәуірде сол халықтың өзіндік әлемнің ономастикалық бейнесі түзіледі деп толық сеніммен айтуымызға болады, алайда ол бейне уақыт өте келе мүлдем құрымайды, қайта өзгеріп, толығып отырады. Бұған біз дәлел ретінде прецедентті есімдерді шығарма ішінде қолданудан мысалдар келтіруді жөн көрдік: Ләйлі-Мәжнүн қазақ халқы мәдениетіне мұсылмандықты қабылдаумен келген символдар десек, Қозы Көрпеш – Баян сұлу одан бұрынғы түркі халықтарына тән ортақ символдар, Еңлік-Кебек, Қыз Жібек пен Төлеген бергі кезеңдер символы, Абай – Тоғжан одан да жақын кезең символы. Сонымен, түпкі мәтін мен орта ғасыр ескерткіштерінің байланысы өте тығыз екендігін біз жоғарыда берілген мысалдардан анықтадық; XV-XIX ғғ. ақын шығармаларының түпкі мәтінмен байланысы тығыз, олардың орта ғасыр ақындарының шығармаларына көп сілтеме жасайтыны осының айғағы, сонымен бірге ол кезеңде діннің ықпалы күшті болған; XX-XXI ғғ. ақын шығармалары мен эксперимент материалдары негізінде біз бұл байланыстың ғашықтық символына, батырлық, әділдік символдарына қатысты үстірт екендігін байқадық. Мұны төмендегі сурет арқылы көрсетуге болады:



II Сурет – Қазақ халқының қабылдауындағы
прецедентті есімдердің кезеңге қарай репрезенттелуі

Бұл сызбадан біз әр кезең өзінің әлемнің ономастикалық бейнесі болғанын, уақыт өте келе ол толығып (кей жерде өзгеріп) отырғанын байқаймыз. Біз мысалдарды прецедентті есімдерден арнайы келтірдік, себебі олар сақталған халық құндылығының бірден-бір көрсеткіші. Сонымен кеңістік пен кезең қатысында ЖЕ (прецедентті есім) лингвомәдени социумның әлемнің ономастикалық бейнесін анықтауымызға әбден болады.

Е. Бриченкова прецедентті айтылымдарды олардың мағына деңгейіне қарап контексте актуалдануын үш топқа бөледі: а) үстірт (поверхностное), ә) терең (глубинное) және жүйелі (системное) мағына [238].

Осының негізінде біз орта ғасырдағы прецедентті есімдер түпкі мәтінмен тығыз байланысып жатқандықтан (себебі ол кез түпкі мәтіннің шығу кезеңіне жақын), терең деңгейдегі байланыс деп анықтап, XV-XIX ғғ. ақын шығармаларындағы прецедентті есімдердің қолданысын жүйелі деңгейде деп анықтауымызға болады, себебі Кеңес өкіметіндегідей идеология мен техникалық даму ықпалы орын алған жоқ. XX-XXI ғғ. ақын шығармалары мен эксперимент негізінде қазіргі тіл иелерінің аталған прецедентті есімдерді қолдану деңгейін үстірт деп айтуымызға болады, себебі бұл кезеңде прецедентті есімдерді қолдануда көптеген өзгерістер мен толықтырулар орын алған.

Мұндай өзгерістер мен толықтырулардың бірнеше себептері бар: а) идеологияның өзгеруі, Кеңес өкіметінің орнауы, соның салдарынан дін өкілдерінің қудалануы мен атеизмнің орнауы; ә) әлемде техника мен экономиканың дамуы, соның салдарынан қалыптасқан стереотиптерге деген көзқарастың өзгеруі; б) құндылықтардың өзгеруі т.б.

5.3 Когнитивтік аспектіде жалқы есімдердің репрезенттелуі

Тілді когнитивтік тұрғыдан қарастыратын болсақ, тіл объективтік дүниені танушы, оны тілдік формада бекітуші, оның репрезентациясын (ішкі танымын) көрсетуші және сонымен бір уақытта дүниені тану мен игерудің құндылық тәжірибесін қабылдаушы ретінде қарастырылады. Тілдің осындай когнитивтік ерекшеліктері негізінде когнитивтік тізбектегі тәуелділік пен арақатынастарды орнату мәселелері «ақыл-ой (сана) – тіл – ішкі таным (репрезентация) – концептілеу – категориялау – қабылдау» [239] түрінде танылады.

Қазақ жалқы есімдерін зерттеуге арналған когнитивтік әдіс жоғарыда аталған когнитивтік тізбектегі, когнитивтік кешендегі өзара тәуелділіктер мен арақатынастар шеңберінде қазақ онимдерінің табиғаты мен ерекшелік-

терін зерттейді, қарастырады. Басқаша айтсақ, ақыл-ойда, тілдік санада дүние туарлы білімдердің типтері мен түрлері тілге айналған формада берілген. Атап айтсақ, тіл когнитивтік құрылымдардың ментальдік көрінісі көмегімен дүние туралы білімдерді концептілеу мен категориялау үрдісінде дүниенің ғаламдық бейнесін көрсетіп, түсіндіріп береді. Концептілер жүйесі немесе концептілік жүйе дүниенің концептілік, тілдік суретінің негізгі бөлігі, рубрикатор болып табылады. Тілдік таңбалар мен оның ішіндегі бейнеленген мәдени, әлеуметтік шындық құбылыстар арасындағы қатынас когнитивтік семантика мен вербалдану тәсілдерінің мазмұнын құрайды. Сөйтіп тіл мен тілдік бірліктерді зерттеудегі когнитивтік лингвистика тілдік шеңбер аумағынан шығып, жеке когнитивизмнің адам санасындағы ментальдік үрдістерді басқаратын жалпы принциптері туралы ғылымның мәселелерімен, сондай-ақ лингвомәдениеттану, этнолингвистика, психология, философия ғылымдарымен байланысады.

Әлем бейнесі когнитивтік модельде айқындалады, сондай-ақ ол ұжымдық санамен, көзқараспен, ұжымдық философиямен байланысты болады. Ғаламның тілдік бейнесі негізінен адамдар санасындағы әлемнің логикалық бейнесімен сәйкес келеді. Ал ғаламның кез келген ұлттық, тілдік бейнесінің әмбебаптығы өзіндік ерекшелігін айқындайтын метафора, теңеу және концепт болып табылады. Осы тілдік механизмдер негізінде ғалам бейнесі танылады, ал тілді игеру, табиғи тіл механизмін түсіндіру үшін білім жинау, қолдану, оны түсіну моделін құрау тұрғысынан зерттеледі. Бір жағынан, когнитивтік лингвистика бұл модельді тек бүкіл когнитивтік ғылымдар шеңберінде ғана жасай алады. Ол ғылым білімнің әртүрлі типтерін, олардың ұйымдастырылуы және өзара әрекеттесу тәсілдерін зерттейді.

Дәлірек айтқанда, когнитивтік лингвистика дәстүрлі лингвистиканың тар аумақта шектелуін болдырмауды және тілдік «сыртқы» көріністері арқылы танылатын терең әрі жан-жақты заңдарын көріп білуге мүмкіндік туғыза-

ды. Қазақ жалқы есімдерін зерттеуге арналған когнитивтік әдіс кезінде тілдік таңбаларда, жалқы есімдерде берілген білімдерді концептілеу мен категориялау үрдістері ескерілуі керек, суреттелуі тиіс. Дүние туралы ғаламның тілдік бейнесін ономастикалық тұрғыда концептілерін вербалдау тәсілдері тұрғысында қарастыру керек. Когнитивтік лингвистика жалқы есімдерді зерттеуде жаңа бағыттарға жол ашады, бұл дегеніміз оған дейінгі этнолингвистикалық, дәстүрлі, жүйелі-құрылымдық, лингвомәдени, әлеуметтік-лингвистикалық парадигмаларды жоққа шығармайды. Қайта, керісінше, ономастикалық принциптерді жаңа тұрғыдан көрсету мен ұғынуға ұмтылады.

Е.С. Кубрякованың пікірінше: «Лингвист объективтік шындық туралы түсінік соңында жеке, лингвистикалық формалардың қандай жүйеде тұрғандығын ғана болжауды емес, сонымен бірге тілдік бірлік, іштей байланысты табиғи тұтастық, тілдік берілімдер, категориялар дүниені қабылдаумен қалай байланысқандығын және олардың танымды қалай бейнелейтіндігін білуі тиіс» [240].

Қазақ ономастикасының жеке тілдік аспектілерін зерттеуде онимнің тілдік мағынасы, антропонимдер мен топонимдердің лексика-семантикалық топтары, номинациялау принциптері, онимдердің этимологиясы, өзге тілдерден енген қабаттар т.б. қазақ жалқы есімдері жүйелі дәстүрлі тұрғыда зерттелсе, енді қазақ онимдерін антропоцентристік тұрғыда қарастыру негізінде лингвомәдениеттану, этнолингвистика, семиотика және когнитивтік лингвистика тұрғысынан зерттелу орын алуда. Жалпы адамзаттың рухани дүниесі, ойлауы, идеологиясы, өмір сүру салты және шаруашылық жүргізу түрі әрқилы, осыған орай жалқы есімдердің өз сипаты табиғи түрде этнолингвистика, когнитивтік лингвистика және лингвомәдениеттану салаларындағы қазақ жалқы есімдерінің табиғаты мен қызметін қарастыруға мүмкіндік береді.

Қазақ жалқы есімдерінің физикалық, әлеуметтік

тілден тыс шындықтармен алуан түрлі байланысы жалқы есімдерде вербалдық таңбаларда көрсетіліп, онимдерге тән көптеген басқа да категориялар мен үрдістер қазіргі когнитивтік лингвистиканың ғылыми парадигмаларына енгізілуде. Жалқы есімдерді когнитивтік тұрғыда зерттеуді қазіргі когнитивтік лингвистиканың негізгі бағыты ретінде төменде берілген принциптерде жүргізуге болады:

- Ұсынылған таңбаларда (таным теориясы) көрсетілген білімдердің түрлері мен типтері және таңбаланған білімдерді көрсету механизмдері, яғни ережелер мен түсіндірулер, интерпретациялар, когнитивтік семантика мен прагматика;

- Таңбалардың пайда болуы мен даму шарттары және олардың қызметін реттеп отыратын заңдар;

- Оларда бейнеленген тілдік таңбалар мен мәдени шындықтардың арақатынасы.

Жалқы есімдер номинативтік, тек атау қызметіне ие болып қалмайды, сонымен қатар олар ерекше семантикалық, тілдегі жеке сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасына да ие. Мұны зерттеуші ғалымдар онимдердің «фондық семантикасы», «энциклопедиялық ақпарат», «энциклопедиялық мағынасы» деп әртүрлі атайды.

Е.Б. Шерешевская жалқы есімдерді зерттеу кезінде «тіл-сөйлеу» дихотомиясын, онимнің «айырушы-таңба, танушы таңба» қызметін атқаратын мағынасын, жалқы есімдерді «жақын мағына» деп атауды ескеруді қажет деп санайды. Ғалымның пікірінше: «Жақын немесе формалды құрылысына, түріне қарай мағына неғұрлым көп мазмұнмен толықтырылады, бұл мазмұн белгілі бір сәттерде бірқатар себептерге байланысты денотатпен, таңбаланушы, белгіленушімен таныс адамдардың бойында әртүрлі таныстық белгілері, психологиялық үйлесімділік болып келеді» [241].

Жалқы есімдерді когнитивтік аспектіде зерттеудің негізі – базалық құрылымдары мен онтологиялық қасиеттері. Қазақ жалқы есімдерін зерттеудегі лексика-семантикалық, құрылымдық-сөзжасамдық аспектілері тиянақты

зерттелуде, оның дәлелі қазақ ономастикасы бойынша көптеген еңбектерде кездесетін лексика-семантикалық, құрылымдық-сөзжасамдық классификацияларды атауға болады. Қазақ тілінің дәстүрлі әрі бай антропонимиялық және топонимиялық материалдары жаңа ғылыми тұрғыда түсіндіруді талап етуде, бұл материалға этнолингвистиканы, лингвомәдениеттануды, когнитивтік лингвистиканы ұсынуға болады.

Ғаламның ономастикалық бейнесі объективтік шындық туралы ментальдік түсініктердің жиынтығы емес, ол үнемі өзгеріп отыратын динамикалық бейне, өйткені объективтік дүние мен адамның өзі мұнда мәңгі өзгеріп, дамып отырады, аталған динамикалық бейне ғаламның ономастикалық әлемінде шеңберлік модель құрайды. Егер диахрония тұрғысынан алып, ғаламның тілдік бейнесін хронологиялық бірін-бірі ауыстырып отыратын түпкілікті типтерін қарастыратын болсақ, онда адам ойлауының негізгі түпкілікті типтері ғаламның тілдік, ономастикалық бейнесінің пайда болуы мен қалыптасуындағы базалық, анықтаушы бастаулар болып табылады.

ЖЕ когнитивтік құрылымын зерттеу әбден мүмкін, себебі олар «әлемнің тілдік бейнесінің» ұйымдастырылған фрагменті болып табылады және жеке тұлғаның да, тұтас ұжымның да тілдік санасында сақталады. Бұған дәлел біз жоғарыда келтірген сурет – 3. ЖЕ когнитивтік тұрғыдан қарастыру келесі жолдармен іске асады:

- ЖЕ қолданыста болатын нақты тілдік социум мүшелерінің қабылдауы;
- жеке тұлға санасында ЖЕ қызметі;
- ұжым санасында ЖЕ қызметі;
- болмыстың ЖЕ ментальді сақталу тәсілдерін талдау;
- тілдік сананың когнитивтік ұлттық базасын құрайтын тірек ЖЕ анықтау;
- нақты разряд ЖЕ базалық элементтері мен стереотиптерін айқындау;
- ЖЕ және мифологиялық сана, т.б. [187].

Қазіргі зерттеулер ономастикалық жүйені ЖЕ

прагматика-семантикалық компонент, коммуникативтік компетенция жасауда қатысы, ЖЕ мәдени аралық коммуникацияда қабылдауы мен қызметі т.б. тарапынан қарастыруда. Осы мәселелерді шешуде тілдік сана және оның ұлттық ерекшелігі туралы сұрақтар туады. Сонымен бірге ЖЕ арқылы тілдік бірліктер ретінде болмысты қабылдау мен көрсету маңызды.

Тілдік сананы ұғыну күрделілігі сананың табиғатына байланысты, себебі ол үлкен қызмет жүйесін құрайды және сөйленіс қалыптастыру мен қабылдауда күрделі механизм болып табылады. А.А. Залевская: «Көптеген басылымдарда жарық көрген пікірлерді реттеу арқылы «әмбебап» және «глобалды (жаһандық)» сананың/ойдың, тілдік/сөйленімдік сананың/ойдың, сонымен қатар белгі сана, когнитивті сана, метатілдік сана, тілден тыс сананың болатынын ескеру керектігі анықталды», – деген пікірді айтады [242].

Сананың әртүрлі мәселелеріне арналған зерттеулерді талдау когнитивтік аспект тұрғысынан қарастырудағы міндеттерді шешуде сананың келесі механизмдерін анықтау маңызды:

- жеке тұлғаның қоршаған орта туралы құрылымды және жүйелі білімі мен көзқарасын сана реттейді;
- сана адам қызметі нәтижелерінің сақталуына, бағалануына жауап береді;
- сана тіл мен ойдың күрделі өзара қатынасына түседі;
- сана тұтас әлемнің тілдік бейнесінің бір деңгейі болып табылады;
- тілдік сана жеке тұлғаның жетістігі болып табылады;
- тілдік сана ұжымның жетістігі болып табылады.

Сана мен ЖЕ өзара байланысын зерттеу жалпы алғанда сана – бұл ЖЕ қалыптасуы, сақталуы, өзгеруі, олардың мағынасы, тіркесу ережесі, қолданылуы және болмысты тану дегенді білдіретінін айқындайды. Сананың иесі ретінде адамның өзінің болмысқа және қалыптастырып отырған тілдік бірлік – онимдерге қатынасын ЖЕ көрсетеді. В. фон Гумбольдт кезінде келесі пікірді айтқан: «... барлық

сөздердің жиынтығы, тіл – бұл адамның ішкі дүниесі мен сыртқы дүниенің арасында жатқан әлем; тілді зерттеу бізге оны қолданудан басқа, адам мен жалпы әлемнің, әр ұлттың тілде байқалатын ұқсастығын анықтауға мүмкіндік береді» [243].

ЖЕ зерттеу адамның ЖЕ берген (құйған) танымы (ассоциациясы, белгісі, символдары, миологемалары) оның санасында бар және ойымен қатталып, жағдаяттарға байланысты шығып отырады. Сонымен бірге ЖЕ дамуы мен қалыптасуына ұлттық тілдік сананың ерекшеліктері ықпал етеді.

Қазақстан және Ресей ғалымдарының зерттеулері (Т. Жанұзақ, О. Сұлтаньяев, В.Н. Попова, Е.Ә. Керімбаев, Г.Б. Мәдиева, Б. Тілеубердиев, Қ. Рысберген, А.В. Супе-ранская, В.Н. Топоров, И.В. Воробьева, В.И. Супрун, И.С. Карабулатова т.б.) ЖЕ ұлттық тілдік санада сақталған ұлттық мәдениетпен детерминаланған. Осыдан ЖЕ толық бір мәтін ретінде нысан туралы толық ақпаратын беретін тілдік бірлік екендігі анықталады.

Әлеуметтік, саяси, экономикалық, мәдени құндылықтардың дамуы жаңа білім, ұғымдардың қалыптасуына байланысты, ал олар өз кезегінде жаңа немесе тілдік қордан лексикалық бірліктер қалыптасуын талап етеді. Атау беру үрдісі атау берушінің тілдік және мәдени-тарихи тәжірибесіне сүйенеді.

Нысандарға кісі есімдерінің тағылуы қазақ халқы тарихында кісі есімдерінің кейбір географиялық нысандарына тағылуы орын алуына байланысты. Құрамында кісі есімдері бар географиялық атаулар қазақтардың көшпелі тұрмысына байланысты. Бұрынғы кезде географиялық нысанның иесі екенін көрсететін антропотопонимдер қалыптасқан. Мысал ретінде ақын шығармаларынан антропотопонимдерді (антропогидронимдерді) келтіруге болады: Әйгерімнің бұлағы — Әйгерімнің жыр-әні. Әйгерімнің құрағы, Баяғыдай тұр әлі (Мәуленов С. «Әйгерімнің бұлағы»). Кетпепті бос жыр тегін, Ақынды еске ап атақты. Арқа елі

бір көлін Біржан көл деп атапты (Мәуленов С. «Біржан көлі»).

ЖЕ зерттеу тек ғылыми тұрғыдан емес, сонымен бірге практикалық тұрғыдан да қызығушылық тудырады, себебі кез келген ұлттық тілді (ана немесе шет тілін) игеруде ЖЕ білудің мәні зор.

5.4 Когнитивтік лингвистикадағы «концепт» терминінің қабылдануы

Бірнеше он жылдықтар бұрын ғана қалыптасқан жаңа ғылыми білім парадигмасы шеңберінде тіл ақпаратты иелену, сақтау және жеткізу құралы ретінде, ал лингвистика – когнитивті ғылымның адам санасы мен ойлау қабілетін зерттейтін аралас пәндердің тұтас кешенін біріктіретін ең маңызды құрамы ретінде танылады. Білімді репрезенттеу формаларынан, яғни «сырттан» түскен білімдер ол арқылы адам санасында жүйеленетін модельдерден концепт – біздің санамыздың менталды және психикалық ресурстарымыздың бірлігі, құрылымдық танымның өзіндік «кванты» ең маңызды орынды алады.

Концепт пен сөз мағынасы арасына теңдік белгісін қоюға болмайды. Концепт сөз мағынасынан кеңірек.

Әлемнің тілдік бейнесін қайта құру мен оны зерттеу оның құрылымдық бірліктері – концептілерді зерттеу негізінде жасалады. Концепт нақты бір тақырыпта әлем туралы білім жиынтығынан тұратын менталды білім; тақарыпты белгілеу, негізінен, концепт атауы болып келеді. Кез келген тілдің семантикалық кеңістігінде концептілер жүйесі мен олардың құрылымы әртүрлі және қайталанбайтындай өзгеше. Әлемнің тілдік бейнесінің бірлігі ретінде концептінің мазмұны ерекше ұлттық, яғни нақты лингвомәдени қауымдастықтың мәдени және әлемді тану ерекшелігінен көрініс береді, сондықтан да кез келген концептіні зерттеу әлемнің тілдік бейнесін қалпына келтірудегі құндылық болып саналады. Дегенмен тілдік қауымдастықтың когнитивтік кеңістігі мен мәдениетінде аса құнды мәнге ие болатын концептілер де бар.

Концепт терминін қарастырмас бұрын лингвистикалық әдебиетте келесі терминдердің болғанын айта кеткен жөн. С. Воркачев басқа терминдерге қарағанда концепт терминінің өміршеңдігін жиі қолданылатындығымен және жаңа терминдік тіркестер жасауда өнімділігімен түсіндіреді [244].

5.4 Когнитивтік лингвистикадағы «концепт» терминінің қабылдануы


Бірнеше он жылдықтар бұрын ғана қалыптасқан жаңа ғылыми білім парадигмасы шеңберінде тіл ақпаратты иелену, сақтау және жеткізу құралы ретінде, ал лингвистика – когнитивті ғылымның адам санасы мен ойлау қабілетін зерттейтін аралас пәндердің тұтас кешенін біріктіретін ең маңызды құрамы ретінде танылады. Білімді репрезенттеу формаларынан, яғни «сырттан» түскен білімдер ол арқылы адам санасында жүйеленетін модельдерден концепт – біздің санамыздың менталды және психикалық ресурстарымыздың бірлігі, құрылымдық танымның өзіндік «кванты» ең маңызды орынды алады.

Концепт пен сөз мағынасы арасына теңдік белгісін қоюға болмайды. Концепт сөз мағынасынан кеңірек.

Әлемнің тілдік бейнесін қайта құру мен оны зерттеу оның құрылымдық бірліктері – концептілерді зерттеу негізінде жасалады. Концепт нақты бір тақырыпта әлем туралы білім жиынтығынан тұратын менталды білім; тақарыпты белгілеу, негізінен, концепт атауы болып келеді. Кез келген тілдің семантикалық кеңістігінде концептілер жүйесі мен олардың құрылымы әртүрлі және қайталанбайтындай өзгеше. Әлемнің тілдік бейнесінің бірлігі ретінде концептінің мазмұны ерекше ұлттық, яғни нақты лингвомәдени қауымдастықтың мәдени және әлемді тану ерекшелігінен көрініс береді, сондықтан да кез келген концептіні зерттеу әлемнің тілдік бейнесін қалпына келтірудегі құндылық болып саналады. Дегенмен тілдік қауымдастықтың когнитивтік кеңістігі мен мәдениетінде аса құнды мәнге ие болатын концептілер де бар.

Концепт терминін қарастырмас бұрын лингвистикалық әдебиетте келесі терминдердің болғанын айта кеткен жөн. С. Воркачев басқа терминдерге қарағанда концепт терминінің өміршеңдігін жиі қолданылатындығымен және жаңа терминдік тіркестер жасауда өнімділігімен түсіндіреді [244].

Кесте 14 –Танымдық ұғымды білдіретін терминдер



Логоэпистема (грек тілінен «логос» - «сөз», «эпистема» - «білу, тану»), яғни сөз төркінін тану. Бұл терминді Е.М. Верещагин, В.Г. Костомаров пен Н.Д. Бурвикова ұсынған.

Лингвокультурема – лингвомәдени талдаудың негізгі бірлігі. В.В. Воробьев оны «лингвистикалық және экстралингвистикалық (ұғымдық және заттық) мазмұндағы диалектикалық бірлік деп таниды. Лингвокультурема лингвомәдениеттану аспектісінде қаралатын бірлік.

Мифологема (грек. mythos – сказание, предание, грек. logos – слово, наука) – тұрақты және қайталанып отыратын

архаикалық санада ақиқат болмыс сияқты бейнеленген сезімдік-нақты жеке тұлға түріндегі жалпы болмыстан көрініс беретін халық фантазиясының құрылымдарын белгілеу үшін қолданылатын термин. Мысалы, Өлім мифологемасы, Әлемдік дінгек мифологемасы т.б. Бұл терминді М. Лехтеэнмяки, В.Н. Базылев ұсынған.

Мифологема – лингвомәдениеттану аспектісінде қаралатын бірлік.

Бихевиорема – коммуникативті категория, оның таралу жолдары: вербалды (сөздер), паравербалды (тембр, артикуляциялық бақылау т.б.), бейвербалды (мимика, жест), экстравербалды (уақыт, орын сипаты, әлеуметтік индексі т.б.). Бұл терминді Эльс Оксар ұсынған.

Ұғым – болмыстағы заттар мен құбылыстардың жалпы және ерекше белгілері арқылы олардың өзара байланысы туралы жалпылама түрінде көрініс беретін ой [245].

«Концепт» мағынасына қарай «ұғымға» жақын: әлемді танудың нәтижесі немесе деңгейі болып табылады; мобильді және өзгермелі; тілдік формада көрініс бере алады, бейвербалды түрде де белгіленеді немесе адам болмысының идеалды саласында, яғни оның санасында сақталады. Дегенмен лингвомәдени бағытының тармақтары дамуына қарай ғалымдар логика тұрғысынан «ұғым» және «концепт» терминдерінің айырмасын шектегенді жөн санайды, оның үстіне айырмашылық айтарлықтай. Ұғым мәселесі және оларды шешу тәсілдері, шарттары мен талаптарын талдау, синтездеу, жалпылау арқылы болмыстың жалпылама және қатысты көрінісін жасайтын адамның интеллектуалды, ойлау әрекетіне қатысты. Концепт сезім, эмоция, образдар, символдардан тұрады және ойлау логикалық үдерістен тыс қалыптасуы мүмкін. Ұғым ғылыми өңдеуден өткен концепт ретінде қабылданады. Сонымен, ұғым ғылыми әлем бейнесіне жатады, ал концепт қарапайым әлем бейнесінің бірлігі болып табылады. Ұғым зат пен құбылыстың жалпы және ерекше белгілерінен тұрады және әмбебап түрге ие, ал концепт зат пен құбылыстың лингвомәдени ерекшеліктеріне байланысты [246].

Концепт ұғымы мен термин орта ғасырларда пайда болған, «conceptus» латын сөзі «зат немесе құбылыс туралы жалпылама, абстрактілі түсінік» дегенді білдіреді. Концепт мәселесі номиналистер мен реалистер пікірталасынан шыққан: номинализм теориясына сәйкес әмбебаптар өз табиғатына қарай менталды (немесе менталды шартты), ал реализм тұрғысынан әмбебаптық, керісінше, менталды емес ұғым ретінде қарастырылады. Концептуализм теориясы концептілерді белгілеу үшін «nomen mentale» терминін енгізген (аталмыш термин атауымен концептуализм философиялық теориясы номинализм деп атала бастады) У.Оккама есімімен байланысты. Концептуализм теориясында conceptus және nomen mentale терминдері синонимдес. Концептуализмнің философиялық оқулары ұғым «бірдей заттардың адам санасында біріктірілген ұқсас белгілерінен көрініс береді» деген тұжырым береді. Ұқсас заттардың бір жалпы ұқсастықтары болады, соның негізінде сөзбен жеткізілетін концепт шығады [245].

Ғылыми әдебиетте концепт терминінің бірнеше анықтамасын кездестіруге болады, себебі бұл термин бірнеше ғылымның (математика, философия, мәдениеттану т.б.) ғылыми аппаратына енген. Бұл пікірді Е.С. Кубрякова да қолдайды: «Концепт» термині қолшатыр тәрізді, ол бірнеше ғылыми бағыттың: ең алдымен, ойлау және таным, ақпаратты сақтау және өңдеу мәселелерімен айналысатын когнитивті психология мен когнитивті лингвистиканың, сонымен бірге теория мәселесіне қарай нақтыланып, анықталып лингвомәдениеттану пәнін «жабады» [240]. Алайда «концепт» термині жататын менталды объектілер ерекше түр белгілеріне ие емес және «отбасылық ұқсастық» жағдайында десек те болады... [247].

Ең алғаш рет *концепт* терминін Ресей тіл білімінде С.А. Аскольдов-Алексеев 1928 ж. қолданған. Ғалым концептіні ойлау үдерісінде сансыз зат, қимыл, біртектес ойлау қызметін алмастыратын ойлау құрылымы ретінде анықтаған [248].

Д.С. Лихачев те концептіге тура осындай анықтама бере

отырып, «концепт сөз мағынасынан қалыптаспайды, қайта игерілген мағынаның сөйлеушінің өмірлік тәжірибесінде қолданыс нәтижесі» деп қарастырады [249].

Е.С. Кубрьякова келесі анықтаманы береді: «концепт – жадының, менталды лексиконның, концептуалды жүйе мен ми тілінің, бүкіл әлем бейнесінің оперативті (жедел) бірлігі, білім кванты. Тілде барлық ең маңызды концептілер көрініс тапқан» [240].

В.И. Карасик концептіні «тәжірибенің маңызды саналы типтелген үзігі адам жадында сақталғанын білдіретін менталды білімі» деп анықтаған [250].

Ю.С. Степанов үшін «концепт – дерексіз нақты-ассоциативті және эмоционалды бағалау белгілерінен, сонымен бірге ұғымның сығымдалған тарихынан тұратын идея» [251].

А. Соломоник концептіні – «нақты тұрмыстық ұғым негізінде өңделген дерексіз ғылыми ұғым», – деп біледі [252].

В.В. Колесов концептіге келесі анықтаманы берген: «Өзінің мазмұндық межесінде – бейнеде, ұғымда және символда берілген ұғым болмысы» [253].

С.Х. Ляпин үшін «концепті – мәдениет генотипіне кіретін өзіндік мәдени гені, өздігінен құралатын интегративті функционалды-жүйелі көпқырлы (кем дегенде үш қырлы) идеалға айналған тұрпат құрылымдар, олар ұғымдық немесе жалған ұғымдық базиске негізделген» [254]. Лингвомәденитанымдық бағыттың өкілдері (А. Вежбицкая, Н.Д. Арутюнова, Д.С. Лихачев, Ю.С. Степанов, Л.О. Чернейко, С.Х. Ляпин, В.И. Карасик, В.И. Шаховский, С.Г. Воркачев т.б.) «концептіні» белгілі бір дәрежеде этносемантикалық ерекшелікті білдіретін менталды білім деп қабылдайды. Концептіні осы тұрғыдан қабылдау лингвокогнитология өкілдерінің пікіріне ұқсас. Д.С.Лихачевтің пікірінше, концептілер адам санасында «қандай да бір мағынаға сілтеме ғана емес», сонымен бірге адамның тілдік тәжірибесінен – поэтикалық, прозаикалық, ғылыми, әлеуметтік, тарихи т.б. көрініс береді [249].

Сонымен, лингвистикалық әдебиетте концепт терминіне көптеген анықтама берілген, оларды тізбектеп беруді мақсат тұтпаймыз. Берілген анықтамалардың негізгі ой-тұжырымдарын келесі кесте түрінде төмендегідей көрсетіп, мифологема, лингвокультурема, бихевиорема, логоэпистема, ұғымнан айырмасы негізінде, өзіміздің қабылдауымыз бойынша анықтаманы шығардық:

Кесте 15 – Концептіге қатысты ой-тұжырымдар

№	Негізгі белгілері	Қосымша белгілері
1	Ойлау құрылымы;	Тілдік
2	Жадының, бүкіл әлем бейнесінің жедел бірлігі;	қатынаста
3	Менталды білім;	бағыныңқы
4	Ұғымның сығымдалған тарихынан тұратын идея;	(маңызды емес)
5	Нақты тұрмыстық ұғым негізінде өңделген дерексіз ғылыми ұғым;	қызмет
6	Мазмұндық межеде берілген ұғым болмысы;	атқарады;
7	Мәдени ген және ұғымдық базиске негізделген тұрпат құрылымдар;	Сана (жады) бірлігі емес
8	Алғашқы образ, архетип;	
9	Әлем үзігі туралы ұғым;	
10	Жоғары деңгейлі абстракция бірлігі;	
11	Дискретті менталды білім;	
12	Ақпаратты сақтау бірлігі;	
13	Көпқырлы симультанды құрылым;	
14	Ойдың жедел әрекет етуші бірлігі;	
15	Динамикалық тұрпаттағы перцептивті-когнитивті-аффективті құрылым;	
16	Сезім қабылдауымен берілетін ақпарат;	

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылау негізінде біздің қабылдауымыз, түсінігіміз бойынша «концепті» терминінің келесі анықтамасы шығады:

Концепт – адам санасының әлемді қабылдауда тек ұғыну ғана емес, эмоционалды баға беру, сезіну негізінде қалыптасқан зат немесе құбылыс туралы сығымдалған ақпараттың санада жүйеленген ойды тіл арқылы жеткізудегі жеке тұлға мен қоғамның танымдық әрекетінің нәтижесі ретінде кешенді, энциклопедиялық ақпараттан тұратын, адам санасының ойлау кодының негізгі бірлігі болып табылатын дискретті менталды құрылым.

5.4.1 «Жаратушы» концептісінің құрылым ретінде санада бейнеленуі

Соңғы жылдары мәдениет, тіл және сананың өзара байланыс мәселесі кеңінен қарастырылуда: нақты тіл иелерінің әлемнің тілдік бейнесі жан-жақты зерттелуде, қандайда бір мәдениеттің шеңберінде болмысты қабылдау ерекшеліктерін зерттеу үшін бай материал болып табылатын әр тілдің ассоциативті сөздіктері құрылуда. Кез келген мәдениет тіл бірліктері өзге тілде қайталанбас өз ерекшеліктеріне ие. «Мәдени құрылымға көп тілдің қажеттілігі, М.С. Каганның пікірі бойынша, оның ақпараттық мазмұны көпқырлы әрі бай және әр ақпараттық үдеріс адекватты бірліктерде көрініс табуын қажет етеді» [255]. Бұл пікірге Л.В. Щербаның айтқаны үндеседі: «Біздің тікелей тәжірибеміз арқылы жинақталған әлем, барлық жерде бірдей бола тұра, әр тілде әрқилы қалыптасады, мәдени тұрғыдан біртұтастықты құрайтын, бірақ әр тілде сөйлейтін халықтарда да әртүрлі қалыптасады» [256].

Тіл иелерінің қарапайым сананың бөлшегі ретінде әлемнің (қарапайым) тілдік бейнесінен көрініс беретін мәдени-этникалық компонент фрагмент ретінде тілдің лексикалық бірліктерінде қабылданады, алайда тілдің өзі бұл әлемнен көрініс бермейді. Себебі санадағы болып жатқан фактілер мен ақпараттар жиынтығынан тұтастай тілде көрініс беруі мүмкін емес. Ол тек ұлттық тілдік

тұлғаның осы әлемді концептуалдау әдісінен көрініс береді, сондықтан да әлемнің тілдік бейнесі тіркесі шартты болып табылады: бір тілдік мағына арқылы әлем бейнесі схемалық болып келеді, себебі зат, құбылыс және олардың ерекшеліктерін категориялау негізінде жатқан ерекшелік белгілерінен құралады және әлемнің тілдік бейнесін адекваттау үшін болмыс туралы эмпирикалық білімімен нақтыланады.

Тіл – мәдениеттің құрамдас бөлігі және оның құралы, бұл біздің рухымыздың шындығы, мәдениеттің бет-пердесі; ол таза қалпында ұлттық ділдің ерекше белгілерінен көрініс береді. Тіл адамзат алдына сананы ашқан механизм [257].

К.Леви-Стросанықтағанындай, тіл бір уақытта мәдениет өнімі және оның маңызды құрамды бөлігі және шарты болып табылады. Сондай-ақ, тіл – мәдениеттің ерекше тіршілік ету тәсілі, мәдени кодтардың қалыптасу факторы. Мәдениет пен тіл ара қатынасы бөлшек және тұтас дүние ретінде қарастырылады. Алайда тіл сонымен бірге жалпы мәдениетке қатысты автономды құбылыс және ол тәуелсіз, автономды семиотикалық жүйе ретінде қарастырылады. Тіл иелері белгілі бір мәдениет өкілдері болғандықтан, тілдік белгілер мәдениет белгілері ретінде қызмет атқару қасиетіне ие болады және сол арқылы мәдениеттің негізгі ұстанымдарынан көрініс беретін құрал болып табылады. Сондықтан да тіл мәдени-ұлттық ділінен көрініс беру қабілетіне ие. Мәдениет кеңістік концепті арқылы тілмен шектеседі.

Әр тіл әлемді өзінше бөлшектейді, яғни оны концептуалдаудың өз тәсілдеріне ие. Әр тіл өзіндік әлемнің бейнесіне ие және тілдік тұлға өз айтылым мазмұнын осы бейнеге сәйкес құруы керек. Осы арқылы тілде көрініс тапқан адамның әлемді қабылдау ерекшелігі байқалады.

Объективті болмыстан көрініс беру арқылы адам тілде таным нәтижелерін бейнелейді. Әлемнің бейнесі ұғымы адамның осы әлемді тану үдерісінен құралады. Егер әлем – адам және өзара қатынас ортасы болса, әлем бейнесі – орта мен адам туралы ақпаратты өңдеу нәтижесі.

Когнитивтік лингвистика өкілдері әлемнің тілдік бейнесі ретінде көрініс тапқан біздің концептуалды жүйеміз тіршілік және мәдени тәжірибемізге тәуелді және онымен тікелей байланысты.

Когнитивтік лингвистиканың қарқынды дамуы концепт ұғымын түсіну мен оның типологиясын жасау мәселесін қарастыруға көптеген зерттеушілерді талпындырды. Концепт бірнеше менталды құбылысты қамтиды, басты міндеті адам санасындағы білімнің құрылымын жасау, жүйелеу. Концепт типологиясын жасау концептілерде көрініс беретін білім (таным) түрлерін айыру үшін қажет.

А.П. Бабушкин ойсурет, схема, гипероним, фрейм, инсайт, сценарий, калейдоскоп сияқты түрлерін ажыратады [257]. Н.Н. Болдырев нақты-сезімдік бейнелер, ойсурет, схема, пропозиция, фрейм, сценарий немесе скрипт, гештальт түрлерін бөліп көрсеткен [258]. С.Г. Воркачев концептілерді тек екі түрге бөледі: жоғары деңгейдегі (бақыт, махаббат, ар т.б.) және қарапайым [244]. В.И. Карасик параметрлік және параметрлік түрлерін ғана ажыратқан [250]. М.В. Пименова концептінің келесі түрлерін бөлген: бейнелер (Ресей, ана), идеялар (коммунизм) және символдар (аққу), сонымен бірге мәдени концептілердің де бірнеше түрін көрсеткен: мәдениеттің әмбебап категориялары (кеңістік, уақыт, сапа); әлеуметтік-мәдени категориялар (бостандық, әділеттік, еңбек, байлық т.б.); ұлттық мәдениет категориялары (орыстар үшін – еркіндік, жан, рух т.б.); этикалық категориялар (жақсылық, жамандық, шындық, ақиқат т.б.); мифологиялық категориялар (Құдай, періште, сақтаушы, рухтар т.б.) [259]. Басқа да классификациялар бар, концептілердің қай түрін алмасак та олар «когнитивтік шындықтан» көрініс береді, біз өз зерттеуімізді келесі түрлеріне қарай жүргізуді жөн санадық: қарапайым форма (фрейм); оқиғалы форма (сценарий); сызбалы форма (схема); бейнелі форма (ойсурет); гештальт.

Фрейм – көп компонентті ойда қалыптасатын концептінің түрі, зат не құбылыс туралы стандартты білімі.

Ол концептуалдық жүйенің құрылымдық элементтерін танытатын қарапайым формасы. Кешенді жағдаятпен анықталған затты молынша тану арқылы ерекшеленеді. Түсіндірме сөздік тұрғысынан фреймнің сыртында бірнеше лексика-семантикалық топ қатары арқылы белгіленетін архисема тұрады. Фрейм ұғым ретінде адамның қоршаған ортаға, дүниеге деген көзқарасының жадыда сақталып, қызмет атқаратынын белгілеу үшін когнитивті семантикадан алынған. Фрейм санада сақталған ақпаратты зерттеуге назар аудартады, бөліктерін анықтайды, яғни ақпаратты құрылымға бөледі. Т.Л. ван Дейктің анықтамасы бойынша: «Олар, ең алдымен, бір концептінің төңірегінде ұйымдастырылған бірліктер. Қарапайым терілген ассоциацияға қарағанда бұл бірліктер белгілі бір концептпен үндесіп жатқан негізгі, мүмкін болатын ақпаратқа ие. Сонымен бірге фреймдер конвенционалды табиғатқа ие, сондықтан да нақты қоғамға тән/тән емес нәрсені анықтап, талдай алады» [260]. Фрейм спираль тектес формаға ие, яғни адам бүкіл өмірлік ассоциативті тәжірибесін пайдалана отырып, бір зат туралы ақпаратты еске түсіреді. Мәселен, М. Минскийдің анықтауы бойынша, «театр» фреймі «билет сататын касса», «көрермен залы», «сахна», «спектакль» т.б. терминдік элементтердің басын құрайды [261]. Орта ғасыр түркі тарихи жазба ескерткіштерінде Жаратушы концептісінің фреймдік құрылымы «бет бұру», «нұрын төгу», «мейірім төгуші», «сират көпірі», «Мүңкір-Нәңкір», «мешіт», «зікір салатын орын», «сұрақ-жауап алатын орын», «махшар күні», «Топ тауы», «дозақ», «жұмақ», «пайғамбар» т.б. танымдық элементтерден құралады. Сонымен бірге, «Жаратушы» концептісінің мазмұндық таралу өрісіне қатысты бірнеше субфреймдерге бөліп, модельдерін құруға болады. Мәселен, «мен білемін: 1) X рақым етеді А-ға; 2) X тірілтеді (жан береді) А-ны (ға); 3) X сұрақ-жауап алады А-дан; 4) X ақыл, сана береді А-ға; 5) А құлшылық етеді Х-қа; 6) А тілейді Х-тан; 7) А сират көпірден өтеді Х дидарын көру үшін; 8) Х жұмсайды Р-ді А-дан сұрақ-жауап алу үшін; 9) Х дидарын көру

үшін, А зікір салады; 10) Х-қа жақын болу үшін, А намаз оқиды; 11) Х-тан қорықпағаны үшін, Х жазалайды А-ны; 12) А Х алдындағы бес парызын орындайды; 13) А өзін Х-тың құлы, С-тің үмбеті санайды; 14) С Тор тауында Х дидарын көрген; 15) С Х-тан К-ні алған; т.б. Мұндағы Х – Жаратушы (Алла, Құдай, Тәңірі, Хақ); Р – періште (Мүңкір-Нәңкір); С – пайғамбар (Мұхаммед (ғ.с.), Мұса, Иса, т.б.); К – кітап (Құран-кәрім; Інжіл, Таурат, Забур); А – адам (пенде).

Сценарий – концептуалдық құрылымның бір типі, бірнеше эпизодтардың кезеңдерде кезектесуі; бұл қозғалыс, даму белгілерінен тұратын стереотиптік эпизодтар. Бастапқы фреймнің кезең мен кеңістікте дамып, кезектесе өршитін эпизодтардан құралғандағы жағдайы. Сценарий концептінің идеясын танытатын сюжеттерден тұрады. Сценарий бірнеше бөліктерден тұрады: онда бастапқы түйін (завязка), кульминация және соңғы түйін (развязка) бар. Қозғалыс семасы, даму идеясы сценарий-концептіде іске асады. Мысалы, ескерткіштердегі жаратушы концептісінің сценарийлік құрылымы *зікір салу, намаз оқу, жаратқанға жалбарыну, Мүңкір-Нәңкір алдында жауап беру, Сираттан өту, ісіне қарсы тұрмау* сияқты әрекеттерді ой елегінен өткізеді. Ажалдың оғы тиген күн Табаны кімнің таймаған. Алланың дерті әр жерде Азаматты байлаған (К. Әбубәкір). Періште келер сұрауға Көміп алаш жөнелсе. Бір Алланың бергені Мүңкір, Нәңкір сауалын Біліп пенде бере алса. Жауабын берер тоқтамай Көңілі ақ, діні пәк Мұсылман болып жаралса (К. Әбубәкір). Құдайым сауысқанға берсе бақыт, Самұрық қызмет етер саясында (Ә. Найманбаев).

Схема – жалпылама кеңістікті-графикалық немесе контурлы сызба түріндегі құрылым. Когнитивтік санада сыртқы сигналдар мен ішкі сезімдер көмегі арқылы жинақталған ақпараттарды бір құрылымда таныту тәсілі. Табиғаты бойынша ойсуретке жақын. Оған қарағанда схема санада аз «суреттелген». Мысалы, мешіт, Құран т.б.

Ойсурет – Қазақ тілінде терминді енгізген профессор

Н. Уәли Концепт құрайтын санада метафорлау, яғни суреттеу тәсілі. Сыртқы өте айқын, көзбен қабылданатын заттың немесе құбылыстың белгілері образдық семаларда бекітілгенін білдіретін концепт түрі. Ойсурет санада бейне, символ, метафора, аллегория көмегімен танылады. Мысалы, Құдайдың кенже ұлындай (фр.); Кешіруші ие («МН»); Бұл айтқан түсіндің ғой мағынадан, Табады бір Алладан бағын адам (А. Сопыбек). Құдайдан тура келсе, арманым не, Ажалды бес теңгеге сатып алдым (Ә. Найманбаев). Зұлымдықтың түбі, білсең, қара күш, Хақты ұмытқан қара күшке жанады іш «ҚБ». Жақсы да Құдайға керек; Өтірікші – Құдайдың дұшпаны; Жалғыздық Құдайға жарасар, Көп сөзділік Құранға жарасар; Адамның басы – Алланың добы. Бұл мысалдардан біз Жаратушының кешіруші, ажал жіберуші, жалғыз сияқты бейнелерін құра аламыз, сонымен бірге, Жаратушының құлы – адамның да келесі бейнесі айқындалады: ажал құшушы, еркелік тән, оған жаққан, өтірігімен дұшпан болған, толығымен тәуелді, бойұсынған.

Гештальт (нем. Gestalt – форма, бейне, құрылым) – олардың бөліктерінің қасиетін жинақтап түсінуге болмайтын ерекше қасиеті бар қабылданған заттардың кеңістікті-көрнекі тұрпаты. Гештальт – бұл тілдің ерекше терең мазмұндық бірліктері. Адамның болмысты қабылдау негізін құрайды, танымдық үдерістерді бағыттайды, моторлы актілердің ерекшелігін және түрін анықтайды. Тілдік гештальт теориясын Дж.Лакофф ұсынып, басқа ғалымдар оны қабылдаған. Тілге қатысты гештальттің тереңдігі бірнеше аспектілерде аңғарылады. Үстірті тілдік деңгейде белгілі бір гештальт әртүрлі мағына ретінде қабылдануы мүмкін, тек арнайы зерттеулер ғана олардың тұтастығын байқатады. Дж. Лакофф «дау және соғыс бірдей терминдер арқылы сипатталады, яғни бірдей ұғынылады, бір гештальтпен байланысты» деген тұжырым жасайды.

Сонымен, гештальт адам психикасының тереңінде жатқан әмбебап ұғым және табиғи тілдің барлық категориялық шектерінен тыс жатқан тұтастық, яғни ол

трансцеденттің мазмұндық өлшемі: гештальт айтылымнан тыс жатыр және ол органикалық түрде онымен байланысты [262].

Константа, пішін, фон өзара қатынасқа түсіп, жаңа қасиетті туындатады. Бұл – гештальт. Қабылдау тұтастығы және оны реттеу төмендегі принциптер арқылы іске асады:

- Жақындық. Жақын орналасқан стимулдар бірге қабылдану тенденциясына ие.
- Ұқсастық. Көлемі, сұлбасы, түсі және тұрпаты бойынша ұқсас стимулдар бірге қабылдану тенденциясына ие.
- Тұтастық. Бөлшектеу және тұтастыру тенденциясына қабылдау ие.
- Тұйықтық. Толық тұрпатқа ие болатындай пішінді аяқтау тенденциясына ие.
- Араластық. Уақыт пен кеңістікте стимулдардың жақындығы. Бір оқиға екінші оқиғаны туындатқанда араластық қалыптасады.
- Жалпы шек. Гештальт принциптері біздің күнделікті қабылдауымызды үйрену мен бұрынғы нәтиже жүзінде қалыптастырады. Керемет ойлар мен үміттену біздің сезім түсінігімізге негізделеді.

Гештальтта тұтастық бөлшектен құралмайды, ол одан жоғары қасиетке ие деп саналады. Мәселен, Жаратушы концептіне қатысты орта ғасыр ескерткіштері мен қазіргі кезде тілде қолданыс ерекшелігінен мысал келтірсек, гештальт келесі көрініске ие болады:

Жақындық: Шайдан басқа асым жоқ, Құдайдан басқа досым жоқ; Жалғыздың жары – Құдай;

Ұқсастық: Құдай хақ, Құран шын; Адамның басы – Алланың добы; Құдайдың бір аты – халық; Аққа Құдай да жақ; Кірсіз – ай, мінсіз бір Құдай; Мінсіз Құдай, кірсіз су.

Тұтастық: Момынның есебін қу табады, Қудың есебін Құдай табады; Адам басына бір Алла; Қашқан Құдай дейді, Қуған да Құдай дейді; Құдай біреу, кезек екеу;

Тұйықтық: Құдайдың [Құданың] күдіреті; Алла [Құдай,


тәңірі]; Алла [Құдай] тағала; Жаратқан жаппар Құдай; Хақ тағала; Хақтың жазуы; Құдай бір, пайғамбар хақ;

Араластық: Момынның есебін қу табады, Қудың есебін Құдай табады; Құдай өзі бермейді, Біреудікін біреуге ауыстырып береді; Алла деп барсаң, аман келерсің; Құдайға сиынған құстай ұшады, Адамға сиынған мұрттай ұшар; Құдайға құр сөзбен құлмын деме; Алла деген ар болмас, Алла деген пенделер, еш нәрсеге зар болмас; Құдай десең құр қалмассың; Құдай берген арымас; Кісіден сұрағанның көзі шығар, Құдайдан сұрағанның бүйірі шығар;

Жалпы шек (уақыт және кеңістік): Құдайдың құтты күні; Құдай қаласа [Құдай қосса]; Көп қайда болса, Құдай сонда; Алла жолы ақиқатқа жар болсын хақ, Басым беріп хақ сырын білдім міне; Өмір – қысқа, өлім – үрей, жоқ амал, Бәрі өледі, ал Аллаға жоқ ажал.

Мұнда аталған принциптер негізінде гешталыт құралады.

Жоғарыда аталған концепт түрлерінің өзара байланысын сызба түрінде төмендегідей беруді жөн көрдік:



12 Сурет – «Жаратушы» концептісінің құрылымы

5.4.2 «Жаратушы» концептісінің лингвоконцептологиялық көрінісі

Концепт оны білдіретін тілдік бірліктерінде шашылып жатыр. Концепт құрылымын құрастыру үшін концепт көрініс берген барлық тілдік корпусты (лексикалық бірліктер, фразеология, паремиологиялық қор), тілге тән ерекше эталон-образдан көрініс беретін тұрақты теңеулер жүйесін қоса зерттеу қажет [263].

Бұрынғыдан адамның бар өмірі, дүниеге келгенінен о дүниеге қайтқанға дейін жаратқанға сену, мұсылмандық әлемінен көрініс беретін мазмұнға толы болатын. Құдайға сену ұғымы, аңыз-әңгімелер, мешіттің құрылымы, әулиелердің есімдері, діндарлардың аталуы – барлығы адамның тілдік санасында көрініс тапқан ұғымдар, оның парасаттық бағытын анықтады [264].

А.П. Бабушкиннің анықтамасы бойынша, Жаратушы концепті абстрактілі концептілерге жатады, яғни «санада бар, бірақ физикалық тұрғыдан жоқ, бұл нақты «құндылық» және «антиқұндылықты» білдіретін концепт, бірақ оны көруге, сезінуге болмайды [257].

«Жаратушы» концептісінің Қазақстан мен Орта Азия мұсылман халықтарының лингвомәдениетінде өте ұзақ тарихы бар, бұл тілде молынша көрініс табуымен (Алла, Құдай, Хак, Құдіретті, Жаппар, Жаратушы, Тәңір т.б.), көптеген мақал-мәтелдер, афоризм, көркем шығармаларда, фразеологизмдерде, тарихи ескерткіштерде қолдануымен дәлелденеді.

«Қазақстан» Ұлттық энциклопедиясында Алла сөзіне келесі анықтама берілген:

Алла – бүкіл дүниені, адамзатты, жан-жануарды жаратушы ие – Құдай.

Жалпы редакциясын Т. Жанұзақов басқарған Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде келесі анықтама берілген [265]:

Алла – діни Құдай, жасаған, жаратушы.

Жаратушы – 1. көне Діни ұғым бойынша, бүкіл әлемді жаратқан ұлы күш, құдірет.

2. Дүниеге келтіруші, өмір беруші.

Жасаған – діни. Құдай, Алла, тәңірі, жаратушы, жаратқан.

Құдай – 1. діни. Бүкіл ғаламды жаратушы; Алла тағала, Құдірет. 2. ауысп. Ең мықты, әмірші, бастық.

Құдірет – 1. Құдай, Алла, Жаратушы. 2. ауысп. Керемет күш, ғажайып қасиет.

Тәңір – діни 1. Құдай, Алла тағала, Құдірет. 2. Құдіретті күш иесі, пір.

Хақ – 1. Шындық, күмәнсіз ақиқат. 2. Мұсылман дініндегілердің ұғымы бойынша дүниені жаратқан Алла тағала, Құдай, Тәңірі.

Бұл сөздіктерден біз діни мәнде адам санасынан тыс, бүкіл ғаламды жаратушы күш иесі деген түсінік берілгенін аңғарамыз. Сөздіктерде Құдірет, Алла, Тәңір, Құдай, Жаратушы сөздері үлкен әріппен берілген. Сонымен бірге Жаратушы сөзінің бірінші мағынасы бүкіл жанды/жансыз әлемге қатысты болса, екінші мағынасы тек жанды құбылыстарға қатысты, ал Құдай, Тәңір сөзінің екінші мағынасы бірінші мағына негізінде қалыптасса, Хақ сөзінің жаратушы мәні бірінші денотатқа қатысы жоқ құбылыс негізінде қалыптасқан және хақ сөзі – Алланың тоқсан тоғыз көркем есімдерінен жиі қолданылатындарының бірі.

Дін және Жаратушы (тек мұсылман қауымы емес, жалпы когнитивтік кеңістікте) концептісінің қалыптасуы туралы ойланған көптеген философтар дін мен Жаратушы ұғымы қатар әркез болған емес деген пікірде (Демокрит, Бенедикт Спиноза, Т. Гоббс, П.А. Гольбах т.б.). Олардың пікірінше, дін қалыптасуының бастапқы негізінде табиғаттың күшті құбылыстары алдындағы қорқыныш, болашаққа деген сенімсіздік, адамзаттың өз күшіне сенбеушілік жатыр. Діни сенім аспан құбылыстарына бас ұрудан туындаған. Басында адамдар табиғи құбылыстың өзінен қорқып, құрмет тұтқан, кейіннен көзге көрінбейтін, соларды бағындыратын белгісіз күшке сенген, сонынан ой-толғаулар біртұтас себеп, жоғары сана, Жаратушы туралы пікір қалыптастырған.

Жаратушы – әлемді басқаратын, қасиет тұтатын ең жоғары күдіретті болмыс. Жоғарыда айтылған теорияға сәйкес Жаратушы ұғымының қалыптасуында метафора жатыр. Э. Кассирердің терминологиясы бойынша – «базистік метафора», яғни «тек қана ауысу емес, сонымен бірге басқа түрге айналу; сондай-ақ санадағы барға ауысу емес, жаңа бір қалыпқа өту» негізінде қалыптасқан [266].

Жаратушыға сену – көптеген құбылысты: табиғи құбылыстар, эпидемия, өлім т.б. түсіндіреді. Түсінбейтін нәрселер жеңіл түсіндірілетін болды. «Метафора абстрактілі құбылыстарды жеңіл қабылданатындай түсінікті етеді (негізгі жолы – нақтыдан абстрактіге көшу, материалдыдан рухани дүниеге көшу)» [1]. Метафора бұл жағдайда көзге көрінбейтін, түсініксіз, жұмбақ нәрсені түсінікті, сана қабылдайтындай етуге көмектесті.

Өзінің ұзақ қалыптасу тарихында Жаратушы концептісі көптеген адамдарды толғандырды, бұл феноменді түсіндіруге талпынған көптеген мектептер құрылды. Антропологиялық мектеп өкілдері (Л. Фейербах, Э. Тейлор, Г. Спенсер) діннің адами (анимистикалық теория) негізін табуға талпынды. Олардың пікірінше, өлгеннен кейін рухқа, соңынан Құдайға айналатын барлық заттардың жаны бар. Алайда бұл теория ғалымдар тарапынан да, діни өкілдер тарапынан да қатаң сынға алынды.

«Жаратушы» концептісін аталымдық тұрғыдан қарастырғанымызда, біз жинаған материал бойынша, Алла, Құдай, Тәңір бірліктері, сонымен бірге Алланың бірнеше көркем есімдері мен метафоралық аталымдары анықталды.

Тірек атау ретінде біз Алла, Құдай, Тәңір атауларын алдық, себебі олар өте жиі кездеседі және стильдік тұрғыдан бейтарап.

Зерттеліп отырған концептінің аталымдық өрісі кең, оны біз, әсіресе, Қ.А. Ясауидың «Диуани хикметінен» байқаймыз. Деривациялық өрісін Алладай, Құдайдай, Тәңірдей бірліктері құрады.

Осыған орай «Жаратушы» концептісінің аталымдық

өрісін құрудың негізгі тәсілдері – эксперименталдық әдіс, көркем мәтінді, ескерткіштерді, фразеологиялық бірліктерді және мақал-мәтелдерді талдауды жөн көрдік.

Ассоциативтік тәжірибеден субъектінің өмірлік тәжірибесі – этикалық және мәдени деңгейін байқаймыз. Ассоциативтік өріс – тілдік бірліктердің жиынтығы, мазмұн ортақтығына қарай топтастырылған құбылыстардың ұғымдық, заттық және функционалдық ұқсастығы.

Лексикалық бірліктің ассоциативтік өрісі санада қалыптасатын әлемнің тілдік бейнесімен тығыз байланысты. Сондықтан да ассоциативті өрісті талдау арқылы кез келген халықтың дүниетанымынан, психологиясынан, тұрмысынан, наным-сенімінен мол ақпарат алуға болады. Психолингвистикалық эксперимент негізінде сөздер арасындағы ассоциативтік қатынас анықталады. Ол үшін таңдап алынған реципиенттерге тірек-сөзге қатысты ойға түскен барлық (немесе нақты анықталған саны, яғни мақсатты эксперимент) сөздерді жазу ұсынылады. Эксперимент нәтижесінде алынған сөздер тобы ассоциативтік өрісті құрайды. Ассоциативтік өрісте реципиенттердің таңдауы бойынша жиі қолданылған сөз ортақ байланыстылық және концепті болу деңгейін анықтауға негіз болады. Ассоциативтік мағына ұғымы адамда сөз бен ой арқылы түзілетін байланыстар мен қатынастардың үлгілерін, арнайы ішкі құрылымын табу барысында, адамзаттың санқырлы тәжірибесінің танымдық тұрғыдан ұйымдастырылу нәтижесінде қалыптасады [267].

Ассоциативтік эксперимент – XX ғ. басында К.Г. Юнг т.б. ұсынған тұлға уәждемесін зерттеудің айрықша жобалық әдісін білдіру үшін психологияда бекітілген термин. Эксперименттің қарапайым түрі: тәжірибеден өтетін реципиенттің белгілі бір дүниені таныту үшін қолдаған тірек сөздердің жинағын білу. Реципиент тірек сөздердің белгілі бір жиынтығына ойына келген сөзбен неғұрлым тез жауап беруі тиіс. Бұл әдіс А.Р. Лурияның зерттеуінде дамыды, ол «түйіндес моторлық әдісті» ұсынды, онда реципиент

ауызша жауаппен бірге екі қолымен белгілі бір қимылдар жасау керек. Сонда қозғалыс координациясын талдау тәжірибесінен өтуші субъектінің аффективтік реакциялары диагностикасының мүмкіндіктерін айтарлықтай кеңейтуге мүмкіндік береді. Ассоциативті эксперименттің еркін, бағытталған, тізбекті түрлері бар.

Еркін ассоциативті экспериментте ешқандай шектеу болмайды, реципиент тірек сөзді естігенде ойына түскен сөздердің бәрін тізіп жазуына болады, сөздің сыртқы, мазмұндық ерекшеліктері шектелмейді. Ал мақсатты ассоциативтік экспериментте реципиентке белгілі бір мақсатқа қатысты шектеу қойылады.

Негізгі эксперименталды әдіс ретінде «Жаратушы – кім?» бағытталған ассоциативті эксперимент қолданылды. Бағытталған ассоциативті эксперимент (БАЭ) «жаратушы» концептінің ассоциативті өрісін құруға септігін тигізетін барынша көп реакция береді.

БАЭ-ке 300 реципиент қатысты, оның 140 – әйел, 160 – еркек. Реципиент ретінде студенттер, мұғалімдер, инженерлер, экономистер, заңгерлер алынды. Эксперимент 2007-2008 жж. жүргізілді. Әр реципиент эксперимент шарты бойынша Жаратушы сөзіне ең алдымен ойына түскен 5 анықтама беруі керек болатын. Эксперимент нәтижесінде реципиенттерден 1200 анықтама алынды. Соның ішінде 10 реципиент 1 анықтама берсе, 20 – 2; 35 – 3; 110 – 4; 125 – 5. Жауап беруден бас тартқан реципиенттер болған жоқ. «Жаратушы» концептінің ассоциативті өрісі құрылды, ол мынадай түрде болды:

«Жаратушы – кім?» (1220): Алла (155), Құдай (60), Тәңір (70), Құдіретті (20), кең (20), жомарт (105), бұйрық (30), көк иесі (20), нұрын шашқан (5), рахымды (25), кешірімшіл (10), Құран жіберген (10), жалғыз (10), сақтаушы (10), кіршіксіз (10), дұрыс жол (20), күшті (30), Хак (40), жаппар (20), төзім беруші (5), сиындырушы (10), жан беруші (15), қуат беруші (5), жаратушы (300), жазалаушы (30), бақ беруші (5), қолдаушы (10), мәңгі жасаушы (20), елеуші (5), пенделерін жарылқаушы (40), мейірім төгуші (25), бет


бұрдырушы (15), өмір тұғыры (25), нәсіп етуші (10), сана беруші (15), жауап алушы (10), қанағат еткізуші (5).

Жаратушы ассоциациялы өрісін құраған ассоциация беруші сөздердің мағынасын талдау барысында реципиенттер атаған Жаратушының бірнеше белгілерін анықтау мүмкіндігі туды. Олардың берген анықтаушы сөздерінің қаншалықты Жаратушыға (денотатқа) қатысын айқындау арқылы мағынасы ашылды. Мысалы:

Күшті – адам санасының қабылдауынан тыс күш; жалғыз – оған жалғыздық жарасады; кең – тілегенін береді; нұрын шашқан; ғалам иесі – он сегіз күнде ғаламды жаратты; сақтаушы; көк иесі т.б.

Мұны «Жаратушы» концептісінің құрылымын анықтауда басты критерий деп қарастыруға болады. Сонымен бірге аталмыш концептінің таралу өрісіне қарай құрылымын төмендегідей сызба түрінде көрсетуге болады:

13 Сурет – X-XIV ғғ. түркі жазба ескерткіштердегі «Жаратушы» концептісінің құрылымы



X-XIV ғғ. поэтикалық түркі жазба ескерткіштерінен «Құтты білік» (Ж. Баласағұн), «Диуани хикмет» (Қ.А. Ясауи), «Ақиқат сыйы» (А. Йүгінеки), «Мұхаббат-наме» (Хорезми), және қазіргі ақын-жазушылардың шығармалары талданды.

«Диуани хикмет»:

1. *бет бұрдырушы*: Сол мезетте мың бір зікір еттім тамам, Нәпсім тыйып Аллаға бет бұрдым міне.

2. *нұрын төгуші*: «Инна фатханы» оқып мағына білдім, Нұрын төкті: естен танып дидар көрдім.

3. *атын қайталаушы*: Жалған атақтан арылып сәби болдым, Алла атын айта-айта ашық болдым. Залым егер жәбір қылса Алла дегіл, Қолың жайып, дұға оқып мойын сұнғыл.

4. *адал болдырушы*: Аллаға бар жаныммен адал болдым, «Фанафи Алла» мақамына салдым міне.

5. *қатты, тіл безегеннен безуші*: Сүндет емес кәпірге де берсе азар, Көңілі қатты, діл азардан Құдай безер

6. *жаман құлын азаптаушы*: Ондай құлға Алла азабы даяр, Даналардан бұл сөзді естіп айттым міне.

7. *мейірім төгуші*: Отыз жеті жасқа кірдім оянбадым, Ынсап қылып Алла мейірін толғамадым.

8. *үлес беруші*: Иман – шарифат, мәні – тарихат, Құдай деген хақтан үлес алды, достар.

9. *таза жолы бар*: Алла жолы ақиқатқа жар болсын хақ, Басым беріп хақ сырын білдім міне.

10. *жадыда сақтатушы*: Ә, Құдай, жадыма тұтып алдым міне. Бір күн саһар ғаріп Мәнсұр көп еңірепті.

11. *рақым етуші*: Нұрын шашып Алла өзі рахым етті.

12. *тілек орындаушы/орындамаушы*: Құдай тілек бермесе, сабыр қылғыл, Хақтан естіп бұл сөздерді айттым міне.

13. *ұмыттырмаушы*: Залымдардың арғы түбін мен жаратқан, Жаратқанды назарға ілмей сен ұмытқан.

Нәпсіден безіп бір Алла үшін толғанбадың, Бұл нәпсі үшін зарлап қайран болдым міне.

14. *жазалаушы*: Саған жаза: жаратқанға жалбармадың, Алланы айтып түнде тұрып еңіремедің.

15. *ынтықтырушы*: Алла тағала ғашықтарды ынтықтырды, Ризалықпен өртеніп күйдім міне.

16. *сырласушы*: Тәңірімен сырластым, әнге бастым, Дүние қызығын жүз мың талақ еттім міне.

«Мұхаббат-наме»:

1. *атын жаттатушы*: Ұлы тәңірінің атын жат қылдым (тәңірге сиынып), Мұхаббат-намені бастадым.

2. *назар салушы*: Алла, Хорезми ақынға назарың сал, Махаббатты көңілден сен азайтпа.

3. *күш иесі*: Жамалың дүниені жарқыратты. Неткен сұлулық! Алла күшті ғой!

4. *сиындырушы*: Құдайға сиынып, Көк теңізден өттім, жүзіп, Рум патшалығын түгелдей араладым.

«Ақиқат сыйы»:

1. *құдірет иесі*: Бұл құдіреттің иесі ұлы бір Құдай

2. *өлгендерді тірілтуші*: Өлгендерді тірілту оған оңай.

3. *кешіруші*: Уа, Алла, кешіруші иемсің, кешір!

«Құтты білік»:

1. *пенделерін жарылқаушы*: Жаңа ат беріп, қосқан сөздің шырайын, Пенделерін жарылқасын Құдайым!

2. *білім, ақыл, қасиет беруші*: Адамды хақ жаратты да ескерді: Оған ақыл, білім, өнер, ес берді. Кімге Құдай берсе білім, ақылды, Қолы жетіп, алар ол мол асылды! Шүкір қылды, ес тоқтатқан ұлына, Құдайына ақыл берген кұлына. Құдай кімге берсе білім-білікті, Қол ұзартып таятқаны үмітті. «Құдай кімге берсе инаят, ықылас, Екі дүниеде құт ұялап, ұтылмас. Көзін көкке тігіп, деді: «Жаратқан! Өзің бізге білім нәрін таратқан. Хақ қаласа, гүлі

ашылып тіліңнің, Жолыңды ондап, берер кілтін білімнің. Құдай саған көп қасиет дарытқан, Тағы да өзі маған сені танытқан. Алла саған ақыл, білім, ес берді, Білік болмай сес болмасын ескерді. Құдай кімге ізгі құлық сыйласа, Оған да өзі жомарттығын тыймаса...

3. *дүниені жаратушы*: Жаратушы хақ жаратты апарып, Жаратты да жарастырды қатарын. «О, Құдайым! – деді, – бәрін жараттың, Ризығыңды түгел жайып тараттың.

4. *бәрін білуші*: Білсең алла! Жазықтымын, байқадым, Мұң-шерімді саған ғана айтамын:

5. *медет, күш беруші/оңдаушы*: Мен тілеймін, Құдай медет берсін деп, Ісің үшін сақтап, жебеп жүрсін деп!» Жақсылардың ісін Құдай оңдасын, Құт дарытып, ризық беріп қолдасын. Жалынамын Құдай жолын оңдасын Оттан-судан сақтап өзі қорғасын! Құдай маған тауфик берсін, күш берсін, Үш есе көп ақы ап, бір іс істерсің!

6. *табындырушы/құлдық ұрдырушы*: Шүкірлік қып Құдайына табынды: «Ей, жаратқан, мейірбанды, сабырлы! Жақсы-жаман бәрі Құдай ісі деп, Таны, табын, сана соны күдірет. Табына жүр хаққа беріп ойыңды, Күнәден қаш, аулақ ұстап бойыңды. Пайғамбарға менің шүкір шуағым, Мәңгі бақи, хаққа құлдық ұрамын.

7. *елеуші/демеуші/жебеуші*: Құдай өзі елер, демер ашынба! Жанды өртеп, уайымыңды асырма?! Алла құлын жебеп, жөндеп, оңғарар, Қос жалғанда бар тілегі оң болар.

8. *сақтаушы*: Дұға оқып, «Сақта!» деп, хан жалынды, Қолын жайып, жаратқанға табынды. Мен өзінді бір Құдайға тапсырдым, Салауатын өсіргей тек жақсыңның.

9. *бәріне бір өзі ие*: «Жаратқан! – деп, көзін тікті аспанға, Ием сенсің! Шатағым жоқ басқанда! Хақ иесі жанды-жансыз ғаламның, Құлы соның бәрі жақсы-жаманы. Ізгі болса бектің жолы, істері, Бақыт қонып хақ құл солай істері!». Құдайдың ең асыл құлы – елшілер, Інілерде ақылды, ұлы - елшілер!

10. *бұйрық беруші*: Жылағанмен, бұл бір Құдай бұйрығы, Бұйрық келді: енді берер сый-мұңы.

11. *дұрыс пейіл/жол беруші*: Алла пейіл берсе, ісің

жөнделер, Итің оттап, тасың өрге өрмелер!». Кім Құдайды шын пейілмен жақтасын, Бәле, қайғы ашпас оның қақпасын!» Қағаз бенен қалам алды қолына, «Бісміллә!» айтты Құдай жолына. Сақабалар Құдай жолын қорғаған, Сәлемімді қабыл алсын жолдаған.

12. *кешіруші/рақым етуші*: Сөзді Құдай атыменен бастады, «Уа, жаратқан, кешір білмен басқаны...». Мұндай құлды тапса әмірші ақыры – Болар еді ол Құдай рақымы.

13. *мәңгі жасаушы*: Өмір – қысқа, өлім – үрей, жоқ амал, Бәрі өледі, ал аллаға жоқ ажал.

14. *жазалаушы*: Зұлымдықтың түбі, білсең, кара күш, Хақты ұмытқан кара күшке жанады іш. Қарсы тұрма, бір Құдайдың ісіне, Қызмет көрсет ханға, сеніп күшіңе! Құдай кімнің құлқын жазса, жаман-ды, Замана оғы тиіп, жөнін табар-ды!

15. *есімін айтқызушы/қайталанушы*: Жаны ұшты, күні түнге ауысты, Хақ атымен, тіршілігін тауысты.

16. *қайтарушы*: Оны өтемей жаным қалай жай табар, Хақыңды енді Құдай өзі қайтарар!

17. *қолдаушы*: Құдай қолдап тұрса, жаның жадырар, Қызметшің де есті жаннан табылар. Кімге Құдай жылы жүзін тігеді, Соның аты шығып, болар тілегі.

18. *бақ беруші*: Құдайды ойлап асау көңіл басылар, Құдай берсе – бақ есігі ашылар.

19. *ұят, ар, намыс беруші*: Хақ бұйыртса ұят пен ар, намысты, Құт та бірге, желеп-жебер арысты.

20. *қорқытушы күш иесі*: Құдайынан қорыққан кісі, табынып, Хақ жолынан айнамайды жабығып.

Қазіргі қазақ әдеби тіліндегі ақын-жазушылардың шығармаларынан:

1. *рақым етуші*: Құдайым рақым қылса сонда бізге, Келтірсе тілімізді сөйлер сөзге (Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы).

2. *жалғыз ие/қожа*: Нәбиім – хақ Мұхаммед, раббым – Алла!» – Біз айтсақ періштеге келген кезде (Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы). Құдайдың құлымын мен – мұсылманмын,

Денемде түйірі жоқ арам қанның (М.Мақатаев). Алладан басқа білмейді ғылым ғайып, Күнәкар пенде сөйлейді жеңіл сайып (К. Әбубәкір). Ғаламның қожасы Алла жәрдем еткен, Хисапсыз нашарларға дәрмен еткен (К. Әбубәкір). Адам басы добы емес пе Алланың, көңіл көк ат – көп-ақ еді арманым (С. Құттыбаев).

3. *зар илетуші*: Ак ешкі, зарланасың лағыңа, Сүт берген емшегіңнен шырағыңа, Қосылып, кел, екеуміз бір жылалық, «Тәңірінің» жетер ме екен құлағына (К. Әзірбаев).

4. *ажалы жоқ*: Сақтаса Құдай тағала еш өлім жоқ, Лахатқа, сақтамаса, түсер тайып (К. Әбубәкір).

5. *қайық беруші*: Дүнияны топан суы қаптағанда, Нұхқа Құдай тағала берген қайық (К. Әбубәкір).

6. *жазалаушы*: Ажалдың оғы тиген күн Табаны кімнің таймаған. Алланың дерті әр жерде Азаматты байлаған (К. Әбубәкір).

7. *Сираттан айдаушы*: Ау, казиым, қияметте Құдай білер, Сираттан айдағанда жалғыз Құдай (К. Әбубәкір).

8. *сауал беруші*: Періште келер сұрауға Көміп алаш жөнелсе. Бір Алланың бергені Мүңкір, Нәңкір сауалын Біліп пенде бере алса. Жауабын берер тоқтамай Көңілі ақ, діні пәк Мұсылман болып жаралса (К. Әбубәкір).

9. *бағалатушы*: Ахирет — артық, дүния — боқ, Дәрежесін Алланың Ғаріп пенде таба алса (К. Әбубәкір).

10. *ғаламды жаратушы*: Жаратқан Мұхамедтің нұрын Құдай, Ғаламнан он сегіз мың бұрын Құдай (Шал ақын).

11. *қуат беруші*: Қуатым азайса да бірте-бірте, Құдай-ау, бергеніңді ала көрме! (Т. Молдағалиев).

12. *құлын сүйуші/ұнатушы*: Хактан медет сұраған, Ол ерлердің тағаты — Құдайына ұнаған; Бабай түкті шашты Әзиз, Ер Сейтпенбет, Мағзамнан, Марал ишан, софы Әзиз — Солардан да өткен сұм дүние! (Базар жырау).

13. *бақыт, нәсіп беруші/жарылқаушы*: Құдайым сауысқанға берсе бақыт, Самұрық қызмет етер саясында (Ә. Найманбаев). Бұл айтқан түсіндің ғой мағынадан, Табады бір Алладан бағын адам (А. Сопыбек).

14. *ажал жіберуші*: Құдайдан тура келсе, арманым не,

Ажалды бес теңгеге сатып алдым (Ә. Найманбаев).

15. *залымдар ұялмай, қорықпаушы*: Жаксылар залымдарды тыя алмай жүр, Құдайдан залым қорқып, ұялмай жүр (Ә. Найманбаев).

16. *жан беруші*: Құдай берген таусылмас, Өлшеп берген дәміңіз. Бір жаныңыз Құдайдың Құдіретіне аманат. Алланың берген нәсібін. Азды-көпті болса да, Етіңіздер қанағат (Қабан жырау). Алла берді, Нәжім деген атың да, Жазулы тұр қасиетті Құранда (М. Кенжебай).

17. *сиындырушы*: Сиынып жаппар Құдайға, жақындап келем МАИ-ға (И. Бекмаханұлы).

18. *дарын, ақыл, тіл беруші*: Лаулатпасасң Алла талант бергесін, Дейтін еді, онда әншейін пендесің. Ойласаң шүкір дейміз бір Құдайға, Тіл беріп бұл Адамды артық еткен (А. Сопыбек).

19. *Інжілді, Забурды, Тауратты жіберуші*: Алладан «Інжіл» кітап түскен Иса, Былай сөйлеп кетті Мұхаммедке. Ал Дәуіт пайғамбар бұл отыр екен, Алладан түскен кітап «Забурды» оқып. Жанында сиқыры бар асасы тұр, Алладан түскен «таурат» қолында екен (А. Сопыбек).

20. *пейілді өлшеуші*: пейіліңді Құдайым кең өлшегесін, Дүниеде емін-еркін жүреді екенсің (А. Сопыбек).

21. *пендеден алғыс алушы*: Арыстан Баб іргемде, Аллаға мың рахмет! (А. Сопыбек).

22. *тілек орындаушы/орындамаушы*: Жаппар – Аллам, Тілегімді бере көр (С. Құттыбаев).

23. *уәдеге берік етуші*: Ықырақ жұтпай ыршығам, Уәде – Құдай аты деп (С.Құттыбаев).

24. *төзім беруші*: Десем де Тәңір төзім ек, Баруым керек тезірек (С.Құттыбаев).

Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігін талдағанымызда, Жаратушы, Құдай, Алла, Тәңір, Хақ сөзі бар келесі фразеологизмдерді атауымызға болады (78). Фразеологизмдерде репрезенттелуі:

1. *бұйыртушы/бұйыртпаушы*: Алла [-ның, құда, Құдай-

дың] әмірі [үкімі, бұйрығы]; Құдай бұйыртпасын; Құдай бұйыртса; Алланың жазған парманы; Алла [Құдайдың] салғаны

2. *беруші/бермеуші*: Құдай берген; Құдай берді [берсе]; Құдай абырой берді; Құдай артының жақсылығын берсін; Құдай [тәңір] тілеуін берсін; Құдай тілеуінді бермесін!;

3. *жарылқаушы/жарылқамаушы*: Алла [Құдай, тәңірі] жарылқасын; Құдай жарылқады [иді, оңдады]; Хак дидарын көрді;

4. *сиындырушы/жалбарындырушы*: Аллаға [Құдайға] мінәжат етті; Жаратқанға [жасағанға] жалбарынды; Құдайға жалбарынды [жалынды]; Құдайға сиынды;

5. *шүкіршілік еткізуші*: Аллаға [Құдайға] шүкіршілік қылды; Құдая тоба [тәуба];

6. *тілеткізуші/сұратушы*: Алладан парман [пәрмен] тіледі; Құдайдан мойнына бұршақ салып сұрап [тілеп] алды; Құдайдан сұрап алған жалғызы; Құдайға ақсарыбасын айтты [атады]; Құдайдың зарын қылды [Құдайға зар етті]; Құдайы қылды;

7. *бағын ашушы/ашпаушы*: Алла [Құдай] бағын ашты;

8. *рақым етуші/етпеуші*: Алла [Құдай] оңғарды [оңдады]; Алла [Құдай] рақым қылды; Жаратқан Алла [Құдай, тәңірі] жар болды;

9. *сақтаушы/сақтамаушы*: Алла [Құдай] сақтады; Алла [Құдай, тәңірі] жар [демесін] болды; Құдай сақтасын; Құдайға тапсырды; Хакқа тапсырды;

10. *тәуекел еткізуші*: Аллаға [Тәңірге] тәуекел [нар тәуекел] қылды;

11. *нәсіп етуші/етпеуші*: Алла [Құдай] нәсіп етті [айлады];

12. *жазалаушы*: Алланың [Құдайдың] кәрі тиді; Аллаға [Құдайға, тәңірге] жазды; Құдай атқан [атты]; Құдай табады; Құдай тапсын! Құдай тас төбеңнен ұрғыр! Құдай ұрды; Тәңірден тап!;

13. *адал құлын сүйюш/сүймеуші*: Алланың [Құдайдың] сүйген құлы; Хакқа жарады; Құдай сүйер қылығы жоқ; Құдайдың құлағы сүйсін деп;

14. *алдына келтіруші*: Алла тұзын көтерді; Алдына Құдай келтірсін!

15. *айдаушы*: Құдай айдады;

16. *алушы*: Құдай алды; Құдай құлқынын алды;

17. *басқа салушы/салмаушы*: Құдай басқа салды; Құдай [Құдай басқа] салмасын!; Құдай бетін көрсетпесін; Құдай салды, мен көндім; Құдайдың салғанын көрді;

18. *жалғыз/бір*: Құдай бір, пайғамбар хақ;

19. *білуші*: Құдай білсін;

20. *кешіруші*: Құдай кешсін; Аллаға мақұл болсын; Құдай [Құдай тағала] мүсіркеді [есіркеді];

21. *қайтарушы/қайтармаушы*: Құдайдан қайтсын;

22. *құдірет иесі*: Құдайдың [Құданың] құдіреті; Алла [Құдай, тәңірі]; Алла [Құдай] тағала; Жаратқан жаппар Құдай; Хақ тағала; Хақтың жазуы.

23. *ант ішкізуші*: Құдай атымен ант ішті;

24. *жолдан тайғандық/күнәлік*: Алла деп арақ ішіп, Құдай деп қуырдақ жеді; Құдайды құлағынан ұстады; Құдайдың кенже ұлындай; Құдайдың қазанына симае!; Құдайдың ала танасын ұрлаппын ба?; Құдайын ұмытты;

25. *әркездік/белгілі мерзімдік*: Құдайдың құтты күні; Құдай қаласа [Құдай қосса].

Құрамында Жаратушы, Хақ, Құдай, Тәңір, Алла компоненттері бар мақал-мәтелдерден 114 мысал жиналды. «Жаратушы» концептісінің мақал-мәтелдерде репрезенттелуі. Негізгі белгілері:

1. *Көпті жақтаушы*: Көп қайда болса, Құдай сонда; Тобы бірдің Тәңірі бір; Көпке ұнаған, Құдайға да ұнайды;

2. *Бәріне бір*: Адам басына бір Алла; Қашқан Құдай дейді, Қуған да Құдай дейді; Құдай біреу, кезек екеу;

3. *Еңбектенгенді қолдаушы*: Бекерден бекер жатқаннан Тәңірі безер; Берер Тәңірім талап қылсаң, Түк таппайды қарап жатқан; Бекерден Тәңірім безер; Десе де Құдай құрасын, Еңбек етсең – тұрасың;

4. *Қудың сазайын беруші*: Момынның есебін қу табады, Қудың есебін Құдай табады.

5. *Жаны таза, пәк адамдарды жақтаушы*: Аққа Құдай

да жақ; Кірсіз – ай, мінсіз бір Құдай; Мінсіз Құдай, кірсіз су.

6. *Жақсылықты біреуден біреуге ауыстырып береді:* Құдай өзі бермейді, Біреудікін біреуге ауыстырып береді;

7. *Бұзық, ниеті түзу еместерді қолдамаушы:* Сүзеген сиырға Құдай мүйіз бермейді; Көпке тентек – Құдайға шет; Тоны жаманды ит қабар, Көңілі жаманды Құдай табар;

8. *Сиынғандарды қолдаушы:* Алла деп барсаң, аман келерсің; Құдайға сиынған құстай ұшады, Адамға сиынған мұрттай ұшар; Құдайға құр сөзбен құлмын деме; Алла деген ар болмас, Алла деген пенделер, еш нәрсеге зар болмас; Құдай десең құр қалмассың; Құдай берген арымас; Кісіден сұрағанның көзі шығар, Құдайдан сұрағанның бүйірі шығар;

9. *Ақыл беруші, жарылқаушы/ бермеуші:* Құдай маған түйедей бой бергенше, түймедей ақыл бер. Ауыз дарбаза, сөз самал Құдай ұрғанға не амал; Басты берген Құдай асты да береді; Білімді ұстаз бергенмен, Білікті Құдай береді; Құдай адастырарында адамның ақылын алады;

10. *сұрағанын беруші/бермеуші:* Алла бермегенді молда да бермейді; Уа, Құдайым, бала бер, бала берсең, сана бер, Сана бермеген баланды Қайтіп өзің ала бер; Тана пайда бермесе, Тәңірі пайда бермеді.

11. *көкті билеуші:* Құдай көгін билесін, Жеріме менің тимесін; Көкте – Құдай, жерде – құмай;

12. *кешіруші/кешірмеуші:* Алла кешірет, аруақ кешіртмес; Құдай бір айналдырғанды Шыр айналдырады; Күнәсін мойындағанды Құдай да кешіреді; Құдай қарғысынан халық қарғысы қапалы; Құдай атқан оңалар, аруақ атқан оңалмас;

13. *құдіретті шындық:* Құдай хақ, Құран шын; Адамның басы – Алланың добы; Құдайдың бір аты – халық;

14. *безгендік/ мойындамағандық:* Құдайдан қорықпа, Құдайдан қорықпағаннан қорық; Күштіде Тәңір жоқ; Аш адам Құдайын ұмытады; Алладан ойбайым жақсы; Құдайға да сенеді, Албастыға да ереді; Басы аман, шашы түгелдің, Құдаймен ісі жоқ; Басы ауырып, балтыры сыздамағанның

Тәңірімен ісі жоқ; Жүйрік атқа мінген Құдайын ұмытар;
Құдана бола Құдайыңнан айрылма; Ұра берсең, Құдай да өледі;

15. *жақтырушы/жақтырмаушы*: Аллаға жағайын десең – азаның, Қазыға жағайын десең – қазаның болсын;

16. *жалғыз дос*: Шайдан басқа асым жоқ, Құдайдан басқа досым жоқ; Жалғыздың жары – Құдай;

17. *бәрінен жоғары*: Құдай құлым десе, Пайғамбардың үмбетімін демеске шара бар ма?; Хан Құдай емес, қара құрай емес; Құдайдың алдында бай да, Кедей де, бәрі құл; Құдайдың құрығы ұзын; Көп Құдайдан бір жасы кіші;

18. *жалғыз*: Жалғыздық Құдайға жарасар, Көп сөзділік Құранға жарасар;

19. *ханды алушы*: Ә, Құдайым, ханды алмағай, Ханды алып қара халық сандалмағай; Жарлы деп сөкпе, Пайғамбарға тілің тиеді, жалғыз деп сөкпе, Құдайға тілің тиеді;

20. *ұрушы/ ақылын алушы*: Ханды Құдай ұрарында, Қарашасымен қас болар, Байды Құдай ұрарында, Дәулетіне мас болар; Ханды Құдай ұрғаны, Халқымен жау болғаны, Биді Құдай ұрғаны, Билігі дау болғаны; Атың жебір болса, Құдайдың бергені, Әйелің жебір болса, Құдайдың ұрғаны; Құдай бір ұрғанды қос ұрады; Құдай ұрғанды, Пайғамбар асасымен түртеді; Ауыз – дарбаза, сөз – самал, Құдай ұрғанға не амал;

21. *бәрін естуші*: Сыбырлағанды Құдай естімей ме?;

22. *кәрін тігуші*: Құдай құмырсқаға кәрін тіксе, қанат бітіреді; Зорсынғанға Құдай бар, Сол темірге балға бар;

23. *несібе/ нәсіп беруші*: Емшекті ана береді, Несібені Алла береді; Таңғы нәсіп Тәңірден; Берейін десе Құдайда қазына көп; Жыртық үйдің де Құдайы бар;

24. *өтірікшілердің жауы*: Өтірікші – Құдайдың дұшпаны;

25. *жан беруші/алушы*: Өлместі Құдай жаратпас, Сынбасты ұста жасамас; Мал – байдікі, жан – Құдайдікі; Жетімге ауыз берген Құдай Нәпаха да береді; Өлмеген құлға Құдай-ау, Болып та қалды мынау жаз; Әкемді

алсаң ал, Құдай, Шешемді алма, Шекпен тоқып берсе де, Өлмеймін ғой; Ұлыңды алып, қыз берсе, Қорлағаны Құдайдың, Қызыңды алып, ұл берсе, Сыйлағаны Құдайдың; Ауру берген Құдай, әл де береді; Құдай тірі еткенді, құры етпейді; Адамның жаны – Алланың аманаты; Әлі кеткен Құдайға тапсырады; Итті Құдай иесімен қинасын;

26. *бәрінен хабардар*: Құмырсқаның тасқа басқаны Аллаға аян; Құдайсыз курай сынбайды;

27. *қонақтарды/көршілерді қодаушы*: Қонақ Құдайдың еркесі; Көрші хақысы – Тәңір ақысы; Той – Тәңірдің қазынасы; Қонақ ырыздығын Тәңір жеткізеді; Қонақасы – Тәңір ақысы;

28. *сақтаушы*: Өзі саққа Құдай жақ;

29. *қорқытушы/қорқытпаушы*: Қорық Құдайдан, қайт райдан; Қорқақтың бәрі Құдайшыл; Қорықпас Құдайдан да қорықпас; Халықтан ұял, Құдайдан қорық;

30. *құдаларды қосушы*: Досты періште қосады, құданы Құдай қосады; Құдай қосқан құда болады, пайғамбар қосқан дос болады;

31. *мал/пейілін алушы/алмаушы*: Құдай малыңды алса да, пейіліңді алмасын;

32. *құрмет тұттырушы*: Құдайға құрмет – елдің салты, Еліне құрмет – ердің данқы;

33. *тәуба еткізуші*: Еңкейгенге еңкей, атаңның қара құлы емес, Шалқайғанға шалқай, Алланың ұлы емес; Құдай азды, көпті берсе де, Нығметіне тәубе қыл;

34. *бұйрық беруші*: Бәйбіше – Құдай бұйрығы, Тоқал – иттің құйрығы; Арқадағы қоғайды – Қой бақтырған Құдай-ды!;

35. *өз қалағанын жасаушы*: Пенденің сұрағаны болмай, Алланың қалағаны болады; Құдай берейін десе, жұдырыққа тас сынады, Қимайын десе, бұршаққа тіс сынады;

36. *адалдарды қолдаушы*: Адалды Құдай табады, Момынды қайыр табады; Құдай бергенге құлай береді; Құдай бергеннің тоқтысын қыдыр бағады; Момынның ісін Құдай жөнге салады;

37. *күйіндіруші*: Жаны күйген Тәңірісін қарғайды;

38. жақсысын алушы: Жақсы да Құдайға керек.

Тұрақты теңеулердегі «Жаратушы» концептісінің репрезенттелуі:

1. табындырушы: Тәңірдей табындыру;

2. құрметке ие: Құдайдай көру; Тәңір құрметіндей; Құдаймен құда болғандай;

3. жазалаушы: Құдай ұрғандай.

(Қоңыров Т. Тұрақты теңеулер сөздігі. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2007. -480б.).

Алла, Құдай, Тәңір, Хақ, Жаратушы сөздер синонимдік қатарды құрайды, осының негізінде қайсысы жиі қолданылады, қайсысы концепт атауы болады деген заңды сауал туындайды. Жиналған материал және эксперимент негізінде келесі нәтиже шықты. Ол кесте түрінде төмендегідей:

Кесте 16 – «Жаратушы» ұғымының тілде берілуі

№	Тілдік бірліктер	Жаратушы		Алла		Құдай		Тәңір		Хак		барлығы	
		с	%	с	%	с	%	с	%	с	%	с	%
1	фразеологизмдер	3		20		48		1		5		78	
2	мақал-мәтелдер	-	-	12		89		13		-	-	114	
3	тұрақты теңеулер	-	-	-	-	3		2		-	-	5	
4	ескерткіштер	-	-	123		83		12		192		410	
5	эксперимент	300		155		60		70		40		625	
6	ақындар шығар.	45		200		240		135		47		667	
7	Барлығы:	348		510		523		233		284		1899	100

Дегенмен жаратушы сөзі жалпылаушы мәнге ие, ол Алла, Құдай, Тәңір онимдерінің орнына жүре береді. Сонымен бірге қазақ халқының дүние танымдық санасында «Құдай атын жиі айтуға болмайды» деген табу бар, осының негізінде Жаратушы сөзі сөйленісте көбірек қолданылады. Статистикалық талдау негізінде біз келесі нәтижеге қол жеткіздік, сондықтан біздің концептіні атау принципіміз өзін толығымен ақтады деп есептеуімізге негіз бар:



14 Сурет – «Жаратушы» концептісін құрайтын бірліктердің қолданысы

Кез келген тіл – әлеуметтік-тарихи құбылыс, сондықтан да ұлттық нақышқа ие. Әлем бейнесіне адам мен ортаның өзара қатынасы немесе орта мен адам туралы ақпаратты өңдеу нәтижесі деп қарау қажет.

Әлемнің тілдік бейнесі ұғымымен мәдени белгі ұғымы тығыз байланысты. Бұл жағдайда әлемнің тілдік бейнесіне сол халықтың жалпы адамзаттық және ұлттық ерекшелік белгілері енеді.

Осы туралы З.Қ. Сабитова келесіні айтады: «Екі тілдің лексика-семантикалық жүйесінде ұқсас элементтердің болуы үш факторға байланысты: а) салыстырылып отырған тілдердің шығу тегінің бір болуы, генетикалық туыстығы;

ә) әртүрлі тілдерде бір-бірімен байланыстырмай, ұқсас лексика-семантикалық үдерістердің қалыптасуына себепкер болатын тілдік әмбебаптық заңының орын алуы;
б) халықтар – тіл-мәдениет иелері арасында экономикалық, саяси, мәдени қатынастың орнауы» » [268,78].

Тілсіз әлем туралы адам білімінің қалыптасуы мүмкін емес. Тілде қоршаған орта, өмір салты, тіл иесі – халықтың әлемге деген көзқарасын тану нәтижесі сақталады. Өмірде онсыз еш нәрсе іске аспайтын бір қабат ретінде тіл бізді қоршап жатыр. Тілде сақталған және сол тілдік ұжым үшін ерекше қабылдау сызбасын әлемнің тілдік бейнесі деп атайды [269, 14].

Тілдің болмысты өзгертіп және ерекше әлем бейнесін туғызу қабілеті туралы Э. Сепир келесіні жазған: «... барлық тілдердің ішкі мазмұны бір – тәжірибенің интуитивті білімі. Тек олардың сыртқы тұрпаты ғана жалғаса беретін әртүрлі, себебі бұл форма – ұжымдық ойлау өнері» [270, 193].

Тілдегі әмбебап құбылыстар мен категориялардың орын алуын З.Қ. Сәбитова былай деп түсіндіреді: «... ең алдымен, объективті болмыс бірлігімен, тілдің көрініс беру табиғатымен, адам психикасының ұқсастығымен, халықтардың өмір салтының жеке ұқсастықтарымен, мифологиялық ойлау көзінің әмбебаптығымен т.б. түсіндіріледі. Тілдік бірліктердің мағынасындағы ұлттық ерекше компонент этникалық мәдениет, ділімен, халық тарихымен анықталады» [268, 79].

Кез келген тіл өз бірліктерінде әлемнің көрегендік (болжағыштық) бейнесінің ізін сақтаған. Қандай да бір сөз, айтылымдарды қолданғанда адам тілге қаншалықты жаратушы идеясының сіңгенін, «бәрін көруші» субъектінің қаншалықты «әр жерде» екендігін байқамайды [271, 8].

«Бәрін көруші» субъект – бұл адам өмірін, оның әрекетін, қалпын анықтайтын, қандай да бір белгісіз (бәрін көретін, бәрін еститін) жаратушы, тағдыр, жағдаят т.б. түріндегі қайтаруға болмайтын күш [272, 202].

Қазақ тілінің Алла деп барсаң аман келерсің мақал-мәтелінде «бәрін көруші» субъект – жаратушы бар.

Тек оның бір өзі адам тағдырын шешеді. *Құдай, маған түйедей бой бергенше, түймедей ақыл бер; Адамның басы – Алланың добы* мақал-мәтелдері адамның фатализмге, бойсұнғандық пен мойынғандықты білдіреді. Бұл ойды біз А. Вежбицкаяның еңбегінен де байқаймыз: «адам өз өмірі өзінің қолында еместігін сезінтетін пассивтілік ерекше байқалады және өзін (кез келген адам) фатализмге бой ұрған, мойындаған пассивті экспериенцер, өмірлік жағдаяттарды «бақылаушы емес» ретінде сезінеді [273, 33].

Қорықпа/қорық етістіктерінің мақал-мәтел қолданысында антитезасы байқалады: *Құдайдан қорықпа, Құдайдан қорықпағаннан қорық*, яғни жаратушының құдіреті идеясы «Құдайсыз» арқылы актуалданады. Сонымен бірге осы арқылы адамға имплицитті түрде мінездеме беріледі.

Қазақ тілінің *Мінсіз Құдай, кірсіз су* мақалы құдірет күшінің деңгейін мінсіздігі арқылы көрсетіп тұр. Түркі тілдерінде «тазалық, мінсіздік» мәні ағынды сумен теңестіріліп берілетіні о бастан-ақ бар. Бұл мақалда да тірек сөз қызметін *Құдай сөзі* атқарып тұр.

Қазақ тілінде жаратушы ұғымын беретін үш сөз де орынды қолданысын табуда: Алла – араб сөзі болса, Құдай – парсы сөзі, ал Тәңір – түркі сөзі. Мұсылмандықтың қазақ жеріне енгенінен сонша ғасыр өтті десек те бұл сөздер актуалдығын, қолданысын жоғалтқан, мұның себебі «бәрін көруші» субъект алдында адамның фатализмге бой ұрғандығының белгісі ретінде олардың білдіретін мағынасында болса керек. Тәңір компоненті бар мақал-мәтелге мысал: *Бекерден-бекер жатқаннан Тәңірі безер; Тобы бірдің тәңірі бір.*

Көптеген фразеологизмдер одағай тұрпатта болып келеді, мұны біз қазақ тіліндегі жаратушы компоненті бар фразеологизмдерден де байқаймыз. Мәселен, Құдая тоба [тәуба] контексте қолданысына қарай жағымды мазмұнда Құдая тоба, әйтеуір келдің-ау немесе жағымсыз мазмұнда Құдая тәуба! Қанден қатты састы, құты қашты (С. Сейфуллин) қолданылуы мүмкін. Бұл фразеологизмдегі

жаратушы мағынадағы компонентті алмастыратын болсақ, адресатқа экспрессивті ықпалын жоғалтуы мүмкін.

Сонымен бірге қазақ тілінде мазмұн жағынан жағымды/жағымсыз коннотациялы мақал-мәтелдер мен фразеологизмдерді бөліп қарастыруға болады. Жағымды коннотациялы фразеологизмдерді үш түрге бөлеміз:

- а) үміт;
- ә) тілек;
- б) ризашылық.

«Үміт» тобындағы фразеологизмдер нәтижелі мәнге, күткен үміттің жақсы аяқталуын көрсететін мәнге ие: Құдай абырой берді; Құдай қаласа; Аллаға [Құдайға] шүкірлік қылды; Аллаға [Құдайға] мінәжат етті.

Фразеологизмдердің келесі тобы қандай да бір істің жақсы аяқталуын, денсаулық, өмір сақталуын т.б. тілеуді білдіреді: Құдай сақтасын; Құдай [Тәңір] тілеуің берсін!; Аллаға мақұл болсын.

Жағымды коннотациялы фразеологизмдердің соңғы тобы адам риза болған нәтиже деген мәнге ие: Құдая тоба [тәуба]; Алла тұзын көтерді; Алла [Құдай] сақтады; Алла [Құдай] оңғарды [оңдады].

Жағымсыз коннотациялы фразеологизмдерді де келесі топтарға бөліп талдауға болады:

- а) үмітсіздік;
- ә) қарғыс;
- б) риза еместік;
- в) ризашылық.

Бірінші топқа үмітсіздік, шарасыздық басымдылық алған жағымсыз нәтижелі мәнге ие фразеологизмдерді жатқызуға болады: Құдай алды; Құдай басқа салды; Құдай салды, мен көндім; Құдай ұрды; Құдай табады; Алланың [Құдайдың] кәрі тиді; Алланың [Құдайдың] салғаны. Фразеологизмдердің бұл тобында Құдай салды, мен көндім фразеологизмі «үмітсіздікті» айқын көрсетеді, «бәрін көруші» субъект – жаратушы адам өмірін еш өзгертуге келмейтіндей етіп анықтайды. Ал Құдай табады

фразеологизмі қандай да бір жағымсыз ісі үшін жазалайтын күш бар екендігін ескертетін мәнді білдіреді.

«Қарғыс» тобындағы фразеологизмдер қандай да бір ісі, адамдардың бір біріне қатынасын білдіретін мәнге ие. Қазақ тілінде олар саны жағынан басымырақ болып шықты, яғни «бәрін көруші» субъект арқылы адамның адамға деген ниетін, қатынасын көрсететін, пендешіліктен көрініс береді. Мәселен, Құдай тапсын; Құдай тас төбеңнен ұрғыр! Құдай ұрғыр [жазаңды бергір, жүзін көрмегір; сілегір, қарғағыр]! Құдай тілеуінді бермесін; Тәңірден тап. Бұл топта Құдай жүзін көрмегір фразеологизмі мұсылман үшін ең ауыр жаза, Хак дидарын көрмеуді білдіреді. Аялық біліміне қарай Құдайға берілген тұлға Мұса пайғамбар сияқты Құдай дидарын көру туралы жағдаятты еске түсіреді.

«Риза еместік» тобында қазақ халқына тән таза ұлттық фразеологизмдер кездесті. Мысалы: Құдайдың зарын қылды; Құдайдың ала танасын ұрлаппын ба?

«Ризашылық» тобында сарказм мәні бар фразеологизмдер де кездесті, оларда да таза ұлттық нақыш байқалады: Құдайды құлағынан ұстады; Құдайдың кенже ұлындай – қазақ халқында кенже ұлдың орны бөлек, ол – ошақ иесі, мұрагер, басқаларға қарағанда әлеуеті жоғары, сондықтан да «кенже» сөзі сарказмды күшейтіп тұр. Алла деп арақ ішіп, Құдай деп қуырдақ жеді фразеологизмі ішкіштерді суреттейді. Сарказмды жеткізу жолында антитезаны қолдана білген қазақ халқының шеберлігін атап өту керек: Алла – арақ, Құдай – қуырдақ.

Қазақ тілінің мақал-мәтелдерін де жағымды/жағымсыз коннотациялы деп бөліп қарастыруымызға болады, оларды өз кезегінде келесі топтарға бөлгенді жөн көрдік:

- а) үміт/үмітсіздік;
- ә) тілек/қарғыс;
- б) ризашылық/риза еместік.

Бірінші топтағы жағымды коннотациялы мақал-мәтелдер фразеологизмдердің мағынасына ұқсас: Құдайдан сұрасаң кешірет Кісіден сұрасаң, екі көзінді өшірет;

Тәуекелдің тауы – бір Құдай; Құдай деген құр қалмайды; Алла деген ар болмас, Алла деген пенделер, еш нәрсеге зар болмас; Құдай берген арымас; Кісіден сұрағанның көзі шығар, Құдайдан сұрағанның бүйірі шығар; Басты берген Құдай асты да береді; Алла кешірет, аруак кешірмес; Күнәсін мойындағанды Құдай да кешіреді; Құдай қарғысынан халық қарғысы қапалы; Шайдан басқа асым жоқ, Құдайдан басқа досым жоқ; Жалғыздың жары – Құдай; Құдай құлым десе, Пайғамбардың үмбетімін демеске шара бар ма?; Жетімге ауыз берген Құдай Нәпаха да береді; Ауру берген Құдай, әл де береді; Құдай тірі еткенді, құры етпейді; Адамның жаны – Алланың аманаты; Әлі кеткен Құдайға тапсырады; Құдай атқан оңалар, аруак атқан оңалмас; Алла деп барсаң, аман келерсің.

«Тілек» тобындағы мақал-мәтелдер фразеологизмдерге қарағанда адресанттың өзіне бағытталған: Өлместі Құдай жаратпас, Сынбасты ұста жасамас; Берейін десе Құдайда қазына көп; Құдай малыңды алса да, пейіліңді алмасын; Әкемді алсаң ал, Құдай, Шешемді алма, Шекпен тоқып берсе де, Өлмеймін ғой; Ә, Құдайым, ханды алмағай, Ханды алып, кара халық сандалмағай; *Құдай маған түйедей бой бергенше, түймедей ой бер.*

Біз қарастырған материалдар бойынша жағымды коннотациялы мақал-мәтелдердің соңғы тобы: Құдай азды, көпті берсе де, Нығметіне тәубе қыл; Адалды Құдай табады, Момынды қайыр табады; Құдай бергенге құлай береді; Құдай бергеннің тоқтысын қыдыр бағады; Момынның ісін Құдай жөнге салады; Жақсы да Құдайға керек;

Жиналған материалдар бойынша жағымсыз коннотациялы мақал-мәтелдер тек екі топқа қатысты болып шықты: үмітсіздік және риза еместік: Жаны күйген Тәңірісін қарғайды; Пенденің сұрағаны болмай, Алланың қалағаны болады; Құдай берейін десе, жұдырыққа тас сынады, Қимайын десе, бұршаққа тіс сынады; Күштіде Тәңір жоқ; Аш адам Құдайын ұмытады; Алладан ойбайым жақсы; Құдайға да сенеді, Албастыға да ереді; Басы аман, шашы түгелдің, Құдаймен ісі жоқ; Басы ауырып, балтыры

сыздамағанның Тәңірімен ісі жоқ; Жүйрік атқа мінген Құдайын ұмытар; Құдана бола Құдайыңнан айрылма; Ханды Құдай ұрғаны, Халқымен жау болғаны, Биді Құдай ұрғаны, Билігі дау болғаны; Атың жебір болса, Құдайдың бергені, Әйелің жебір болса, Құдайдың ұрғаны;

Құдай бір ұрғанды қос ұрады; Құдай ұрғанды, Пайғамбар асасымен түртеді; Ауыз – дарбаза, сөз – самал, Құдай ұрғанға не амал; Сыбырлағанды Құдай естімей ме?; Құдай құмырсқаға кәрін тіксе, қанат бітіреді; Зорсынғанға Құдай бар, Сол темірге балға бар; *Басқа салса Алла, Не кормейді пенде*. Бұл жерден біз адамның тығырықтан шығар жол таппағанын аңғарамыз.

Келесі топқа қатысты мақал-мәтелдер саны жетерлік болып шықты. Оларды шартты түрде саркастикалық және кінәраттық деп бөліп қарастыруға болады: *Сен Құдайға жеткенше, Мен ауылға жетемін*. Бұл жерде жаратушы туралы біздің санамызда қалыптасқан ақпарат пен мақалда берілген мағынаның арасында қарама-қайшылық байқалады. Біздің ойымызша, Жаратушы сөзінің синергетикасы кез келген адамның әлсіздігін, кемшілігін, мінсіз еместігін аңғарту мақсатында қолданылған. Аллаға жағайын десең – азаның, Қазыға жағайын десең – қазаның болсын.

Шарасыздықтан және риза еместіктен жақын адамынан айырылған немесе қандай да басқа бақытсыздыққа ұшыраған адамда наразылық, кінә тағу қалыптасады: *Құдай көгін билесін, Жеріме менің тиемсін; Жарымды алған Құдайдың Келіні мендей жыласын*. Бірінші мақалда жаратушы ұғымының қол жетпейтіндігін, жоғары, биік екендігін байқатады.

Мұндай сөз тіркестері мен мақал-мәтелдердің орын алу себебін анықтау мақсатында біз реципиенттермен эксперимент жүргіздік. Эксперимент шарты бойынша, 50 адам жынысына қарай теңдей іріктелініп алынды, олар жас шамасы әртүрлі және әр мамандық иесі болды. Эксперимент 2005-2006 жж. жүргізілді. Реципиенттерге сауалнама түрінде келесі сұрақтар берілді:

Кесте 17 – Сөз тіркестері мен мақал-мәтелдердің уәжін анықтау бойынша сауалнама

№	I. Реципиент туралы ақпарат		
	Жасы	Білімі	Кәсібі
II. Төмендегі сөз тіркестері мен мақал-мәтелдерді қалай түсінесіз?			
1	Алла жар болсын		
2	Ұра берсең Құдай да өледі		
3	Құдайдың ала танасын ұрлаппын ба?		
4	Алла нәсіп етті		
5	Мінсіз Құдай, кірсіз су		
6	Тәңірі жарылқасын		
7	Жарымды алған Құдайдың, Келіні мендей жыласын		
8	Алла деп барсаң, аман келерсің		
9	Құдай көгін билесін, Жеріме менің тимесін		
10	Жасанды Құдай		

Эксперимент нәтижесінде келесіндей жауап алынды: *Алла жар болсын; Алла нәсіп етті; Тәңірі жарылқасын* фразеологизмдері жиі қолданылады, реципиенттердің қолданысы бойынша 70% құрайды. *Құдайдың ала танасын ұрлаппын ба? Жарымды алған Құдайдың, Келіні мендей жыласын* фразеологизм мен мақалды 80% бірінші рет естіп тұрғанын және бұл дінсіздік белгісі деп танитындарын айтты. Ал қалған 20% қазақ тілінде мұндай фразеологизм мен мақалды мүлде жоқ деп есептейді. *Алла деп барсаң, аман келерсің* мақалын барлық дерлік реципиенттер жиі қолданбайды, *Құдайға* сиыну керек, құрбандық шалу керек деп түсінеді, яғни бұл жерде біз жоғарыда айтып кеткен

«бәрін көруші» субъект алдында әлсіздігін сезінетіндерін байқатады. *Ұра берсең Құдай да өледі; Құдай көгін билесін, Жеріме менің тиемсін* мақал-мәтелдерін өз пайдасын ғана ойлайтын дінсіздердің шығарғаны деп есептейді, яғни тек солардың қолданысындағы мақал деп таниды, ал экспериментке қатысқан реципиенттер мұндай мақал-мәтелдерді мүлде қолданбайды, күпірлік санайды. Айта кететін жайт – экспериментке қатысқан реципиенттер діндарлар емес, қарапайым адамдар, инженер, бухгалтер, дәрігер, заңгер, үй шаруасындағылар.

Соңғы жылдары газет беттерінде әртүрлі секталарға қатысты мақалаларда *Жасанды Құдай* тіркесі жиі қолданылады, осыған байланысты реципиенттерге бұл тіркестің қандай әсер беретінін келесі жауаптарынан аңғардық: олардың түсінігі бойынша, «Құдай бір, жасанды/жасанды емес деп бөлу – шайтанның ісі, сондықтан мұндай тіркесті қазақ тілінен тездетіп аластау керек» деп есептейді.

Қазақ тілінде мұндай фразеологизмдер мен мақал-мәтелдердің қалыптасуының бірнеше себептері бар. Біріншіден, Қазақстан ұзақ жылдар бойы атеизмнің ықпалында болды; екіншіден, исламның қазақ жерінде таралуы ерекше жағдайда болды. Олардың кейбіреуі Кеңес өкіметі кезінде қалыпастуы мүмкін, себебі «фразеологиялық қор өзгереді, толығады және жаңарып отырады, әрине, оған құрамында жалқы есімі бар жаңа фразеологиялық бірліктер кіреді. Жаңа фразеологиялық бірліктерге «өмір беретін» қоғам өмірінде жаңа есімдер, жаңа ассоциативті байланыстар пайда болады» [274, 155], бұл – мақал-мәтелдерге де қатысты құбылыс.

Бұл құбылыс орыс тіліндегі мақал-мәтел, фразеологизмдерде орын алған, осы туралы В. Мокиенко келесіні айтады: «Өз Құдайларын, тіптен Русьте жоғары құрметке ие емес «орыс Құдайы» Николаны да келемеж ету кейде «бас ұратын сенімсіздікпен сенуге дайын тұратын» халық болмысының күшін аңғартады, мұндай «екіжақты сенімсіздік» тамыры бұрынғы кездегі басқа да халықтар

сияқты славяндардың пұтқа сенетін кезге кетеді» [275].

В.Г. Костомаровтың ойы да осыған үндеседі: «Ұлт ерекшелігін айқындау дәстүрлі түрде ерекше белгілерін іздеуге тіреледі, алайда бұл тығырыққа тірейтін жол. Ұлт мәдениетінің нағыз ерекшелігі тек сол халыққа ғана тән жалпы адамзаттық белгілердің жиынтығында, қайталанбас нақышында, сондықтан да орыстың идеясын ерекше дінділікке немесе дінсіздікке тіреуге болмайды, қарама-қарсы араласқан кез келген Ресей халықтарында бар нақышты айқындау, шынында да, ерекшелік» [276].

Кеңес өкіметі құлағаннан кейінгі кезеңде, адамдардың Құдайға деген сенімі нығайған шақта атеизм мәселесі артта қалды, құрамында Жаратушы ұғымын беретін компоненті бар біз қарастырған мақал-мәтелдер мен фразеологизмдер дұрыс анықталып, түсініктемеге ие болады. Тіптен Кеңес өкіметі кезінде адамдардың Құдайға деген сенімі өшкен жоқ, ал талданған мақал-мәтелдер мен фразеологизмдер Жаратушы алдында адамның әлсіздігін, мойынсұнғандығын, бағыныштылығын аңғартады.

X-XIV ғғ. түркі жазба поэтикалық ескерткіштерінен біз Қ.А. Ясауидың «Диуани хикмет», А. Йүгінекидің «Ақиқат сыйы», Хорезмидің «Мұхаббат-намесін», Ж. Баласағұнның «Құтты білік» және қазіргі ақын-жазушылардың шығармаларындағы Жаратушы концептісіне қатысты көптеген мәлімет алдық. Орта ғасыр ескерткіштері мен Кеңес өкіметі орнағанға дейінгі, тіптен жаңадан орнаған кездің өзіндегі ақын-жазушылардың шығармаларынан жаратушы концептісіне байланысты көп ұқсастық анықтадық. Мәселен, ескерткіштер дидактикалық мәнге ие, сонымен бірге ислам ықпалы күшінде болған және биліктегі лауазымды адамдардың тапсырысымен жазылған дүниелер ретінде Алланы дәріптеу басты мақсат болғаны белгілі, XIX-XX ғғ. басындағы ақын шығармаларынан біз осыны байқаймыз. Мақал-мәтел, фразеологизмдердегідей шарасыздықтан туындаған Аллаға деген кінәрат орта ғасыр ескерткіштері мен ақын шығармаларында орын алмаған. Сонымен, орта ғасыр ескерткіштері мен қазіргі

ақын шығармаларындағы жаратушы концептісіне қатысты тек жағымды коннотациялы және Құдайдан безгендерді дұрыс жолға қою мақсатында қолданылған «жағымсыз» коннотациялы деп қарастыруымызға болады. Оларды төмендегідей түрлерге бөлеміз:

- а) үміт;
- ә) тілек;
- б) ризашылық.

«Үміт» тобындағы ақын шығармаларында нәтижелі мәнге, күткен үміттің жақсы аяқталуын көрсететін мәнге ие: Отыз жеті жасқа кірдім оянбадым, Ынсап қылып *Алла* мейірін толғамадым; Иман – шарифат, мәні – тарихат, *Құдай* деген хақтан үлес алды, достар; *Алла* жолы ақиқатқа жар болсын хақ, Басым беріп хақ сырын білдім міне; Нұрын шашып *Алла* өзі рахым етті; *Алла тағала* ғашықтарды ынтықтырды, Ризалықпен өртеніп күйдім міне «ДХ»; Алла, Хорезми ақынға назарың сал, Махаббатты көңілден сен азайтпа; Жамалың дүниені жарқыратты. Неткен сұлулық! *Алла* күшті ғой! «МН»; Бұл күдіреттің иесі ұлы бір *Құдай*; Өлгендерді тірілту оған оп-оңай; Уа, *Алла*, кешіруші иемсің, кешір! «АС»; Жаңа ат беріп, қосқан сөздің шырайын, Пенделерін жарылқасын *Құдайым!* Жаратушы хақ жаратты апарып, Жаратты да жарастырды қатарын. «О, *Құдайым!* – деді, - бәрін жараттың, Ризығыңды түгел жайып тараттың; Мен тілеймін, *Құдай* медет берсін деп, Ісің үшін сақтап, жебеп жүрсін деп!» Жақсылардың ісін *Құдай* оңдасын, Құт дарытып, ризық беріп қолдасын. Жалынамын *Құдай* жолын оңдасын Оттан-судан сақтап өзі қорғасын! *Құдай* маған тауфиқ берсін, күш берсін, Үш есе көп ақы ап, бір іс істерсің! «ҚБ»; *Құдайым* рақым қылса сонда бізге, Келтірсе тілімізді сөйлер сөзге (Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы); Қуатым азайса да бірте-бірте, *Құдай-ау*, бергенінді ала көрме! (Т. Молдағалиев); *Хақтан* медет сұраған, Ол ерлердің тағаты — *Құдайына* ұнаған; Бабай түкті шашты Әзиз, Ер Сейтпенбет, Мағзамнан, Марал ишан, софы Әзиз — Солардан да өткен сұм дүние! (Базар жырау); *Құдайым* сауысқанға берсе бақыт, Самұрық қызмет

етер саясында (Ә. Найманбаев). Бұл айтқан түсіндің ғой мағынадан, Табады бір *Алладан* бағын адам (А. Сопыбек).

Ақын шығармаларындағы келесі топ істің жақсы аяқталуын, денсаулықтың түзелуін, т.б. тілеуден туындаған: Сол мезетте мың бір зікір еттім тәмам, Нәпсім тыйып *Аллаға* бет бұрдым міне; Жалған атақтан арылып сәби болдым, *Алла* атын айта-айта ашық болдым. Залым егер жәбір қылса *Алла* дегіл, Қолың жайып, дұға оқып мойын сұнғыл; Нұрын шашып *Алла* өзі рахым етті «ДХ»; Ұлы тәңірінің атын жат қылдым (тәңірге сиынып), Мұхаббат-намені бастадым; *Құдайға* сиынып көк теңізден өттім, жүзіп, Рум патшалығын түгелдей араладым «МН»; Жаңа ат беріп, қосқан сөздің шырайын, Пенделерін жарылқасын *Құдайым!* Мен тілеймін, *Құдай* медет берсін деп, Ісің үшін сақтап, жебеп жүрсін деп!» Жақсылардың ісін *Құдай* ондасын, Құт дарытып, ризық беріп қолдасын. Жалынамын *Құдай* жолын ондасын Оттан-судан сақтап өзі қорғасын! *Құдай* маған тауфиқ берсін, күш берсін, Үш есе көп ақы ап, бір іс істерсің! Дұға оқып, «Сақта!» деп, хан жалынды, Қолын жайып, жаратқанға табынды. Мен өзінді бір *Құдайға* тапсырдым, Салауатын өсіргей тек жақсыңның; *Құдайды* ойлап асау көңіл басылар, *Құдай* берсе – бақ есігі ашылар «ҚБ»; Қуатым азайса да бірте-бірте, *Құдай-ау*, бергенінді ала көрме! (Т. Молдағалиев); Лаулатпасан Алла талант бергесін, Дейтін еді, – онда әншейін пендесің. Ойласан шүкір дейміз бір *Құдайға*, Тіл беріп бұл Адамды артық еткен (А. Сопыбек); Жаппар – *Аллам*, Тілегімді бере көр (С. Құттыбаев).

Келесі топ *Алла* тағаланың ісіне көңілі толғандық, ризашылғын білдіреді:

«Инна фатханы» оқып мағына білдім, Нұрын төкті: естен танып дидар көрдім; Ә, *Құдай*, жадыма тұтып алдым міне. Бір күн саһар ғаріп Мәнсұр көп еңірепті; Алла тағала ғашықтарды ынтықтырды, Ризалықпен өртеніп күйдім міне; Тәңірімен сырластым, әнге бастым, Дүние қызығын жүз мың талақ еттім міне «ДХ»; Жамалың дүниені жарқыратты. Неткен сұлулық! Алла күшті ғой! «МН»; Бұл

күдіреттің иесі ұлы бір *Құдай* «АС»; «Жаратқан! – деп, көзін тікті аспанға, Ием сенсің! Шатағым жоқ басқанда! Хак иесі жанды-жансыз ғаламның, Құлы соның бәрі жақсы-жаманы. Ізгі болса бектің жолы, істері, Бақыт қонып хак құл солай істері!». Құдайдың ең асыл құлы – елшілер, Інілерде ақылды, ұлы - елшілер! «ҚБ»; Дүнианы топан суы қаптағанда, Нұхқа Құдай тағала берген қайық; Ахирет — артық, дүниә — бок, Дәрежесін Алланың Ғаріп пенде таба алса (К. Әбубәкір); Құдай берген таусылмас, Өлшеп берген дәміңіз. Бір жаныңыз Құдайдың Қүдіретіне аманат. *Алланың* берген нәсібін. Азды-көпті болса да, Етіңіздер қанағат (Қабан жырау). Алла берді, Нәжім деген атын да, Жазулы тұр қасиетті Құранда (М. Кенжебай).

«Жағымсыз» коннотациялы өлең жолдарын да келесі топтарға бөліп талдауға болады:

- а) дінсіздерден безу;
- ә) жазалау.

Бірінші топқа дінсіздердің бұрыс ісі мен, олардан Құдайдың безуі басымдылық алған «жағымсыз» нәтижелі мәнге ие өлең жолдарын жатқызуға болады:

Сүндет емес кәпірге де берсе азар, Көңілі қатты, діл азардан Құдай безер; Залымдардың арғы түбін мен жаратқан, *Жаратқанды* назарға ілмей сен ұмытқан. Нәпсіден безіп бір Алла үшін толғанбадың, Бұл нәпсі үшін зарлап қайран болдым міне «ДХ»; Жылағанмен, бұл бір Құдай бұйрығы, Бұйрық келді: енді берер сый-мұңы «ҚБ»; Жақсылар залымдарды тыя алмай жүр, *Құдайдан* залым қорқып, ұялмай жүр (Ә. Найманбаев).

Жазалау мәніндегі өлең жолдары Алланың діннен безгендерді жазалауына қатысты:


Ондай құлға Алла азабы даяр, Даналардан бұл сөзді естіп айттым міне; Саған жаза: *жаратқанға* жалбармадың, *Алланы* айтып түнде тұрып еңіремедің «ДХ»; Зұлымдықтың түбі, білсең, кара күш, Хақты ұмытқан кара күшке жанады іш. Қарсы тұрма, бір Құдайдың ісіне, Қызмет көрсет ханға, сеніп күшіңе! Құдай кімнің құлқын жазса, жаман-ды, Замана оғы тиіп, жөнін табар-ды! Құдайынан қорыққан

кісі, табынып, Хақ жолынан айнамайды жабығып «ҚБ»; Ақ ешкі, зарланасың лағыңа, Сүт берген емшегіңнен шырағыңа, Қосылып, кел, екеуміз бір жылалық, «Тәңірінің» жетер ме екен құлағына (К.Әзірбаев); Ажалдың оғы тиген күн Табаны кімнің таймаған. Алланың дерті әр жерде Азаматты байлаған; Ау, қазыым, қияметте Құдай білер, Сираттан айдағанда жалғыз Құдай; Періште келер сұрауға Көміп алаш жөнелсе. Бір Алланың бергені Мүңкір, Нәңкір сауалын Біліп пенде бере алса. Жауабын берер тоқтамай Көңілі ақ, діні пәк Мұсылман болып жаралса (К. Әбубәкір); *Құдайдан* тура келсе, арманым не, Ажалды бес теңгеге сатып алдым (Ә. Найманбаев).

Орта ғасыр ескерткіштері мен ақын шығармаларында күдірет күш иесі – субъект -- Жаратушының рөлі биік, бәрін шешуші, ал адам пенде ретінде бәріне бойсұнушы рөлде ғана көрінеді. Алайда мақал-мәтел мен фразеологизмдерде көрініс тапқан жағымсыз мәндегі коннотация орта ғасыр ескерткіштері мен ақын шығармаларында мүлде басқа мәнге ие, яғни жазалау мәні бұл дұрыс нәтиже, олардың басты ұстану принципін айғақтайтын қорытынды мәнде қолданылған, сол себепті біз орта ғасыр ескерткіштері мен ақын шығармаларындағы «жағымсыз» коннотациясын тырнақшаға алып отырмыз.

Біз қарастырған материал адам тарапынан пассивтілік, бойсұнғандық, «өзі қадағалай алмайтындық» тілдік деңгейде «бәрін көруші» субъектінің көрініс беретін айқындауға септігін тигізді. Басқа сөзбен айтқанда, Жаратушы – болып жатқан істің, жағдаяттың т.б. тұғыры.


Кез келген тұлға санасында концепт туғызатын қабылдаулар (анықтамалар) нақты концепт туғызатын, соған релевантты талдауларға ұқсас болуы керек. Сонда «Жаратушы» концептісінің түзілуін сызба түрінде төмендегідей көрсетуге болады:



15 Сурет – «Жаратушы» концептісінің түзілу кеңістігі

Сызбадан көріп отырғанымыздай, тұлғаларды діни білімі кең/тар деп бөлу арқылы, сонымен бірге басқа да фактілер арқылы концептінің түзілу кеңістігін анықтау мүмкіндігін анықтадық. Мұндағы q2 діни білімі кең тұлғалардың «Жаратушы» концептісі туралы ақпараты q1 діни білімі тар тұлғаларға қарағанда кеңірек болады.


Осыдан «Жаратушы» концептісін санада қабылдауға байланысты осы концептіні анықтайтын «төлсипаттар» айқындалады: мешіт және Құран, ал осыларды біріктіруші тұлға – адам. Мұны төмендегі сызба түрінде көрсетуге болады:



16 Сурет – Концептіні анықтаушы белгілер («төлсипаттар»)

Сонымен бірге «Жаратушы» концептісіне қатысты тіл иелерінің белгілі бір мезгілдік-кеңістік қатынаста жасалатын іс-әрекеттері санада орныққан. Мәселен, қандай да «жақсы-жаман» бинарлық көзқарасқа қатысты эмоциясын білдіру, осының негізінде мақал-мәтел мен фразеологизмдерді қолдану діни білімі тар және діни білімі кең тұлғалардың бірдей атқаратын іс-әрекеті болса, Құран-кәрімді жатқа білу, парыздарын өтеу, мешітке жиі бару сияқты рухани іс-әрекеттер тек діни білімі кең тұлғалар тарапынан орындалатыны белгілі. Бұл тұлғалар өздерінің білімін белгілі дәрежеде толықтырып, кеңейте алатыны мынадай кесте арқылы көрсетілген.

Кесте 18 – Діни білімі кең тұлғалардың концептіге байланысты танымы



«Жаратушы» концептісі мәдени әмбебап болып табылады және оның бөлігі болып табылатын әлем бейнесінің ерекшелігіне (зайырлы және діни) байланысты, оның мазмұны тіл иелерінің көзқарасын, әлеуметтік және

этномәдени дәстүрлерінен көрініс береді.

«Жаратушы» концептісі үшқабатты құрылымнан тұрады: этимологиялық, тарихи, өзекті қабат. Оның этимологиялық қабаты түркілік заманнан басталады (Тәңір), ал тарихи және өзекті қабаттары диахронды өзгермелі және тұрақты семантикалық сипат пен вербалдану тәсілдерінен тұрады (Кеңес өкіметінің ықпалы т.б.). Аталмыш концептінің инварианттық сипаты зайырлы және діни дискурста Жаратушы мейірімді және мінсіз, адамды жаратушы, бәрін көруші, қорғаушы ретінде суреттеледі.

5 – тарау бойынша тұжырым

Қазіргі түркі, соның ішінде қазақ тіліне қатысты онимдердің тілде қолданысы талданды. Тарихи ескерткіштерде қолданылған Баласағұн, Сайрам, Түркістан, Йүгінек, Сыр сияқты құндылықтарымыз зерттелді.

Ескерткіштердегі антропоним, теоним, топоним, космонимдерден қазіргі кезде тілде жиі қолданылатыны: Алла, Тәңір, Құдай, Қыдыр, Арыстан Баб, Мекке, Ай, Мәжнүн, Ләйлі т.б. Олар мақал-мәтелдерде, фразеологизмдерде, көркем шығармаларда, ауызекі қолданысында, БАҚ прецедентті есімдердің қолданылуында кездеседі.

Прецедентті есімдер X-XIV ғғ. поэтикалық түркі жазба ескерткіштері мен көрнекті ақын-жазушылар шығармаларында кеңінен танымал тарихи тұлғамен байланысты прецеденттік есім; мәдениет пен қоғамның дамуында ерекше орын алған, алатын тұлғалар; адамзаттың (жалпы мұсылман қауымы үшін) когнитивті кеңістігін құрайтын әмбебап прецедентті есімдер; әмбебап конфессионалды прецеденттік есімдер; тек қана мұсылман қауымына тән фреквентальді конфессионалды прецеденттік есімдер; нақты ұлтқа, соның ішінде қазақ халқына қатысты ұлттық конфессионалды прецеденттік есімдер әулие кісі есімдері мен әулие жерлерге байланысты; тіл иелеріне белгілі және прецедентті болып келетін оқиғаға (мәтінге) байланысты прецедентті есімдер; ғашықтық символдары болған түркі, соның ішінде қазақ халқының прецедентті есімдері қолданылған.

Жүргізілген сауалнама негізінде қазіргі кейбір тіл иелері үшін Сүлеймен, Оспан, Жамшид, Жүсіп, Зылиха прецедентті есімдері актуалды емес, бұл олардың аялық біліміне байланысты екендігі анықталды. Орта ғасырда әділдік символы болған Наушарбаннан қазіргі тіл иелері хабарсыз, мұның себебі ол тұлға қазір жоқ және ол кездегі жағдай қазіргі тіл иелері үшін актуалды емес. Алатау, Сыр, Түркістан, Қаратау, Қазығұрт қасиетті, әрқайсысының өзіндік ерекшелігі бар символдық мәнге ие прецедентті

есімдер. Мекке – «қасиетті, мұсылмандардың Отаны» деген санадағы ой мықты орныққан. Мысыр қазіргі тіл иелерінің көбі үшін ешқандай ассоциация бермейді, кейбіреулері үшін ғана ол бір жұмақпен тең, бір реципиент үшін Мысыр оның танысының әкесінің есімін есіне түсіреді – Қазыбек Мысырұлы, яғни тікелей ассоциация туындатады.

Жалқы есімдерді зерттеу адамның жалқы есімдер берген (күйған) танымы (ассоциациясы, белгісі, символдары, миологемалары) оның санасында бар және ойымен қатталып, жағдаяттарға байланысты туындап отырады, сондай-ақ жалқы есімдердің дамуы мен қалыптасуына ұлттық тілдік сананың ерекшеліктері ықпал етеді.

Лингвистикалық әдебиетте *логоэпистема, лингвокультурама, мифологема, бихевиорема*, ұғым терминдері бар. «Концепт» мағынасына қарай «ұғымға» жақын: әлемді танудың нәтижесі немесе деңгейі болып табылады; мобильді және өзгермелі; тілдік формада көрініс бере алады, бейвербалды түрде де белгіленеді немесе адам болмысының идеалды саласында, яғни оның санасында сақталады. Біздің қабылдауымыз, түсінігіміз бойынша, «концепті» терминіне анықтама берілді.

Орта ғасыр түркі тарихи жазба ескерткіштерінде «Жаратушы» концептісінің фреймдік құрылымының танымдық элементтері анықталып, концептінің мазмұндық таралу өрісіне қатысты бірнеше субфреймдер бөлінді *Зікір салу, намаз оқу, жаратқанға жалбарыну, Мүңкір-Нәңкір алдында жауап беру, Сираттан өту, ісіне қарсы тұрмау* сияқты әрекеттер «Жаратушы» концептісінің сценарийлік құрылымын құрады. «Жаратушы» концептісіне қатысты орта ғасыр ескерткіштері мен қазіргі кезде тілде қолданыс ерекшелігіне қарай *жақындық, ұқсастық, тұтастық, түйіқтық, араластық, жалпы шек* (уақыт және кеңістік) негізінде гештальт анықталды.

«Жаратушы» концептісі абстрактілі концептілерге жатады. «Жаратушы» концептінің Қазақстан мен Орта Азия мұсылман халықтарының лингвомәдениетінде өте ұзақ тарихы бар, бұл тілде молынан көрініс табуымен

(Алла, Құдай, Хак, Құдіретті, Жаппар, Жаратушы, Тәңір т.б.), көптеген мақал-мәтелдер, афоризм, көркем шығармаларда, фразеологизмдерде, тарихи ескерткіштерде қолдануымен дәлелденеді.

«Жаратушы – кім?» бағытталған ассоциативті эксперимент концептіні анықтау үшін қолданылды. Эксперимент нәтижесінде «Жаратушы» концептісінің ассоциативті өрісі құрылды.

Тарихи ескерткіштер мен қазақ әдеби тіліндегі ақын-жазушылардың шығармаларында, фразеологизмдер мен мақал-мәтелдерде «Жаратушы» концептісінің *бет бұрдырушы, нұрын төгуші, атын қайталанушы, адал болдырушы, қатты, тіл безегеннен безуші, атын жаттатушы, назар салушы, күш иесі, сиындырушы, құдірет иесі, өлгендерді тірілтуші, кешіруші, пенделерін жарылқаушы, білім, ақыл, қасиет беруші, дүниені жаратушы, бәрін білуші, медет, күш беруші/оңдаушы* сияқты сипаттары анықталды.

Қазақ тілінің *Алла деп барсаң, аман келерсің* фразасында «бәрін көруші» субъект – жаратушы бар. Тек оның бір өзі адам тағдырын шешеді. Шарасыздықтан және риза еместіктен жақын адамынан айырылған немесе қандай да басқа бақытсыздыққа ұшыраған адамда наразылық, кінәлау қалыптасады. Осыған байланысты сөз тіркестері мен мақал-мәтелдердің орын алу себебін анықтау мақсатында эксперимент жүргізілді.

Орта ғасыр ескерткіштері мен ақын шығармаларында және мақал-мәтел мен фразеологизмдерде көрініс тапқан коннотация мәні анықталды.

ҚОРЫТЫНДЫ

Орта ғасыр ескерткіштері көптеген ғалымдардың қызығушылығын тудырған, себебі олар айтарлықтай мәселенің басын ашуға септігін тигізсе, тарихи, мәдени тұрғыдан аса жоғары құндылық болып саналады. Ескерткіштердің зерттелуіне шолу негізінде құнды жәдігерлеріміз әлі де әртүрлі бағытта қарастыруды қажет ететіні анықталды, сондықтан оларды тілдік, әдеби, философиялық, тарихи т.б. тұрғыдан зерттеу жалғасын таба бермек.

Ономастикалық лексиканы зерттеу аспектілері әрқилы болып келеді, оларды бинарлы қарама-қарсылық түрінде әртүрлі принцип бойынша топтауға болады, сонымен қатар әр аспекті ономастиканың ғылым ретінде соған сәйкес бағытының нысанын құрайды: 1) талдау деңгейіне қарай: теориялық – қолданбалы; 2) қызмет аясында ЖЕ әртүрлі қызмет атқаруы бойынша: тілдік – сөйленістік; 3) тарихи зерттеу бойынша: синхронды – тарихи; 4) денотат түріне қарай: ақиқат – ойдан шығарылған; 5) эстетикалық қызметі бойынша сөйленісте қолдану стилі жағынан: функционалды-көркем-әдеби.

Көркем мәтін ономастикасы бойынша көптеген мақалалар мен еңбектердің жарық көруі, оларды зерттеу заңдылықтары мен жаңа бағыттарын ашуға және зерттеу бойынша бір теориялық концепция жасауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар зерттеу нысаны (КМ антропонимдер немесе топонимдер; бір немесе бірнеше шығарма бойынша т.б.), әдісі, талдауы, қойылған мақсаты әртүрлі болуы КМ ономастикасының нысаны және оның филологиялық парадигмада алатын орны бойынша зерттеушілердің әртүрлі көзқараста болғанын көрсетті.

X-XIV ғасырларда жазылған түркі поэтикалық жазба ескерткіштерінің – Қ.А. Ясауидың «Диуани хикмет», А. Йүгінекидің «Ақиқат сыйы», Хорезмидің «Мұхаббатнаме», Ж. Баласағұнның «Құтты білік» шығармаларындағы ономастикалық кеңістігін зерттеу негізінде онимдердің

бірнеше разрядтарын: антропонимдер, топонимдер, теонимдер, этноним, фитоним, космонимдер, гидронимдер, катойконимдер т.б. қолданғаны анықталды.

Қ.А. Ясауи, А. Йүгінеки, Хорезми, Ж. Баласағұн өз шығармаларының басты мақсаты – Алланы дәріптеу, яғни дидактикалық шығарма ретінде, теонимдерді көп қолданғаны, сонымен бірге онимдерді шығарма ішінде тірек сөздер ретінде мәтін түзушілік қызметте қолдана отырып, оқырмандарға өз ойын жеткізе білгені айқындалды.

Сопылық ілімді дәріптеп таратқан ортағасырлық ғұлама ақын Қ.А. Ясауидың шығармасындағы топонимдері шартты түрде екіге бөліп қарастырылды: ақиқат болмыс атаулары және діни-мифтік атаулар. Сонымен бірге олар әрі қарай разрядтарға жіктелді: ойконим (Хорасан, Шам, Ғирақ т.б.), астионим (Мекке, Түркістан т.б.), ороним (Тор), ал діни-мифтік атаулар шартты түрде о дүние (ақырет, қиямет, жұмак/бейіш (Фирдус, Жаддан т.б.), дозақ (Саһар), қыбыла, деп бөліп қарастырылды.

Ж. Баласағұн тұтас шығарма кеңістігінде қысқа бір бөлігі ретінде ақиқат өмір ақиқаттан тыс болмыстағы топонимдерді қолданғаны, нәтижесінде олар автордың шығармашылық түйсігі арқылы нақты перцептивті және эмотивті сипатқа ие болғаны анықталды.

Хорезмидің «Мұхаббат-наме» шығармасында топонимнің қалыптасуында тарихи-әлеуметтік фактор орын алғаны, яғни жалқы есімнің қалыптасуында қоғамдық-саяси, тарихи-әлеуметтік жағдай себепші болғаны айқындалды. Мұнда депрорриатив – трансонимдену нәтижесінде басқа жалқы есімнен жаңа атау қалыптасқаны айқындалды: агиоантропоним + экклезионим (Мина шіркеуі).

Орта ғасыр ескерткіштерінде антропонимдердің көбі мұсылман қауымға сол кездің өзінде кеңінен таралған ислам дінін уағыздаған шайық есімдері, екіншісі – шығарма кейіпкерлерінің есімі, үшінші топ – халиф, пайғамбарлар, олардың жақындарының ныспылары екені зерттеу

негізінде нақтыланды. Автор шығармада адресанттардың аялық біліміне сүйене отырып, кейбір антропонимдерді сөзжұмбақ түрінде бергені ашылды.

Ортағасырлық тарихи жазба ескерткіштерінде теонимдерді белгілі бір мақсатта қолданғаны айқындалды: жаратушыға деген ғашықтықты білдіру, соған арнап мадақ айту, құдірет күш иесі ретінде мойынсұну, бір іс бастау үшін рұқсат алу, сонымен бірге оған анықтама беру, мысалы, кешіруші, жазалаушы, қолдаушы, жалғыз т.б.

Ж. Баласағұн ғаламшарларға қысқаша анықтама беріп, ерекшеліктеріне тоқталғаны, сонымен бірге анықтамалары адамзатқа қатысты берілгені айшықталды. Мәселен, Арзу, Сәбит аспан денелері нұрын шашқан, тілек орындаушылар ретінде қолданылғаны айқындалды.

Жиналған материал негізінде тек этнонимдер ғана емес, сонымен бірге генонимдердің де мәтін түзуші, бірегейлендіруші қызметте қолданылғаны анықталды.

Көркем мәтін атауы бір жағынан мәтіннен тыс болмысқа тән жеке ақпаратты бірлік болса, екінші жағынан – мәтіннің формалды құрылуына қатысушы, маңызды мәтін жасаушы элемент болатыны ерекшеленді. Оним күшті позицияда көркем мәтін атауы ретінде қолданыс табатыны дәлелденді.

Ескерткіштердің жазылған уақытын ескере отырып, атауынан-ақ дидактикалық шығарма ретінде қандай мақсатпен жазылғаны оқырманға анық болатыны зерттеу негізінде көрініс тапты. Осы атаулардың сыртында санадан тыс тұлға – Жаратушы тұрғаны байқалды, себебі, «Құтты білік», «Ақиқат сыйы», «Диуани хикмет», «Мұхаббатнаме»: Құт беретін/не алатын Жаратушы; Ақиқатты ашатын/жасыратын Жаратушы; шын ғашықтық тек Жаратушыға арналғаны дәйектелді.

Ескерткіштердегі онимдер жасалуының бірнеше тәсілі анықталды. Олар: трансонимдену, онимдену, метафора негізінде екіншілік атау. Жалқы есімдердің жалпы есімдерден қалыптасуы – онимдік қордың толықтырылуының бір жолы ғана. Жалқы есімдерден

жалқы есімдердің жасалуы маңызды тәсіл болып саналады, трансонимденудің бірнеше түрлері кездесті.

Жиналған материалдар бойынша екіншілік атауды екіге бөліп қарастыруға болатыны анықталды: семантикалық екіншілік атау және морфологиялық екіншілік атау. Сөзжасам – ат қоюдың негізгі элементі, бірақ сөзжасамнан ат қою үдерісі кең: сөзжасам ат беру қызметін атқаратыны, ал атау беру тек қана сөзжасам арқылы жасалмайтыны айқындалды. Атау беру тілде бар сөздің трансформациялануы немесе лексикалық бірлікті қолдану арқылы жасалатыны негізделді. Бір объекті атауының екінші бір объектіге ауысуы ұқсастықтарымен немесе уәждерінің бірдей болуымен түсіндірілді. Морфологиялық екіншілік атау жалғау, жұрнақ, біріккен сөздер, аббревиатура арқылы қалыптасатыны анықталды.

Аппроксимация ұқсастық бойынша атау ретінде, ең алдымен, белгілеудің мүшелік сипаттау құралдары арқылы жасалатыны, бұл синтаксистік атауға тән екені дәлелденді. Аталмыш теорияға сай синтаксистік атау мәтін ішінде қоршаған орта денотатын атау қабілетіне ие болатыны ашылды. Сондықтан аппроксимация термині екіншілік атау жасаудың тәсілі ретінде ұсынылды. Мысалы: Қызыл қалқан, Руми қызы, Жан алғыш т.б. Мұнда атау жасаудың бірнеше уәжі туындайтыны анықталды: түсі, пішіні негізгі тірек қызметін атқарады: Қызыл + қалқан – Күн.

Құрылымы жағынан көне түркі антропонимдерін талдау нәтижесінде сол кездегі антропонимдік жүйе екі компоненті кісі есімінен болған деген тұжырым жасалды, оның бірінші компоненті кісі есімі, ал екінші компоненті негізінен кодификатор, яғни жеке тұлғаны басқалардан жекелеуші қызметін атқарушы, ол ру атауы, титул, отбасылық немесе патронимдік лақап ат болуы дәлелденді. «Фархад» есімі аббревиатураның аралас түріне жататыны материал негізінде анықталды. Жинаған материалдар бойынша контаминация нәтижесінде қалыптасқан атаулардың бар екендігі анықталды, мәселен, Айтолды, Күнтуды, Шахнаме т.б.

Ескерткіштер материалдары негізінде аллонимдердің бірнеше түрі қолданылғаны анықталды: а) ресми және бейресми: Хатымтай – Хатым; ә) әдеби және диалекті: Омар – Ғұмар; б) әдеби және аймақтық, стильдік, транскрипциялық: Ұқлидис – Евклид; в) хронологиялық: Шам – Сирия.

Антропонимдердің екі деңгейінің және кісі есімінің вариативті формаларының тармақталған жүйесінің болуы қазақ тілінде тіл иелеріне прагматикалық мақсатта оны қолдануына мүмкіндік беретіні дәлелденді: сөйлеушілердің әлеуметтік арақатынасын (сөйлеушілердің жоғары әлеуметтік деңгейі ресми қатынасты талап етеді), қатынас жағдаятын көрсету үшін (ресми, достық), әртүрлі қатынасты білдіру үшін (құрмет, менсінбеу т.б.). Мұның бәрі жеке индивидтің ерекше санасында емес, тілде сақталғаны айқындалды, мысалы, *Баба Мәшін, Хазірет Таба, Хазірет Сұлтан* т.б.

Көркем шығарма құрамында ЖЕ денотативті мағынадан басқадесигнатты(ұғымдық-бағалауыштық)семантикаға ие. Көркем шығарма онимдердің қызмет атқарудағы маңызды ерекшелігі – олардың жүйелілігі: ұқсастық, семантикалық қайшылық т.б. белгілері арқылы топтасуында онимдік бірліктердің өзара байланысы көрініс тапты. Мұнда әртүрлі жүйелік қатынас орын алғаны туралы айтуға болды. Мәселен, ономастикалық полисемия және оның түрлері: мезгілдік (мысалы, *Атымтай* есімі «Ақиқат сыйы» шығармасында; «Мұхаббат-наме» шығармасында т.б.); кеңістік-мезгілдік: хронологиялық немесе географиялық нысандардың байланысқан, бірақ әртүрлі объектілерге ұқсас атауы.

Антропонимнің экспрессивті маңыздылығын бағалауда нысан атауының вариативтілігі ерекше рөл атқарды, оның бір вариативті және көп вариативті антропонимдік парадигмалары бөлінді. Көпвариативті парадигма (мысалы: *Құл Қожа – Қожа Ахмет Ясауи – міскін Ахмет - әдіб Ахмет* т.б.; *Хорезми – Хорезми-Равани*) атау иесіне автордың да басқа аталушылардың әртүрлі қатынасын білдірді. Қаратпа

ретінде антропонимдік бірліктердің әртүрлі формаларын қолданылатыны айқындалды. Бұл формалар атау беруші мен аталушының қатынасына байланысты екені ашылды: париятті (тең дәреже) немесе иерархиялық (тең емес дәреже), мысалы: *Құл Қожа Ахмет*, дүние қусаң ісің бітер.

Антропонимдердің тұлғаны өзі тектілестерден жекелеу, оны сипаттау, әлеуметтік деңгейін көрсету, белгілі бір қоғамға қатысын көрсету сияқты қызмет атқарғанындай, топонимдер адрестік, денотаттың қызметі, теңеу басқа да тәсілдер арқылы оның сипаты т.б. қызметі сияқты космонимдер де белгілі бір қызмет атқаратыны дәлелденді. Мәселен, А. Йүгнеки бек, ыспаһсарларды мадақтауда Симак жұлдызын жанды құбылыс ретінде (олицетворение) қолданған: Симак жұлдызынан әрегірек қамқорлық етеді.

Хорезми «Мұхаббат-намеде» Утарид, Нафид космонимдерін автор тұлғасымен, ісімен салыстыру мақсатында белгілі бір кәсіп иесі ретінде көрсете білген: Утарид – жазғыш, Нафид – сазды. Ал Муштари космонимін жан иесі ретінде, әсемдікті тани білетін құбылыс ретінде қолданған: Көркіңе Муштари болып тұр құл.

Ж.Баласағұн космонимдерді тек аспан әлеміндегі нысандарды атау немесе көркем мәтін стилін құру үшін ғана пайдаланбаумен қатар, ақпараттық мәнде орынды қолданғаны анықталды. Мәселен, адамзат тұрмыста космонимдер арқылы кеңістікте бағыт-бағдарды ғана анықтап қоймаған, сонымен бірге белгілі бір мезгілді анықтау үшін пайдаланғаны дәлелденді.

«Метафора», «антономасия», «бейонимдену» терминдерінен жалқы есімдердің мүлде жалпы есімге ауысу үдерісін байқасақ, «тәмсіл», «кенинг» терминдерінің беретін ұғымдары тар, «прецеденттік есім», «прецеденттік оқиға», «прецеденттік айтылым» терминдерінің ұғымдарын бере алмайтыны, ал «логоэпистема» терминінің ұғымы кеңірек, ал «коннотонимдер» термині бұл құбылысты нақты ашып бере алмайтыны дәлелденді. «Прецедентті» термині жалқы есімнің жалпы есімге ауысуы емес, «полярылық»,

яғни ортадағы ұғым, қажет уақытында жалқы есім бола алатыны зерттеу негізінде айқындалды.

Прецедентті есімге айналған Закария, Зылиха, Әмина есімдері анықталды. Олардың әрқайсысының сыртында символдық белгілі бір образдар, яғни зікір салудан сол кездері есімі елге жайылған - Закария – дінді уағыздаушы бейне болып табылатыны, «Жүсіп пен Зылиха» дастанының кейіпкері – ғашықтық символы – Зылиха, ал Мұхаммед пайғамбарымыздың анасы Әмина – адалдық символы екені айқындалды. Осы үш образ арқылы Аллаға деген сүйіспеншілікті, мойынсұнушылықты аңғаруымызға болатыны дәлелденді.

Аталымдық жүйені құрай отырып, прецедентті бірліктер бірегей ұғымдық-белгі, когнитивті-мазмұндық модель прецедентема арқылы құрылған күрделі тұтастыққа бірігетін әртүрлі формалды, грамматикалық, лексикалық және прагматикалық тіл құралдарының жиынтығын білдіретіні анықталды. Прецедентеманы әр деңгейлі лингвоменталды құнды бірліктер, прецедентті мағынаға ие ұғымдар, анықтап айтқанда, оқиға, зат, бейне, оның сапасы немесе қасиеті туралы фактитивті білім іске асыратыны ашылды. Мұндай аталымдық бірліктердің болмысын прецедентті мазмұн жасайтыны, олардың қызметі жалпыға белгілі немесе стандарттан тыс/ерекше когницияларды сақтау екені айқындалды.

Прецедентті мәтінді «коммуникативті прецедент, ұқсас жағдайларда коммуниканттар алдында тұрған номинативті, коммуникативті т.б. міндеттерді шешуге көмектесетін үлгі деп атау негізіне ие болды. «Коммуникативті прецедент» прецедентті бірліктер үшін «гносеологиялық прототип» болып табылды және ол прецедентті бірліктің коммуникативті кодын қалыптастыруда маңызды екені дәлелденді. Мысалы, прецедентті есімдер бойынша Хорезмидің «Мұхаббат-намесіндегі» *Рүстем, Апылатон, Жамшид, Әли, Атымтай, Сүлеймен Мұхаммед Хожабек* образын ашуда «гносеологиялық прототип болып табылды.

Прецентті есіммен тығыз байланысқан қандай да бір элементтер төлсипат деп аталды, бірақ олар прецентті есімнің сигнификациясы үшін маңызды емес. Төлсипат ретінде денотатқа тән және сол арқылы танылуға мүмкіндік беретін киім, сақал, т.б. қолданылды. Мұндай бірегейлендіру төлсипаты бойынша аталу деп аталып, сол арқылы коммуникацияда прецентті есімге сілтеме жасалды.

Шығарманың ономастикалық кеңістігінде әртүрлі қызмет атқару үшін қолданылған прецентті есімдердің шығу тегі аясына қарай келесі топтарға бөлінді: 1) *әдеби шығармалардан*; 2) *өмірлік философиядан*; 3) *Құран-кәрімнен конфессионалды*; а) *теонимдер* ә) *пайғамбарлар мен халифтер есімдері*; б) *мифологиялық тұлғалар*; 4) *мұсылмандықтың отанына айналған топонимдер*; 5) *дидарын көрген тау*; б) *тарихи тұлғалар*; 7) *перғауын, патшалар*.

Экстенционалды қолданыста жалқы есім референтті және предикаттық актанға жағдайына талпынатыны, интенционалдықта жалқы есім бейреферентті және семантикалық предикат бола алатыны анықталды. Материалдарды талдау барысында олардың біртектес еместігі байқалды: мұнда бір жағынан кейбір онимдер экстенционалды қолданысқа ие. Мәтін ішіндегі семантикалық предикат позициясы прецентті есімнің тіл мен мәдениетке қаншалықты қатыстылығын анықтайтын критерий болып табылды.

Семантикалық предикат позициясында прецентті есімдер келесі (S – сөйлемдегі субъект, V – етістік, N – прецентті есім, сор байланыстырушы) құрылымдарда кездесті: N(дей) сор V; N (дай) сор S; N (ұқсап) сор S; N (ұқсап) сор V; S сор N (десем); S сор N (дейін); S – (екінші) N; N сор – S пен N сор – S; S сор N (дай); S сор N (нен); S сор N (сияқты); S сор N (тең); S сор N (дәл өзі); S сор (нағыз) N.

Прецентті есімнің жеке сөйлемде қолданылуы бірінші топ есімдерін екінші топтан ажыратуға мүмкіндік

берді. Талдау барысында екінші топтағы прецедентті есімдердің жоғарыда көрсетілген құрылымда қолданыла бермейтіні анықталды. Прецедентті есімдер тарихи жазба ескерткіштерінде қолданысы, ең алдымен, экспрессивтігі, бұл оқырман санасында дискретті емес, тұтас бір образдарды қалыптастыратыны дәлелденді. Ақиқатты осылай суреттеу негізінен суггестивті әсерге ие екені, ол саналы бастамаға емес, эмоцияға әкелетіні, бұл қоғам санасына ықпал етудің ең тиімді жолы екені айқындалды.

Экспрессия бағалаумен тығыз байланысты болатыны дәлелденді. Прецедентті есімдер рационалды емес, эмоционалды бағалайтын сөйленістерде қолданылды, белгілі бір феноменнің жалпы қасиетін көрсету емес, аталған қасиеттерге субъективті қатынасын көрсетуге талпынды. Прецедентті есім арқылы берілген бағалау бейтарап емес, қайта анық эмотивті және субъективті екені негізделді.

Тарихи жазба ескерткіштерінде прецедентті есімдерді белсенді түрде қолданысы автордың оқырманмен кооперативті қатынас құруға талпынуымен байланысты екені анықталды. Кооперативтік бірегей аялық білімге сілтеу арқылы асты сызылып, нақтыланды, мұнда «өзіміздің» дегенді жекелеуші белгі ретінде қолданылатын прецедентті есімдердің «жасырын болуы (пароль)» маңызды рөл атқарды. Бұл бірліктердің белсенді қолданысының басты себебі осы «парольді, яғни жасырын» болуы дәлелденді. Жалпы прецедентті феномен және жекелеген прецедентті есім белгілі бір социумның консолидациясы, яғни солардың сыртында тұрған көзқарас пен соған қатысты бағалау әлеуметтік топ мүшелерінің өз бірлігін сезінуге мүмкіндік беретіні айқындалды. Топ басшылары осы тектес көзқарасты қалыптастырып, топ мүшелерінің санасына ықпал ету үшін белсенді түрде қолданатыны дәлелденді. Сонымен бірге егер тарихи тұлға қасиеті прецедентті есім арқылы көрсетілсе, оған сол тұлғаның қасиеттер кешені ғана телініп қойылмайтыны, оған қоса аталмыш есім арқылы аталмыш тұлға прецедентті мәтін /немесе

жағдайда көрініс тапқан сюжетке де енетіні ашылды.

Ескерткіш авторларының мұсылман діңгегі – Бағдад пен Шам қалаларында орнағаны, шын ғашықтықты Фархад-Шырын, Ләйлі-Мәжнүн махаббатына теңегені анықталды. Көркем шығармаларда Кеңес өкіметіне дейінгі ақын, жыршылар онимдерді дәл ескерткіштердегі мағынада қолданса, Кеңес өкіметі орнағаннан кейінгі ақын шығармаларында сол онимдермен қоса басқа да заман ағымына сай онимдерді қатар қолданылғаны дәйектелді.

Қазіргі кезде Кеңес өкіметі кезіндегідей қатып қалған тәртіппен сөздерді бір қалыпқа құйғандай қолданудан бөлек, сөйлеуші сөзді қалай қолданам десе де өз еркі екені анықталды. Әсіресе, бұқаралық ақпарат құралдарында сөз ойнату кең етек алғаны айқындалды. Жаңа мәтін, жаңа сөз, ең кереметі, ескі, танымал мәтін, сөз негізінде жасалып отырғаны негізделді. Бұқаралық ақпарат құралдарындағы жаңа мәтін, сөз ойнату, күлкі сарынын түсіну үшін адам сол жаңа мәтіннің түпкі шығу тегін білу керек, ал ол адамның аялық біліміне байланысты екені дәлелденді.

Жинаған материалдар негізінде прецедентті есімдер Х-ХІV ғғ. поэтикалық түркі жазба ескерткіштері мен көрнекті ақын-жазушылар шығармаларында мейлінше қолданылғаны анықталды: а) кеңінен танымал тарихи тұлғамен байланысты прецеденттік есім; ә) мәдени және қоғамның дамуында ерекше орын алған, алатын тұлғалар; б) адамзаттың (жалпы мұсылман қауымы үшін) когнитивті кеңістігін құрайтын әмбебап прецедентті есімдер; в) әмбебап конфессионалды прецеденттік есімдер (Құдай, Алла, Мария); г) тек қана мұсылман қауымына тән фреквентальді конфессионалды прецеденттік есімдер (Мекке, Медине, Мұхаммед, Пайғамбар т.б.); ғ) нақты ұлтқа, соның ішінде қазақ халқына қатысты ұлттық конфессионалды прецеденттік есімдер әулие кісі есімдері мен әулие жерлерге байланысты (Айша бибі, Арыстан Баб т.б.); д) тіл иелеріне белгілі және прецедентті болып келетін оқиғаға (мәтінге) байланысты прецедентті есімдер;

е) ғашықтық символдары болған түркі, соның ішінде қазақ халқының прецедентті есімдері.

Қазіргі ақын шығармаларындағы прецедентті есімдер қазақ халқының когнитивтік кеңістігін көрсетті. Үркер, Темірқазық космонимдері, Алатау, Қаратау, Қазығұрт оронимдері қазақ халқының мәдениетінде ерекше орын алатыны дәйектелді. Ақындар шығармаларында Қарт Алатау, пайғамбар Алатау деп беріліп, елдің тауға деген құрметін көрсете білген. Уақыт өте келе, халық жағдайы өзгеріп, жауға дес бермейтін жағдайға жеткенін ақын: *Басынан Қаратаудың көш келмейді, Қаратау* енді ешкімге дес бермейді. Мөлтілдеп қара көзден жас келмейді, Қара көз қарындасым сескенбейді. Қаратау енді ешкімге дес бермейді (М. Мақатаев) өлең жолдарымен антитеза қолдану арқылы жеткізген. Мұнда ол мәтінді трансформациялап қолданып тұрғаны ашылды. Мәтіннің өзегін құрап тұрған бірлік – Қаратау оронимі.

Жалпы адамзат үшін әмбебап саналатын ғашықтық символы – Ромео мен Джульетта, түркі халықтарына ортақ Қозы Көрпеш – Баян сұлу, қазақ халқының төл ғашықтық символдарына айналған образдар – Еңлік - Кебек, Қыз Жібек пен Төлеген және Абай мен Тоғжан қазақ халқының когнитивтік кеңістігін кеңейтіп, ақындардың аялық білімін көрсетті.

Қазіргі кейбір тіл иелері үшін Сүлеймен, Оспан, Жамшид, Жүсіп, Зылиха прецедентті есімдері актуалды емес, бұл олардың аялық біліміне байланысты. Мұса прецедентті есімі олардың санасында Мұса пайғамбар емес, Жаяу Мұса образын туындатты. Ғашықтық символы ретінде олар үшін Қыз Жібек пен Төлеген және Қозы Көрпеш пен Баян сұлу символдық мәнге ие, ал қазіргі кезде олар үшін үлгі болатындай образдар жоқ екені эксперимент негізінде анықталды. Орта ғасырда әділдік символы болған Наушарбаннан қазіргі тіл иелері хабарсыз, олар үшін қазір әділдік символына М. Шаханов айналған, себебі ол ұлт мүддесін көздеген, ісіне берілген тұлға. Жомарттық символына И. Тасмағанбетовты атаған.

Прецидентті топонимдерден казіргі қазақ жеріндегі Алатау, Сыр, Түркістан, Қаратау, Қазығұрт қасиетті; әрқайсысының өзіндік ерекшелігі бар символдық мәнге ие екені айқындалды. Түркістан – казіргі тіл иелері үшін бүкіл түркі халықтарының Отаны саналатын киелі бесік, онда белгілі, әулие кісілердің молалары бар және кіші қажылық мекені саналады. Сыр суы – молшылық, тазалық, балалық шак белгісі. Қазығұрт тауы киелілік мәнге ие, себебі онда Нұх пайғамбардың кемесі болған деген аңыз халық санасында сақталған. Мекке – қасиетті, мұсылмандардың Отаны. Ирак казіргі тіл иелері үшін Саадам Хусейнмен, онда болған соғыспен байланысты ассоциация туындатты. Мысыр казіргі тіл иелерінің көбі үшін ешқандай ассоциация бермейді, кейбіреулері үшін ғана ол бір жұмакпен тең, яғни отанын еске салды, мұның өзі «Әркімнің өз жері – Мысыр шаһары» деген мақалға байланысты екені анықталды. Бір реципиент үшін Мысыр оның танысының әкесінің есімін есіне түсіреді – Қазыбек Мысырұлы. Бұл тарнонимизация негізінде антропотопонимнің қалыптасқанын көрсетті әрі Мысыр топонимі осыған дейін қазақ халқы үшін орны ерекше болғандығын байқатты. Шам, Рұм топонимдері аялық біліміне байланысты реципиенттерде ешқандай ассоциация тудырмады.

Әр халықтың құндылықтары өзгеріп, дамып отырады, әр кезең мен дәуірде сол халықтың өзіндік әлемнің ономастикалық бейнесі түзілді деп тұжырым жасауға болатыны, алайда ол бейне уақыт өте келе мүлдем құрымайды, қайта өзгеріп, толығып отыратыны дәлелденді.

Зерттеу материалдары XX-XXI ғғ. ақын шығармалары мен эксперимент негізінде казіргі тіл иелерінің аталған прецидентті есімдерді қолдану деңгейін үстірт деп айтуымызға негіз болды, бұл кезеңде прецидентті есімдерді қолдануда көптеген өзгерістер мен толықтырулар орын алған.

Мұндай өзгерістер мен толықтырулардың бірнеше себептері анықталды: а) идеологияның өзгеруі, Кеңес

өкіметінің орнауы, соның салдарынан дін өкілдерінің қудалануы мен атеизмнің орнауы; ә) әлемде техника мен экономиканың дамуы, соның салдарынан қалыптасқан стереотиптерге деген көзқарастың өзгеруі; б) құндылықтардың өзгеруі т.б.

Ғаламның ономастикалық бейнесі объективтік шындық туралы ментальдік түсініктердің жиынтығы емес, ол үнемі өзгеріп отыратын динамикалық бейне екені айқындалды, себебі объективтік дүние мен адамның өзі мұнда мәңгі өзгеріп, дамып отырады, аталған динамикалық бейне ғаламның ономастикалық әлемінде шеңберлік модель құрайтыны ашылды.

Лингвистикалық әдебиетте концепт терминіне көптеген анықтама берілген, бұл анықтамалардың негізгі ойтұжырымдары негізінде мифологема, лингвокультурема, бихевиорема, логозпистема, ұғымнан айырмасы айқындалып, өзіміздің қабылдауымыз бойынша анықтама шығарылды. Ойды қорытындылау негізінде қабылдауымыз, түсінігіміз бойынша «концепті» терминінің анықтамасы шығарылды: концепт – адам санасының әлемді қабылдауда тек ұғыну ғана емес, эмоционалды баға беру, сезіну негізінде қалыптасқан зат немесе құбылыс туралы сығымдалған ақпараттың санада жүйеленген ойды тіл арқылы жеткізудегі жеке тұлға мен қоғамның танымдық әрекетінің нәтижесі ретінде кешенді, энциклопедиялық ақпараттан тұратын, адам санасының ойлау кодының негізгі бірлігі болып табылатын дискретті менталды құрылым.

Орта ғасыр түркі тарихи жазба ескерткіштерінде Жаратушы концептісінің фреймдік құрылымы «бет бұру», «нұрын төгу», «мейірім төгуші», «Сират көпірі», «Мүңкір-Нәңкір», «мешіт», «зікір салатын орын», «сұрақ-жауап алатын орын», «махшар күні», «Тор тауы», «дозақ», «жұмақ», «пайғамбар» т.б. танымдық элементтерден құралатыны дәлелденді. «Жаратушы» концептінің мазмұндық таралу өрісіне қатысты бірнеше субфреймдерге бөлініп, модельдері құрылды: «мен білемін: 1) X рақым етеді А-ға; 2) X тірілтеді (жан береді) А-ны (ға); 3) X

сұрақ-жауап алады А-дан; 4) Х ақыл, сана береді А-ға; 5) А құлшылық етеді Х-қа; 6) А тілейді Х-тан; 7) А сират көпірден өтеді Х дидарын көру үшін; 8) Х жұмсайды Р-ді А-дан сұрақ-жауап алу үшін; 9) Х дидарын көру үшін, А зікір салады; 10) Х-қа жақын болу үшін, А намаз оқиды; 11) Х-тан қорықпағаны үшін, Х жазалайды А-ны; 12) А Х алдындағы бес парызын орындайды; 13) А өзін Х-тың құлы, С-тің үмбеті санайды; 14) С Тор тауында Х дидарын көрген; 15) С Х-тан К-ні алған; т.б. Мұндағы Х – Жаратушы (Алла, Құдай, Тәңірі, Хақ); Р – періште (Мүңкір-Нәңкір); С – пайғамбар (Мұхаммед (ғ.с.), Мұса, Иса, т.б.); К – кітап (Құран-кәрім; Інжіл, Таурат, Забур); А – адам (пенде).

Қозғалыс семасы, даму идеясы сценарий-концептіде іске асатыны дәйектелді, ескерткіштердегі жаратушы концептісінің сценарийлік құрылымы зікір салу, намаз оқу, жаратқанға жалбарыну, Мүңкір-Нәңкір алдында жауап беру, Сираттан өту, ісіне қарсы тұрмау сияқты әрекеттерді ой елегінен өткізетіні анықталды. Схема табиғаты бойынша ойсуретке жақын екені айқындалды, алайда оның санада аз «суреттелгені» аңғарылды: мешіт, Құран т.б. Ойсурет санада бейне, символ, метафора, аллегория көмегімен танылатыны дәлелденді. Осының негізінде Жаратушының кешіруші, ажал жіберуші, жалғыз сияқты бейнелері құрылды, сонымен бірге, Жаратушының құлы – адамның да келесі бейнесі айқындалды: ажал құшушы, еркелік тән, оған жаққан, өтірігімен дұшпан болған, толығымен тәуелді, бойсұнған.

Гештальтта тұтастық бөлшектен құралмайтыны, ол одан жоғары қасиетке ие деп саналатыны дәйектелді.

«Жаратушы» концептісіне қатысты орта ғасыр ескерткіштері мен қазіргі кезде тілде қолданыс ерекшелігінен гештальт келесі көрініске ие болды: жақындық; тұтастық; тұйықтық; араластық; жалпы шек (уақыт және кеңістік).

«Жаратушы» концептінің Қазақстан мен Орта Азия мұсылман халықтарының лингвомәдениетінде өте ұзақ

тарихы бар, бұл тілде молынша көрініс табуымен (Алла, Құдай, Хақ, Құдіретті, Жаппар, Жаратушы, Тәңір т.б.), көптеген мақал-мәтелдер, афоризм, көркем шығармаларда, фразеологизмдерде, тарихи ескерткіштерде қолдануымен дәлелденді.

Жаратушы ассоциациялы өрісін құраған ассоциация беруші сөздердің мағынасын талдау барысында реципиенттер атаған Жаратушының бірнеше белгілерін анықтау мүмкіндігі туды. Олардың берген анықтаушы сөздерінің қаншалықты Жаратушыға (денотатқа) қатысын айқындау арқылы мағынасы ашылды: көк иесі, Құран жіберген, жалғыз, сақтаушы, кіршіксіз, дұрыс жол, күшті, Хақ, жаппар, төзім беруші, сиындырушы, жан беруші, қуат беруші, жаратушы, жазалаушы, бақ беруші, қолдаушы, мәңгі жасаушы, елеуші, пенделерін жарылқаушы, мейірім төгуші, бет бұрдырушы, өмір тұғыры, нәсіп етуші, сана беруші, жауап алушы, қанағат еткізуші.

Қазақ тілінде мазмұн жағынан жағымды/жағымсыз коннотациялы мақал-мәтелдер мен фразеологизмдер бөліп қарастырылды. Жағымды коннотациялы фразеологизмдер үш түрге бөлінді: а) үміт; ә) тілек; б) ризашылық. Жағымсыз коннотациялы фразеологизмдер де бірнеше топтарға бөлініп талданды: а) үмітсіздік; ә) қарғыс; б) риза еместік; в) ризашылық.

«Қарғыс» тобындағы фразеологизмдер қандай да бір ісі, адамдардың бір-біріне қатынасын білдіретін мәнге ие екені анықталды. Қазақ тілінде олар саны жағынан басымырақ болып шықты, яғни «бәрін көруші» субъект арқылы адамның адамға деген ниетін, қатынасын көрсететін, пендешіліктен көрініс берді. «Ризашылық» тобында сарказм мәні бар фразеологизмдер де кездесті, оларда да таза ұлттық нақыш байқалды: Құдайды құлағынан ұстады; Құдайдың кенже ұлындай – қазақ халқында кенже ұлдың орны бөлек, ол – ошақ иесі, мұрагер, басқаларға қарағанда әлеуеті жоғары, сондықтан да «кенже» сөзі сарказмды күшейтіп тұр.

Орта ғасыр ескерткіштері мен Кеңес өкіметі орнағанға дейінгі, тіптен жаңадан орнаған кездің өзіндегі ақын-жазушылардың шығармаларынан жаратушы концептісіне байланысты көп ұқсастық анықталды. Ескерткіштер дидактикалық мәнге ие, сонымен бірге ислам ықпалы күшінде болған және биліктегі лауазымды адамдардың тапсырысымен жазылған дүниелер ретінде Алланы дәріптеу басты мақсат болғаны дәлелденді, XIX-XX ғғ. басындағы ақын шығармаларынан осы байқалды. Мақал-мәтел, фразеологизмдердегідей шарасыздықтан туындаған Аллаға деген кінәрат орта ғасыр ескерткіштері мен ақын шығармаларында орын алмаған.

Қарастырған материал адам тарапынан пассивтілік, бойсұнғандық, «өзі қадағалай алмайтындық» тілдік деңгейде «бәрін көруші» субъектінің көрініс беретінін айқындауға септігін тигізді. Басқа сөзбен айтқанда, Жаратушы – болып жатқан істің, жағдаяттың т.б. тұғыры. Жаратушы концепті үшқабатты құрылымнан тұратыны айқындалды: этимологиялық, тарихи, өзекті қабат. Оның этимологиялық қабаты түркілік заманнан басталатыны (Тәңір), тарихи және өзекті қабаттары диахронды өзгермелі және тұрақты семантикалық сипат пен вербалдану тәсілдерінен тұратыны анықталды (Кеңес өкіметінің ықпалы т.б.). Аталмыш концептінің инварианттық сипаты зайырлы және діни дискурста Жаратушы мейірімді және мінсіз, адамды жаратушы, бәрін көруші, қорғаушы ретінде суреттелетіні дәлелденді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Маслова В.А. Лингвокультурология. – М., 2001.– С. 5
- 2 Потебня А.А. Эстетика и поэтика. –М., 1976. – С. 190
- 3 Гумбольдт В. О различии строения человеческих языков и его влияния на духовное развитие человечества // Гумбольдт В. Избр. труды по языкознанию. – М., 1984. – С. 47.
- 4 Суперанская А.В. Эволюция теории имени собственного в Европе // Вопросы филологии. –2002. –№ 3. – С. 9.
- 5 Митрошкина А.Г. Бурятская антропонимия. – Новосибирск, 1987. – С. 3.
- 6 Фомин А.А. Литературная ономастика в России: итоги и перспективы // вопросы языкознания. – М. – 2004. –№ 1. – С. 108-120.
- 7 Никонов В.А. Имя и общество [Текст] / В.А.Никонов. – М.: Наука, 1974. – С. 6.
- 8 Лихачев Д.С. Внутренний мир художественного произведения // Вопросы литературы. – 1968. –№ 8. – С. 121.
- 9 Будагов Р.А. Несколько замечаний о «ключевых словах» в истории культуры // Искусство слова. – М., 1973. – С. 392-395.
- 10 Никонов В.А. Имена персонажей. – М., 1965. – С. 413
- 11 Жанұзақов Т. Қазақ есімдерінің тарихы. – Алматы. 1975. – Б. 54.
- 12 Щерба Л.В. Языковая система и речевая деятельность: Опыт общей теории лексикографии. – М., 1974. – С.269.
- 13 Кухаренко В.А. Интерпретация текста. – М., 1988. – С. 101-110.
- 14 Жаппар К.З. Эстетические функции имен собственных в поэзии О.Сулейменова: автореф. ... канд. филол. наук. – Алматы, 2000. – 26 с.
- 15 Оразгалиева Г. Тюркоязычные топонимы в прозе А.С.Пушкина: автореф. ... канд. филол. наук. – Алматы, 1990. – 19 с.

16 Махпиров В.У. Собственные имена в памятнике XI в. «Дивану лугат-ит-тюрк» Махмуда Кашгарского: автореф. ... канд. филол. наук. – Алма-Ата, 1980. – 25 с.

17 Керімбаев Д.М. Қазақ фольклорындағы жалқы есімдердің құрамы мен этнолингвистикалық сипаты: филол. ғыл. канд. ... автореф. – Алматы, 2004. – 24б.

18 Магазаник Э.Б. Роль антропонима в построении художественного образа // Ономастика. – М.: Наука, 1969. – 264 с.

19 Михайловская Н.Г. Об употреблении собственных иноязычных имен в современной русской поэзии // Имя нарицательное и собственное. – М.: Наука, 1978. – 208с.

20 Перкас С.В. Урбанонимы в художественном тексте // Имя нарицательное и собственное. – М.: Наука, 1978. – 208 с.

21 Воронцова В.Л. Об акцентной специфике собственных имен // Ономастика и грамматика. – М.: Наука, 1981. – 267 с.

22 Григорьев В.П. СИ и связанные с ними апеллятивы в словотворчестве Хлебникова // Ономастика и грамматика. – М.: Наука, 1981. – 267 с.

23 Орузбаева Б.О. О собственных именах в эпосе «Манас» // Ономастика Средней Азии. – Фрунзе: Изд-во «Илим», 1980, ч. 2. – 311 с.

24 Хусанов Н. Пути номинации и стилистические особенности имени Фархада «Фархад и Ширин» Алишера Навои // Ономастика Узбекистана. – Ташкент, 1989. – 208 с.

25 Нурулу М.А. Художественно-эстетические функции тюркских ономастических единиц в различных литературно-художественных стилях // Ономастика Узбекистана. – Ташкент, 1989. – 208 с.

26 Қайдаров Ә., Мұқатаева А. Қазақ эпосындағы жерсу атаулары мен кісі аттары жайында («Қозы Көрпеш-Баян сұлу» дастаны негізінде) // Қазақ ономастикасының мәселелері. – Алматы: Ғылым, 1986. – 136 б.

27 Жұбанова А., Жұбанов Е. Топонимиялық деректердегі аңыз бен ақиқат // Қазақ ономастикасының мәселелері. – Алматы: Ғылым, 1986. – 136 б.

28 Жанпейісов Е. М. Әуезов «Абай жолы» эпопеясының тілі. – Алматы, 1976. – 250 б.

29 Еспаева К. М. Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясындағы топонимдердің қолданылу аясы // Қазақ ономастикасының мәселелері. – Алматы: Ғылым, 1986. – 136 б.

30 Сәкенов С. «Қырымның қырық батыры» эпопеясындағы топонимдер мен этнонимдер // Қазақ ономастикасының өзекті мәселелері. – Астана, 2004. – 224 б.

31 Қапасова Б. Орта ғасыр жазбаларындағы ономастикалық белгілер // Қазақ ономастикасының өзекті мәселелері. – Астана, 2004. – 224 б.

32 Әлмаханов А. І. Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясындағы гидронимдер // С.Аманжолов және қазіргі қазақ филологиясының өзекті мәселелері. – Алматы: Дайк-Пресс, 2004. – 476 б.

33 Исабекова Г.Е. Библионим Метель и его казахский эквивалент Боран // Язык и культура: функционирование и взаимодействие. – Шымкент, 2003. – 450с.

34 Таукеев С.У. Имена собственные тюркского происхождения в художественных текстах А. Алимжанова // Язык и культура: функционирование и взаимодействие. – Шымкент, 2003. – 450 с.

35 Суперанская А.В. Общая теория имени собственного. – М.: Наука, 1973. – С. 276-284.

36 Сүйіншәлиев Х. VIII-XVIII ғасырлардағы қазақ әдебиеті. – Алматы: «Мектеп» баспасы, 1989. – 280 б.

37 Наджип Э.Н. Исследования по истории тюркских языков X-XIV вв. – М.: Наука. Главная редакция восточной литературы, 1989. – 283с.

38 Халидов Қ. Тауарих Хамса. –Қазан, 1911. –681 б.

39 Арат Р.Р. Кутадгу билиг. I. Метин. – Истамбул, 1947. – 650 б.

- 40 Кононов А.Н. Поэма Юсуфа Баласагунского «Благодатное знание». Юсуф Баласагунский. Благодатное знание. – М.: Наука, 1983. – С. 507.
- 41 Кляшторный С.Г. Эпоха «Кутадгу билиг» // Советская тюркология. – 1970. – № 4. – С. 352.
- 42 Иванов С.Н. О «Благодатном знании» Юсуфа Баласагунского». Юсуф Баласагунский. Благодатное знание. – М.: Наука, 1983. – С. 518.
- 43 Бартольд В.В. История культурной жизни Туркестана. – Сочинения. – М. 1980. Т.2, ч.1 – С.247.
- 44 Валитова А.А. Юсуф Баласагунский и его «Кутадгу билиг». – КСИБ. 1952. №4. – С. 56-63.
- 45 Бертельс Е.Э. «Хибат ал-хакаик» Ахмада Югнаки. «Труды САГУ», Новая серия.–Ташкент, 1945. – Вып. 3, кн. 1. – С. 29 - 46.
- 46 Малов С.Е. Памятник древнетюркской письменности. – М. - Л., 1951. – С. 240.
- 47 Стеблева И.В. Развитие тюркских поэтических форм в XI веке. – М.: Изд-во «Наука», Главн. ред. Восточ. лит-ры, 1971. – 299с.
- 48 Махпиров В.У. Имена далеких предков (источники формирования и особенности функционирования древнетюркской ономастики). – Алматы: Институт востоковедения МН-АН РК, 1997. – 302 с.
- 49 Әліпхан М. Одғұрмыш бейнесінің сыры: Ж.Баласағұнның «Құтты білік» дастанындағы сопылық таным // Ясауи университетінің Хабаршысы. – 2002 № 3. - 14 - 16 б.
- 50 Жамирова У. Ж. Баласағұнның «Құтты білік» кітабындағы әділдік, бақыт, ақыл, қанағат ұғымдары // Ізденіс. Гуманитарлық ғылымдар сериясы. – 2007. №1. 249-251 бб.
- 51 Арзиев Р.У. «Кутадгу билиг» тименуш лексико-стистикалық алаведиликлири ихтисас: филол. ғыл. канд. ... автореф. – Алмута, 1991. –26 б.

52 Әбеннова К.Ә. Қазақ тілі лексикасының XI-XII ғ. жазба әдеби ескерткіштеріне қатысы («Құтты білік», «һибадат-ул-һакаиқ» ескерткіштеріндегі бір буынды түбірлер бойынша): филол. ғыл. канд. ... дисс. – Алматы, 1994. -158 б.

53 Құлжанова Б.Р. XI-XII ғғ. түркі әдеби ескерткіштері тіліндегі зат есімдер («Құтты білік» пен «Ақиқат сыйы») лексикасы материалдары бойынша): филол. ғыл. канд. ... дисс. – Алматы, 2007. – 66 б.

54 Шадинова Г. Жүсіп Баласағұнның философиялық көзқарастарындағы ислам және түркі дүниетанымының симбиозы // Қ.А. Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінің Хабаршысы. Қоғамдық ғылымдар сериясы. – 2008. – № 2 (64). – 95 б.

55 Самойлович А.Н. Очерки по истории туркменской литературы. – Л., 1929. – Вып. 1. – С. 123

56 Бертельс Е.Э. Суфизм и суфийская литература. – М., 1965. – С. 118.

57 Боровков А.К. Лексика среднеазиатского тefсира XI-XII вв. – М., 1963. – С. 137.

58 Баскаков Н.А. Тюркские языки. – М., 1960. – С. 48.

59 Қоңыратбаев Ә. Қазақ эпосы және түркология. – Алматы, 1987. – Б. 254.

60 Көпүрүлү М.Ф. Түркі әдебиет тарихы. – Стамбұл. – 1981. – 3-ші басыл.

61 Сыздықова Р. Ясауи «хикметтерінің» тілі. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2004. – 552 б.

62 Дәуітұлы С. «Диуани хикмет» хақында. – Алматы, 1998. – Б. 114.

63 Жармұхамедов М., Дәуітұлы С., Шафиғи М. Иасауи Қожа Ахмет. Диуани Хикмет. Ақыл кітабы. – Алматы, 1993. – Б. 259.

64 Ахметбек А. Қожа Ахмет Иассауи: Көмекші оқу құралы. – Алматы, «Санат», 1998. -112б.

65 Абдрахманова К.Х. Қ.А.Ясауидың «Диуани хикмет» тіліндегі септік жалғауының сипаты: филол. ғыл. канд. ... дисс. – Алматы, 2000. –125 б.

- 66 Әбдірәсілқызы А. Қ.А.Ясауи «хикметтерінің» көркемдік және құрылымдық ерекшеліктері: филол. ғыл. канд. ... дисс. – Алматы, 2007. – 128б.
- 67 Аманжолов С. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. – Алматы, 1959. – С. 103-104.
- 68 Бердібаев Р. Жазба мұралар. – Алматы, 1977. – Б. 93.
- 69 Маллаев Н.М. Өзбек әдебиетінің тарихы. – Ташкент, 1963. – 297 б.
- 70 Нуриева Ф. «Мухаббат-наме» Хорезми // История татарского литературного языка (XIII – первая четверть XX в.). – Казань: Фикер, 2003. – 656с.
- 71 Фазылов Э. И. Староузбекский язык. Хорезмийские памятники XIV века. – Ташкент, 1965. – С. 161.
- 72 Хорезми Махаббатнама: Дастан / Алғы сөзін жазып, транскрипциясын қарастырған және ауд. А.Қыраубаева/ – Алматы, Жалын, 1985. – 112 б.
- 73 Убайдуллаева Г.Ж. «Мұхаббат-наме» ескерткішінің (XIV ғ.) текстологиясы (жәдігерліктің қазақ тіліне қатысы): филол. ғыл. канд. ... дисс. – Алматы, 2001. – 30 б.
- 74 Махмудов К. Ахмед Йүгінәкидің «Хибатул хақойық» асари хақында. – Ташкент, 1972. – Б. 68.
- 75 Ахмет Йүгінеки. Ақиқат сыйы. – Алматы, 1985. – 135 б.
- 76 Топоров В.Н. О палийской топонимике // Топонимика Востока. – М.: Наука, 1969. – С. 31-50.
- 77 Суперанская А.В., Сталтмане Э. В., Подольская Н.В., Теория и методика ономастических исследований. – М.: Наука, 1986. – С. 197.
- 78 Керимбаев Е.А. Казахская ономастика в этнокультурном, номинативном и функциональном аспектах. – Алматы, 1995. – С. 131-132.
- 79 Супрун В.И. Ономастическое поле русского языка и его художественно-эстетический потенциал. – Волгоград, 2000. – С. 156.
- 80 Дмитриева Л.М. Онтологическое и ментальное бытие топонимической системы (на материале русской топонимии Алтая). – Барнаул, 2002. – С. 156-159.

81 Болотов В.И. К вопросу о значении имен собственных // Восточнославянская ономастика. – М.: Наука, 1972. – С. 333-346.

82 Мадиева Г.Б. Теория и практика ономастики. – Алматы: «Қазақ университеті», 2003. – с. 31.

83 Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. 2 том «Қазақ энциклопедиясының Бас редакциясы. – Алматы, 2007. – 104 б.

84 Баласағұн Ж. Құтты білік / Көне түркі тілінен аударған, алғысөзі мен түсініктерін жазған А.Егеубай. – Алматы: Өлке, – 2006. 2-ші басыл. – 640 б.

85 Бабалар сөзі: Көптомдық. 2 том. Діни дастандар. –Астана: «Ф-нт» баспасы, 2002. – 432 б.

86 Бабалар сөзі: Көптомдық 4 том. Діни дастандар. – Астана: «Ф-нт» баспасы, 2002, 440 б.

87 Иманалиева Р.Б. К вопросу об этимологии наименований стран света в казахском языке // Проблемы этимологии тюркских языков. – Алма-Ата: Гылым. 1990. – 400с.

88 Диброва Е.И. Современный русский язык: Теория. Анализ языковых единиц. – М., 1998. – Вып. 2. – 704с.

89 Бем А. Исследования письма о литературе. – М., 2001. – 448с.

90 Довлатов С. «Заповедник». – М., 1999. – 145с.

91 Амелин Г.Г., Мордерер В.Я. Миры и столкновения Осипа Мандельштама. Изд. «Языки рус. Культуры». – М. – СПб., 2000. – С. 214.

92 Замятин Е.И. «Мы». – М. 2002. –188с.

93 Долматовский Е. «Я жду гостей» – М. 1982. – С. 26.

94 Лукин В.А. Художественный текст. – М.: Ось-89, 1999, – 344с.

95 Максютлова М.Х. Ономастика Поволжья. – Саранск, 1976. – 355 с.

96 Исақов М.Ө. Халық календары. – Алматы: Қазақстан, 1980. – 318 б.

97 Аронов Қ. Қазақ тіліндегі халықтық космонимдердің этнолингвистикалық табиғаты: филол. ғыл. канд. ... автореф. – Алматы. 1992. – 29 б.

98 Жанұзақов Т. Космонимдердің лексика-семантикалық ерекшеліктері // Қазақ ССР Ғылым академиясының Хабаршысы. – 1978. – № 6. – Б. 51-52.

99 Жүністегі К. Жұлдыз әлемінің қазақы ұғымы // Егемен Қазақстан. 2000. – № 2. – Б.4.

100 Қазақтың мифтік әңгімелері. – Алматы: «Ғылым» ғылыми баспа орталығы, 2002. – 320б.

101 Қондыбай С. Арғықазақ мифологиясы. Бірінші кітап. – Алматы: Дайк-Пресс, 2004. -512б

102 Қондыбай С. Арғықазақ мифологиясы. Екінші кітап. – Алматы: Дайк-Пресс, 2004. – 415б

103 Древнетюркский словарь. – Л., 1969. – С. 471.

104 Уәлиханов Ш. Таңдамалы. – Алматы: Жазушы, 1995. – Б. 180-181.

105 Радлов В.В. Опыт словаря тюркских наречий. – М. СПб.1893. – Т.1, ч. 1.–С. 293.

106 Өмірәлиев Қ. Түркі тіліндегі р//л дыбыстарының алмасуы // Жинақ: Түркологиялық зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1969. – Б. 138-140.

107 Максүтова Н.Х. Тюркская космонимия. // Ономастика Поволжья. – Саранск, 1976. – С.283

108 Махпиров В.У. Имена далеких предков (источники формирования и особенности функционирования древнетюркской ономастики). –Алматы: Институт востоковедения МН-АН РК, 1997. –302с.

109 Словарь социологических терминов. –Издание 2-е, дополненное и переработанное / Э.Д.Сулейменова, Н.Ж.Шаймерденова, Ж.С.Смагулова, Д.Х.Аканова; Отв. ред. Э.Д.Сулейменова. – Алматы: Қазақ университеті, 2007. – 330 с.

110 Литаврин Г.Г. Некоторые особенности этнонимов в византийских источниках // Вопросы этногенеза славян. –М., 1976. –С. 4-28.

111 Баскаков Н.А. Модели тюркских этнонимов их типологическая классификация // Ономастика Востока. – М., 1980. – С. 199-207.

112 Валитова А. Этнонимы в тюркоязычном памятнике XI в. «Кутадгу билиг» // Международный конгресс антропологических и этнографических наук. – М., 1964. – С. 271-280.

113 Қашғарий М. Девону лугат ит турк. –Тошкент, 1963. –765 б.

114 Бартольд В.В. Сочинения.– М., 1968. Т2, ч.1. – С.243.

115 Қайдар Ә., Оразов М. Түркітануға кіріспе. Оқу құралы. 3-ші басылымы. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2004. – 360 б.

116 Mahmutkaşgarli. Divanu lügat – it – Türk. Çeviren B. Atalay. – Ankara 1943. – 830 p.

117 Жанұзақов Т. Қазақ тіліндегі жалқы есімдер. – Алматы, 1985. – 196 б.

118 Мәдиева Г.Б., Иманбердиева С.Қ. Ономастика: зерттеу мәселелері. – Астана, 2005. – 240 б.

119 Горбаневский М.В. В мире имен и названий. – М., 1987. – С.4.

120 Подольская Н.В. Словарь русской ономастической терминологии. – М.: Наука, 1988. – С. 7.

121 Фонякова О.И. Имя собственное в художественном тексте. Учебное пособие. – Л., 1990. –104с.

122 Тихонова Е.Л. Топоним как особый языковой знак в фольклоре // Имя. Социум. Культура: материалы II Байкальской международной ономастической конференции. – Улан-Удэ, 2008. – 300 с.

123 Худайбердина М.У. Мифологические прецедентные имена в лирике И.А. Бродского // Имя. Социум. Культура: материалы II Байкальской международной ономастической конференции. –Улан-Удэ, 2008. – 300 с.

124 Шүкүров Ә.Ч. Низаминин әсәрләриндә етник адлар // Материалы конференции о проблемах азербайджанской ономастики. – Баку, 1987. – 357с.

125 Халыгова Р.Ф. «Китаби-Дәдә Горгуд» дастанларында антропонимләр ин структур-семантик тәһлили // Материалы конференции о проблемах азербайджанской ономастики. – Баку, 1987. – 333с.

126 Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. 5 том «Қазақ энциклопедиясының Бас редакциясы. – Алматы, 2007. – 683 б.

127 «Қазақстан». Ұлттық энциклопедия / Бас ред. Ә.Нысанбаев. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998. – 720 б.

128 Николина Н.А. Философский анализ текста. – М., 2008. – С.107.

129 Кухаренко В.А. Интерпретация текста. – М., 1988. – С.106.

130 Геляева А.И. Человек в языковой картине мира. – Нальчик: Кабардино-Балкарский гос. ун-т, 2002. – С.18.

131 Супрун В.И. Антропонимы в вокативном употреблении // Известия Уральского гос-го ун-та, 2001. № 20. – С. 19.

132 Толстая С.М. Антропонимы в народной календарной терминологии // Известия Уральского гос-го ун-та, 2001. №20. – С. 11.

133 Лиджиев А.Б. Прозвищная антропонимия подростковой среды города и села (на примере Калмыкии) // Имя. Социум. Культура: материалы II Байкальской международной ономастической конференции. – Улан-Удэ: Издательство Бурятского госуниверситета, –2008. –300с.

134 Рут М.Э. Антопонимы: размышления о семантике // Известия Уральского гос-го ун-та, 2001. №20. – С. 28.

135 Қайдар Ә. Қазақтар ана тілі әлемінде (этнолингвистикалық сөздік) Адам. – Алматы. 2009. – Б. 360.

136 Жанузаков Т. Очерк казахской ономастики. – Алматы, 1982 – С.7

137 Суперанская А.В. К проблеме типологии антропонимических основ // Ономастика. Типология. Стратиграфия. – М., 1988. – С . 95.

- 138 Сеидов М.А. Заметки о гуннской мифологии // Советская тюркология. – 1970. №2. –С. 198.
- 139 Жумаганбетов Т.С. Культ Тенгри как основа государственной идеологии Древнетюркского каганата // Восток. – М., 2006. – С. 122.
- 140 Темиргазина З.К. Некоторые теоретико-прикладные аспекты межэтнической коммуникации // Проблемы межэтнической коммуникации. – Павлодар, 2003. – С.3-10
- 141 Абильдинова Ж.Б. Этнонимы как центр представлений о народе // Филология: вчера, сегодня, завтра. Сборник научных трудов памяти Е.А.Седельникова. – Павлодар, 2008. –576 с.
- 142 Новиков Л.А. Семантика русского языка. М. 1982. С. 256
- 143 Күржіманұлы Қ. Ақберен. – Алматы, 1972. –198 б.
- 144 Уринбаев Б. О гидрониме Сирдарье // Ономастика Узбекистана. –Ташкент, 1989. – 208 с.
- 145 Рысберген Қ. Қазақ топонимиясының лингвокогнитивтік және этномәдени негіздері. – Алматы, 2009. – Б. 29.
- 146 Мустафина Р.М. Представления, культы, обряды у казахов. – Алма-Ата, 1997. – С. 43.
- 147 Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. – Алматы: Ғылым, 1984. – Б. 54.
- 148 Ислам. Энциклопедия. – Алматы, 1995. – Б. 34.
- 149 Жанұзақов Т. Қазақ тілі ономастикасының негізгі проблемалары: филол. ғыл. докт. ... дисс. – Алматы, 1976. – Б. 23.
- 150 Султаньяев О.А. Казахские микротопонимы Кокчетавской области, образованные от личных имен. Ономастика. – М.: Наука, 1969. – С. 208.
- 151 Искакова Х.Ф. Структура составных топонимов (на материале Крыма) // Тюркская ономастика. – Алма-Ата: Наука, 1984. – С. 163-171.
- 152 Линко Т.В. Қазақша мал атаулары // Қазақ ономастикасының мәселелері. – Алматы, 1986. – Б. 116-121.

153 Молчанова О.Т. Участие усложненных притяжательных предигативных синтагм в номинации географических объектов Горного Алтая // Материалы конференции о проблемах Азербайджанской ономастики. – Баку, 1986. – С.115.

154 Охунов Н., Бозоров О. Формообразующие аффиксы как компоненты топонимии Узбекистана и Азербайджана // Материалы конференции о проблемах Азербайджанской ономастики. – Баку, 1986. – С.134.

155 Суперанская А.В. Что такое топонимика? – М.: Изд-во «Наука». 1985. – 275с.

156 Попова В.Н. Структурно-семантическая природа топонимов Казахстана (сравнительно-историческое исследование): автореф. ... докт. филол. наук. – Алматы, 1997. – С.7.

157 Агеева Р.А. Гидронимия Русского Севера-Запада как источник культурно-исторической информации. – М., 1989. – 210 с.

158 Литвин И.П. О структуре и функционировании названии физико-географических объектов в своей и чужой языковой среде. // Ономастика Типология. Стратиграфия. – М., 1988. – 263 с.

159 Кривощекова-Гантман А.С. Структурные типы топонимов коми-пермяцкого происхождения в Верхнем прикамье. // Ономастика Типология. Стратиграфия. – М., 1988. – С. 88.

160 Тимерханова Н.Н. Некоторые особенности удмуртских микротопонимов как словосочетаний. // Ономастика Поволжья. – Волгоград, 1998. – С. 78.

161 Козлов Р.И. Эргоурбонимы как новый разряд городской ономастики: автореф. ... канд. филол. наук. – Екатеринбург, 2000. – 24 с.

162 Гинатулин М.М. К исследованию мотивации лексических единиц на материале наименований птиц: автореф. ... канд. филол. наук. – Алма-Ата, 1973. – С. 64.

163 Манкеева Ж.А. Мәдени лексикалык ұлттық сипаты. – Алматы: Ғылым, 1997. – 148 б.

164 Топоров В.Н. Некоторые соображения в связи с построением теоретической топонимики // Принципы топонимики. – М., 1964. – С. 35.

165 Ященко А.И. Лингвистический анализ микро - топонимов определенного региона. – Вологда, 1977. – 146 с.

166 Молчанова О.Т. Структурные типы тюркских топонимов Горного Алтая. – Саратов, 1982. – 159 с.

167 Рамазанова М.Н. Развитие ойконимии Ташкентской области в Советский период: автореф. ... канд. филол. наук. – Ташкент, 1986. – 165 с.

168 Журавлева А.Ф. Технические возможности русского языка в области предметной номинации. // Способы номинации в современном русском языке. – М. : Наука, 1982. – С. 18.

169 Гак В.Г. К типологии лингвистических номинации // Языковая номинация. – М.: Наука, 1977. Ч.1. – С.114.

170 Жаналина Л.К. Номинация как форма речевой деятельности: дисс. ... докт. филол. наук. – Алматы, 1994. – 308 с.

171 Бузаров В.В., Льнова Э.Г. Что такое аппроксимация в лингвистике? // Иностранные языки в школе. – 1991, № 2. – С. 100

172 Хусанов Н. Пути номинации и стилистические особенности имени Фархада («Фархад и Ширин» Алишера Навои) // Ономастика Узбекистана. – Ташкент, 1989. – 208 с.

173 Алексеев Д.И. Аббревиация в русском языке: автореф. ... канд. филол. наук. – Воронеж, 1977. – 27 с.

174 Могилевский Р.И. Аббревиация как лингвистическое явление: автореф. ... канд. филол. наук. – Тбилиси, 1966. – 26 с.

175 Адилов А.Б. Аббревиация в современном азербайджанском языке. дисс. ... канд. филол. наук. – Баку, 1986. – С. 94.

176 Реформатский А.А. Введение в языковедение. – М., 1967. – С.30-31.

- 177 Болотов В.И. Актуализация антропонимов в речи (на материале английского языка): автореф. ... канд. филол. наук. – Л., 1971. – С. 21.
- 178 Sweet H. A new English grammar, logical and historical, I-II. – Oxford, 1900. – 169 p.
- 179 Buhler K. Sprachtheorie. Die Darstellungsfunktion der Sprache. – Jena, 1934. – 234 p.
- 180 Никонов В.А. Введение в топонимику. – М., 1965. – С. 255.
- 181 Беленькая В.Д. Топонимы в составе лексической системы языка. – М., 1969. – 286 с.
- 182 Blanař V. The Problem of a system of personal names. "Onomastica", t. XV, z. 1-2. Wrocław – Warszawa – Kraków, 1970. – 116 p.
- 183 Арутюнова Н.Д. Наивные размышления о наивной картине языка // Язык о языке . – М.: Языки русской культуры, 2000. – С. 7-19.
- 184 Толстой Н.И., Толстая С.М. Имя в контексте народной культуры // Язык о языке. – М.: Языки русской культуры, 2000. – С. 597-624.
- 185 Керимбаев Е.А. Казахская ономастика в этнокультурном, номинативном, функциональном аспектах. – Алматы, 1995. – 248 с.
- 186 Золотова Г.А., Онипенко Н.К., Сидорова М.Ю. Коммуникативная грамматика русского языка. – М.: МГУ, 1998. – 528 с.
- 187 Мадиева Г.Б. Имя собственное в контексте познания. – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 190 с.
- 188 Баяндина С.Ж. Функции ономастики: теория и практика (на материале казахского языка) // Язык и культура: функционирование и взаимодействие. Материалы международной конференции. – Шымкент, 2003. – 450 с.
- 189 Рождественский Ю.В. Общая филология. – М., 1996. – С. 31.
- 190 Валиханов Ч. Избранные произведения. – Алматы, 1958. – 456 с.

191 Крюков М.В. О социологическом аспекте изучения китайской антропонимии // Ономастика. – М.: Наука, 1969. – С. 35.

192 Дарбеева А.А. К вопросу о социальной сущности личных имен в монгольских языках. // Ономастика. – М.: Наука, 1969. – С. 46.

193 Перкас С.В. Имена собственные и нарицательные в словаре и в художественном тексте // Материалы к серии «Народы и культуры». Вып. XXV. Ономастика Кн. 1. ч. 1. Имя и культура. – М. 1983. – С. 141-151.

194 Андреева Л.Н. Лингвистическая природа и стилистические функции «значащих» имен (антономасии): автореф. ... канд. филол. наук. – М., 1965. – 24 с.

195 Магазаник Э.Б. Поэтика имен собственных в русской классической литературе: Имя и подтекст. автореф. ... канд. филол. наук. – Самарканд, 1967. – 23 с.

196 Калинин В.М. Поэтика онима. – Донецк, 1999. – С. 47.

197 Christophersen P. The articles: A study of their theory and use in English. Copenhagen – London, 1939. – 35-39 p.

198 Болотов В.И. Теория имен собственных: К проблеме определенности/неопределенности именованного денотатов речи. – Ташкент, 2003. – 238 с.

199 Юшманов Н.В. Грамматика иностранных слов // Словарь иностранных слов. – М., 1942. – С. 56.

200 Васильева Н.В. Онимический мир жаргона. – М.: Институт языкознания РАН, 2000. – С. 20.

201 Көшімова Б.Ә. Қазақ лексикасындағы бейонимдену үрдісі: филол. ғылым. канд. ... автореф. – Алматы: ҚР ҒА ТБ, 2001. – 28 б.

202 Бижкенова А.Е. Содержательный и словообразовательный потенциал деонимов (слов, восходящих к именам собственным). – Алматы: Ғылым, 2003. – 308 с.

203 Мұстафаұлы С. Тіліміздегі тәмсілдердің лексика-грамматикалық ерекшеліктері // Мир языка. Материалы конференции, посвященной памяти профессора М.М.Копыленко. – Алматы: КазГУМОиМЯ, 1996 – 632 с.

204 Костомаров В.Г. Бурвикова Н.Д. Старые мехи и молодое вино. Из наблюдений над русским словоупотреблением конца XX века. СПб., – М., 2001. – 256 с.

205 Лотман Ю., Успенский Б. О семиотическом механизме культуры // Труды по знаковым системам. –Тарту, 1971. Т. 5 – С. 152.

206 Отин Е.С. Словарь коннотативных собственных имен. – Донецк: Юго-Восток. 2004. – С. 79.

207 Словарь иностранных слов. – М., 1942. –С. 241.

208 Ворожцова О.А., Зайцева А.Б. Прецедентные имена в российской и американской печати // Проблемы образования, науки и культуры. – 2006. – Вып. 20., № 45. – С. 19.

209 Боярских О.С. Прецедентное высказывание в газетном тексте: особенности читательского восприятия // Политическая лингвистика. Выпуск 21. – Екатеринбург, 2007. – С. 65-69.

210 Сергеева Г.Г. Национально-прецедентные имена в восприятии подростков // Вестник ВГУ, Серия лингвистика и межкультурная коммуникация. – 2003, № 2. – С. 12.

211 Нахимова Е.А. Прецедентные имена в президентском дискурсе // Политическая лингвистика. – Екатеринбург, 2007. – Вып. 22. – С. 44-48.

212 Косарев М.И. Прецедентные феномены с субсферой – источником «Кинокшэн» в политической коммуникации Германии // Политическая лингвистика. – Екатеринбург, 2007. – С. 25-32.

213 Маршева Л. Афон и Афоны. Из заметок лингвиста // Сретенская духовная семинария. – Л., 1997. – С. 1-8.

214 Родионова И.В. К вопросу о специфике отражения прецедентного текста на уровне языковых ономастических номинации // Гуманитарные науки. Ономастика: общие вопросы, 2001. – Вып. 4. – № 20. – С. 52.

215 Гурская Ю.А. Культурные возможности лингвистического знака: ключевые имена в русском и белорусском языках. автореф. ... канд. филол. наук. – М., 1999 г. – С. 17.

- 216 Кеңесбаев І. Қазақ тіл білімі туралы зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1987. – 352 б.
- 217 Таирова Н. Функционирование прецедентных текстов в русскоязычных и казахоязычных газетах: автореф. ... канд. филол. наук. – Алматы: КазГУМОиМЯ, 2002. – 28 с.
- 218 Кажигалиева Г.А. Лингвокультурологический анализ художественного текста. – Алматы: Айкос, 1999. – 104 с.
- 219 Ихсангалиева Г.К. Функционально-прагматический анализ заголовков на материале казахстанских газет и телепрограмм): автореф. ... канд. филол. наук. – Алматы: КазНУ, 2000. – 28 с.
- 220 Пшенина Т.Е. Дискурсное описание языковой личности Катулла: автореф. ... канд. филол. наук. – Алматы: КазНУ, 2000. – 24 с.
- 221 Иманбердиева С.Қ. Қаладағы тағамхана атаулары: филол. ғылым. канд. ... автореф. – Алматы: ҚазҰУ, 2001. – 23 б.
- 222 Жумагулова В.И. Сатира и юмор в прессе Казахстана. – Алматы: Ғылым, 1999. – 206 с.
- 223 Гудков Д.Б. Прецедентное имя. Проблемы денотации, сигнификации и коннотации. // Лингвокогнитивные проблемы межкультурной коммуникации. – М., 1997. – С. 116-129.
- 224 Телия В.Н. Роль образных средств в культурно-национальной окраске миропонимания // Этно-психолингвистические аспекты преподавания иностранных языков. – М., 1996. – С. 82-89.
- 225 Гришаева Л.И. Прецедентные феномены как культурные скрепы (к типологии прецедентных феноменов) // Феномен прецедентности и преемственность культур. – Воронеж: Воронежский государственный университет, 2004. – С. 118.
- 226 Караулов Ю.Н. Роль прецедентных текстов в структуре и функционировании языковой личности // VI Международный конгресс МАПРЯЛ. Современное

- состояние и основы проблемы изучения и преподавания русского языка и литературы. – М., 1982. – С. 105-125.227
- Красных В.В. Виртуальная реальность или реальная виртуальность? (Человек. Сознание. Коммуникация). Монография. – М.: Диалог-МГУ, 1998. – 352с.
- 228 Захаренко И.В. К вопросу о каноне и эталоне в сфере прецедентных феноменов // Язык, сознание, коммуникация. – М., 1997. – Вып. 1. – С. 104-113.
- 229 Мәдиева Г.Б. К вопросу изучения прецедентных имен // Вестник КазГУ. – Алматы, 2001. – С. 67-71.
- 230 Ковтунова И.И. Порядок слов в русском литературном языке XVIII первой трети XIX в. – М.: Наука, 1969. – 154 с.
- 231 Караулов Ю.Н. Русский язык и языковая личность. – М.: Русский язык, 1987. – С. 49.
- 232 Волкова З.Н. Истоки французского литературного языка. – М.: Наука, 1983. – 276 с.
- 233 Кронгауз М.А. «Воплощенное» и «невоплощенное» имя собственное: Некоторые аспекты референции // Экспериментальные методы в психолингвистике. – М., 1987. – С. 118-135.
- 234 Гудков Д.Б. Прецедентное имя и проблемы прецедентности. – М., 1999. – С. 191.
- 235 Маслова В.А. Введение в лингвокультурологию. М., 1997. – С. 211.
- 236 Философиялық сөздік. – Алматы, 1996. – Б. 317.
- 237 Гаспаров Б.М. Литературные лейтмотивы. – М., 1994. – С. 34-47.
- 238 Бриченкова Е. Прецедентное высказывание в русском дискурсе и их место в преподавании русского языка как иностранного. – М., 2007. – С.18-29.
- 239 Кравченко А.В. Язык и восприятие // Когнитивные аспекты языковой категоризации. – Иркутск, 1996. – С. 34-41.
- 240 Кубрякова Е.С. Начальные этапы становления когнитивизма: Лингвистика – психология – когнитивная

- наука // Вопросы языкознания. – М.: Наука, 1996.
– С. 34-37.
- 241 Шерешевская Е.Б. О значении имени собственного // Вопросы лексической и фразеологической семантики. – Ростов на-Дону, 1979. – С. 14-20.
- 242 Залевская А.А. Введение в психолингвистику. – М.: РГГУ, 1999. – 382 с.
- 243 Гумбольдт В. О различии строения человеческих языков и его влиянии на духовное развитие человека // Гумбольдт В. Избранные труды по языкознанию. – М.: Прогресс, 1984. – 397 с.
- 244 Воркачев С.Г. Счастье как лингвокультурный концепт. – М., 2004. – С. 44.
- 245 Философский энциклопедический словарь. – Л., 1983. – С. 513.
- 246 Шилова Н.В. Всякий слышит лишь то, что понимает. – Челябинск. 2008. – С.10.
- 247 Витгенштейн Л. Философские работы. – М., 1994. Ч. 1. – С. 11.
- 248 Аскольдов С.А. Концепт и слово // Русская словесность. От теории словесности к структуре текста. Антология. – М., 1997. – С. 267-279.
- 249 Лихачев Д.С. Концептосфера русского языка // Изв. РАН – СЛЯ. 1993, № 1. – С. 3-9.
- 250 Карасик В.И. Языковой круг: личность, концепты, дискурс. – М., 2004. С. 6-7.
- 251 Степанов Ю.С. Константы. Словарь русской культуры. – М., 1997. – С. 41-42.
- 252 Соломоник А. Семиотика и лингвистика. – М.: Молодая гвардия, 1995. – С. 246.
- 253 Колесов В.В. Язык и ментальность. – М., 2004. – С. 19-20.
- 254 Ляпин С.Х. Концептология: к становлению подхода // Концепты. Научные труды Центроконцепта. –Архангельск, 1977. –Вып. 1–С. 11-35.
- 255 Каган М.С. Философия культуры. – М., 1996. – С. 137-210.

- 256 Щерба Л.В. Избранные работы по языкознанию и фонетике. -Л., 1958. – Т1. – С. 52.
- 257 Бабушкин А.П. Типы концептов в лексико-фразеологической семантике языка. – Воронеж, 1996. – С. 43-67.
- 258 Болдырев Н.Н. Когнитивная семантика. –Тамбов, 2001. – С. 36-38.
- 259 Пименова М.В. Душа и дух: особенности концептуализации. – Кемерово., 2004. – 385с.
- 260 Дейк Т.А. ван. Язык. Познание. Коммуникация / пер. с англ. – Благовещенск: Благовещ. гуманитар. колледж, -2000. –310 с.
- 261 Минский М. Фреймы для представления знаний. – М.: Энергия, 1979. -152с.
- 262 Лакофф Дж. Мышление в зеркале классификаторов / Пер. С англ. Р.И.Розиной // Новое в зарубежной лингвистике. Вып. XXIII. Когнитивные аспекты языка. – М., 1988. – С. 12-21.
- 263 Пименова М.В. Предисловие // Введение в когнитивную лингвистику. Под ред. М.В. Пименовой. – Кемерово, 2004. – 208с.
- 264 Складневская Г.Н. Лексика русского православия в процессе языкового возрождения начала XXI века: ее место в лексической системе и в культуре страны // Русистика и современность: лингвокультурология и межкультурная коммуникация. – М., 2002. – С. 6.
- 265 Қазақ тілінің сөздігі / Жалпы ред. басқарған Т.Жанұзақов. – Алматы: Дайк-Пресс, 1999. -776 б.
- 266 Кассирер Э. «Сила метафоры» // Теория метафоры: Сб. – М., 1990. – С.36.
- 267 Попова З.Д. Когнитивная лингвистика / З.Д.Попова, И.А.Стернин. – М.: АСТ: Восток-Запад, 2007. – 314с.
- 268 Сабитова З.К. Прошлое в настоящем. Русско-тюркские культурные и языковые контакты. – Алматы: Қазақ университеті, 2007. –320 с.

269 Яковлева Е.С. К описанию русской языковой картины мира // Синтаксис: изучение и преподавание. – М., 1997. – С.14-27.

270 Сепир Э. Избранные труды по языкознанию и культурологии // Пер. с англ. – М.: Издат. Группа «Прогресс»

271 Кусков В.В. История древнерусской литературы. – М.: Высш. школа, 1989. – 304 с.

272 Гак В.Г. Судьба и мудрость // Понятие судьбы в контексте разных культур / Отв. Ред. Н.Д.Арутюнова. – М.: Наука, 1994. С.198-206.

273 Вежбицкая А. Язык. Культура. Познание / Пер. с англ. Отв. ред. Н.А.Кронгауз. – М.: Русские словари, 1997. – 416 с.

274 Купцова А.А. Совмещение признаков онима и апеллятива в слове «Бог» // Имя. Социум. Культура: материалы II Байкальской международной ономастической конференции. – Улан-Удэ: Издательство Бурятского госуниверситета, 2008. – 300с.

275 Мокиенко В.М. Образы русской речи. Историко-этимологические очерки фразеологии. – СПб.: Фолио-пресс, 1999. – С.208.

276 Костомаров В.Г. Роль русского языка в диалоге культур // Русский язык за рубежом. – М., 1994. – № 5-6. – С.9.

277 Құрманбайұлы Ш. Аты-жөнімізді ала-құла жазудан арылту керек // Туған тіл. 2009. – № 4. – Б. 28-32.

278 Ахметжанова З.Қ. Ядерные концепты казахской культуры как основа казахской языковой картины мира // Қазақ тілі. – Мәскеу, 2010. – Б. 12.

279 Ахметжанова З.Қ. О прагматике газетного текста // Хорижий филология: тил, адабиет, тағлим. – Самарканд, 2005. – №1. – С. 5-6.

280 Сейдахметова Р.Г., Каримова Б.С. Концепт «власть» в структуре языковой личности казахстанского политика // Вестник КазГосЖенПИ, – Алматы, 2006 г. – С. 17.

281 Сүйеркүл Б. Түркі тілдеріндегі етістіктерді лексика-семантикалық классификациялау жайында (жазба

ескерткіштер материалында зерттеу) // ҚР ҰҒА Хабарлары, Филология сериясы. 2009. – №1. – Б. 42-47.

282 Айтбаев Ө. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: «Арыс», 2007. – 620 б.

283 Ержанова Ұ.Р. Батыс Қазақстан облысы топонимдерінің этнолингвистикалық сипаты: филол. ғыл. канд. ...дисс. – Алматы, 1998. – 169 б.

284 Әзірбаев К. Екі томдық таңдамалы шығармалар. – Алматы: Жазушы, 1984. Т.1 – 360 б.

285 Базар жырау, Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1986. – 200 б.

286 Бақтыбай ақын. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1998. – 240 б.

287 Бекмаханұлы И. Жарық сәуле. Өлеңдер мен толғаулар, дастандар. – Астана: Фомант, 2008. – 384 б.

288 Есмаханұлы С. Сыр сазы: өлеңдер, поэмалар мен балладалар. – Астана: Фомант, 2008. – 352 б.

289 Кенжебай М. Шығармалары: өлеңдер, әдеби сын мақалалар. – Астана: Фомант, 2008. – 392 б.

290 Қабан жырау. Алтын қазық: өлеңдер, айтыстар, аңыздар. Алматы: Берен, 1993. – 176б.

291 Құттыбаев С. Шығармалары. – Астана: Фомант, 2008. – 320 б.

292 Қыдыров Ж. Ақ боз атты ақын. Поэмалар мен өлеңдер. – Астана: Фомант, 2008. – 352 б.

293 Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. – Павлодар, 2003 – 382 бет.

294 Молдағалиев Т. Шақырады көктем. Өлеңдер. – Алматы: Атамұра, 2003. – 256 бет.

295 Мұқағали Мақатаев. «Мұқағали шығармалары». – Алматы, 1999. – 350 б.

296 Найманбаев Ә. Шығармалар: Өлеңдер, айтыс-қағыстар мен дастандар. – Алматы: Жазушы. 1988. – 304 б.

297 Сопыбек А. Дөңгеленген дүние. Өлеңдер мен поэмалар. – Астана: Фомант, 2008. – 424 б.

298 Торайғыров С. Алаш ұраны. – Алматы, 2002. – 230 б.

299 Шал ақын. Өлеңдер, зерттеу деректер. Алматы: Арыс. 2003. –200 б.

300 Шаханов М. Ғасырларды безбендеу. – Алматы: Жазушы, 1988. – 450 б.

ИМАНБЕРДИЕВА СӘУЛЕ ҚҰРМАНБАЙҚЫЗЫ

**Тарихи ономастикалық кеңістік
(X-XIV ғғ. түркі жазба ескерткіштері негізінде)**

Редакторы *Қуаныш Разақ*
Компьютерде беттеген *Балжан Қауешқызы*

Теруге 11.11.2010 берілді. Басуға 15.12.2010 қол қойылды.

Пішіні 84x108^{1/32}. Офсеттік қағаз.

Әріп түрі “Times New Roman PS MT”

Баспа табағы 23,75. Таралымы дана 3000 .

Тапсырыс № 5020.

Тапсырыс берушінің файлдарынан Қазақстан республикасы

«Полиграфкомбинат» ЖШС-нде басылды,

050002, Алматы қаласы, М. Мақатаев көшесі, 41.

ISBN 978-601-80136-1-4



9 786018013614

